Teenagers spend a lot of their free time there, which is no secret. We believe that the official publics of world-renowned educational platforms like the BBC, English-language films, and other authentic materials are the best groups on VKontakte for learning English.

In addition, teachers consider watching English-language films to be one of the most effective ways to learn a foreign language. You can learn many new words and learn to hear speech by watching your favorite characters on screen [15].

Publics with visual images, on the other hand, are designed to speed up the process of learning new words. Additionally, the group menu contains numerous useful options, such as popular grammar books, dictionaries, humorous English articles, and tests for exams. Pictures of inspirational phrases for any occasion will make them simple to remember and will help you expand your vocabulary.

Hosting videos «YouTube» You Tube is a video hosting service that gives users services for video storage, delivery, and display. Videos can be added, watched, commented on, and shared with friends. YouTube has become the world's most

popular video hosting site and the third most visited website due to its simplicity and ease of use.

Importantly, this service includes video lessons on grammar, reading, and speaking various languages. If you find quality video channels, you can learn foreign languages on your own with their assistance. The upside of YouTube is that when we study, we tune in, most frequently, to the right articulation and foster a comprehension of the language by ear.

The majority of the videos are focused on a single topic and are no longer than one minute long. Visual cards are used to explain difficult grammatical points and show how to use various words and expressions in the learning process. These channels are valuable for the two understudies and English instructors.

Famous today, Instagram is a free application for sharing photographs and recordings with components of an informal community that permits you to take photographs and recordings, apply channels to them, and convey them through your administration and various other interpersonal organizations [16].

We accept that a bright application with strong representation can likewise be helpful.

Among the notable pages for learning English, we can single out bunches for working with jargon, sentence structure, phonetics, understanding principles, bunches for talking with local speakers.

One of the most widely used services for learning new languages is Duolingo. Google Capital, Ashton Kutcher, and a number of other reputable investors provide financial support for the project. The program is implicit the type of a «tree of accomplishments»: to move to another level, you should initially score a specific number of focuses that are offered for right responses. There are Android and iOS apps. Sites will be broken up into groups:

1. Sites where textbooks and manuals can be downloaded in their electronic form. Individuals who practice independently benefit especially from this and save money.

2. Sites with ongoing chats where you can meet Russians and foreigners with similar goals, such as finding a pen pal and increasing your language proficiency.

3. Sites with useful phrases, idioms, and expressions that make it easier to learn more about linguistic phenomena.

4. Destinations with the benefit of sound materials: sound, radio and video accounts.

5. Sites that provide English language learners with a variety of useful tables, links to interesting websites, celebrity interviews and speeches, and helpful advice for effectively learning English.

Conclusion.

English is the language of computer technology and is spoken by millions of people. As a result, it comes as no surprise that more and more people are interested in studying it. They now have the option of teaching it in the traditional manner, with the assistance of a global network, or combining these two learning strategies.

Today, many people learn English independently.

In our work, we suggested that you can learn and improve your English on your own by using the Internet.

We discovered, after reviewing the relevant literature and sources, that each individual can begin learning English on their own through the Internet; For this purpose, special social networks and resources in multiple languages have been created. We demonstrated experimentally that learning is now simpler and more rapid as a result of them.

Subsequently, we can presume that learning English through the Web has an incredible future. Any individual can independently begin learning English or improve their language skills at any time and location.

References

- 1 Clarke A. (2004). *E-learning skills*. Palgrave Macmillan.
- 2 Peachey N. (2012). *Web 2.0 tools for teachers*.
- 3 Petrovskaya T., Rymanova I. (2014). Motivation for studying the English language by students of Technical Higher Education Establishment by blended learning. *Philological sciences. Theory and practice questions*. Gramota: in 2 parts, Part I, 7(37), 152-154.
- 4 Fufurina T. (2014). Ways of increase of motivation for studying the English language by students of MSTU named after N. Bauman. *Humanitarian messenger*, 1. Retrieved August 28, 2014, from <http://hmbul.bmstu.ru/catalog/pedagog/engped/156.html>
- 5 Romanov A., Toroptsov V., Grigorovich D. (2000). *Technology of distance learning in correspondence economic education system*. – M.: YUNITI-DANA.
- 6 Malinina I. (2014). Monitoring and feedback implementing in web-related resources 2.0. *Modern scientific researches and innovations*, 1. Retrieved August 28, 2014. <http://web.snauka.ru/issues/2014/01/30565>.
- 7 Kostina E. (2010). Model of blended learning and its use in teaching foreign languages. *News of higher educational institutions. Series: Humanities*, 2(1), 141-144.
- 8 Azevich A. (2012). Role of teacher's personal site in forming information learning environment. *Modern scientific researches and innovations*, 11. Retrieved August 28, 2014. <http://web.snauka.ru/issues/2012/11/18586>.
- 9 Cohen V. (2005). A reexamination of feedback in computer-based instruction: Implications for instructional design. *Educational Technology*, 1.
- 10 Kulhavy R. (2007). Feedback in written instruction. *Review of Educational Research*, 47.
- 11 Роль Интернета в нашей жизни [Электронный ресурс]. <http://fb.ru/article/372002/rol-interneta-v-nashey-jizni/>.
- 12 Джуманова Л.С. Инновационные технологии в обучение иностранным языкам / Л.С. Джуманова, Б.М. Тоимбаева, М.К. Тулегенова // Молодой ученый. – 2014, №19. – С. 523-525.

13 Владимирова Л.П. Интернет на уроках иностранного языка. ИЯШ, №3, 2002. – С. 33-41.

14 Воронкин А.С. Социальные сети: эволюция, структура, анализ. – Луганск. – 2016.

15 Социальные сети для изучения английского языка и общения с иностранцами. [Электронный ресурс]: <https://ienglish.ru/blog/angliiskiy-rosskuyu/kak-uchit-angliiskiy-online/socialnye-seti-dlia-izuchenia-angliiskogo/>.

16 Социальная сеть Инстаграм [Электронный ресурс] /com/. Загл. с экрана.

ҒТАМР 17.71.91

АҚЫН МҰСА АСАЙЫНОВТЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Ж. Абишева

Студент, Ш. Уәлиханов атындағы КМУ, Көкшетау қ.

Г.Т. Тлеубердина

Ф.ғ.к., қауымд. профессор м.а., Ш. Уәлиханов атындағы КМУ, Көкшетау қ.

Келешекті бағамдай алу, тарихты жаңғыртудан бастау алады. Өткенімізді зерттеу, халық даналарының мұраларынан тәлім-тәрбие алу бүгінгі қоғамға қажетті процесстің бірі. Осы мақсаты біріктіре отырып ақын Мұса Асайыновтың шығармашылық туындыларына зерттеу жасау арқылы бүгінгі қоғам азаматтарына қажетті байсалдылықты, тасқын судай ағысынан шыққан әлемнің қозғалысына тыныштықпен кері байланыс құру парасаттылықтың жоғары шыны.

Түйін сөздер: Мұса Асайынов; шығармашылық туынды; мұралық ескерткіш; ұрпақ азығы, өлеңдер жинағы, өмір бейнесі, көп салалы жан, талан иесі, ұлт тағылымы, дарынды елдің түлегі, айтыс.

Көкшетау өңірі жер жәннаты, сал-серілердің тал бесігі, ақындар, жыршылар елі. Тарихта өз ізін қалдырған, Көкшеден шыққан дарабоздардың өнері мен даңқы Аркадан Алатауға, Алтайдан Еділге дейін дастан болып жеткен. Шешендігімен даңқы жер жарған Орынбай, өмірін өлеңмен көмкерген ақын Тезекбай ақын, әйгілі Біржан, Ақан, үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ осы өңірдің мақтанышына айналған. Кейінгі буын өкілдері Молдахмет Тырбиев, Шәкен Отызбайұлы, Қалия Жұбандықұлы, Әміре Сұлтанмұратұлы ғұмырын парасаттылыққа бағыттаған Жамбыл дәуірінің халық ақындары [1]. Ұлы Отан соғысы жылдарында, тылдағы ауыр жұмыстан кейін, белдері бүгілген, келер күннен күткен шамдары сөнген жандардың рухтарын қанатты өлеңмен қайрап, жүректі әнмен жылытқан да осы саф өнердің иелері.

Қазақтың ертеден келе жатқан сал-серілер мен халық ақындарының суырып-салма өнерінен кейін Жақан Сыздықұлының, Жұмағали Саиндардың жазбаша поэзиясы халқымызтың өнерінің ренессанс (қайта өрлеу) кезеңі болып жалғасын тапты [2]. Осы жаңа кезең ақындарының бірі Мұса Асайынов.

Асайынов Мұса Мырзағұлұлы 1929 жылы Көкшетау өңірінің Володар (Айыртау) ауданы Өскен ауылында дүниеге келген [3].

Мұса Асайынов Үкілі Ыбырайдың қандас туысы және ақынның өнерін зерттеу арқылы анықталғандай шығармашылығын жалғастырушысы. Ақынның шежіресіне көз жүгіртсек Абылайдың заманында өмір сүрген Сәбден деген батырдың Деріпсал деген ұлынан Әбіле, Маңдай, Сандыбай туған екен. Маңдайынан Асайын, одан Мырзағұл, одан Мұса тарас, Сандыбайдан Үкілі Ыбырай дүниеге келді. Яғни, Мұса Ыбырайдың шөбересі. Жас кезінен бала ақын домбыра ойнап, ән айтуға әуестенді, оның алғашқы ұстазы атақты халық ақыны Молдахмет Тырбиев болды. 16 жасынан бастап ол өзі туған Көкше өлкесінің мәдени мұрасын зерттей бастады [4].

«Жігітке жеті өнер де аз» – деген мақалдың көрінісі Мұса Асайынов. Талантты жанның бойында әншілік, күйшілік, актерлық бейнелер көрініс тапқан. Шоқтығы биік дарыны– айтыс болды. Ақынның досы Кәрім Ілиясов досы Мұса туралы естелікте, бала кезінен аяқ астынан өлең жазуға бейім болған, соғыс жылдарында екеуіміз мінген өгіз жүрмей қалғанда, былай деген:

*Ала өгіз енді қитарланып тұрмайды,
Әкеліңдер, талгажау етсін қурайды.
Жан тапсырса әлдеқалай бұл неме,
Болсаңдаршы, құнын бізден сұрайды! [5].*

Соғыстан кейінгі ең ауыр жылдары М. Асайынов алдымен филармония жанынан алғашқы музыкалық ұжым құра алды, содан кейін қазақ халық аспаптары фольклорлық – этнографиялық ансамблінің толыққанды ұжымын құрып, оған қаламен үндес «Көкшетау» атауын берді [6]. Оның арқасында Ұлы импровизатор ақындар Біржан сал, Ақан Сері, Үкілі Ыбырай және Балуан Шолақтың көптеген әндерін жинақтады, әндерін қайта жасап, мәңгілікке сақтаулы қылды. Болашақта ақын олардың жарқын ізбасарына айналды, ол ел ерлерінің қаһармандық өлеңдерін, мақал-мәтелдерін жинап, сақтап қалды. Оның жанқиярлық қызметінің жемісі Қазақ энциклопедиясында және басқа да ғылыми басылымдарда көрініс тапқан. Оның еңбегі туралы жергілікті және республикалық газеттерде бірнеше рет жазылды, оның жұмысы туралы атақты мәдениет қайраткерлері сұхбат берді [7].

Алғашқы шығармашылығы 1958 жылы ресми айтысқа қатыса бастайды [8]. Осы айтыстардың біріндегі ақынның мына бір өлең жолдары хатқа түскен екен:

*Мен келдім кербез Көкше бауырынан,
Сал-сері, ақындардың ауылынан.
Шабытым найзағайды жұлып алар,
Көктемнің от-жасынды жауынынан.
Әнім бар сілкіндірер Алатауды,
Үнім бар тебірентер Қаратауды.
Балқиды қарт жүректер көне көзді,
Жамбылды көріп қалған шал атаулы [9].*

Мұса Асайынов – қаламы хатқа түссе лирика төгілетін торы биедей ерекше өнердің иесі. Оның қаламынан көптеген лирикалық өлеңдер мен жырлар дүниеге келді. Таланттың туған өлкенің табиғаты жырларының шоқтығы биік болуының себепкері болғандығын ақынның өзі де айтқан болатын, ақынның көңіл-күйдің алуан түрлілігіне, махаббат құпияларына арналған өлеңдері алып ұшпа көңілден емес, суық, таза, пәк тыныштыққа негізделгенін көреміз:

*Ақын болу – көп өлең жолында ма?
Бұрқыраған жылма-жыл томында ма?
Жоқ, батырым, тап-таза өлең керек,
Жеңіл жолға бұрылма, мойындама. [10].*

Ақынның алғашқы кітабын Еркеш Ибрагим, одан кейінгі екі кітапты Кәкімбек Салықов құрастырған [11].

*Аршындасын, жыр сұңқары самғасын,
Асыл арман, ақ қанаты талмасын.
Жалғызтаудың жалғыз өскен ұлы едім,
Жүрегімнің лүпілі үміт жалғасын [12].*

ақынның бұл өлеңінде оның тағдырының шындығы бейнеленген. Мұса Асайынов шығармаларының жинақталуы жөнінде Қазақстанның Халық жазушысы, ақынның туған бөлесі Кәкімбек Салықов былай деп атап көрсетеді: «Бұл ұсынылып отырған жаңа жинаққа үш үйіндегі мұрағаттарынан алып және асыл достардың, бауырларымыздың тапсырған өлеңдерін қостық. Әлі де толық жинағы деп айта алмаймыз, ол болашақтың ісі» [13]. Яғни, Мұса Асайыновтың жарияланбаған әдеби еңбектері Көкшетау өңіріндегі тұрғындардың жеке мұрағатында әлі де көп деген сөз. Бұған зерттеу жүргізу барысында көзжеткіздік, ақын өлеңдерінің түпнұсқа қолжазбаларын сақтап отырған адамдар расында да бар екен.

Әдеби шығармаларды көптеп оқыған Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов пен байланыста болған Мұса ақынның басқа жазушылардың еңбектерімен танысуы ертерек болды. Ақынның көлемді шығармасы – «Аңшының аңызы» лирикалық поэмасы [14]. Қонақбай есімді мерген құсты ату үшін көлдің жағасына келгенде басынан өткерген оқиғаға негізделген поэманың тілі көркем де күрделі. «Атамын, атпаймын» деген оймен тығырыққа тірелген аңшының қолы ақыры кездейсоқ шурппені басып қалды. Осы сәтті ақынның бейнелеуі:

*Сарт етті... от жарқ етті... су дір етті,
Зор дүркін сай-саланы күңірентті.
Болды іс – ойламаған, болжамаған,
Шалқайды, шаңқай түсті іңір етті [15].*

Мұса Асайыновтың өлеңдері-кәсіби ақын жазған, жазу техникасына енген әсерлі өрнектері бар мағыналы шығармалар. Мұса Асайыновтың өлеңдерінде музыка жазуға қойылатын талаптар бар екенін атап өтуіміз қажетті.

Артынан мол мұра қалдырған ақынның портретін туған бөлесі Кәкімбек Салықов былайша сөзбен суреттейді: «Мұса – орта бойлы, қараторы, кең маңдайлы, ақжарқын, қапсағай келген қыр мұрынды, керімсал келбетімен алыстан көз тартатын. Жарасымды киініп, бойын таза ұстап өтті. Жаны елгезек, қолындағысын айналасына таратпай тынбайтын, көпшіл де сепшіл, сенгіш те нанғыш, жаны таза, бауырмал-тын» [16].

Ал өнердегі серігі, сан реткі айтыстағы қарсыласы болған Көкен Шәкеев ақынның бейнесін өлеңмен былай деп береді:

*Қарасұр, мұрындылау, өткір көзді,
Жасынан ұнататын жарқын сөзді...
...Жатпайтын сол жақ шашы – қайырса да,
Қайтпайтын төбесінен жай ұрса да.
Мінезі, кескін-кейпі көз алдымда,
Мезгілсіз бізді тағдыр айырса да.
...Бірдей еді ауылға, қалаға да,
Ән айтты, театрда, далада да.
Ақкөңіл, ақжолтайдың өзі еді зой,
Сенетін «солай» десең, балаға да [17].*

Қорытынды.

– Мұса Асайынов – өткен ғасырлардағы салсерілердің ХХ ғасырдағы заңды жалғасы. Оған өнерпаз тұлғаның сан қырлы таланты мен еңбегі айқын куә болады;

– Мұса Асайынов – тамаша лирик ақын. Шығармалары аз да болса, тақырыбы мәнді, идеясы айқын, көркемдігі биік;

– Мұса Асайынов – Арқадағы ән өнерін ХХ ғасырда лайықты сақтап, келешек ұрпаққа табыстап кеткен өнерпаз тұлға;

– Мұса Асайынов – қазақтың айтыс өнері тоқыраған кезеңде өмір сүріп, оны шынайы түрде таныта білген айтыскер ақын.

Ән айту, айтыс, жазу, поэтика, композиторлық, журналистика, өнертанушы, актерлік шеберлік сияқты жеті өнерді тал бойына дарытқан Мұса Асайынов 1976 жылы 8 қаңтарда небәрі 47 жасында қайтыс болды.

*Елдерін араласаң өскен, өнген,
Суретті көркем түрлі көп ескі өлең.
Кең көкірек, керней дауыс, ақын, әнші -
Келеді жігіттері боп өскелең, [18].*

Сәкен Сейфуллин атап өткендей, Көкшетаудың ең көрнекті азаматтарының бірі, құбырлы дауысты әнші, ақын Мұса Асайыновтың артына

қалдырған мол мұрасы дәуірлер өткен сайын жауһарлана түсетін өнер туындысы.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: Қазмемкөрәдебас., 1956. – 340 б.
- 2 Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. – Алматы: «Санат», 1996. – 240 б.
- 3 Туған өлке қаламгері. Асайынов Мұса жайында. Көкшетау, 2009. – 86 б.
- 4 Қадыров Ж. Асайынов Мұсаның ақындығы. Зерттеме мақала // «Сарыарқа», 1999.
- 5 Нұрғалиұлы О. Асқақ әнші, дарынды ақын // «Көкшетау» газеті, 1994 ж. 26 мамыр, 4 б.
- 6 Көкшетау правдасы. 31.05.91.
- 7 Шаймерген Г. Үкілі Ыбырайдың ұрпағы еді // «Алаш үні» газеті, 2006жыл, 24 ақпан, №7.
- 8 Көкшетау газеті. 13.06.1990.
- 9 Қаратаев М. Көркемдік кілті шеберлік. – Алматы, 1985.
- 10 Сармұрзина М. Дауылбаев Ғ. Қазақ совет әдебиеті. – А., 1982.
- 11 Арқа ажары газеті. 12 ақпан, 2002.
- 12 Асайынов М. Жүрегімнің жұлдызы. – Алматы: Жібек жолы, 1999. – 86 б.
- 13 Көкшетау газеті. 13.06.1990.
- 14 Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы, 1978.
- 15 Қабдолов. З. Сөз өнері. – А., 1976.
- 16 Асайынов М. Ынтық жүрек лүпілі. – Астана: Фолиант, 2009. – 136 б.
- 17 Винклер-Асаинова З. Жизнь в ее ипостасях. – Нюрнберг: Books Demand GmbH, 2010. – 136 б.
- 18 Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Өнер, 1975. – 287 б.

ҒТАМР 16.21.43

ҒАШЫҚТЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ КОНТАМИНАЦИЯЛАНҒАН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КӨРІНІСІ

Г.А. Абай

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінде тілдік бірліктерді бейнелі де әсерлі жеткізудің бір жолы – тұрақты тіркестер. Егер де жыр құрылымындағы тұрақты тіркестерді қарапайым сөз тіркестерімен алмастырар болсақ, мәтіннің адресатқа әсер ету мүмкіндігі солғын тартуы әбден мүмкін. Сондықтан сөз зергерлері тұрақты тіркестерді ұтымды, қажет болған жағдайда, авторлық өңдеумен қолданып отырған. Ол айтушының шеберлігінен ғана хабар беріп қоймай, халық тілі байлығының арнасының кеңдігін де байқатады.

Мәтінде фразеологизмдерді түрлендірудің бір әдісі – контаминация құбылысы. Мақала осы уақытқа дейін түрлі қырынан қарастырылып келген тұрақты тіркестерді функционалдық бағытпен ұштастыра қарастыруды көздеп отыр. Қазақ фольклорының көлемді де көркем үлгілері «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Дандан мен Нәркес», «Ахмет пен Нүрилә» атты ғашықтық жырлардағы фразеологиялық бірліктердің контаминация құбылысына қатысы мен байланысы, жасалу жолдары мен ерекшеліктері талданды.

Түйін сөздер: тіл білімі, контаминация, ықшамдалу, сыйысу, фразеологизм, фразеологиялық контаминация.

Контаминация – қазақ тіл білімінде функционалдық бағытпен байланысты қарастырылып жүрген синтаксистік құбылыс. Бұл мәселе жалпы тіл білімінде кеңінен зерттелгенімен, қазақ тіл білімінде аса көп зерттеу нысанына алынбаған. Сондықтан да аталған нысанға қатысты зерттеулерге назар аударғанда, ең алдымен, қазақ ғалымдарының ой-пікірлерін жүйелеп, тұжырым жасалды.

Ғашықтық жырлардағы контаминацияланған фразеологизмдерді жымдасу, сіңісу ерекшеліктерін айқындау мақсатында тұрақты тіркестерді табу, оларды топтарға бөлу, өзара ұқсас тіркестермен салыстыру және мағыналық, құрылымдық белгілерін түсіндіру міндеттері қойылды.

Тіл білімінде контаминация құбылысы еркін және тұрақты тіркеске қатысты өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап сөз бола бастады. Ал қазақ тіл білімінде бұл мәселе бүгінге дейін әртүрлі түсіндіріліп, түрліше аталып келеді.

Тіліміздегі ықшамдалу заңдылығы туралы алғашқылардың бірі болып сөз қозғаған – тіл реформаторы А. Байтұрсынұлы. Ғалым өзінің «Тіл-құрал» еңбегінің «Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты үшінші кітабында сабақтас сөйлемдерді басыңқы және бағыныңқы деп бөліп, бағыныңқы сөйлемдердің айтылуын екі түрде (толық және ықшам) көрсетеді. Бұндай бағыныңқы сөйлемдерді зат есім, сын есім, етістіктің есімше, көсемше түрлері арқылы ықшамдауға болатындығын айтады. Мысалы, етістікті зат есімге айналдыру арқылы бағыныңқы сөйлемді былай ықшамдауға болады: Қалай пішілсе, киім солай тігілмекші (толық бағыныңқы сөйлем); пішілуінше киім тігілмекші (ықшам бағыныңқы сөйлем). Осылайша ғалым «ықшамдау деп толық түрден ықшам түрге айналдыруды» атайды [1, 261 б.].

А.Байтұрсынұлының контаминация құбылысына қатысты ойларын қазақ тіл білімінде Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Қ.Есенов, С.Исаев, Н.Уәли, Г.Қосымовалар өз зерттеулерінде жалғастырған. Ғалымдардың пікірлерін түйіндесек, контаминация – сыйысу арқылы жаңа бірліктердің пайда болуы. Бұл құбылыс, әсіресе, тұрақты тіркестерді жасауда белсенді қолданылады.

І.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақовтың тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігінде контаминацияға мынадай анықтама береді: «Контаминация – екі сөйлемшенің не екі, үш сөздің бөлшектерінің бірігуінен, тоғысудың нәтижесінен жасалған жаңа сөз я сөйлемшелер; мыс: білек жүзіктен – білезік; қара ала құс сөзінен – қарлығаш т.б.» [2, 83 б.].

Аллингвистикалық түсіндірме сөздікте: «Контаминация (лат. Contamination – араласу) семантикалық, қызметтік, құрылымдық жақындық негізінде екі тіл бірлігінің элементтерінің сөйлеу кезіндегі араласуы. Контаминация құбылысы, әдетте, ауызекі сөйлеуде кездесіп, әдеби нормалардан ауытқу деп есептеледі» – дейді [3, 110 б.]. Демек, контаминация – кем дегенде екі тілдік бірліктің бірігуінен, сыйысуынан пайда болатын, әртүрлі тәсілдер арқылы жүзеге асатын ықшамдау құбылысы.

Контаминация құбылысы тіл жүйесінің барлық бірліктеріне тән. Ол сөз тіркесі деңгейінен бастап, күрделі құрылымдар деңгейіне дейінгі барлық аралықты қамтиды. Контаминация құбылысы тілдің ішкі үдерісінде пайда болатын емес, керісінше сыртқы үдерісте, сөйлеу кезінде туындайтын динамикалық құбылыс ретінде жұмсалатын қатысымдық бірлік болып табылады. Осындай үдерісті фразеологизмдер құрамынан да байқауға болады. Соған сай қазіргі тіл білімінде «контаминацияланған фразеологизмдер» термині қалыптасқан.

Мақалада сипаттау, жіктеу және талдау әдістері қолданылды. Қазақ фольклорының көлемді де көркем үлгілерінің бірі – «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Дандан мен Нәркес», «Ахмет пен Нүрилә» ғашықтық жырларындағы контаминацияланған тұрақты тіркестер жинақталып, құрамы

мен мағынасына қарай талданды. Мағыналық топтарға жіктелді. Жасалу жолдары түсіндірілді.

Фразеологиялық контаминация – семантикалық жағынан мәндес фразеологизмдердің бірігуі. Контаминация құбылысын жан-жақты қарастырған С.Исаев контаминацияланған фразеологизмдерге де назар аударған. Ғалымның пайымдауынша: «тілдің даму барысында жаңа ұғымды, ойды жеткізу үшін немесе ұғым-түсінікке қосымша экспрессивті-модальды мән үстеу үшін, бір сөз екінші сөзбен тіркесіп, сөз тіркестірудің қалыптасқан ережесі бұзылуы мүмкін. Осылайша жаңа сөз тіркесінің жасалуы контаминация арқылы жасалған тұрақты тіркестер деп аталады» [4, 11 б.].

Н.Уәли «Фразеологизм және тілдік норма» еңбегінде фразеологиялық нормаға қатысты ойларын контаминация құбылысымен байланыстыра сабақтаған. Ғалым фразеологизмдерді ықшамдап қолданудың бір тәсілі ретінде олардың кейбір сыңарларын, не болмаса қайталанып жұмсалғандарын түсіріп қолдану арқылы бір бүтін фразеологизм жасауға болатындығын айтады. Мысалы, «қу жанды шүберекке тую» тұрақты тіркесінің «қу жанын қоярға жер таппау» және «шыбын жанын шүберекке тую» деген екі бөлек тұрақты тіркестің бірігіп, ықшамдалуы арқылы жасалғанын атап көрсетеді [4, 11 б.].

Сонымен фразеологизмдердің контаминациялануы – екі немесе одан да көп фразеологизмдердің ықшамдалып, бір-біріне кірігіп кетуі. Яғни өзара мағына жақындықтары бар фразеологизмдердің біріншісінің бір компоненті мен екіншісінің бір компоненті бірігіп, араларындағы ортақ бірліктер түсіріліп жаңа фразеологиялық тіркес пайда болады.

Ғалым Г.Қосымова контаминациялану тәсілімен жасалған тұрақты тіркестердің қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерінде, әсіресе жырларда мол ұшырасатындығын айта келіп, оларды мынадай мағыналық топтарға бөліп көрсетеді:

- 1) Мағыналары жуық және құрылысы бірдей тіркестерден контаминацияланған фразеологизмдер;
- 2) Мағыналары да, құрылымдары да әр басқа тіркестерден контаминацияланған фразеологизмдер;
- 3) Мағыналары жуық, құрылымдары әр басқа тіркестерден контаминацияланған фразеологизмдер;
- 4) Құрылымдары біртектес, мағыналары басқа-басқа тіркестерден контаминацияланған фразеологизмдер [5, 44 б.].

Мақала жазу барысында ғалымның осы жіктелімін басшылыққа ала отырып, ғашықтық жырлардағы контаминацияланған фразеологизмдердің топтары анықталды.

Зерттеу нысанына алынған ғашықтық жырлардағы контаминацияланған фразеологизмдердің құрамы мен мағынасына мән беріп қарар болсақ, бірінші топтағы, яғни мағыналары жуық және құрылысы бірдей тіркестерден ықшамдалып жасалған фразеологизмдердің жиі ұшырасатындығын аңғаруға болады. Мысалы:

*Сөз салды ол, қызың бер деп Сарыбайға,
Ілігі болмаса да тарыдай да [6,14 б.].*

Осы жолдардағы «сөз салды» тұрақты тіркесі әуелде «қолқа салды» және «сөз бастады» фразеологизмдерінің бірігуі арқылы жасалған. Дәлел ретінде аталған фразеологизмдердің сөздіктегі түсіндірмелеріне назар аударып көрейік.

ҚОЛҚА САЛДЫ [ЕТТІ, ҚЫЛДЫ] Қимас, ең қымбатты затын қалады, сұрады [7,345 б.]. Қолқа салып, ат сұрап, Келмегін жеңге қасыма [6, 216 б.].

СӨЗ АЙТТЫ Тұңғыш бірден көңілдегі әңгімесін қозғады [7, 465 б.]. Бұрын Жібек сөз бастап, Аштырмай аузын бөгеді [6, 225 б.].

Енді осы фразеологизмдердің өзара сыйысуынан пайда болған «сөз салды» тұрақты тіркесінің жырдағы мағынасына назар аударсақ, бастапқы мағынаны толықтырып, үстеме мағынаға ие болып тұрғандығын байқаймыз. Бірақ негіз болған фразалық тіркестерден соншалық мағына алшақтығы жоқ, жаңа тіркесте де адамның ниетін, көңілін алғаш болып жеткізуі мағынасын білдіріп тұр. Сонымен бірге контаминацияланған фразеологизмдердің құрылысы да бірдей, екі сөздің бірігуінен жасалған. Демек, «сөз салды» фразеологизмі мағынасы да, құрамы да жуықтас фразеологизмдердің контаминациялануы арқылы пайда болған. Оның қалыптасу жолын мынадай формуламен келтіруге болады: қолқа салды + сөз бастады = сөз салды.

Жырда кездескен осы құрамдас фразеологизмдердің қатарына кеңес құрды, ойға батты, хабар айтты, тілек салды т.б. жатқызуға болады.

Ғашықтық жырларда мағыналары жуық және құрылысы бірдей тіркестерден контаминацияланған фразеологизмдердің жиі кездесуін тілімізде бұрыннан бар, танымымызға әбден сіңіп қалған синонимдес, мағыналас фразеологиялық бірліктердің өзара бірігіп қосылуға бейім болуы – олардың қолданыс аясының кеңдігі және жаңа тілдік бірлік жасауға қабілеттілігіне байланысты түсіндіруге болады.

Жырда кездескен фразеологизмдердің келесі бір тобы – мағыналары да, құрылымдары да әр түрлі тұрақты тіркестерден ықшамдалған жаңа бірліктер. Оларға көңіл басты, сыр біледі, көңілі тынды, сөзі өкпеден өтіп кетті және т.б. фразеологизмдерді жатқызуға болады. Мысалы:

*Кемпірдің сөзі өкпеден кетті өтіп,
Түсі қашып үйіне келді жетіп [6, 16 б.].*

Қазақ тілінде «сөзі сүйектен өтті, сөзі сүйекке таңба болды» және т.б. тұрақты тіркестер қалыптасқан. Бірақ зілді, өтімді айтылған сөзді «өкпе» сөзімен тіркестірген құрылым қолданылмайды. Әйтсе де «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырында өрмекші кемпірдің айтқан сөздерінен Қозының алған әсерін жоғарыдағыдай контаминацияланған фразеологизммен келтіреді. Бұл жерде «сөз етінен өтіп, сүйегіне жетті» немесе «сөзі сүйектен өтті» және «өкпе сызы» деген тұрақты тіркестер «сөзі өкпеден өтіп кету» контаминацияланған тұрақты

тіркесінің қалыптасуына уәж бола алады. Аталған тұрақты тіркестер фразеологиялық сөздікте төмендегідей түсіндіріледі:

СӨЗ ЕТІНЕН ӨТІП, СҮЙЕГІНЕ ЖЕТТІ Сөз арына, ұятына тиді, жанына қатты батты [7, 467 б.].

ӨКПЕ СЫЗЫ Көңілдегі қаяуы, реніші [7, 428 б.].

Кірігіп тұрған тұрақты тіркестердің мағыналары да, құрылымдары да әртүрлі. Ал олардың кірігуінен пайда болған тұрақты тіркестің мәтіндегі мағынасына қарасақ, экспрессивтік сипатының айқындала түскендігін көреміз. «Өкпе» сөзі «реніш», «қайғы», «жара» сөздеріне омоним ретінде қолданылатынын ескерсек, жырда «сүйек» сөзін «өкпе» сөзімен алмастыру арқылы айтушы кейіпкердің қайғылы жеріне дөп тиген сөздің реңкін аша түсуді мақсат еткен тәрізді. Сонда «сөзі өкпеден өтіп кетті» тұрақты тіркесінің даму жолын сөз етінен өтіп, сүйегіне жетті + өкпе сызы = сөзі өкпеден өтіп кетті деп көрсетуге негіз бар.

Фразалық тіркестердің құрамы көбінесе екі сөздің бірігуінен жасалатындықтан, жырда мағыналары жуық, құрылымдары әр басқа тұрақты тіркестер бірен-саран. Солардың бірі – «майдай еру». Мысалы,

*Көрген жанның көңілі майдай еріп,
Айығар ішке қатқан беріш дерті [6, 15 б.].*

Бұл жолдардағы «майдай еру» тұрақты тіркесі іші бауыры елжіреді, уылжыды, еріді + майдай жақты тұрақты тіркестерінің контаминациялануы арқылы жасалған.

ІШІ-БАУЫРЫ ЕЛЖІРЕДІ, УЫЛЖЫДЫ, ІШІ ЕРІДІ Жаны ери жақсы көрді, мейірі түсе жақсы көрді [7, 584 б.].

МАЙДАЙ ЖАҚТЫ Жанына жайлы келді, қатты ұнады, көңіліне қонды [7, 384 б.].

Беретін мағыналары өзара ұқсас болып келетін бұл фразеологизмдердің құрамдары күрделі болғандықтан, сыйыстыру амалы арқылы қысқа жеткізілген. Сонда алғашқы іші-бауыры елжіреді деген қос сөз бен етістіктің тіркесі арқылы жасалған үш құрамды фразеологизм мен теңеу мәнді үстеу мен етістіктен жасалған екі құрамды фразеологизмдердің семантикалық жақындығы оларды бір топқа енгізуге себеп болып тұр.

Құрылымдары біртектес, мағыналары басқа-басқа тіркестерден контаминацияланған фразеологизмдердің де жырда кездесу жиілігі мол емес. Өйткені контаминациялану жолымен қалыптасқан күрделі ұғымды білдіретін жаңа тіркестер, жоғарыда айтқанымыздай, көбінесе әсер етуші фактордан біржола ажырамай мағына жақындығын сақтап қалады. Ал мағыналары басқа-басқа фразеологизмдер негізінен автордың қолданысына қарай туындап отырады. Мысалы,

*Маралды екеуінің көзі көрді,
Бірымдап әрбір түрлі ой жіберді [6, 10 б.]*

– деген жолдардағы «ой жіберді» тұрақты тіркесі тіліміздегі «ойға батты» және «тізгін берді» тұрақты тіркестерінің бір-біріне сыйысуы арқылы сіңісіп кеткен. Сондықтан қазіргі таңда «ой жіберу» фразеологизмі өз алдына жеке қолданылып та жүр. Енді осы тіркеске негіз болған тұрақты тіркестердің түсіндірмесіне мән берсек,

ОЙҒА БАТТЫ Ұзақ ой ойлады, неше түрлі қиял жетегінде болды [7, 411 б.].

ТІЗГІН БЕРДІ [ЖІБЕРДІ] Ерік берді, ырық берді [7, 530 б.].

Екі мағынадағы фразеологизмдердің кейбір сыңарларын түсіру арқылы жаңа мағынадағы (әр жайға ойша барлау, шолу жасау) бір бүтін фразеологизм туындап отыр. Демек, контаминация динамикалық құбылыс болғандықтан, бұл тұста тұрақты тіркестердің сөйленіс аясындағы коммуникативтік сипаты басымдыққа ие болып, мәтіндегі қызметіне байланысты жаңа мән иеленіп тұр.

Қорыта келгенде, контаминациялану құбылысы барысында өзгеріске ұшырап біріккен немесе кірігіп кеткен фразеологизмдер бастапқы мағынасынан толықтай ажырап қалмайды, керісінше бұрынғы дербес күйдегі мағыналарына жаңа мағына үстелу арқылы семантикалық, эмоционалды-экспрессивтік бояулары қаныға түседі.

Сонымен қатар контаминацияланған фразеологизмдер тіліміздің сөздік қорын байытуға да өзіндік үлесін тигізеді. Контаминациялану барысында пайда болған фразеологизмдер тілімізде жаңа тілдік бірлік ретінде жеке дамып қалыптасып, қолданыс аясына еніп отырады.

Әдебиеттер тізімі

1 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал. – Алматы, «Ел-шежіре», 2013. Т. III: – 384 б.

2 Кенесбаев С., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. – Алма-ата, Наука КазССР, 1966. – 208 с.

3 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.

4 Ақылбаева Г. И. Контаминация құбылысының тілдегі көрінісі: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2008.

5 Қосымова Г. Қазақ эпосындағы фразеологизмдер. – Алматы: Мектеп, 1997. – 80 б.

6 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т.26: Ғашықтық дастандар. – 2006. – 376 б.

7 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1977. – 712 б.

ГТАМР 16.01.45

ГЛЮТТОНИКАЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКАСЫ

Б. Оразбекқызы

Магистрант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

А.Қ. Таусоғарова

Ғылыми жетекші, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Дискурс бүгінгі парадигмада жаңа бағытта зерттеліп келе жатқан күрделі ұғым. Дискурсты зерттеу ұлттық мәдениетті зерттеудің, ұлттық құндылықтардың көрінісін танытудың нәтижелі үдерісі. Ал, глютоникалық дискурс – азық-түлік ресурстарының жай-күйіне және оларды өңдеу мен тұтыну процестеріне байланысты коммуникацияның ерекше түрі. Мақалада ағылшын мәдениетіндегі глютоникалық дискурстың мәні қарастырылды. Коммуникациясындағы ас үй тұрмыстық лексикасының ағылшын лингвомәдениетіндегі орны мен ерекшеліктері көрсетілді.

Түйін сөздер: дискурс, когнитивті лингвистика, глютония, коммуникация, тағам атаулары, ас үй жабдықтары, фразеологизм.

Дискурсты коммуникативті іс-әрекет процесі ретінде зерттеу соңғы онжылдықта қарқынды дамып келе жатқан лингвистикалық зерттеулердің маңызды бағыты болып табылады. А.В.Олянич «Дискурстың алғашқы теориясы» монографиясында осы құбылыстың күрделілігі мен жан-жақтылығын зерттей отырып, дискурстың сегіз түрін ажыратады. Олардың бірі – азық-түлік ресурстарының жай-күйіне және оларды өңдеу мен тұтыну процестеріне байланысты коммуникацияның ерекше түрі болып табылатын глютоникалық немесе гастрономиялық дискурс [1].

Тұтас когнитивті жүйе болып табылатын глютоникалық коммуникация процесіне өзара ұйымдастырылған белгілердің едәуір бөлігі, соның ішінде лингвистикалық белгілер қатысады. Олар, өз кезегінде, этникалық мәдениетке тән кең лингвосемиотикалық глютония жүйесін құрайды.

Гастрономиялық дискурстың міндеттеріне тұтынушыға олардың тағамдық артықшылықтарын таңдау мағынасында әсер ету де, тағамды тұтыну арқылы өмірді сақтауға байланысты артықшылықтар мен мәдени доминанттарды қалыптастыру да кіреді. Гастрономиялық дискурстың құндылықтары тұтынушылардың мінез-құлқының этикалық және эстетикалық

нормаларын (үстел этикеті, үстелдегі мінез-құлық ережелері және т.б.) тәрбиелеуде де көрінеді.

Глюттонияның когнитивті жүйесіндегі материалдық жеуге жарамсыз әлем 1) тамақ өндіру құралдарымен; 2) өсіру құралдарымен; 3) толық тұтыну үшін өндірілген немесе өсірілген тамақ өнімдерін өңдеу құралдары мен инструменттерімен; 4) тамақ дайындауға арналған заттармен (пышақтар, тағамдарды кесуге арналған тақталар, өнімнің жеуге жарамды бөліктерін бөлу және өнімді жартылай фабрикатқа айналдыру құралдары, жылытуға, өңдеуге арналған ыдыстар – тостаған, қазандар және т.б.); 5) табиғи (шикі) өнімді тұтынуға дайын өнімге айналдыру құралдарымен; 6) тұтынудың нақты тұтынылуы (ас үй жабдықтары) мен эстетикасын (тағамдарды безендіру, майлықтар, үстелді безендіру, шам) қамтамасыз ететін құралдармен ұсынылған [2].

Күнделікті уақыт әрбір азаматтың хронотопиялық құрылымды өмірінде тамақтану оның ажырамас бөлігі ретінде құрылымдалған. Тағамды тұтынудың заманауи процесі эстетикаланған. Тағамдарды тұтыну реті ғана емес, сонымен қатар тамақ ұсынылатын ыдыс-аяқтар мен тамақтанушылар тамақ ішкен кезде қолданатын заттары да маңызды.

Нақты мысал ретінде ағылшын шайының классикалық рәсімін қарастырайық. Afternoon Tea немесе Five-o'clock Tea деп аталатын түстен кейінгі шай дәстүрі ағылшын тілінен дамыған. Шай дайындауға арналған ыдыстарды дұрыс таңдау өте маңызды. Шайға арналған суды металл және эмальданған шәйнектерде /metal or enamel kettles/ қайнатуға болады. Шайды металл ыдыста емес, тек фарфордан /chinaware/ немесе қыштан / earthenware/ жасалған ыдыста қайнатуға болады. Фарфор қыштан гөрі жақсырақ, өйткені ол тез әрі қатты жылытуға қабілетті, бұл қайнату кезінде өте маңызды. Шәйнектің /teapot/ өлшемдері (көлемі) мен пішіні де маңызды. Ең дұрысы – геометриялық тұрғыдан дұрыс пішін (домалақ, цилиндрлік), бұл қайнату кезінде шәйнектің көлемін дәлірек анықтауға мүмкіндік береді. Шайды фарфордан жасалған ыдыстан ішкен жақсы. Теориялық тұрғыдан шыныдан жасалған ыдыстар да шай ішуге жарамды, бірақ шай ішуге онша ыңғайлы емес, өйткені шыны құрылымы шайдың дәмін фарфордан ішкендегідей бағалауға мүмкіндік бермейді. Фарфордан жасалған шәйнектер /china teapots/ мен шыныаяқтардан /tea-cups/ басқа, шай жиынтығының құрамына /tea service/tea set/ шай қасықтары да (ең жақсысы күміс) /silver tea spoons/ кіреді. Ағылшын шай кешін өткізу үшін қызмет көрсететін шай үстелі қажет. Жаңа қонақтар келген сайын жаңадан шай шығару үшін үй иесінде екі шәйнек болуы керек. Табақшалары бар шыныаяқтар /cups with saucers/ үй иесінің не шай құятын әйелдің алдына науаның /tray/ сол жағына қойылады. Бүгінгі күні шыныаяқ пен табақша екіге бөлуге болмайтын «бірге» қызмет көрсететін ыдыс ретінде әрекет етеді. Классикалық еуропалық шай кеші үшін пиалалар /drinking bowl/ жарамайды. Бір қызығы, шыныаяқтарға тұтқасыны бекіту және сол арқылы оны қазір бөріне таныс шыныаяқ жасау идеясы ағылшындарға тиесілі. XVIII ғасырдың басында қытайлық фарфор өндірушілері ағылшындардың тапсырысы бойынша тұтқасы

бар шыныаяқтар жасай бастады. Біраз уақыттан кейін, ағылшындар ыстық шай тамшылары тізе мен дастарханға тамып кетпес үшін әр шыныаяққа табақша жасауды талап етті. Одан басқа, әр қонаққа тәттілерге арналған жеке тарелка /cake dish/ – диаметрі 17-18 см болатын кішкене тарелка ұсынылады. Ол пирогтарға, печеньелерге, торттарға және т.б. арналған. Классикалық ағылшын шай жиынтығында отыздан астам ыдыстан тұрады. Фарфор жиынтығына табақшалары бар 12 кесе, сүт құмырасы /milk jug/, қант ыдысы /sugar basin/, варенья ыдысы /jam dish/, қасық салатын ыдыс /tray for tea spoons/, шай шығаратын шайнек /teapot/, сақтауға және шай самасына арналған қаңылтыр банкалар /tea caddy/, қайнаған суға арналған құмыра /jar/ немесе шайнек /kettle/, кекс не сэндвичке арналған тарелкалар /sandwich platter/ және лимонға арналған тарелкалар /plate for lemon/ кіреді. Тегістелген шығыс және орыс шайнектерінен айырмашылығы, ағылшын шай ыдыстарында ұзартылған пішіндер басым, ал шыныаяқтар түбінде қысқа сабақта тұрады. Күміс металл шай жинағына шай қайнататын шайнек, қайнаған суға арналған шайнек, сүт құмырасы және олардың барлығына сәйкес келетін науа кіреді. Сондай-ақ гүлдермен кішкене ваза /flower vase/, әр қонаққа арналған пышақ /dessert knife/ пен шанышқы /dessert fork/, сүзгі /tea strainer/ мен сүзгіге арналған стэнд /coaster/, шайнекке арналған жүннен жасалған чехол қажет болады. Торттар мен пирогтарға арналған тарелкалар /cake plates/ үстелге олардың шеті үстелдің шетіне сәйкес келетіндей етіп қойылады. Әр тарелканың үстіне майлықтарды /napkins/ немесе оларды майлық салғышқа /napkin holder/ салып, үстелге қоюды ұмытпаңыз. Шыныаяқтар тарелкалардың оң жағында және сәл қиғаш орналасады. Шай қасықтары /teaspoon/ тарелкаға немесе оның оң жағына қойылады. Десертке арналған қасық /dessert spoon/ немесе шанышқысы /dessert fork/ тортқа арналған тарелканың /cake platter/ оң жағына тарелка /dessert plate/ мен шыныаяқтың /tea sip/ арасына қойылады. Жеміс торттары үшін арнайы шпатель /cake server/, құрғақ торттар үшін қысқыш /cake fongs/ бар. Қантқа арналған қасық /sugar spoon/ немесе шақпақ қантқа арналған қысқыш /sugar tongs/ әдетте қант ыдысында /sugar box/ болады.

Глюттония құбылысы кез-келген қоғамның лингвомәдениетінде тағамның және оны қабылдау рәсімдерінің көп деңгейлі номинациясы ретінде көрінеді, сондықтан әр тілде халықтың дәстүрлі диетасы мен ғасырлар бойы қалыптасқан тамақ дайындау мен тамақтану процесіне деген көзқарасы көрінетін тұрақты тіркестер, идиомалар, мақал-мәтелдер кеңінен ұсынылған. Әр түрлі паремиялар глюттонияның метафоралық арсеналында аксиологиялық құбылыс ретінде маңызды орын алады: әлемде тамақпен байланысты мақал-мәтелдерді бекітпейтін мұндай лингвомәдениет жоқ. Мақал-мәтелдер ұлттық құндылықтарды олардың бастапқы, бекітілген түрінде көрсететін өзіндік презентациялық тромбтардың рөлін атқарады [3].

Глюттоникалық фразеологизмдерде мағынаны қалыптастыру динамикасының этникалық ерекшелігі көрінеді: фразеологиялық бірліктердің құрылымы, оларға лингвистикалық белгілер ретінде бекітілген мағыналар терең ұлттық ерекшелікке ие, олар әрдайым осы тілде сөйлейтін халықтың өмір сүру

жағдайымен анықталады. Ағылшын тіліндегі гастрономиялық дискурстың лингвомәдени кеңістігінде, ыдыс-аяқ заттарының ағылшын атаулары саласында маңызды коммуникативті функцияны орындайтын, тұрақты ауызша кешендер түрінде әрекет ететін, семантикалық бірегейлікке ие және дискурста глутоникалық қайта қарау түрінде мүлдем басқа семантикалық экспликацияны алатын фразеологиялық бірліктердің едәуір саны бар. Бұл ретте ыдыс-аяқ атаулары тікелей номинативті функциядан гөрі коммуникативті маңыздылықты анықтайды. Ыдыс-аяқ заттарының атауларын қайта қарау кезінде олардың мәні бейнелі негізге, жаңа мағынаға айналады. Дискурста ағылшын фразеологизмдері негізделген «ыдыс-аяқ» ЛСТ негізгі лексемалар глутоникалық қайта қарау түрінде мүлдем басқа семантикалық экспликация алады және тіл, сөйлеу және ыдыс-аяқ заттары арасындағы берік байланысты баса көрсетеді, мысалы: a big pot / маңызды зат; to be сир and can / дос болу; a сир of tea / зат, тип, субъект; an old crock / ескі қираған; bottom of the barrel / төменгі сұрыпты зат немесе адам; to cry buckets / жылау; pitcher man / маскүнем және т.б. Тілде айқын көрінетін глутоникалық семиотиканың метафораларды тудыру қабілеті – дискурстың пайда болуының маңызды факторы.

Ыдыс-аяқ туралы айтылған идиомалық өрнектердің қатары үнемі толықтырылып отырады: бұл мәдениеттің құрамдас бөліктерінің бірі, әр адамның өміріндегі күнделікті қайталанатын рәсім туралы айтылып отыр.

Бұқаралық-ақпараттық дискурс аясындағы глутоникалық дискурста талғам мен қалауын қалыптастыру, жаһандық мағынада – әлем бейнесін қалыптастыру бөлігінде қоғамға әсер етудің әдістері, тәсілдері мен құралдарының жиынтығы бар [4].

Тағамды дайындау мен тұтыну сценарийлері эстетикалық тұтырудың жалпы бейнесін қалыптастырады және тұтынушының мәдени және ұлттық сәйкестендіруі мен өзін-өзі сәйкестендіруі туралы ақпарат береді. Аспаздық тақырыптарына арналған ағылшын аспаздық кітаптарын, британдық және американдық интернет-сайттарды талдау олар әлем бейнесінің үзіндісі бола отырып, ағылшын тілді лингвомәдениетті білдіретін халықтардың мәдени және ұлттық сәйкестендіру және өзін-өзі сәйкестендіру туралы ақпаратты көрсету құралы ретінде әрекет ететінін көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

1 Олянич А.В. Гастрономический дискурс в системе массовой коммуникации (семантико-семиотические характеристики). Массовая культура на рубеже XX-XI веков: Человек и его дискурс. – М.: Азбуковник, 2003. – С. 167-201.

2 Карасик В.И. Язык социального статуса. – М.: РАН, Волгогр. гос. пед. ин-т, 1992. – 330 с.

3 Маковский М.М. Английская этимология. – М.: Высш. шк., 1986. – 148 с.

4 Земскова А.Ю. Лингвокультурный феномен англоязычного глоттонического дискурса // Вестник Международного института рынка. – 2008. – № 1(4). – С.254-264

ГРНТИ 16.01.33

КОНЦЕПТ «БОГАТСТВО» И «БЕДНОСТЬ» В ЯЗЫКОВОМ СОЗНАНИИ КАЗАХОВ И АНГЛИЧАН

Т. Темирбулатова

Магистрант, КарУ имени Е.А. Букетова, г. Караганда

Статья посвящена изучению концепта «богатство» и «бедность» в языковом сознании казахов и англичан. Исследование было направлено на изучение основных понятий, такие как концепт и языковое сознание. Также в статье рассматриваются основные примеры метафор и паремий данных концептов на казахском и английском языках. Анализ данных понятий позволяет нам увидеть особенности менталитета и отношения к духовным и материальным ценностям данных представителей этнокультур.

Ключевые слова: концепт, паремии, богатство и бедность, метафора, языковая картина мира, когнитивное сознание, национальное сознание.

Языковая картина мира – это информация, рассеянная по всему концептуальному каркасу и связанная с формированием самих понятий при помощи манипулирования в этом процессе языковыми знаками и их ассоциативными полями, что обогащает языковыми формами и содержанием концептуальную систему, которой пользуются как знанием о мире носители данного языка.

Национальный характер понимается как своеобразный национальный колорит чувств и эмоций, образа мыслей и действий, устойчивые привычки и традиции, формирующиеся под влиянием условий материальной жизни, особенностей исторического развития данной нации и проявляющиеся в специфике ее национальной культуры.

Термины концепт и языковое сознание являюся неким мостом, которые связываются между собой для понимания и осознания этого глобального и многогранного мира. Понятием сознания оперируют в настоящее время практически всеми гуманитарными и значительными частями естественных наук, хотя это понятие относится к наиболее трудно определяемым понятиям современной науки.

В современном мире очень важно иметь баланс между духовными и материальными ценностями. Однако это довольно таки не просто. Из спокон веков идет это вечная борьба между богатством и бедностью. Во многих произведениях, паремиях, фразеологизмах, выражениях и высказываниях идет

это вечное сравнение о том что же лучше – богатство или бедность. Также в современной науке есть колоссальное количество примеров, где можно увидеть все тонкости и насколько язык может быть обширным и неповторимым. Исследуемые концепты в английском языке тому подтверждение.

В паремиологической картине мира английского языка бедность и богатство имеют как позитивные, так и негативные коннотации.

Первое, что ассоциируется со словом «богатство» с негативной коннотацией – жадность. Издавна в литературе и искусстве принято считать богатых людей жадными. Естественно, в современном обществе жадность среди зажиточных является в большей степени стереотипом.

Пословицы *All covet, all lose* и *Between two stools one goes (falls) to the ground* отражают невозможность владеть всем одновременно. Единицы *Too much of a good thing is good for nothing* и *Too much water drowned the miller* отражают необходимость знания меры.

Несколько паремий указывают на то, что богатый человек способен уклоняться от ответственности при несоблюдении или нарушения закона – путем подкупа и т.п.: *To angle with a silver hook; One law for the rich, and another for the poor; Laws catch flies, but let hornets go free; Little thieves are hanged, but great ones escape.*

Пара пословиц и поговорок отражают отсутствие моральных принципов богачей: *To rob one's belly to cover one's back; Honour and profit 36 lie not in one sack, Honours change manners; An ass is but an ass, though laden with gold; Muck and money go together....*

Пословица *Honours change manners* отражает то, как богатство или высокое социальное положение меняет человека. В паремии *To rob one's belly to cover one's back* отражается эгоизм богатых людей. В паремии *Envy shoots at others and wounds herself* отражается такое отрицательное качество, как зависть. *A miserly father makes a prodigal son* отражает такое качество, как мотовство.

Рассматриваемые концепты в казахском языке еще более глубоки и интересны. Так как каждый пример или выражение имеет свою мудрость и колорит казахского народа. Наши аксакалы очень тонко и доходчиво объясняли всю сущность материальных благ. Также в литературе наши великие поэты и писатели ясно разграничивали материальные и духовные ценности.

В языковой картине казахов можно встретить метафору: «Итбас Мақамбеттің немере інісі. Шаруасы дөңгелек адам» (С. Муканов). В когнитивном сознании казахов богатство имеет пышную и круглую форму, а также есть информация, о том, что оно тяжелое и упитанное: «Әкемнің атқа мініп жүрген кезінде дәулетіміз толық екен» (С. Муканов). «Осылардың бәрі сенің қолыңа қарайды, мына ауыр дүниені сені билеп – төстейсің» (С.Муканов). В коннотациях вышеназванных метафор актуализируются такие понятия, как, изобилие, достаток.

В метафорических сочетаниях прилагательные худой, слабый, тихий, кроткий подразумевают бедность. Например: «Тегіс семізбен бітім жасаған; арыққа рақым да бітім де жоқ» (М. Ауезов). «Кедейдің бәрін бірдей

көрмейсіздер ме? Сүрімді ұрлап, қолға түспей қашып кеткен қарақшыға сенеміз бе? Болмаса мына момын кедейлерге сенеміз бе?» (С. Муканов).

А также в когнитивном сознании казахов содержание прилагательного плохой обозначает скрытую символику бедности, низкого уровня жизни: «– Иә, сонымен, – деді Әсия, – әкем шаруа, нашар адам еді. Қазақ кедей кісіні жаман дейді ғой» (С. Муканов). В данном предложении бедный характеризуется как плохой человек. Эти примеры показывают, что люди воспринимают, осознают действительность посредством таких органов чувств, как зрение, обоняние, слух и т.д. и пропускают эти представления через свое сознание.

В национальном сознании казахов бедность, прежде всего ассоциируется с рабством. Например: «Ол бишара байдың шеңгеліндегі бөдене» (Г. Мустафин). В данном контексте прототипом богатства выступает хищная птица, а образ бедного человека ассоциируется с перепелом. Авторская метафора описывает, как перепел достается хищнику на обед.

В коннотации перепела подразумеваются такие семы, как слабый, хрупкий, а коннотация хищника характеризует власть, силу и достаток. Данные метафоры определяют социальный статус человека и описывают его место в обществе.

Метафорические сочетания в казахском языке дырявые легкие (тесік өкпе), осложненная язва (асқынған жара) создают образ болезни, больного человека и этим подразумевают рабство.

Разные культуры и традиции описывают свой опыт и свой мир, но мир вокруг людей не зависит от национальности, он устроен по одним и тем же законам для всех. Именно в содержании мышления, отраженном в языке, фиксируются расхождения в культурном опыте народа. Если мы посмотрим на содержание мышления с когнитивной точки зрения, то совокупность знаний о мире можно рассматривать как концептосферу языка. Его сегменты, концепции, привязаны не только к конкретной этнической общности, но и к конкретным социальным группам.

Литература

1 Likhachev D.S. *Conceptosphere of the Russian language // Russian Literature: Anthology.* – М.: Academia, 1997. – p. 28-37.

2 Popova Z.D., Sternin I.A. «Weaknesses» of publications on cognitive linguistics // *Language, ethnos, picture of the world.* Kemerovo, 2003. – p.16-23.

ҒТАМР 17.71.91

ҚАБАНБАЙ БАТЫРДЫҢ ЕРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ДАСТАНДАР

Г. Дюсимбаева

Студент, Ш. Уәлиханов атындағы КМУ, Көкшетеу қ.

Г.Т. Тлеубердина

Ф.э.к., қауымд. профессор, Ш. Уәлиханов атындағы КМУ, Көкшетеу қ.

Мақалада Қабанбай батырдың өмірі мен оның өмір жолындағы ерлігі сөз болады. Қабанбай батырдың ерлігі туралы естеліктер мен дастандар қарастырылған. Ер Қабанбай» тарихи эпосы халықтың есінде мәңгі сақталған, Қабанбай батырдың іс-әрекеттері сирек кездесетін қолжазбаларда және ақындардың көптеген өлеңдерінде сипатталған.

Түйін сөздер: Қабанбай батыр, ерлік, дастан, «Ер Қабанбай» тарихи эпосы.

Қабанбай (Ерасыл есімі) – XVIII ғасырдағы Жоңғар жаулап алушыларына қарсы халықтық күрестің талантты әскери ұйымдастырушысы. Оның өмірбаяны – 40 жыл бойы өз елінің бостандығы үшін күрескен қолбасшының жолы.

Найман (Орта жүз) тайпасының Каракерей тұқымынан шыққан.

Оның әкесі батыр Қожағұл – әскери-ақсүйектер ортасына атақты Каракерей Қабанбайдай лайықты мұрагерді дүниеге әкелді.

Болашақ жауынгердің балалық шағы жоңғар шапқыншылығымен күрестің алғашқы кезеңінде өтті. Оның әкесі Қожағұл шайқастардың бірінде жауларының қолынан қаза тапты. Ерасыл 16 жасында ағасы да жауларының қолынан қаза тапты. Осы сәттен бастап ол туыстары үшін кек алуға ант берді, бірақ қанды реніш бүкіл халықтың бостандығы үшін күреске айналды [1].

Жас кезінен Қабанбай ерекше физикалық күшімен ерекшеленді, ал батылдығы үшін оны әр уақытта серіктестері осылай атады: Ізбасар «әкесінің даңқты жолының мұрагері», Карбала – «мықты адам». Соңғы лақап аты кейінірек әйгілі Қабанбайға (Қабанбай) айналды.

Жас жігіт найзамен жабайы қабандардан қорғану үшін керемет физикалық күш қолданды. Кейінірек халық ауыздан шыққан сөз оны иығына ат көтере алатын мықты адам ретінде атап өтті.

Жауынгерлер арасында тәрбиеленген ол шайқас тактикасы туралы білімді сіңірді, қоян-қолтық жекпе-жек техникасын игерді, уақыт өте келе ол шебер

бола бастады. 16 жасында Қабанбай ағасының өліміне кек алу мақсатында, жекпе-жекке шақырып, жоңғар батыры Долан Дашиді жеңді. Бұл жеңіс оның жекпе-жекке қатысушы ретіндегі даңқын бастады: 54 рет ол қоян-қолтық ұрыста жауларын жеңді.

Болашақ қолбасшының әскери өмірбаяны оның милицияда қатардағы жауынгер болуынан басталды. Бірақ жауынгердің ұйымдастырушылық қабілеті мен жеке қасиеттерінің арқасында Қабанбай тез арада отрядтың, содан кейін полктің және ең соңында ірі бөлімшенің командирі болды. Аягөз шайқасынан кейін (1717 жыл) оған Қабанбай батыр есімі берілді, ол оны даңқтап, мәңгілікке тарихқа енді [2].

1723 жылы жаппай жоңғар шапқыншылығы басталған кезде Қабанбайға Түркістанның қазақ астанасын қорғау сеніп тапсырылды. Келесі онжылдықта ол қолбасшы ретінде бірнеше ірі шайқастарда жеңіске жетті: әсіресе Алакөл көлінде, Шұбартеңізде, Балқаштың солтүстігіндегі шайқастарда. Ол ұйымдастырған жаудың артқы жағындағы атты әскерлер рейдтері сәтті болды.

Осы жылдары Қабанбай қазақ әскерінің ірі қолбасшысы, Абылай ханның серігі және басты батырларының бірі болады. Шаған шайқасында (1741) ол жеке мысалмен жауынгерлерді шабуылға шығарады. Осы жекпе – жектен кейін Абылай хан оны Дарабоз деп атады – «бірінші», «үздік» және оны өзінің бас қолбасшысы етіп тағайындайды.

Кейінгі кезеңде Қабанбай батырдың қолбасшылығымен әскер көптеген шайқастарда қазақ жерлерін жоңғарлардан тазартты. Содан кейін шайқастармен олар қырғыздардың жау шапқыншылығы кезінде басып алған аумақтарды қайтарды.

Ержүрек қолбасшының жанында әрқашан оның әйелі мен серіктесі Гаухар болды. Ол да батырлардың асыл тұқымынан шыққан және жауынгерлер арасында өскен болатын.

Қабанбай батырдың әскери беделі саяси мәселелерге салмақ түсірді. Кіші жүздегі дағдарыс кезінде оның шыңы жоңғар билеушілерімен жақындасуына жол бермеді [3].

Қытаймен бейбіт қарым-қатынас орнату кезеңінде Қабанбай батыр сауда қатынастарын дамытуға қатысты, атап айтқанда, жылқылардың үлкен табынын басып озды.

Осылайша, Қабанбай батыр өз еңбегінің арқасында Қазақ хандығының батырлары арасында лайықты орын алды. Осылайша, қазақ халқының тарихында Қабанбай батыр туралы дастандар мен естеліктер ұрпақтан ұрпаққа сақталып келеді.

Жаңа тарихи дәуірде, кеңес дәуірінде, бұрынғы азаттық соғыстары мен батырлардың ерліктерінің маңыздылығы туралы үнсіз қалды. Бірақ тарихтың бұл беттері халықтың жадынан жойылған жоқ.

«Ер Қабанбай» тарихи эпосы халықтың есінде мәңгі сақталған, Қабанбай батырдың іс-әрекеттері сирек кездесетін қолжазбаларда және ақындардың көптеген өлеңдерінде сипатталған. Оған Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» романы арналды. Тәуелсіз Қазақстанда Халық қаһарманының 300 жылдық

мерейтойы салтанатты түрде атап өтіліп, жүздеген іс-шаралар өткізілді. Ірі қалалардың көшелері оның есімімен аталды. Ат үстіндегі батыр ескерткіштері Алматы облысында, Семей, Талдықорған, Түркістанда тұрғызылған (қосымшаларда берілген). Олар халықтың қаһармандық өткенін еске түсіреді.

Қазақстанның Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов Қабанбай батырға арнаған «Дарабоз» тарихи романында батырдың тағдыры туралы баяндалады. Айта кету керек, автор Абылай хан ордасының ішкі және сыртқы саясатын суреттеп, сол кездегі басқа да көрнекті батырлар, жыраулар, билер туралы баяндайды [4].

Қалибек Данияров өзінің «Анырақай және Жоңғария: Жоңғарияның өлімі тарихы» атты кітабын анырақай кезіндегі қазақ армиясының жоңғарлармен соңғы шайқасының орны мен уақыты және сол шайқастың Жоңғарияның одан әрі тағдыры үшін салдары туралы негізгі бастапқы дереккөздерді зерттеу материалдары бойынша жазды.

Көптеген қызықты фактілерді «Қазақ батырлары» жинағынан, сондай – ақ Аманжан Жақыповтың «Хан батыр Қабанбай», Төлеубай Байжұмауұлының «Елін қорғаған Ерасыл – Қабанбай», Аслан Ғафуровтың «Еркүрек, батыр бабам-ер Қабанбай» еңбектерінен білуге болады [25].

Қабанбай батырдың 330 жылдығын Қазақстан жұртшылығының отаны – Үржар ауданында өтті. Мұнда Тәуелсіздік күні қарсаңында Қажығалым Мұқановтың пьесасы бойынша «Қарақерей Қабанбай» спектаклінің премьералық көрсетілімі өтті. Үржар аудандық мәдениет үйінде жазушы Қажығалым Мұқановтың Тәуелсіздік күніне және Қабанбай батырдың 330 жылдығына арналған пьесасы бойынша көптен күткен «Қарақерей Қабанбай» спектаклінің тұсаукесері өтті.

Үржар ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жанат Андасова түсіндіргендей, Қабанбай батырдың 330 жылдығы аясында оның жерлестері осы мерейтойлық жылы Халық қаһарманы үшін бірқатар іс-шаралар өткізді.

Кітапханаларда «Қабанбай батыр ұрпағымыз» танымдық сағаттары, «Дарабоз батыр – Қабанбай» кітап көрмелері мен семинары өтті.

Аудан жастары арасында «Жігітұлты» өнер және спорт байқауы ұйымдастырылды, онда жастар бір-бірімен өнер, шығармашылық және спортта жарысты. Байқау шарттары бойынша ауданның үздік жігіті атағына үміткерлер ауыр атлетикадан жарысып, тарих, халық дәстүрлері, қазақ мақал-мәтелдері туралы білімдерін тексерді, сондай-ақ өздерінің шығармашылық нөмірлерін ұсынды. Үржар ауданының 19 ауылдық Мәдениет үйі мен клубтары арасында «Асыл мұра» көркемөнерпаздар байқауы ұйымдастырылды. Іріктеу турларынан кейін Қабанбай ауылында өткен Гала-концертте Үржар ауданының үздік халық ансамбльдері мен көркемөнерпаздар ұжымдары өнер көрсетті. Ауыл әртістері отбасылық ансамбль, қазақ халқының дәстүрлері, ардагерлер ансамблі және жеке би номинациялары бойынша бақ сынасты [5].

Ең үлкен іс-шаралардың бірі Қабанбай батырдың 330 жылдығына және ҚР Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына арналған бүркіттер мен аңшылар

арасындағы І-ші әлем чемпионаты болды. Чемпионат қазақстандық ғана емес, халықаралық қатысушылардың да назарын аударды. Үржар жерінде Ресей, Моңғолия, Қазақстан, Түркия, Украина және әлемнің басқа елдерінен бүркіттер жиналды.

«Қарақерей Қабанбай» спектаклінің тұсаукесері атақты батырды құрметтеуге арналған мерекелер мен конкурстар сериясындағы қорытынды іс-шара болды. Спектакльдің режиссері Мерғалым Тұрсынбеков болды, ал қазір оның жерлестері жас режиссердің алғашқы қойылымы нағыз шедевр болды деп санайды. Айтпақшы, ол спектакльде Қабанбай батырдың басты рөлін сомдады. Мерғалым Тұрсынбековтың жетекшілігімен «Керуен» халық театрының әртістері бұл міндетке үлкен жауапкершілікпен қарады, туған жерін жоңғар басқыншыларынан қорғап, бостандық пен тәуелсіздік үшін өз өмірін аямаған XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы батырлардың бейнелерін аша алды.

Ол бүкіл өмірін Қазақстанның тәуелсіздігін қорғауға арнады деп айтуға болады, замандастары оны хан-батыр деп атағаны бекер емес, олар өз қолбасшысына осындай құрмет көрсетті.

Алайда, халық қаһарманының мерейтойына арналған мәдени шаралар ғана емес. Оның 330 жылдығы қазіргі тарихшылар мен қазақ халқының мұрасын зерттеушілер үшін батырдың Қазақстан тарихындағы рөлін жаңа түсінуге себеп болды.

XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы жоңғар шапқыншылығынан азаттық соғысының батыры Қабанбай батырдың халық поэмаларында, аңыздар мен эпостарда жырланған бейнесін бүгінде кәсіби тарихшылар әлі де аз зерттеген. Қазақстан тәуелсіздігінің үш онжылдығында Республика ғалымдары Қабанбай батырдың өмірі мен қызметі туралы баяндайтын шашыраңқы жазбаша және ауызша дереккөздерді біріктіре алмады. Ол туралы біртұтас іргелі еңбек құру – қазіргі тарихшылар үшін міндет.

Сонымен қатар, Шәкәрім университетінің алаңында Қарақерей Қабанбайдың 330 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция өтті. Қазақ халқының жадында бұл қаһарман түрлі атаулармен бейнеленген. Оның есімі Қабанбай Қожақұлұлы, Қарақерей Қабанбай, тіпті Дарабоз болған, алайда оның шын аты Ерасыл. Ол Найман руының қарақерей тайпасының Байжігіт тармағынан шыққан. Жоңғарлармен ұзаққа созылған соғыс дәуірінде дүниеге келген бала жеті жасында басқыншылардың қолынан қаза тапқан әкесінен айырылды. Ал 16 жасында – үлкен ағасы. Жас Ерасыл ағасының өлімі үшін кек алып, жау еліне кіріп, өлтірушіні жойып жіберді.

Жас батыр туған жерлерін басқыншылардан қорғап, азаттық соғысына қосылды. 1717 жылы ол Аягөз маңындағы шайқаста ерекшеленді, одан кейін Қабанбай батыр есімін алып, онымен бірге Қазақстан тарихына енді.

Ол жекпе-жекте жеке батылдығымен және қорықпауымен ерекшеленетін көрнекті қолбасшы болды. Ол Отанды қорғады, туған көшпенділерді басқыншылардан босатты. Оның ерлігі ғасырлар бойы халықтың жадында қалды.

XX ғасырдың басында қазақ халқының ауызша тарихын сақтайтын ақсақалдар көп болды. Көшпенділер мен ауылдарды аралап, олардың естеліктерін, аңыздары мен фактілерін жазып, қарттармен сөйлесуден жалықпайтын энтузиастар болды.

Осындай энтузиастардың қатарында қазақтың ежелгі білгірі, қазақ халқының ауызша халық шығармашылығын жинаушы, шығыстанушы Мәшһүр Жүсіп Көпеев те болды. Ол тоғыз жылын қазақ эпосын жинауға және ауызша тарихқа арнады. Ол қай жерде болса да, Қазақстанның қай бұрышында болмасын, Қабанбай батыр туралы жылы сөздерді ғана естіді.

Қазақстан тарихында халық жадында тек бір ғана адам қалды, дәл сол адамдар, өз беделімен, жеке любовыгімен халықтың сүйіспеншілігін жаулап алған тарихи тұлғалар. Олардың арасында Қабанбай батыр да болды. Олар адамдарды жеңіске, жек көретін жоңғарлардан бостандыққа алып келді. Қабанбай өз есімін қайтыс болғанға дейін қазақ милициясының әскерлерін басқарумен мәңгілікке қалдырғанын атап өтті Шәкәрім университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Амантай Исин.

Алайда, қазіргі Қазақстанның кәсіби тарихшылары халық аңыздары мен эпостарынан ғана емес, халық қаһарманы туралы ақпарат алады. Амантай Исиннің айтуынша, бүгінде қазақ батыры туралы жиі айтылатын Ресей және Цинь империяларының қайнар көздері белгілі. Олар Қытай мен Ресейдің мұрағаттарында сақталған. Осы тарихи құжаттардан үзінділерді әр түрлі елдердің қазіргі тарихшылары әр уақытта жариялаған және бүгінде олар «Ақтабан шұбырынды» дәуіріне, ұлы апат жылдарына және жоңғарлардың қазақ даласына басып кіруіне қызығушылық танытқан кең ауқымды зерттеушілерге қолжетімді.

2019 жылы Қанат Еркенов ШҚО-да болып, Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағатында және ШҚМУ сирек кітаптар қорының оқу залында жұмыс істеді. С. Аманжолова. Мұнда 13 мыңнан астам сирек басылым сақтаулы. Бұл кітаптар, брошюралар, білімнің барлық салалары бойынша журналдар, атластар және бейнелеу материалдары орыс және еуропалық тілдерде – неміс, француз, ағылшын және т.б. Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Ғылыми кітапханасының сирек кітаптар қоры. С. Аманжолова бірегей, оның ең құнды даналары ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» тізіліміне енгізілген.

Мұнда ғалым «Сібір хабаршысы» (1818 – 1824) сияқты сирек кездесетін кітаптарға, 1825 жылдан бастап «Сібір Хабаршысының» жалғасы ретінде шығарыла бастаған «Азия Хабаршысының» көшірмелеріне, «Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің жазбаларына», «ежелгі тарих Хабаршысы» және басқалары.

Бір қызығы, Қабанбай мұрасын зерттеумен тарихшылар ғана емес, филологтар да айналысады. Олардың ішінде филология ғылымдарының докторы, Шәкәрім университетінің профессоры Арап Еспенбетов бар.

Алайда ғалымдардың күш-жігері әлі сәтті болған жоқ. Шашыраңқы және жиі қарама-қайшы ақпарат пен фактілерді біріктіру үшін көп уақыт қажет.

Әр уақытта жазылған көптеген басылымдар бар. Бірақ оның тарихқа қосқан үлесі, қолбасшының өмірі мен ерліктері туралы әлі күнге дейін консенсус жоқ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Каракерей кабанбай батыр. https://vk.com/wall-6051001_563997.
- 2 Кабанбай батыр. <https://obrazovaka.ru/kabanbay-batyr.html>.
- 3 Кабанбай (Ерасыл) Қожағулулы // <https://imena.pushkinlibrary.kz/ru/zashchitniki-otechestva/batyr/993-.html>.
- 4 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2012. Т.86: Тарихи аңыздар. – Б. 260-283.
- 5 Есім Ғ. Қабанбай батыр (1692-1770) / қазақ дүниетанымындағы батырлық философиясы // Сана болмысы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – Б. 242.
- 6 Жумадилов К. Кабанбай батыр: исторический роман-диалогия. – Астана: Аударма, 2006.
- 7 Игибаев С.К. Шығармашылық беттері – Усть-Каменогорск, 2011. – 420 с.
- 8 Қазақтың ханы – Абылай: дәуірі, өмірі мен қызметі: ғылыми басылым / «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары. – Алматы: «Ел шежіре», 2011. –Т.1. – Б. 414.
- 9 Ұлы даланың қорғаушылары [Мәтін]. – Алматы: Тау Қайнар, 2016. – 312 б.

ҒТАМР 16.01.45

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМАЛАР

Г.К. Батешова

Магистрант, Сулейман Демирел Университеті, Қаскелең қ.

Ш.Л. Ерғожина

*Ғылыми жетекшісі, қауымд. профессор, п.ғ.к., Сулейман Демирел Университеті,
Қаскелең қ.*

Мақалада айтылым дағдысына негізделген көптеген анықтамалар мен тапсырмалар беріледі. Айтылымың кімге арналғанына, мақсаты мен мәнмәтінге тығыз байланысты: бір мезгілде көптеген адам ауызша қарым-қатынасқа түсе алады немесе оның барысына ықпал ете алады. Жазылым тіліне қарағанда, айтылым тілінде грамматика толық сақталмайды, шаблонды фразалар мен қайталамалар жиі қолданылады. Соның нәтижесінде тыңдаушылар нашар жазылған мәтінге қарағанда, мардымсыз, сапасы нашар сөзге анағұрлым төзімді қарайды. Ғалым Принг мұғалімдер оқыту мен оқытудың барлық аспектілері бойынша оқушының сөйлегенінің маңызын мойындағанын қалайды, өйткені танымдық тұрғыдан қалыптасу барысындағы оқушылар үшін оның қалай жүретінін білген пайдалы. Мақалада осы мақсаттар көзделіп, осы негізде көптеген әдебиеттер пайдаланылды.

Айтылым дағдысын қалыптастыру дегеніміз – оқушылардың сөз мәдениетін, сөйлеу әдебін қалыптастыру, өз ойын дұрыс, нақты және толық жеткізе білуге машықтандыру болып табылады. Тілді жетік меңгерген және оны орынды қолданатын оқушы кез келген ортада коммуникативтік қатынасқа түсе алады [1]. Сонымен қатар, сабақта алған білімі мен білігін, дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында қолдана алуы тиіс.

Кесте – 1. Айтылым дағдысына қатысты әдіс-тәсілдер жиынтығы.

Әдіс-тәсілдердің қолдану аясы	Түрлері
Жағымды ахуал орнатуға және топқа бөлуге арналған ойындар	Айдаһар Айна Атмосфера орнату Бұл кім? Есімдер арқылы топқа бөлу Бір қадам алға... Туған ай немесе күндерімен шағын топқа

	бөлу
Сабақты бастауға арналған идеялар	Айқын мақсат қоя отырып Артығын алып таста Сөзді тап Суреттер: Не болды? Ми шабуылы, ми штурмы («Дельфи» әдісі) Қазына іздеу жолында Бұл жауабы болса, онда сұрақ қандай болады?
Талқылауға арналған оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері	Аквариум Алфавит Ашық және Жабық сұрақтар Блиц-кездесу Блум түймедағы Бірге ойлаймыз Былғары қолғап Гауһарлар иерархиясы Ғажайып көрме Дауыстап айтылатын ой ДЖИГСО Дизайн Дұрыс емес пікір Егер..., онда не болар еді? Елестету көрінісі Еркін пікір Жаңалық ашамыз Шеринг
Қалыптастырушы бағалау әдістері мен тәсілдері	Бағдаршам Бас бармақ Допты лақтыру Егер 5 минутыңыз болса... Екі жұлдыз, бір ұсыныс Stop-кадр
Сабақты бекітуге (қорытындылауға) және кері байланысқа арналған идеялар мен әдістер	Айтарым бар Аяқталмаған сөйлем БББ Бес саусақ Бес жол өлең (Синквейн) Бір сөйлеммен түйіндеу Жетістік баспалдағы Желпуіш Медаль және миссия ПТМС-формула Ойлау пирамидасы Өрмекші Сұрақ-жауап Сұрақ ілмегі Төрт сөйлем Шабадан, етгартқыш, қоқыс жәшігі

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

А. Байтұрсынұлы: «Әдіс – келешектен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай [2, 8]» – дейді. Жаңа технологияны пайдалану, оларды жинау, зерттеу соның нәтижесінде өз тәжірибесін дамыту – жаңашыл мұғалімнің ісі.

Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту оқушылардың алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі заман талабы – жан-жақты дамыған, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқыту әдістеріне өзгерістер енгізіліп жатыр. Алдымен, тілді үйреніп, сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтін азамат даярлау – басты мақсат. Тілді оқыту оңай іс емес екені айқын.

Оқушы сүйсіне отырып, құлшыныспен оқуы үшін тиімді, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану қажет:

– мұғалімдер оқушыларға қалай оқу керектігіне бағыт-бағдар беріп, өздігінен білім алудың жолын көрсетеді;

– оқушының өзінің біліміне өзі жауапты екенін көрсетіп, өзін-өзі бағалай алуға, сыни тұрғыдан ойланатын әлеуметтенген жеке тұлға болып қалыптасуына жетелейді;

– оқушылар мұғалімнің қолдауымен емін-еркін қарым-қатынасқа түсіп, алған білімдерін өмірде қолдануға бейімделеді;

– оқушының өзіне деген сенімділігі оянып, өзіндік көзқарасын білдіре алатын дамыған тұлға қалыптасады.

Айтылым дағдысын дамытуда қолданылған әдіс-тәсілдер – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған [3, 44 б.].

Мұнда жағдаяттық тапсырмалар берілген. Біреуін тандап алып, сұхбат құрастырыңыз.

а) Досыңыз Қазақстандағы автомобиль өнеркәсібінің дамуын білгісі келеді. Сіз не деп жауап берер едіңіз.

ә) Әкеңіз жеңіл автокөлік сатып алғысы келеді. Сіз сол мамандықта оқып жатқандықтан әкеңіз сізбен ақылдаспақ ойда. Өз пікіріңізді білдіріңіз.

б) Көршіңіздің көлігі от алмай тұр. Сіз қандай ақыл-кеңес берер едіңіз.

в) Құрбыңыз көлік жүргізуді үйренгісі келетінін айтты. Сіздің пікіріңіз, құрбыңызбен сұхбаттасыңыз.

г) Сіз көлік шығаратын зауытқа келдіңіз. Мекеме басшысымен зауыттың жай-күйі туралы сұхбаттасыңыз [3, 40].

Тапсырманың мақсаты: Жағдаяттық тапсырмалар студенттің тілге деген құлшынысын оятуға жағдай жасайды, сөздік қоры молаяды.

Жағдаят бойынша айтыңыз (айтылым тапсырмасы).

Жағдаяттық сұрақнама.

Сіз жұмысқа келгенде басшыңыздың көңіл күйі жоқ екендігін байқадыңыз. Сондағы сіздің іс-әрекетіңіз?

Кәсіби салаға байланысты жағдаяттық тапсырмалар екеуара, бір тыңдаушы мен оқытушы, үшеуара, үш тыңдаушы немесе екі тыңдаушы мен оқытушы арасында жүргізіле отырып, өздерінің жұмысына байланысты сөздік қорды байытады.

Жағдаят бойынша айтыңыз (айтылым тапсырмасы).

Сіз – басшысыз. Қарамағыңыздағы қызметкерлеріңізбен таныстырыңыз. Ойды толықтырыңыз.

Бұл – Асан. Асан – заңгер. Ол қаржы полициясы департаментінде жұмыс істейді.	Ол – Арай. Арай – аудармашы. Ол Қарағанды облыстық әкімшілігінде жұмыс істейді...
---	---

Жағдаят бойынша айтыңыз (айтылым тапсырмасы).

1. Сіз аудандағы бас прокурорсыз. Ұжымдағы адамдар тапсырылған істі дер кезінде орындамады. Сіздің әрекетіңіз....

2. Сіз – өз ісіңізді жақсы білетін тәжірибелі заңгерсіз. Сіздің ұжымға жоғары оқу орнын енді ғана бітірген, жұмыс тәжірибесі жоқ маман келді. Жұмыс барысында ол сізден көмек сұрады. Сіздің жауабыңыз қандай болмақ?

Жағдаят бойынша айтыңыз (айтылым тапсырмасы).

Мәтін:

Әріптесіңіз сізге сақтай тұруға құнды затын берді. Өзі оны ұмытып кетті. Сіздің әрекетіңіз.

Жағдаяттық тапсырмаларды орындаудағы негізгі мақсат тыңдаушылардың өз ойын өздерінше жай сөйлемдермен жеткізуге, ойын бөлісуге үйрету. Арнайы тақырыптарға арналған жағдаяттық немесе проблемалы жағдаяттар беріп, тыңдаушыларды сұхбатқа шақыру қажет.

Жағдаят:

Сіздің үйіңізге шақырусыз қонақ келді, үйде ешкім жоқ, келген адамды танымайсыз. Осы жағдаятта не істер едіңіз? Ойыңызбен бөлісіңіз?

Қажетті сөздер: отыру, тұру, өтіп кету, алғыс айту, көмектесу, т.б.

Демек, қазақ тілін оқыту барысында жалғастырушы деңгей тыңдаушыларымен әртүрлі проблемалы ситуациялық тапсырмаларды жиі өткізген өте тиімді. Оқушыларға күрделі сөйлемдерден тұратын мәтіндерді жаттаудан гөрі, белгілі бір тақырыпқа байланысты жағдаяттық тапсырманы орындату үрдісі олардың өз ойын, пікірін қысқа, түсінікті айтуға үйретеді.

Тәжірибеде дәлелденгендей, мұндай тапсырмаларды мамандыққа бағыттап күнделікті сабақта қолдану – өз нәтижесін берері сөзсіз.

Осыдан келіп, жағдаяттық міндеттерді жобалаудың мынадай аспектілері қарастырылды:

– *Бүгінгі күннің өзектілігі.* Жағдаяттық тапсырманың құрылымы адамды қазіргі қоғамдағы табысты өмірге дайындау үшін маңызды ақпаратты қамтуы керек.

– *Контекст.* Ситуациялық тапсырма берілген мәселені шешу кезінде игерілуі керек белгілі бір білім жиынтығын белсендіру үшін сабақ тақырыбына қисынды түрде байланысты болуы керек.

– *Тапсырманың практикалық жарамдылығы.* Ситуациялық тапсырма кәсіби қызмет барысында маманға тап болатын жағдайларды көрсетуі керек.

– *Типтік.* Жағдайларда типтік жағдайды көрсету керек, ол кейіннен аналогияны қолдану арқылы жағдайларды талдау қабілетін анықтайды.

– *Нақтылық.* Нақты қойылған танымдық тапсырманың болуы, оны студент жасаған жұмысының нәтижесінде одан не күтілетінін анық көрсететін етіп тұжырымдау.

– *Атаулылық.* Ситуациялық міндеттер білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып таңдалуы, дербес шешу мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Сонымен қатар, оларда тапсырманы шешуді қиындататын кәсіби тақыраптарға қатысты материал болмауы керек.

– Оқушыларға аналитикалық ойлауды дамыту үшін әлеуеттің болуы.

Жағдаяттық тапсырманың мазмұны жағдайды талдауды, логикалық қорытындылар құруды, өз пікірін білдіруді, белгіленген мәселеге қатысты жеке ұстанымды құруды және негіздеуді талап ететін мәселелерді қамтуы керек.

– Көптеген шешімдердің болуы. Ситуациялық тапсырманың мазмұнына енгізілген әрекеттердің өзгергіштігі студенттерге берілген бағытта емес, оны шешудің оңтайлы жолдарын іздеуге мүмкіндік береді, олардың ойлау икемділігін дамытады.

– Жағдайға жеке көзқарастың көрінісін, әр түрлі эмоциялардың көрінісін (эмпатия, тандану, қуаныш, ашу және т.б.) ынталандыратын нақты жағдайды сипаттау, бұл тәуелсіз шешімдер қабылдауға және жағдайда ұсынылған проблема бойынша өз ойларын тұжырымдауға ықпал етеді [31, 47].

Жағдаяттық тапсырмалар әртүрлі пәндерді оқу барысында алынған білімді біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл ретте олар баланың білім беру кеңістігін кеңейтуді (күшейтуді) көздеуі мүмкін. Оқушыларды нақты/өмірлік мәселелермен бірдей оқу мәселелерін белсенді шешуге тартуға негізделген ситуациялық есептерді шешу оқушыларға әртүрлі ақпараттарды жылдам шарлау, мәселені шешу үшін қажетті ақпаратты табу және, сайып келгенде, өз білімдерін белсенді, шығармашылықпен пайдалануды үйрену дағдыларын игеруге мүмкіндік береді.

Оқу материалының кәсіби және қолданбалы бағытын жүзеге асыру, демек, оқушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға жанама әсер ету, яғни кәсіби тәжірибе алу мақсатында біз оқу материалын игеру тәсілі ретінде ситуациялық тапсырмаларды қолдануды ұсындық.

Қорыта айтқанда, жағдаяттық тапсырмаларды оқыту барысында мынадай критерийлерді ұсынуға болады:

- танымдық мәселені анықтау және тұжырымдау;
 - белгіленген және тұжырымдалған танымдық мәселені шешуге бағытталған мақсаттарды тұжырымдау;
 - танымдық проблеманы шешу бойынша белгіленген мақсаттарды орындау үшін қажетті және жеткілікті ресурстарды анықтау;
 - танымдық проблеманы шешу бойынша белгіленген мақсаттарды орындау үшін қажетті және жеткілікті ақпарат көздерін анықтау;
 - танымдық проблеманы шешу бойынша белгіленген мақсаттарды орындау үшін қажетті және жеткілікті ақпаратты іздеуді жүзеге асыру;
 - танымдық мәселенің шешімін тұжырымдау;
 - танымдық мәселені шешудің барысы мен нәтижесін бағалау;
- Ұсынылған критерийлер мен балл шкаласына сүйене отырып, тапсырмалардың тиімділігіне баға беріледі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар – болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру құралы. Ізденіс.т– Алматы, 2007.
- 2 Құрманғалиева С. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту. – Алматы: «Рауан», 2005. – 105 б.
- 3 Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары // Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Астана: «Елорда», 2001. – 230 б.
- 4 Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі: оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 5-сынып мұғалімдеріне арналған. – Алматы, 2001. – 112 б.
- 5 Дәуітбекова Ж., Арын Е., Махамбетова Г. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту бағдарламасы. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 72 б.

ҒТАМР 16.21.47

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

М. Кенжеғалиева

Студент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Л.А. Чалтикенова

*Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ.*

Мақалада лексиканың бір түрі – тұрмыстық лексика және оның түрлері қарастырылған. Мақаланың өзегі күнделікті қолданылатын тұрмыстық атауларын А.Төлегеновтың «Түркістан уалаяты» және Ә.Хасеновтың еңбегіне сүйене отырып, заттарды атауларына байланысты топтастырып, олардың қолданылу аясы жағынан өзгешеліктері баяндалды. Сонымен бірге тұрмыстық заттар мен атаулар туралы қызықты ақпараттарды, мысалдарды жинақтай отырып, қазақ тіліндегі орнын айқын көрсетіп, зерттеудің негізділігі көрсетіледі.

Түйін сөздер: *тұрмыстық лексика, тіл, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлт.*

Бүгінгі таңда кең ауқымда зерттеліп жүрген, лексиканың бір түрі – тұрмыстық лексика деп аталады. Тұрмыстық лексика ұғымына кеңінен тоқталып өтетін болсақ, көбіне бұл ұғымды ғалымдар тұрмыстық заттармен, әшекей бұйымдар, ыдыс-аяқ, адамдардың күнделікті қолданатын тағы да басқа заттарды жатқызады. Сол себептен көптеген зерттеу еңбектерінде бұл ұғымға қатысты терминдер кездесіп жатады: кәсіби лексика, этномәдени лексика, тұрмыстық лексика және тағы басқалары.»Тұрмыс» деген сөздің өзін жеке алып қарайтын болсақ, күнделікті өмір мағынасын береді. Осы ұғымды ала отырып, оның белгілі бір заттарды емес, қарапайым адамдар арасындағы күнделікті өмірді көрсетеді екен. Тұрмыстық лексика туралы Ғабдолла Қалиев және Әсет Болғанбаев өздерінің «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбегінде оған күнделікті өмірде, тұрмыстық қарым-қатынаста қолданылатын жалпы халыққа белгілі, сөйлеу тілінің аясындағы сөздерді жатқызады. Мәселен: оған кемсіту сөздері, дөрекі, мысқыл-мазақ мәніндегі сөздер және тұрақты сөз тіркестерін келтіреді [1, 163-164 б.]. Осы жазылған мысалдар көркем әдебиетінде де, ауызекі сөйлеуде де кең таралған. Тұрмыстық лексика турасында деректі А.Төлегеновтың «Түркістан уалаяты» газетінің лексикасы атты мақаласынан көруге болады. Осы аталған мақалада

зерттеуші тұрмыстық лексика тобына жататын сөздерді шығу тегі мен тұрмыста атқаратын қызметтеріне қарай былайша бөліп топтастырған:

1) киім, мата және матадан жасалған материалдар: ішік, тон, етік, шапан, бөрік, жібек, шыт, жейде, шұға, кебін, арқан т.б.;

2) үй жиһаздары, тағам атаулары, ыдыс-аяқ, киіз үй, ағаш үй, шатыр, қазан, мыс қазан, темір қазан, сандық, ошақ, құман, қонақ асы, ет, сорпа, көже, тоқаш;

3) мал атаулары: бура, нар, түйе, жылқы, інген, бие, құлын, айғыр, сиыр, бұзау, тоқты, қозы т.б [2, 4-8 б.].

«Тұрмыстық лексика – күнделікті жиі қолданылатын аса қажетті, сондай-ақ халықтың тұрмыс жайы, салт-сана, әдет-ғұрпына, өмір тіршілігіне қатысты сөздер. Бұлар, негізінен, күнделікті ауызекі сөйлеу тіліне тән жалпылама лексикамен астасып жатады» [3, 52-53 б.] – деп Әбікен Хасенов анықтама бере келіп, оларды мынандай топтарға бөледі: құрал-сайман атаулары, киім-кешек атаулары, ыдыс-аяқ аттары, баспанаға қатысты сөздер деп көрсетеді. Көріп тұрғанымыздай зерттеушілердің тұрмыстық лексиканы зерттеуі мен оны бөліп қарастыруы ұқсас келеді. Тұрмыстық лексиканы дәл осылай топтастыра отырып, біз олардың мағынасын, ауызекі сөйлеу кезіндегі орнын мағынасын дәл көрсете аламыз. Мысалы: «Сендерден қалмайыншы деп бір-екі рет мойныма «қарғыбау» тағып шығып едім, байлау көрмеген иттей әлгі пәле кеңірдегімді қылғындырып мазамды алды» [4, 35 б.]. Осы сөйлемде қарғыбау деген сөз Ә.Хасенов бөліп көрсеткендей тұрмыстық лексиканың ішінде киім-кешек атауына жатады. Орысша галстук деп аударылады. Жоғарыда атап өткендей дәрегі түрде қолданылған сөзді де көреміз: байлау көрмеген иттей әлгі пәле – деп қарғыбауды меңзеп тұр. «Киіз үйде ер адам жоғын жүрегім сезіп тұрса да, үлкендердің үлгісімен Ассалаумағалейкум! – деп табалдырықты аттап, алды-артыма қарайлайтындай өзімнен басқа қонақ жоқ болған соң іркілместен төрге шығып тізе бүктім де, оң қапталда қабағы солғындау қалыпта отырдым»– сөйлемде үй – баспанаға жататын тұрмыстық сөз – киіз үй деп аталады. Киіз үйдің өзіндік бірнеше атаулары бар және сәлемдесу ретінде «Ассалаумағалейкум!» сөзі беріліп тұр. Сонымен қатар қазіргі кезде қазақ тілде атауы бар бола тұра орыс тілін қосып, сол тілде атап жатады. Мысалы: телефон, сотка, зажигалка, машина тәрізді. Заттардың бәрі де темірден жасалған, түркілердің темірдің сырын білуімен қатар от күдіретін түсіну дәрежесін пайымдатады. Сапсалғы – ұсталардың темір қысатын аспабы. Сапсалғымен темір қысады (Сем. Абай). Екі түбірден (сап+сал) және сөзжасам қосымшадан (-ғы) тұратын күрделі атау [148 б.].

Қазіргі таңда тұрмыстық лексиканың қолдану өрісі өзгеше болып келеді. Мысалы, шапан сөзін алып қарайық. Қазақтың тұрмыста қолданатын киім кешек түрі. Қазақ халқы шапанды қастерлеп, ең сыйлы адамдарға кигізетін болған. Сонымен бірге шапан дін адамдарының да күнделікті киіміне айналған деседі. Ең қызығы әртүрлі жағдай туындаған кезде төлем түрін анықтайтын әлеуметтік қызмет те атқарған. «Ат – шапан айып тарту» – демекші, мысалы,

«Жеті жарғы» заңында салт-дәстүрді бұзған адамдарға шапан немесе ат айып тарттырған екен.

Той иесін жүздеген адам көбірек тілекпен көміп салады, отыз-қырық шапан жамылады. Кейінгі кездері кімнен қашан енгені белгісіз, жаназа үстінде ата жолы деп үш жүздің өкілдеріне шапан тарату рәсімі пайда болды. Әр рудың өкілдеріне жақынынан айырылып отырған үй шапан береді [5, 52 б.]. Міне, шапан қоғамның дамуына байланысты қолданыс аясы да ерекшеленетінін білдік. Бір жағынан киелілік жағынан айтылса, екінші жағынан орынсыз қолдану, дәстүрдің бұзылғандығы айтылады.

«Кешқұрым қызды бөлмесіне шақырып ап ақыл айтатын. – Бұл еркектердің көркіне қызықпай, бөркіне қызық. Көрік әйелдерге керек, ал бөрік, еркектердің абыройы мен дәулетін көрсетеді» [5, 53 б.].

Бұл жерде бөрік лексемасы туралы айтылған. Осы мысал арқылы қазақтардың дүниетанымы берілген. Қаншалықты адамзат үшін, ер адамдар үшін бөріктің маңызды екендігі сөз болады. Сонымен қатар бөрікке қатысты көптеген мақал-мәтелдер де кездеседі: «Заманың қалай болса, бөркің солай», «бөркің тар болса, басыңды қысар, мінезің тар болса, басыңдағы бағың ұшар», «Бөрік – басқа көрік», «Осы киізден бізге де бөрік шығар», «Ақымаққа бөркін ал десең, басын алады». Жазылған мақал-мәтелден байқайтынымыз, заманға байланысты және тәрбиелік туралы жазылған. Стильдік тұрғыдан келгенде, таза публицистикалық жанрдан гөрі біршама көркем әдебиетке жақын келетін келесі алқасөздің бірі – әлеуметтік-тұрмыстық салаға жататын мадақ сөздер мен өмірден озғандарды еске алу, қабір басында қоштасу сөздері (Мәртебе.кз. Мадақ сөздер туралы түсінік). Бұл сөздер қазақ тілінде ертеректен айтылып келе жатқан халыққа таныс сөздер. Мысалы бір кісіні істеген ерлігі үшін мадақтау, елге еңбегі сіңген тұлғаларды жоқтау сөздері тойларда және топырақты өлімдерде айтылатын болған.

Қазақ тұрмысында мал шаруашылығы кең тараған (қой, жылқы, түйе, сиыр). Ата-бабамыз осы төрт түлік малдың арқасында күн көрді. Терісінен жылы киім тігіп, мінсе көлік еткен. Жылқы – ең киелі жануардың бірі. Жоғарыда аталғандай, Жеті жарғы заңы бойынша, салтты бұзғандарға айып ретінде ат салынған. Тіпті, бұрынғы заманда батырларымыз жорыққа осы жылқымен шыққан. Қой – қазақ тұрмысында негізгі төрт түліктің бірі. Себебі, адамның кедей немесе бай екендігі осы қойдың санына байланысты болған. Мысалы, тоқсан қойдан аз болса, кедей, ал көп болса байға теңелген екен. Қойдың жүнінен қазақтар жылы кішігірім киімдер тоқып киген. Түйе де қазақтар үшін ең маңызды жануар саналды. Түйені көлік ретінде пайдаланып қана қоймай, шұбатын ішіп, ауыр жүктерді осы түйе арқылы тасыған.

Зерттеушілердің пікірлеріне қарағанда тұрмыстық лексика болып табылатын және негізгі ұғым – тағам атаулары деп аталады. Ас, тамақ ұғымын сөйленістерде ауқат, құрсақ, қару – лексемалары білдіреді, есім сөздерден қимыл ұғымы: ауқаттану, құрсақтану, ауқат алу, ауқат ету жасалады [151 б.]. Жалпы қазақ халқы тағамға қатты мән берген. Сол тағам арқылы біз халықтың мал шаруашылығына, егін шаруашылығына жақын болғанын білеміз. Қазіргі

заманда көптеген ұлттық тағам атауларын біле бермейміз. Ал кеңінен зерттеп, оқып қарайтын болсақ тағам түрлері өте көп болған. Мысалы: сорпа тағамдары: кеспе, тұздық, жас сорпа. Жеті түрлі қоспа арқылы наурыз мерекесінде дайындалатын «Наурыз көже». Ұн тағамдары: бауырсақ, бөкпен, атала т.б. Халықтың дәстүрлі тамақтану жүйесі, тағам түрлері халықтар арасындағы әр түрлі қарым-қатынас пен үстемдік етуші шаруашылық-мәдени факторлардың тікелей әсеріне ұшырамай қоймайды. Әр сөйленістік аймақта халықтың ұлттық дәстүрлі тағам түрлерімен қатар сол аймаққа тән ерешелік орын алып отырады.

Қорытындылай келгенде, тұрмыстық лексика бұл – күнделікті өмірде біз қолданылатын заттарды атайды.. Ғалымдардың зерттеулеріне көңіл бөле отырып, тұрмыстық сөздер жай ғана беріліп қана қоймай атауларына сәйкес топтастырылады. Мәселен: самаурын – үй жиһаздары ішінде ыдыс-аяққа жатады. Қазақ тұрмысында ежелден пайдаланылады екен. Ұлтымыздың табиғатымен біте қайнасып кеткен тұрмыстық бұйымдардың бірі. Сонымен, тұрмыстық лексика ұғымын ала отырып, қазақ тілінде ауқымы кең және өткен заман мен қазіргі заманда тұрмыстық лексиканың пайдалануында ерекшеліктер көп кездесетінін білдік. Киім кешек атаулары, тағам атаулары, жалпы алғандағы тұрмыстық атаулары қазақ халқы үшін өте маңызды болған. Тұрмыстық лексиканың зерттелуі, топтастырылуы бойынша да бірегей көзқарастарды байқаймыз. Осы зерттеулерді, көзқарастарды қарастыра отырып, ары қарай дамыта түсу қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2006. – 264 б.
- 2 Хасенов Ә. Тіл білімі. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. – 125 б.
- 3 Жұмабай Қ. Біз студент едік. – Алматы: Атамұра, 2013.
- 4 Бейсенбаева М.К. Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі. – Алматы, 2019. – 151 б.
- 5 Жас ғалымдар, Хабаршы. – Алматы, 2013.
- 6 Ескілік пен естелік. Egemen Qazaqstan, 2022.
- 7 Айдархан С. Мадақ сөздер туралы түсінік. Martebe.kz. 2020.

ГРНТИ 16.01

ЛИНГВОСТИЛИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПОЭТИЧЕСКОГО ЯЗЫКА

А.О. Оралбекова

*Ст. преподаватель, Казахский Национальный Аграрный Исследовательский
Университет, г. Алматы*

Стиль в литературе отражает личность автора и его манеру изложения материала. Каждый стиль имеет свои характерные черты, которые выражаются в языке, изображении персонажей, взаимодействии автора и читателя, тематике и многом другом. Например, эпистолярный стиль характеризуется через диалоги, письма, создавая иллюзию переписки между героями, а романтический стиль – через возвышенную тематику, метафоры и сильные эмоции.

Кроме того, стиль может зависеть от эпохи, в которую писатель жил и творил, среды, в которой он вырос и обучался, а также от общественных и культурных условий того времени. Например, стиль Возрождения характеризуется через реализм, позитивное отношение к миру и интерес к человеку, а стиль реализма – через описание жизни идеологии, социальных условий и жизни обычных людей.

Наиболее яркие и запоминающиеся литературные произведения часто отличаются своим оригинальным стилем, который оставляет незабываемые впечатления у читателя. Таким образом, стиль является одним из главных компонентов литературного произведения, который позволяет читателю погрузиться в мир автора и ощутить его настроения и эмоции.

Ключевые слова: стиль, литературное выражение, манера, образы, характеры, персонажи, речь, речевая структура, греки, палочка, почерк, художественная выразительность, идеи, темы, сюжеты, язык, направления, течения, национальные стили, художники.

Стиль понимается весьма широко. При характеристике манеры литературного выражения и изображения пишут о стиле эпистолярном, повествовательном, романтическом, лирическом, басенном, эпическом и других; в каждом из них находит свое выражение та или иная сторона литературно-художественного творчества, формирующая образы и характеры персонажей, устанавливающая различные отношения между речью автора и речью действующих лиц и находящая свое воплощение в речевой структуре

художественного текста. Обратимся сначала к уже вошедшим в обиход литературоведения характеристикам стиля. У древних греков стилем называли заостренную с одного конца палочку, которой писали на доске, покрытой воском. Затем стилем стали называть почерк, затем – особенности манеры письма и, наконец, средства художественной выразительности, характеризующие своеобразие творчества писателя. В основе понятия «стиль» лежит сходство, однородность, единство творческих особенностей, присущих данному писателю: идей, тем, характеров, сюжетов, языка. Писатели, близкие по стилю, часто объединяются. Различают кроме того «большие стили»: стили эпохи (Возрождение), стили различных направлений и течений (романтизм), национальные стили и стили отдельных художников (Фесенко, 2008: 745).

Связь стиля с употреблением языка рассматривалась В.В.Виноградовым в книге «О языке художественной литературы»:

В развитом литературном языке выделяются разнообразные стили, то есть более или менее устойчивые, целесообразно организованные системы словесного выражения. Их состав и соотношение исторически меняются. Понятие стиля языка основано не столько на совокупности установившихся «внешних» лексико-фразеологических и грамматических примет, сколько на своеобразных внутренних экспрессивно-смысловых принципах отбора, объединения, сочетания и мотивированного применения выражений и конструкций. Кроме того, стили языка соотносительны, и эти соотношения подчинены определенным правилам, ограничивающим и упорядочивающим формы разностильных смещений (Виноградов, 1959: 411).

В середине 50-х годов XX столетия на смену так называемой традиционной стилистике, развивавшейся в двух направлениях: нормативном (практическая стилистика, культура речи) и литературном (изучение языка художественной литературы), приходит функциональная, основу которой составляют стилистические исследования А.М. Пешковского, Л.В. Щербы, Г.О.Винокура, В.В. Виноградова.

Стили русского и казахского литературного языков вырабатывались в течение длительного времени. Стилистическая дифференциация языковых средств и развитие различных функциональных стилей послужили толчком для образования новых слов, новых оборотов речи, они все больше расширяют функции грамматических форм, синтаксических конструкций и способствуют нормализации всей сложной системы функционирования языка.

Следует отметить, что в процессе формирования стилей казахского литературного языка огромную роль сыграло влияние русского языка, который явился не только источником обогащения, но и источником заимствования многочисленных терминов и стилистических приемов, что особенно заметно отразилось в стилях современной публицистики и научной литературы.

В казахском языкознании существует немалое количество работ, научных статей и монографий, учебных пособий, посвященных исследованию данной проблемы. Однако, само определение понятия «стиля» в этих работах, в первую очередь, основывается на научных изысканиях русских ученых. В самом первом

учебном пособии для студентов по стилистике на казахском языке исследователи отмечают:

Стиль – это целесообразно организованная система средств выражения, обусловленная общественными функциями, является исторически развивающейся категорией (Балакаев, Томанов, Жанпеисов, Манасбаев, 1974: 15).

Следовательно, и проблема дифференциации стилей в казахском языке опирается на исследования русских ученых: основным источником рассмотрения закономерностей развития и формирования функциональных стилей являются речевые контакты, которые свойственны определенному жанру (Балакаев, Томанов, Жанпеисов, Манасбаев, 1974: 4), либо «стили, различающи-еся по жанровой принадлежности распознаются более отчетливо» (Гвоздев, 1955: 33). Таким образом, функциональные стили казахского языка разграничивались с учетом жанровой разновидности: «публицистический литературный жанр определяет публицистический стиль, образцы художественной литературы определяют стиль художественной литературы и т.д.» (Балакаев, 1987: 33).

В целом, в русском языкознании проблемы стилистики всесторонне стали изучаться начиная с 20-х годов XX столетия, а в 50-е годы на страницах журнала «Вопросы языкознания» велись дискуссии, посвященные вопросам стиля и стилистики. Различные точки зрения, касающиеся проблем стилистики были проанализированы выдающимся языковедом В. В. Виноградовым. Основные положения Виноградова прочно вошли в научный обиход и сводятся к следующему: социальная функция языка подразделяется на общение, сообщение и воздействие. Указанным видам, по мнению В. В. Виноградова, соответствуют: первому, обиходно-бытовой стиль, второму, научный стиль и стиль официально-деловых бумаг, третьему, публицистический стиль и стиль художественной литературы (Виноградов, 1963: 6).

Надо оговорить, что термин «стиль» сам не определен с должной четкостью. Предпринятые в лингвистике попытки определить понятие стиля дали весьма несовпадающие результаты. Например, в «Словаре лингвистических терминов» О.С. Ахманова отмечает, что термином «стиль» определяются 45 понятий (Ахманова, 1966). Действительно, данный термин в семантическом плане выявляет значительные расхождения, особенно в сферах языкознания и литературы и искусства.

Литература

- 1 Фесенко З.Я. Теория литературы. – М.: 2008.
- 2 Виноградов В.В. О языке художественной литературы. – М.: Худож. лит., 1959.
- 3 Балакаев, Томанов, Жанпеисов, Манасбаев, Стилистика казахского языка. – А.: 1974.
- 4 Гвоздев А.Н. Очерки по статистике русского языка. – К.: 1955.
- 5 Балакаев М.Б. Казахский литературный язык. – А.: 1987.

6 Виноградов В.В. (1963), *Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика.* – М.: 1963.

7 Ахманова О.С. *Словарь лингвистических терминов.* – М.: 1966.

8 Винокур Г.О. *Культуры языка.* – М., 2018.

ҒТАМР 16.01.07

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ОРТА СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Р.Б. Кангилова

*Магистр-оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ.*

А.Қ. Шарахымбай

*Магистр-оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ.*

Бұл мақалада ағылшын тілі сабақтарында орта мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру құралы ретінде ойын әдістерін қолдану мүмкіндігі қарастырылады. Оқушылардың ағылшын тілі сабақтарына деген қызығушылығын арттыру қазіргі заманғы Әдістеменің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл тақырыпты игерудің өзіндік ерекшеліктері бар. Тілді студенттер әрқашан қолданады, өйткені біз тілді үнемі қолданамыз. Біздің пәннің негізгі қасиеті-теория мен практиканың тікелей байланысы. Тіл үйренуші ең алдымен оқушылардың назарын күнделікті қолданатын сөздер әлеміне аударуы керек. Мақалада ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыру құралы ретінде ойын әдістерін қолдану әдістемесі зерттелген.

Түйін сөздер: ағылшын тілі, ойын, танымдық қызығушылық, сабақ, балалар психологиясы.

Ойынды мектеп оқушылары қоршаған өмірді бейнелейтін әрекет ретінде түсіну ойынды оқу құралына айналдырады. Оның барысында мұғалім оқушылардың назарын танымдық тұрғыдан құнды құбылыстарға бағыттай алады.

Л.С. Выготскийдің айтуынша, балалардың дамуы мен ойын әрекеттері арасында тығыз байланыс бар. Ғалым «баланың дамуының барлық кезеңдерінде оның ойын тәжірибесі жеке тұлғаның проблемаларымен де байланысты болады – оның көрінісі мен даму сәттерімен; ойын «жақын даму аймағын» жасайды және онда бала өз-өзінен мықтырақ болады» – деп атап өтті [1, 45 б.]. Яғни бала ойын процесінде қиындықтарды шешуге деген ынтасы мен

қызығушылықтарынң арқасында өз көшінен жоғары санаған дүниелерді жасауға қабілетті.

Ойын балалардың іс-әрекетін көрсетуінің ең еркін түрі, өсіп келе жатқан баланың психикасы, ақыл-ойы, физиологиялық қажеттілігі деп те айтуға болады. Ол ерік-жігерді, тәуелсіздікті қалыптастырады, жасөспірімнің энергиясын құруға бағыттайды, яғни бұл қазіргі қоғамдағы тұлғаның қалыпты дамуы үшін өте маңызды.

Ағылшын тілі сабақтарында әртүрлі комбинациялардағы ойындардың әртүрлі түрлерін қолдану мұғалімге жұмыстағы шаблонмен күресуге, сабақты әртараптандыруға көмектеседі. «Ойындардың педагогикалық фокусы оқу процесінде ойынның рөлі мен орнына сәйкес құрастырылған олардың жүйесі арқылы жүзеге асырылады» [3, 189 б.].

Педагогикалық процестің сипатына байланысты ойындардың келесі топтарын ажыратуға болады:

- 1) репродуктивті, өнімді, шығармашылық;
- 2) тәрбиелік, танымдық, дамытушылық;
- 3) оқыту, жаттықтыру, бақылау және жалпылау;
- 4) диагностикалық, коммуникативтік, кәсіптік бағдарлау, психотехникалық және т.б.

Сондай-ақ, ойын әдістемесінің табиғаты бойынша ойын топтарын келесідей бөлуге болады:

- пәндік;
- іскерлік;
- имитациялық;
- сюжеттер;
- рөлдік;
- драматизация ойындары.

Ойын технологиясының мазмұны көбінесе ойын ортасымен анықталатынын ескеріңіз. Ойын ортасының ерекшеліктеріне сүйене отырып, заттармен және заттарсыз, үстел, бөлме, көше, жергілікті жерде, компьютерде және жаңа технологиялармен, сондай-ақ әртүрлі көлік құралдарымен ойындарды бөлуге болады.

«Ойындарды орта мектепте ағылшын тілін оқыту үдерісіндегі рөліне сәйкес жіктеу әр ойынның негізгі мақсаты бөлінген жағдайда ғана мүмкін болады» [2, 71 б.]. Негізгі мақсат оқу процесінің қажеттіліктеріне байланысты өзгеретіндіктен, ойын жүйесінің өзі қозғалмалы, динамикалық болуы керек. Осындай тұжырымдама бізді сол ойын түрін тілдік білімнің әртүрлі аспектілерін оқытуда және әр түрлі дағдыларды дамыту және қалыптастыруда қолдануға болатындығы әкеледі.

Ағылшын тілі сабақтарында ойындарды қолдануды сөйлеу әрекетін белсендіру және оқушылардың ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылығын сақтау үшін жұмыстың жаңа түрлерін енгізу қажет болған кезде бастаған жөн. Осыған байланысты ағылшын тілі сабақтарындағы оқыту ойындарының ерекшелігі мынада: олар кезең-кезеңімен тыңдау, оқу, сөйлеу және жазбаша

тілде үйлесімді сөйлеу дағдыларын қалыптастырады және дамытады. «Сонымен қатар, ойын әрекеттерінің негізінде тілдік құралдарды таңдау, сондай-ақ сөйлеу ғана емес, сонымен қатар мінез-құлық сипатындағы шешімдер қабылдау бойынша ішкі операциялар кешені жатыр, бұл оқушыларға қоршаған әлемді талдаудың күрделі процесін жеңілдетеді және осы әлемнің жекелеген құбылыстарын сөйлеуде бекітеді» [4, 28 б.].

Ағылшын тілін оқытуда қолданылатын ойындарды жіктеу тілді жүйелі ұйымдастыруға негізделген.

Тілдік оқыту барысында ойындардың келесі түрлері бар:

- 1) фонетикалық ойындар;
- 2) сөзжасамдық ойындар;
- 3) лексикалық-фразеологиялық ойындар;
- 4) грамматикалық ойындар;
- 5) орфографиялық ойындар.

Біз қолданатын ойындар мен ойын тапсырмалары осы классификация негізінде орта мектепте ағылшын тілін оқыту жағдайларына бейімделді. Әдетте, біз ағылшын тілінің мектеп курсының негізгі бөлімдерін: орфография, фонетика, сөзжасам, лексикология, морфология, синтаксисті зерттеуде ойындарды қолданамыз.

Осы ойындарды сабақта қолдану барысында, әдетте, белгілі бір нәтиже байқалады: оқушылар білімді игеріп қана қоймай, түсінеді, оларды қолдануға, талдауға, синтездеуге, бағалауға үйренеді. Осылайша, мұндай жұмыс оқушылардың белсенділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, бұл оқуды ынталандырудың негізгі көзі оқушылардың қызығушылығына айналады.

Тағы бір айта кететін жайт, ағылшын тілі сабақтарында ойын технологиясын қолданған кезде мұғалім келесі бір қиындықтарға тап болуы мүмкін:

- өзара оқыту процесін бақылаудың мүмкін қиындығы;
- сәтсіз өзара оқу кезінде оқушыларды қайта даярлау ықтималдығы;
- оқушылардың жұмыс нәтижелерін болжау мүмкінсіздігі;
- оқушылардың сабақтың мақсаты жай ойын ойнау ғана емес, сондай-ақ дидактикалық ойын екенін түсіну қиындығы;
- белгілі бір технология немесе ойын талап ететін ережелерді түсініп, сақталуы керек. Барлық оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру қажеттілігі;
- оқушылардың басқа біреудің пікірін тыңдау қабілетін дамыту, сондай-ақ қандай да бір даулы мәселе бойынша өз пікірлерін дәлелдеу.

«Ойын тапсырмаларын, интерактивті жаттығуларды орындау кезінде өздерінің танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыруды оқушыларға біртіндеп үйрету керек, сондықтан 5-6 сыныптан бастап аталған технологиялар мен жұмыс түрлерін қолдана отырып, оларды жоғары сыныптарда қиындатуды жоспарлау керек» [4, 12 б.].

Сонымен, өзінің практикалық тәжірибесінің нәтижелеріне сүйене отырып, ағылшын тілі сабақтарында әртүрлі ойын технологияларын қолдану оқушылардың танымдық белсенділігі мен мотивациясының деңгейін

жоғарылатады, ойлау, қиял, шығармашылық қабілеттерін дамытады, оқушылардың өзін-өзі бағалау, оқу іс-әрекетін өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастырады, қарым-қатынас мәдениетін дамытуға ықпал етеді, белсенді тұлғаны тәрбиелейді стандартты емес мәселелерді көре, қоя және шеше алады.

Әдебиеттер тізімі

1 Выготский Л.С. Баланың психикалық дамуындағы ойын және оның рөлі // Психология мәселелері. – 2006. – № 6. – 62-76 б.

2 Даулетова С.С. Педагогикалық технологияларды қолдану жағдайында оқушылардың оқуын дамытудың дидактикалық негіздері // Білім беру. – 2010. – № 2. – Б. 71-73.

3 Литневская Е.И. Орта мектепте ағылшын тілін оқыту әдістемесі. – М.: АсТ, 2006. – 590 б.

4 Тестов В.А. Қазіргі жағдайдағы оқыту стратегиясы // Педагогика. – 2010. – № 7. – 14-16 б.

ГРНТИ 16.01.11

РОЛЬ РОДНОГО ЯЗЫКА ПРИ ОВЛАДЕНИИ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКОМ

Э.А. Буланов, Д.С. Надиров

*Студенты, Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова,
г. Уральск*

Эти особенности характерны и для русского и для казахского языка.

4. В русском языке в сложносочиненных предложениях одно из простых предложений может быть полнозначным, самостоятельным и употреблять отдельно, а второе уточняет и дополняет первое, присоединяюсь при помощи союзов *да, и*. Также предложения иногда имеют слова, подчеркивающие присоединительный характер. Это: *при том, при чем, кроме того*. В казахском языке особо не выделяются предложения с присоединительными значениями. Также предложения с русского языка переводятся с помощью соединительных союзов *да/де, та/те, және де, оның үстіне* [6].

Например: Он не хотел там оставаться, да еще вдобавок боялся за союзом жизнь.

Оның ол жерде қалғысы келмеді, оның үстіне өз өмірі үшін қорықты.

5. В казахском языке сложносочиненные предложения могут выражать также причинно-следственные значения. Такие предложения связываются между собой союзами *себебі, сондықтан, сол себепті, үйткені* и указывают причину того, о чем говорится в первом предложении.

Например: До сессии осталось мало времени, поэтому студенты учат день и ночь.

Сессияға аз уақыт қалды, сондықтан студенттер күні-түні оқуда.

Эти предложения по своему значению сходны с сложноподчиненными предложениями с придаточными причины. Однако их нельзя отнести к сложноподчиненным предложениями, введу того, что в казахском языке в сложноподчиненных предложениях сказуемые всегда имеют несамостоятельную форму [4, 58].

Например: Он был сильно расстроен и ничего не сказав ушёл из дома.

Ол қатты ренжігендіктен еш нәрсе айтпастан үйден шығып кетті.

В казахском языке имеются ещё сложноподчиненные предложения, где первая часть выражает обобщающее значение, а вторая раскрывает значение первой

Например: Адамның бәрі бірдей емес: біреу лері жаны таза, кішіпейіл болса, енді біреуі қатал, қатыгез болады.

Все люди не бывают одинаковыми: одни бывают с чистой душой, милосердное, другие строгие и жестокие.

В русском языке таким сложносочиненным предложениям соответствуют сложносочиненные предложения с разделительными оттенками.

Как видно из сопоставляемых примеров, в синтаксисе русского и казахского языках имеются как общие для обоих языков признаки, так и отличительные особенности. Хотя основные признаки сходны основные признаки в двух языках, но при их переводе наблюдаются определенные различия.

Изучение особенностей различия в двух языках в сопоставительном плане представляют большой интерес, так как они являются очень важными элементами грамматического строя языка и в них особенно ярко проявляются основные внутренние закономерности развития каждого конкретного языка.

Полученные результаты работы могут быть успешно использованы на уроках русского языка в школах с нерусским языком обучения при изучении синтаксиса, а также могут быть использованы на заседаниях методических семинаров по вопросам обучения синтаксису с учетом особенностей родного языка.

Литература

1 Виноградов В. Основные принципы русского синтаксиса в грамматике русского языка // Известия АН СССР. – М., 1984.

2 Баскаков Н.А. Типы бессоюзных сложносочиненных предложений в турецком языке // Вопросы языкознания, 1994, №1.

3 Бекмухамедова Х.А. Развитие русской речи учащихся-казахов в связи с изучением сложносочиненных предложения. – Алматы, 2001.

4 Хасанов Б. Казахско-русское двуязычие. – Алматы, 1997.

ҒТАМР 03.20

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ОРАЛ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ДАМУЫ (СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР БОЙЫНША)

Б.С. Боранбаева

Қауымд. профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Ә.М. Сағынова

Магистрант, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Шежіресі тереңнен бастау алатын Орал өлкесі ертеден ғалымдар назарын табиғи, географиялық, топографиялық, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерімен өзіне аудартқан тарихи аймақ болды. 1897 жылы Ресей империясында Императорлық Орыс География қоғамының вице-төрағасы Петр Семенович-Тянь-Шанский басшылығымен жүргізілген халық санағынан соң, Орал өлкесі бойынша санақ қорытындылары жарық көреді. Мақалада ХІХ ғасырдағы Орал өлкесінің әлеуметтік, саяси, мәдени өмірінен статистикалық деректер көрсетіледі.

Түйін сөздер: Орал облысы, Орал қаласы, халық санағы, аймақ шаруашылығы, оқу орындары.

Орынбор мен Оралдың бай таулы табиғаты ертеден ғылым назарын өзіне аудартып келеді. Бұл өлкенің табиғи байлығынан бөлек, Азия мен Еуропаның шектескен жері географиялық, топографиялық және метеорологиялық ерекшеліктерімен Ресейдің еуропалық бөлігінде теңдессіз бағаға ие болған.

1897 жылы 9 ақпанда Ресей империясының алғашқы халық санағы өтті. Оның бастамасында Императорлық Орыс География қоғамының вице-төрағасы Петр Семенович-Тянь-Шанский тұрды. Санақ жүргізудегі бірден-бір себеп империяның жалпы халық санын, оның құрамы мен жергілікті таралуын хабарлауға бағытталды. Губерниялар мен облыстарда жүргізілген санақ нәтижесі 1899-1905 жылдары 89 томнан тұратын 119 кітапта жарық көрді.

Орал облысының санақ қорытындылар 1904 жылы 88 томда жарияланған. Әкімшілік бөлініс бойынша Орал қаласы қала төңірегіндегі 6 верст аумақты алып жатқан әскери жердің меншігіне кірген. Санақ бойынша Орал қаласы тұрғындарының саны 1897 жылы 36.466 адамды құраған, оның ішінде – 19.024 ер, 17.442 әйел [1, 2 б.].

1897 жылы Орал облысы Әскери Губернаторының есебінде келесі статистика беріледі: Орал қаласы бойынша барлық қала халқының үлесінде қазақ ұлтының саны – 491 адам (1,4 %), орыс казактары – 10617 адам (29%),

басқа жақтан келгендер (иностранцы) – 25489 адамды (69,6%) құраған. Яғни, қаладағы халықтың басым бөлігін басқа аймақтардан келгендердің (иностранцы) құрауынан қалада сауда-саттықтың дамып, жәрмеңкенің негізгі рөлді алғандығын байқауға болады. Ал қазақтар мен орыс казактары қалаға жақын ауыл-аймақтарда қоныстанған [2, 2 б.].

Санақ бойынша аталған жылы Орал қаласында 347 заңды неке есепке алынған, 1348 адам өмірге келіп, 992 адам қайтыс болған, қала халқының өсімі 356 адамды құраған [2, 32 б.].

Орал қаласының XIX ғасырда дамыған әкімшілік орталығына айналуының бір себебі – қолайлы байланыс жолдарының болуында еді. Жалпы облыс территориясы арқылы 3 байланыс жолы өткен. Олар почта, сауда және ауыл-аймақты байланыстыратын ішкі жолдар. Оралдан солтүстік бағыт жолдары тар, оралмалы, терең жолдар мен батпақты жолдар болса, оңтүстік бағыт ашық далалы, сазды топырақты жолдар. Оралдан Орынборға, Илецкге қатынайтын жолдар жолаушыларға барынша ыңғайлы болған. Ал Орал қаласында кең және мығым көпірлер бой көтере бастаған [3, 149 б.].

Жайық өзенімен өтетін су жолы арқылы Астраханмен, Орынбормен, ал Александров форты арқылы Маңғыстау түбегімен параходпен сауда-саттық жүргізілген [3, 153 б.].

Аймақтың шаруашылығына орналасқан жердің физикалық ерекшеліктері мен климаты айқын әсер етті. Халықтың басым бөлігі, негізінен мал шаруашылығымен, егіншілікпен және балық шаруашылығымен айналысқан.

1897 жылы Орал қаласында мал шаруашылығымен айналысатын 2972 шаруашылық болған. Мал санының жалпы шаруашылық санына қатысы келесідей көрсеткіштерді береді: жылқы – 1,86; түйе – 0,2; ірі қара мал – 3,47; ұсақ – 2,82.

Аймақ тұрғындары жылқы шаруашылығына аса мән берген. Оны жылқы тұқымын асылдандыру мақсатында құрылған «Общество Уральских частных коневодов» және «Уралское скаковое общество» бірлестіктерінен көре аламыз. Аталған бірлестік мүшелеріне 1897 жылы 3618 рубль көлемінде 16 сыйақы берілген [2, 9 б.].

Өлкенің су жүйелеріне бай болуы, балық шаруашылығының өрістеуіне септігін тигізді. 1897 жылы Орал облысынан 3.200 000 рубль мөлшерінде балық шикізаты сыртқа шығарылған. Балық шаруашылығымен айналысатын 28925 шаруашылық, 7462 жұмысшы, 193 кеме және 6170 қайық болған. 1897 жылы Орал қаласында шетелдік стандарттарға сай келетін 2 балық қақтайтын зауыт ашылған [2, 12 б.].

1897 жылы Орал қаласы бойынша 12 кірпіш зауыты, 1 сыра қайнататын зауыт, 5 сабын шайқайтын зауыт, 1 желім шығаратын зауыт, 7 қолөнер зауыты, 2 шарап шығаратын зауыт, 1 мия зауыты жұмыс жасаған. Сонымен қатар, 36 жел диірмені, 8 бу диірмені және 7 жылқы диірмені (конная мельница) болған [2, 38 б.].

Орал облысында сауданың 2 түрі айқын байқалады. Олар өлкенің өзге аймақтармен жүргізетін ақша және айырбас саудасы. Мұнда Ресейдің өзге

губернияларынан шәй, қант, темірден, ағаштан дайындалған бұйымдар, жібек, жүн, қағаз, шыныдан және саздан жасалған ыдыстар мен азық-түлік өнімдері әкелінген. Ал қала саудагерлері мал, балық өнімдерін, балық уылдырығы, жүннен, теріден дайындалған бұйымдарды, дәнді дақылдар мен мия тамырын саудаға шығарған.

Айырбас саудасы жергілікті қазақтармен саудагерлер арасында жүрген. Қазақтар төрт түлік мал мен мал өнімдерін нан, дәнді дақылдар, киім-кешек пен күнделікті тұрмыс бұйымдарына айырбастаған [3, 270 б.].

1834 жылдан бастап Оралда жылына 2 мезгіл жәрменкелер жұмыс жасаған. 10 маусымнан 10 шілдеге дейін және 1-30 қыркүйек аралықтарында сауда жүргізілген. 1832 жылы 26 мамырда әскери кеңсе мен прокурордың Орынбор губернаторына жолдаған өтінішінен кейін, 2 жәрменке ұйымдастыру жөнінде шешім қабылданды. Нәтижесінде «Петровский» және «Воздвиженский» жәрменкелері ашылды. Ең маңыздысы «Петровский» жәрменкесі болған, тауар айналымы 400-450 мың рубльды құраған. Сонымен қатар жергілікті сауда жақсы дамып, 1897 жылы Орал облысында тастан салынған – 277, әскери – 33, жеке адамдардың – 260 сауда дүңгіршектері болған.

1897 жылы Орал қаласында ұйымдастырылған «Петровский» жәрменкесінде барлығы 57380 рубль тауар әкелініп, жәрменкеде құны 15600 рубльды құрайтын тауар сатылған [3, 271-273 б.].

1897 жылы Орал қаласында 7 дәрігер тұрақты қызмет атқарған. Қалада Азаматтық бағытта: Орал түрмесінің жанынан 10 төсекті аурухана, әйелдер гимназиясы жанынан 2 қабылдау бөлмесі бар 6 төсекті аурухана, Орал-Рязань теміржолында 2 төсекті аурухана; Әскери басқармадан: Орал әскери ауруханасында 100 төсек; Қайырымдылық қордан: емхана және 6 төсекті перзентхана жұмыс жасаған [2, 23 б.].

1897 жылы Орал қаласында уездік аурухана жанынан дәрігер А.П.Петровский басшылық жасаған орталық бактериологиялық зертхана ашылады. Зертхананың жанынан жануарлар үшін емхана ашылған [2, 24 б.].

Өлкеде білім беру үрдісі қарқынды даму үстінде болған. Қала түрлі бағыттағы оқу орындары мен мектептер, кітапхана, музей және қоғамдық орындар жұмыс жасаған. Мәселен, Орал әскери көпшілік кітапханасы тұрғындарға тегін қызмет көрсеткен. 1881 жылы кітапхананың әдебиет қоры 6200 ден астам кітапты құраған [4, 24 б.].

1859 жылы Орал қаласында православ және бір діндес өкілдердің балаларына арналған рухани училище ашылады. Генерал-губернатордың бұйрығы бойынша, оқу орнына жылына 500 рубль қаражат бөлініп тұрған. Мұсылман дінінің өкілдері өз балаларын Уфа қаласына коллегияға білім алуға берген. Ол жерден араб тілінде жазу мен оқуды үйренген.

1897 жылы Орал қаласы бойынша жұмыс жасаған оқу орындары мен білім алушылардың саны келесідей көрсеткіштерді көрсетеді:

- Әскери реалды училище – 258 ер бала;
- Әйелдер гимназиясы – 250 қыз бала;

- Қолөнер мектебі – 59 ер бала;
- Қолөнер мектебі жанындағы бастауыш училище – 139 ер бала;
- Медресе жанындағы орыс сыныбы – 37 ер бала;
- III разрядтағы жеке училище – 14 ер бала, 9 қыз бала;
- Ерлердің халық училищесі – 241 ер бала;
- Екі Әйелдердің халық училищесі – 225 қыз бала;
- Музыка мектебі – 20 ер бала;
- Рухани училище – 158 ер бала;
- Бес шіркеу-приход мектебі – 268 ер бала, 119 қыз бала;
- Бес сауат ашу мектебі – 115 ер бала, 15 қыз бала;
- Жиырма бес жеке қолөнер мектебі – 147 ер бала, 101 қыз бала;
- Екі медресе және мешіт жанындағы жеке мектепте – 132 ер бала білім алған. Қала бойынша жалпы саны 49 оқу орны қызмет етіп, онда 1588 ер бала және 719 қыз бала оқыған.

Сонымен қатар, білім алушылар Ресейдің түкпір-түкпірінде білім алу мүмкіндігіне ие болған. Оларға облыс тарапынан арнайы стипендиялар бөлінген. 1897 жылы Орал облысынан 70 шәкірт әскери басқарманың шәкіртақысына ие болса, 4 шәкірт арнайы жеке шәкіртақымен білім алған. 13 қазақ баласы арнайы Зем қаржысы есебінен шәкіртақыға ие болған [2, 30 б.].

Әдебиеттер тізімі

1 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Под редакцией Н.А.Тройницкого. – Санкт-Петербург: издание Центрального статистического комитета Министерства внутренних дел, 1899-1905. – 125 с.

2 Обзор Уральской области за 1897 год. Приложение ко всеподданнейшему отчету Военного Губернатора. – Уральск: Типо-литография газеты «Уралец», 1898. – 50 с.

3 Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Т.1.: / Сост. А.Рябинин – Санкт-Петербург: Типография Э.Веймара, 1866. – 419 с.

4 Обзор Уральской области за 1881 год. Приложение ко всеподданнейшему отчету Военного Губернатора.

GTAMP 17.71.91

Ш. АЙТМАТОВ «БОРАНДЫ БЕКЕТ» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮЙІНІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТРАГЕДИЯСЫ

Ш.Ә. Ситжанова

Магистрант, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

Мақалада әлемге танымал классик жазушы Ш.Айтматовтың шығармашылығы туралы сөз болып, автор тарапынан жоғары баға беріледі. Қазіргі күнге дейін танымалдығын жоғалтпаған «Боранды бекет» шығармасы мен басты кейіпкер Едіге образына қатысты тың идеялар айтылған. Заңғар жазушы Ә. Кекілбаевтың шығармашылығындағы «мәңгүрттік» идеясын Ш.Айтматовтың «мәңгүрт» концепциясымен қатар саралап, сыншы-ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, салыстырмалы талдау жасаған.

Түйін сөздер: Ш. Айтматов, «Боранды бекет», мәңгүрттік, мәңгүрт, ұлттық трагедия.

Ш. Айтматов – әлемге танымал дарынды жазушы ғана емес, ол қоғам және мемлекет қайраткері, Қырғызстанның халық жазушысы, Қырғызстан Ғылым Академиясының, Еуропа Ғылым Академиясының академигі. «Аспалы көпір», «Жәмила», «Найман ана» «Алғашқы ұстаз», «Қош бол, Гүлсары», «Ертегіден соң», «Ерте қайтқан тырналар» тағы басқа әңгіме, повесттері, «Жанпида», «Боранды бекет», «Кассандра таңбасы» романдары оқырман қауымының жүрегіне жол тауып, өзінің жоғары бағасын алған туындылар екені сөзсіз [1].

Жазушы шығармаларының тақырыптары – оның өмірлік ұстанымдарының айнасы іспетті. Адамдық қасиетті, адамдар арасындағы шынайы қарым – қатынасты, туған тілге, туған халқының тарихына, салт–дәстүріне деген құрметті жас ұрпақтың санасына күй, дәріптеу қаламгердің басты мақсаты болды [2]. Ш.Айтматовтың мәдениетаралық диалогты қалыптастырудағы ерен еңбегі де, оның дарынды дипломат екенінің дәлелі.

Шығармаларының өн бойында адам мен табиғаттың байланысы, адам өмірінің құндылықтары, өмір мен өлім, ұлылық пен кішілік, жауыздық пен кісілік сияқты философиялық ой – тұжырымдарды әсерлі бейнелеуі жазушы шеберлігінің көрінісі. Адамның қоғамдағы орны, оның өзі үшін, қоршаған ортасы мен айналасы үшін жауапты екенін қаламгердің барлық

шығармаларынан кездестіруге болады. Ол жауапкершіліксіз адамдарға бар жан дүниесімен қарсы тұрады. Қоғамдағы, әсіресе жастар арасындағы келеңсіздіктер жазушының «Боранды бекет» романында шебер суреттелген [3].

«Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романында қоғамдағы аса қауіпті құбылыстың бірі мәңгүрттік мәселесін, яғни адамзат баласы сана-сезімінің құлдырап, рухани катаклизмге ұшырай бастағандығын көтерді. Жазушы жарық дүниеге алып келген өз анасын атып өлтірген қазақ аңызындағы мәңгүрттік көрінісін суреттей отырып, осы бір жеке адамның басындағы трагедияның жана дәуірде бүтіндей бір ұлттың өзінің тілін, тегін, дінін ұмыта бастаған жалпы қоғамдық, ұлттық трагедияға айналып бара жатқанына жұртшылық назарын аударды» – деп жазды филология ғылымдарының докторы, профессор Д.Ысқақұлы [4].

Шын мәнінде, жазушының басты тақырыптарының бірі – ес. Адамның есі, зейіні, жады. Бұл мәселе осы «Боранды бекет» романының басты кейіпкері Едігенің досының өмірден өтуінен басталады. Бар өмірін балаларының жарқын болашағы үшін сарп еткен азаматтың өлімді жалғыз қарыс алуы. Қайырсыз ұл мен қыз, қайырымсыз ұрпақ. Бұл көзін ашқалы өмірі бейнетпен өткен Қазанғаптың кінәсі ме, әлде қоғамның ба?

Мейірімсіз Сәбитжан – Қазанғаптың жалғыз ұлы. Әкесінің өліміне сопа басы состиып бір өзінің келуі, келе сала кетуге асығып, жанталасуы Едігенің ашуына тиді.

Романда Сәбитжан сияқты тағы да бірнеше «мәңгүрттер» кездеседі. Қазанғаптың қазасын естіген диспетчер Шәймерден көңіл айтудың ырымын жасайды. Бұның көңіл айтқан түрін көріп, Едіге қатты налиды: «Әй, мисыз хайуан-ай, – деді ішінен – қаза жөнінде дұрыс айта да алмайды» [3, 18].

Шәймерден – өлікті сыйлаудың не екенін білмейтін мәңгүрт. Жұмысын ауыстыруды сұраған Едігеге «Оу, айналайын, Едеке, сен әлгі нетіп, менің басымды қатырма нетіп. Өлсе – өлді, нетіп. Менің сені алмастыра қоятын адамдарым жоқ. Өліктің жанында нетіп отырамын дегенің не, Едеке? Сен жанында отырғаннан өлген адам тірілмейді ғой, деп ойлаймын, нетіп...» [3, 18].

Диспетчер Шәймерден, Ұзынтұра Еділбай, Таңсықбаев секілді безбүйректерге Едіге сынды ер былайша үн қатады: «Бұл жұрт не болып барады. Бұлар үшін өлімнен басқаның бәрі қадірлі. Бұлар өлімді сыйламаса, тіршіліктің қадірін қайдан білсін. Бұлар қалай, не үшін өмір сүріп жүр өзі? Өмірдің мәні не сонда бұлар үшін?» [3, 19].

Романды оқып отырып, ел тарихына, тіліне, діліне, дініне деген құрмет ата-ананы сыйлаудан басталмайтын ба еді? Бұл неткен сорақылық? Ел болашағын бұл «мәңгүрттердің» қолына қалай тапсырамыз? деген сұрақ әрбір оқырманның көкейін тесетіні рас. Автор Едігенің бейнесін шебер сомдаған. Нағыз қарапайым еңбек адамының тағдыры арқылы сол заманның шынайы көрінісін, өткенді, бүгінді, болашақты біртұтас күйінде бере алған.

«Ұлттық сана-сезімі жоғары бас кейіпкер нағыз гуманист, адамгершілігі биік азамат бейнесінде көрінеді. Жазушының ойынша, адамзат қоғамын адам ретінде сақтап тұрған – Едігелер» – дейді Д.Ысқақ [5]. Едіге сынды

азаматтардың арқасында өмір өз құндылығын жоғалтпай келеді. Халқының тарихын, мәдениетін, салт – дәстүрін құрметтеп, оны жас ұрпаққа дәріптеуші де Едіге сияқты жандар. Ол – халқының алдында адал, достың қадірін білетін, қате басқанды түзетіп, тентекті тезге салатын талапшыл адам.

Қаламгер Едігенің бейнесін сомдай отырып, өз бейнесін ашқан. Жастардың немқұрайлығына жаны күйіп, жүрегі жылайды. Бұл заманның мәңгүрттері өзгеше. Олар өте сауатты, бірнеше тілде сөйлейді, техниканың барлық түрін меңгерген, бірақ олар өз түп - тамырына, халқының тарихына, ана тіліне немқұрайлы қарайтын безбүйректер. Олар туған жерге, кіндік қаны тамған жерге деген сүйіспеншіліктен жүрдай, өз ана тілінде мүлдем сөйлемейтін, рухани азған жандарды Ә.Кекілбаев шығармаларындағы мәңгүрттермен тіпті де салыстыруға келмейді.

Бұл туралы Д.Ысқақ былай деді: «Ш.Айтматов «мәңгүрт» ұғымына мүлдем жаңаша қырынан келген. Шыңғыстың – мәңгүрттері Әбіштің мәңгүрттері сияқты мәң, есуас, ақылы кем емес, керісінше, бұл өмірде білмейтін бәлесі, оқымаған нәрсесі жоқ, бірақ дүниетанымы басқа, өзін өзгелерден, өз ұлтынан жоғары қойып, артық санайтындар, өз ұлтынан жерінгендер. Оған қауіпті қоғамдық құбылыс ретінде ерекше мән беріп, күллі адамзат баласын шошындыратын, рухани дамуына тосқауыл болатын алапат күш ретінде танытты. Әбіштің есі дұрыс емес тұтқын мәңгүрті ата-бабасын біле тұра білгісі келмейтін, кешегісі мен бүгінгісі, болашағы туралы ойланбайтын, ойланса да білгісі келмейтін, менсінбейтін рухани мәңгүрттік жанында – айналайын» [6].

Ә. Кекілбаевтың «мәңгүрттері» – қилы заманда еріксіз қиыншылыққа тап болғандар, ал Ш.Айтматовтың «мәңгүрттері» – сыншының айтып отырғанындай рухани азғындыққа ұшырағандар. Бұл мәселе бүгінгі күні жаһандану заманында бел алып, өрши түсті. Жастарымыздың бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіре алмай, тарихымызға деген қызығушылықтарын оята алмай, ана тілімізде сөйлете алмай, салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді дәріптете алмай жүргенімізге кімді кінәлаймыз? Заманды ма? Адамды ма?

Осыдан 50 жыл бұрын жазылған шығарманың көтерген мәселесі бүгінгі таңда тіпті өзекті болып отыр. Ел болашағының ертеңін ойлаған ғұлама шығармасының негізгі түйіні қазіргі заманның трагедиясына айналып отырғаны сөзсіз. Ұлт болып қалу үшін ұлттық құндылықтарымызды әрбір жастың бойына сіңіріп, ұлттық тәрбиені бесігінде жатқан сәбидің санасына құйып, болашағымыздың «мәңгүрттенуінен» сақтауға бар күш-жігерімізді жұмсайық!

Әдебиеттер тізімі

1 Айтматов Ш. «Жер мен су ынтымақтаса...» очерктер, мақалалар, әңгімелер, сұхбаттар // Фрунзе. Қырғызстан, 1978.

2 Айтматов Ш. Ғасырдан да ұзақ күн...: роман, повесть. – М.: Известия, 1986.

- 3 Айтматов Ш. Шығармалар жинағы: 3 Т. – М.: Молодая гвардия, 1984.
- 4 Ақматалиев А. «Шыңғыс Айтматов және әдебиеттердің өзара байланысы». – Бішкек: Әдебиет, 1991.
- 5 Ақматалиев А. Шыңғыс Айтматов «Адам және ғалам» монография // ҰҒА Қырғыз Республикасы. – Бішкек: Илим. 2013.
- 6 Ысқақ Д. «Адам қайткенде адам болып қалады» // Егемен Қазақстан. 2018.

ҒТАМР 16.01.45

ШЕТ ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘСІЛДЕРГЕ ШОЛУ ЖАСАУ

А.М. Ұзақбай

Магистрант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

А. Алдабердіқызы

PhD-докторы, доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Бұл мақалада әртүрлі аспектілерде шет тілінде оқуды оқытудың отандық және шетелдік тәсілдеріне шолу жасау және жалпы білім беретін мектептерде шет тілінде оқуды оңтайландырудың мүмкін бағыттары туралы баяндалады. Оқу кезінде мәтінді түсіну проблемалары қарастырылады, оқу түрлерін жіктеуге, шет тілін оқуға үйретуге және оқуды үйренуде туындайтын қиындықтарға бар көзқарастарға шолу жасалады, оқуды үйренудегі бақылау мәселесіне назар аударылады. Оқу процесін оңтайландырудың мүмкін жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: шет тілі, оқу дағдылары, стратегия, технология.

Академиялық сауатты болу дегеніміз-халықаралық академиялық ортада тиімді жұмыс істей білу. Оқу-жазбаша сөйлеумен қатар академиялық сауаттылықтың негізгі компоненттерінің бірі. Ағылшын тілінде оқуды оқытудың теориясы мен практикасында ана тілінде оқудың рөлі мен әсері ескеріледі. Алайда, шетелде студенттер әртүрлі елдерден келгендіктен және әртүрлі ана тілдерін меңгергендіктен, белгілі бір тілдің ерекшелігі жиі ескерілмейді. Белгіленген айырмашылықтар Қазақстанда және шетелде шет тілін оқуды оқыту тәсілдері әр түрлі болады деп сенуге негіз береді. Бұл мақаланың мақсаты-әртүрлі аспектілерде шет тілінде оқуды оқытудың отандық және шетелдік тәсілдеріне шолу жасау және жалпы білім беретін мектептерде шет тілінде оқуды оңтайландырудың мүмкін бағыттарын белгілеу.

Оқу барысында оқушы ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны семантикалық өңдеуді де жүзеге асырады. Бұл әрекеттің нәтижесі, С.К.Фоломкиняның пікірінше, «толықтығымен, дәлдігімен және тереңдігімен сипатталатын мәтінді түсіну белгілі бір деңгей» [1]. Осылайша оқу сөйлеу әрекетінің күрделі түрі болып табылады. Оқушы жасаған мағына кездейсоқ емес, ол тілде қабылданған нормаларға байланысты. Бұл нормаларды білу шет тілінде оқуға келгенде ерекше маңызға ие болады, өйткені оқырманның

жазбаша мәтіндегі мағынаны қаншалықты сәтті меңгере алатындығы көптеген факторларға тікелей байланысты: шет тілін білу деңгейі, берілген шет тіліндегі мәтіндердің құрылу ерекшеліктерін білу, белгілі бір мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін тану мүмкіндігі. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, шет тілінде оқу [2, 3, 4, 5] ана тілінде оқудан гөрі күрделі процесс болып саналады, өйткені бұл жағдайда екі тілдің тұрақты өзара әрекеттесуі орын алады. К. Кодтың пікірінше, шет тілінде оқуды үйрену кезінде үш негізгі факторды ескеру қажет:

1) оқу – бұл көптеген дағдыларды қамтитын күрделі және көп қырлы процесс;

2) осы дағдылардың әрқайсысының қалыптасуы белгілі бір лингвистикалық білімнің болуын білдіреді;

3) шет тілінде оқу кезінде оқу дағдыларының дамуы екі тілдің – ана және шет тілдерінің өзара әрекеттесуі кезінде жүреді [6].

Әрине, шет тілінде оқуды үйрену барысында ең алдымен лингвистикалық құзыреттілікті, атап айтқанда орфография, фонология, лексика, морфология және синтаксис туралы білімді дамыту үшін жұмыс істеу керек, бұл мәтіндік ақпаратты сөйлем деңгейінде тиімді алуға мүмкіндік береді. Алайда, мәтінді оқу үшін белгілі бір тілдің нормаларын білу әрдайым жеткіліксіз. Оқушы мәтін деңгейінде ақпаратты түсіну қабілетіне ие болуы керек. Мұнда, мысалы, дискурсивті маркерлерді, мәтін құрылымын тану мүмкіндігі туралы айтуға болады. Сонымен қатар, ақпаратты барабар қабылдау үшін белгілі бір мәтіннің жанрлық ерекшеліктерін білу қажет. Егер шет тілін оқытудың бастапқы кезеңінде оқу көбінесе оқытудың мақсаты ретінде әрекет етсе – оқушыны тілдік нормаларға сүйене отырып, мәтіндегі ақпаратты тануға үйрету керек болса, онда оқытудың кейінгі кезеңдерінде оқу тек мақсат қана емес, ең алдымен сөйлеу әрекетінің басқа түрін (жазу) оқыту құралы ретінде әрекет етеді [7].

Тиісінше, оқытудың әртүрлі кезеңдерінде белгілі бір, әрдайым сәйкес келмейтін дағдыларды дамыту қажет, ал шет тілінде оқуды оқыту әдістемесі оқытудың нақты мақсаттары мен міндеттеріне байланысты айтарлықтай өзгереді. Дәстүр бойынша отандық лингводидактикада оқуға көп көңіл бөлінді. Алайда, 1990 жылдары тақырыпқа деген қызығушылықтың төмендеуі байқалды және оқуды оқытудағы іргелі және эмпирикалық зерттеулердің саны күрт төмендеді. Бүгінгі таңда шетелдік зерттеулерге қатысты әлі де белгілі бір қашықтықты сақтайтын отандық ғылымда оқуды оқытудың ғылыми негіздеріне арналған теориялық жұмыстардың да, білім беру ортасының өзгеретін жағдайларын ескеретін оқуды оқытудың белгілі бір аспектілеріне әсер ететін эмпирикалық зерттеулердің де жетіспеушілігі бұрынғыдан да айқын сезіледі. Бүгінгі таңда мектептегі оқу кезеңінде, әсіресе жоғары мектепте шет тіліндегі мәтіндерді оқу, жазбаша немесе ауызша мәтіндерді құру мақсатында болашақта сыни тұрғыдан қайта өңделетін ақпарат алу құралы болып табылатындығына ешкім қарсы емес.

Тілді үйрету үдерісінде оқылымның бірнеше түрі анықталған. Отандық ғалым Ф. Оразбаева еңбектерінде оқылымның танымдық, зерделік, ізденімдік,

көрсетімдік оқылым сияқты түрлерін жіктеп көрсетеді. Мақсатына қарай оқылым көз жүгіртіп қарап шығу, танысып оқу деген экстенсивті түрлерімен қатар, интенсивті зерттей оқу, ізденіп оқу деген түрлері бар [7].

Сонымен қатар, қазіргі заманғы оқушылар мен студенттер өмірдің едәуір бөлігін виртуалды кеңістікте өткізеді, бұл арнайы дағдылар мен қабылдау дағдыларын қалыптастыруды және электрондық форматтағы мәтіндерді құруды, мультимедиялық сауаттылықты дамытуды талап етеді. Күн сайын өзгеріп отыратын ақпараттық контекст біздің өмірімізге де, оқу процесіне де жаңа мультимодальды формалар әкеледі, әрине, өмірде болып жатқан оқиғаларды бейнелейді. Тек қана, мазмұнды беру формалары ғана өзгермейді, Ақпараттық қол жетімділік білім алушылар контингентінің мәдени әртүрлілігінің дәрежесін түзетеді, осылайша жаңа дидактикалық көкжиектерді – үнемі өзгеріп отыратын ақпараттық өрістегі жаңа мағыналарды түсінуге үйретеді.

Қорытындылай келе, жоғарыда аталған барлық шарттар шет тілінде оқуды оқытудың жақсы дамыған әдістері мен технологияларын жаңа оқудың қажеттілігін және тек рецептивті оқу дағдыларын ғана емес, сонымен қатар оқырманға қағаздан да, мультимедиялық көздерден алынған ақпаратты оқшаулауға, талдауға және сыни тұрғыдан қайта қарауға мүмкіндік беретін жаңа тиімді әдістерді құруды талап етеді. Сонымен қатар, шет тілдерін оқыту мәселелеріне арналған жетекші халықаралық журналдарда оқуды оқыту тақырыбы әлі де басты тақырыптардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Фоломкина С.К. Обучение чтению на иностранном языке в неязыковом вузе: учеб.-метод. пособие для вузов. – М.: Высшая школа, 1987. – 207 с.
- 2 Grabe W. Reading in a second language: Moving from theory to practice. – Cambridge: Cambridge University Press, 2009. – 467 p.
- 3 Sarig G. High level reading in the first and in the foreign language: some comparative process data // Research in Reading in English as a Second Language. – Washington, D. C.: TESOL, 1987. – P. 105-123.
- 4 Salataci R. Possible effects of strategy instruction on L1 and L2 reading / R. Salataci, A. Akyel // Reading in a Foreign Language. – The University of Hawaii, 2002. – Vol. 14. – № 1. – P. 1-17.
- 5 Xi Chen B., Dronjik V. & Helms-Park R. Reading in a Second Language: Cognitive and Psycho linguistic Issues. – NY: Routledge, 2015. – 340 p.
- 6 Koda K. Reading and Language Learning: Crosslinguistic Constraints on Second Language Reading Development // Language Learning. – 2007. – Vol. 57. – № 1. – P. 1-44.
- 7 <https://bilimainasy.kz/21-06-03-004/>.

ҒТАМР 17.71.91

Ә.ӘЛІМЖАНОВТЫҢ «МАХАМБЕТТИҢ ЖЕБЕСІ» РОМАНЫНДАҒЫ МАХАМБЕТ БЕЙНЕСІ

Г. Нурмуханова

Магистрант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Әнуар Әлімжанов – әдебиеттегі тарихи тақырып саласында белсене еңбек еткен қаламгер. Тарихи дәуір оқиғаларының динамизмі мен трагизмін шебер жеткізетін «Махамбеттің жебесі» романы – жазушы үшін бір саты сәтті ізденіс жемісі.

«Махамбеттің жебесі» – көтеріліс жайлы, халық батырлары Исатай мен Махамбет жайлы роман. Елін зұлымдық пен зорлыққа қарсы бітіспес белдесуге бастай білген де солар. Бұқара қозғалысы сәтті аяқталмағанмен, қалың жұртты қасірет бұлты торлағанмен, бұл сияқты әрбір қимыл – азат өмірге қарай жасаған батыл қадам есебінде әрқашан қымбат.

«Махамбеттің жебесі» романында Әнуар Әлімжанов қазақ халқының тарихындағы айрықша әлеуметтік мәні бар оқиғаларды бейнелеген: сол себепті де өміріндегі осынау ірі құбылыс жер шалғайлығына қарамастан басқа ұлт өкілдерінің тағдырына да ықпал етеді (Хиуа, Петербург, Орынбор, Нарынқұм). Көтеріліс әдепкіде шағын сипатта еді. Қазақ кедейлерінің Бөкей ордасындағы қанқұйлы езгімен бетпе-бет тартысты. Бірақ жазушы бұл тартыстың тамыры терең, әрі зор көлемге ұлғайып кеткенін сенімді көрсетеді. Жергілікті қақтығыс сахарандағы антагонистік таптар арасындағы қоғамдық мәні зор тартыс дәрежесіне дейін өседі. Роман – бас кейіпкерлердің қайғылы өлімін суреттеумен аяқталады. Бірақ, жазушы үшін қаһарманның өмірі асқақ мұраттары маңызды. Өйткені сол бір ермінез азаматтарды басын оққа байлап, қатерлі күрес жолына түсуге шақырған өміршең өршіл мұраттардың алау жалыны текке кеткен жоқ. Гуманизм, патриотизм, интернационализм – адамына етене тән қасиеттер. Бұл қасиеттер қазіргі жағдайда өзгеше жаңа сипат алғандықтан да Ә.Әлімжанов өткен дәуір туралы сөз ете отырып, ол қасиеттердің, ең алдымен, өміршендік күшін көрсетуге тырысады. Әлеуметтік тұрғыдан теңсіз қоғамдағы өз орны туралы тұңғыш рет ой толғаған жас ақын жанындағы телегей толқыныс сәттерін Ә. Әлімжанов нанымды көрсете білген. Халқының қасіретін сергек жүрегімен егіле сезінетін ақынның ояну, түлеу шақтары нағыз өмір шындығымен бетпе-бет келіп көз жеткізгенде басталды. Автор осы бір психологиялық нюансқа ерекше көңіл бөледі.

Құпия сырларға бай халықтардың тарихи тәжірибесі болашақ ұрпақтар үшін үлкен ғибрат. Сондықтан да тарихты күнгейі мен көлеңкесін қоса алып,

шын болмысты шынайы танытуға ұмтылу шарт. Қазақ жазушыларының жеткілікті дәрежеде көркемдік шежіресі жасалмаған қайсыбір тарихи дәуірлерге жіті үңілуінде терең заңдылық жатыр. Әнуар Әлімжанов «Махамбеттің жебесі» романында ақын мен қара халықтың қайғылы тағдырына жайдан-жай тоқталмайды. Ақынның сол бір күреске құлшынып шығуына не түрткі болды? Бұдан бір жарым ғасырға жуық уақыт бұрын өмір сүрген ақын мен халық ерлігінің ақиқат мәні неде? Қаламгерді толғандырған негізгі жәйттер осы екі мәселенің төңірегінен табылуға тиіс.

Біздің міндетіміз осынау қоғамдық-саяси маңызы зор проблеманың идеялық-эстетикалық шешімін табу жолында жазушы пайдаланған көркемдік құрал мен тәсілдердің дәуір тынысын толымды суреттеуге жұмсалған күш-қуатын, қыры-сырын ашу болмақшы.

Сонымен романды оқып отырғанда біздің көз алдымызға ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Бөкей ордасының әлеуметтік шындығы келеді. Сол кезеңдегі қазақ даласы үшін феодализм деген не еді? Ол, біріншіден, патшалық Ресей тарапынан отаршылдық саясаттың күшеюі, екіншіден, жергілікті феодалдардың еңбекші бұқараны аяусыз қанау нәтижесінде баю үстіне байи түсуі еді. Романда осы мезгілге тән тенденциялық сипаттарды жақсы аңғартатын сәтті эпизодтар мен детальдар баршылық. Он тоғыз жасар Махамбеттің «Әскери азулы атамандар біздің жерімізді бейне қансоқталы қой өлімтігіне айналдырған: генералдар, офицерлер, хан мен қожаға сол жемтіктің майлы сүбесі мен кемік басты жілігі тиеді де; қара халыққа мүжілген қу сүйек қана қалған. Егіндік жер мен жайылым жұлмаланған терідей. Жәңгір хан қазақты ақсүйек пен қара деп екі жік, екі тапқа бөліп бітті» [1, 25], – деп ашына айтқан ащы сөздерді біз Исатай батырдың аузынан естиміз. Жәбір көріп, жапа шеккен жарлылардың қайғысына күйінген Исатай хан сарайын тастап шығарда Бекмұхамет сұлтанмен егес сала сөйлейді. «Қан майданда бетпе-бет кездесетін, белдесетін күн бар алда!» [1, 25] – деп ашық ызасын білдіреді.

Әлеуметтік тұрғыдан теңсіз қоғамдағы өз орны туралы тұңғыш рет ой толғаған жас ақын жанындағы телегей тоқыныс сәттерін Ә.Әлімжанов нанымды көрсете білген. Халқының қасіретін сергек жүрегімен егіле сезінетін ақынның ояну, түлеу шақтары нағыз өмір шындығымен бетпе-бет келіп көз жеткізгенде басталды. Автор осы бір психологиялық нюансқа ерекше көңіл бөледі.

Исатай сөздерінің туралығын Махамбет өз көзімен көреді. Шекті ауылымен кездесу эпизодында кейіпкер тізе батып, қорланған жандардың адам аярлық аш өзек жүдеу жоқшылығын байқайды. «Көрініс сұмдық еді... Қалтыраумен күн кешкен жылаулар өңшең. Аттылы көрсе қаза шығарғаннан бетер шошынатын. Ешкіммен ұшыраспас үшін табан асты жолдан шыға босатын».

Қай жерде болмасын, ақынның көретіні – еңіреу мен езілу, жылау мен жұтаң тіршілік.

Жәңгір мен оның одақтастарының қуғынан жасырынып, Махамбет досы Жантаспен бірге Кіші жүзді екіге бөлген шекарадан асып шықса да жанға сая тыныш өмірге жете алмайды.

«Ақын дәуір сырын жүрек түбіне тұндырып барып саф маржан сөзге айналдырады» [1, 18] – дейді автор. Әлімжанов шығармасында тарих толқынындағы творчество адамының айтылмыш табиғатын түсіну нышандары жарқын елес тастайды. Романда суреттелетін бар оқиға, құбылыс ақын қабылдауы арқылы немесе Махамбет өмірімен тығыз байланыста көрініс береді. Айналасындағы өзгерістер үшін өзін жауапты сезінетін қаһарман характеріне олар әрқашан тиімді әсер етіп отырады. Сондықтан да жазушы трактовкасы бойынша Махамбет мінезі күшті де шыңдалған боп, әрі ойлы-қырлы боп шығады. Қысқа өмірінде Махамбет көпті басынан кешірген: кезінде Бөкей Ордасының күміс көмей, жез таңдай ақыны атанды, хан жақын тартып, бауырына басты, бірақ, кейіннен «қарадан» туған өнерпаз өз орны мұны бір, күйі бір, ұрандап соғар жалынды жырларын жүректерімен ұғатын қандас бауырлары – жұпыны, жүдеу еңбекші халық ортасында екенін білді. Махамбет поэзиясы хан, сұлтан мен байларға емес, қалың бұқараға керек еді. Өмірінің соңына дейін ақын таңдаған жолына, халқына адалдығын сақтап кетті.

Шығармаға ірі тарихи тұлғаны арқау қылған автор бірінші кезекте кейіпкердің біз оны, дәл мағынасымен айтқанда, тарихи тұлға деп санауымызға мүмкіндік беретін кесек әрекеттерін әсіресе бөліп көрсетеді. Жазушы үшін батыр азамат атқарған тарихи іс, ол жасаған ерекше екшеулі ерліктің терең мәнді сипаты бар. «Он алты жасында Махамбет Беріш руының жез таңдай ақыны атанды. Кез келген ауыл оны қошеметтеп қарсы алатын болды. Әдетте көп мақтау айтпайтын, сөзге сараң ақсақалдар бұл дегенде сайрап қоя беретінді шығарды. Ауызға ілінген талай-талай танымал ақындарды оп-оңай жеңіп, беріштердің айбынын асырды. Бұл келгенде старшындар да, батырлар да қол қусырып, есік ашатын болды. Оның даңқы бүткіл Кіші жүздің ауылдарын шарлап өтіп, Еділ бойындағы ноғайлыларға, Қаратауды жайлаған шектілерге, одан асып, қаптаған қалың қыпшаққа, Арқадағы Арғын мен Найманға жетті. Шекті руының малы жоқ кедей батырлары Көтібар мен Арыстан оған жортуыл үстінде түсірген арғымақтарын сыйға тартты. Ал беріштердің ең сыйлы адамы – старшын Исатай оны ең жақын досым, ең жақсы көретін бауырым деп жар салды» [1, 40]. Бұл үзіндіден жазушының Махамбеттің бейнесін асқақтата сомдағанын аңғару ұиын емес. Жас болса да көпшілік алдында беделі бар, ешкімнен қаймықпайтын өз мінезі бар, беріш руынан шыққан сыйлы адам Исатайдың өзі көкке көтеретін Махамбет бейнесі көз алдымызға келеді.

Жазушы басты назарды Махамбетке аудара отырып, сонау XVI ғасырдан бергі тарихқа саяхат жасатады. Оны Ә. Әлімжанов қазақ тарихына қызығушылық танытқан орыс офицері Даль Луганский мен Махамбеттің диалогі арқылы жеткізеді: «Ұлы жүздің Дешті – Қыпшағында сұлтан болған қара қылды қақ жаратын Жәнібек бидің баласы – Қасым хан тұсымда біріккен көрінеді ғой, – деді Махамбет. – Ал Қасымның ұлы Ақназардың жүрек жұтқан батырлығы мен ерлігі жайлы шығарылған талай өлең-жыр бар. Онымен Иван

Грозныйдың өзі келіссөз жүргізіпті деседі. Ақназардың атақ-даңқы қазақтарды ноғайлармен одақтастырып, моңғолдар мен жоңғарларға талай жерде соққы берген соң тіпті дүрілдеп кетіпті. 1570 жылдары қазақтармен барлық халық есептесетін болды. Таққа Ақназардан кейін отырған Сығай ханның сорлылығы болмағанда біздің мемлекет боп нығаяуымыз еркек тамамдалатын ба еді, қалай... [1, 43]. Әрі қарай: «Біздің байтақ даланың тұрғындары хандар мен сұлтандардың озбырлығына қарсы не заманнан бері күресіп келеді ғой, құрметті мырза. Ел оларды жаман атаса, істеген қылықтарына қарай айтады. Қазақ дегеніңіз ен далада еркін өскен өркөкірек халық. Сіңірі шыққан қара жаяуына дейін намыскер, бас имес тәкаппар келеміз. Мүмкін, біздің бағымыз да, сорымыз да осында шығар. Біз батырларды тірі кезінде қастерлемей, өлгеннен кейін қайғырамыз. Ең жаманы – әркімнің бір руын мадақтап қырық пышақ болатынында, ал ел бастайтын көсемдер өзара билікке, шен-шекпенге таласып-ақ қыр -қысып бітеді. Ел басына күн туғанда майданға батырлар шығады. Бірақ шын бостандық елде де жоқ, ерде де жоқ. Тегі Соның өзі болып па екен өмірде? Хан екеш хан да тағымнан түсіп қалам ба деп қалтырап отырады. Ал маған келсек, мен сарай ақыны емеспін.

Мен Сырым Датұлы сияқты даңқы жер жарған батырлары, еңіреген ерлерді жыр етіп өтпекпін!..» [13, 45] – деп, хан ордасында тұрып, оның даңқын асқақтатқанымен, жүрегі елім, халқым деп соққан батыр қазақ халқы туралы зор мақтанышпен баяндайды.

«Бір күні ордаға Исатай старшын шақырылды. Хан оған Дархан қағаз бермек болып еді, бірақ Исатай алмай қойды.

– Менің руым – Беріш, Жәңгір хан, сондықтан да сенің қағазың сен қара қатарына жатқызған елім мен өзімнің арама қойған қалқандай болуын қаламаймын.

– Сен қағазды алмағаннан ештеңе өзгере қоймас, Исатай аға. Қонған бақтан қашпас болар, берген қолды қақпас болар, – деді Махамбет сарайдан шыға берген Исатайға. – Сен қағазды алсаң да Беріш руының басшысы боп қала бересің. Мен де сол елдің баласымын.

-Жөн айтасың, Махамбет. Бірақ сөз мен жөнінде емес. Сен құлдар есірген бақшада тұрасың, ханның қара халықтан тартып алған ақшасына келген шарапты ішесің. Жәңгірдің дархан қағазын ұстаған байлар, сұлтандар, билер мен қожа – молдалар кедейлердің өрісін тарылтты. Ауылдарды түгін қоймай тонап, адамдарды баспанасыз, жерсіз қалдырды. Еділден Жайыққа дейінгі Атырау жағасының шүйгін шөпті шұрайлы қонысы канцлер Безбородко мен граф Юсуповқа берілді. Войсковой атамандар біздің жерді сойған қойдың егін үлегендей бөлшектеп жатыр: ең семіз, шұрайлы мүшелерін жандаралдар, офицерлер, сұлтандар, қожа-молдалар мен хан алады да халық несібесіне мұжылған сүйектер қалады. Егін жайды, мал жайылымдарын да тарылтып тастады. Жәңгір қазақты ақсүйек пен қараға бөлді. Өтемістің ұлы болғанымен сен де көптен бері сол ақсүйектер тобындасың. Тарта бер солай, халқың қан жұтып, көкірегі қарс айырылып отырғанда Жәңгірді мадақтап жырлай бер.

– Исатайдың әр сөзі қамшыдай тиді. Махамбет бір қызарып, қуарып тұр. Мұндай сөзді ол ешқашан естіген емес. Және ол өзі әділ де ержүрек батыр деп жақсы көретін, сыртынан дәйім табынып жүретін Исатай ғой сөгіп тұрған.

Исатайдың сөзін бір топ жасауылдарының ортасында тұрған ханның уәзірі, Махамбеттің ағасы – Бекмұхамбет те естіген еді.

– Әй, Исатай, сен тым еркінсіп кеттің, тілің де жыландай улы. Сен бүгін қонақсың. Сондықтан да бір жолға кешеміз. Бірақ ханның құрығы ұзын, одан қашып құтыла алмайсың. Есінде болсын осы. Қонақтығыңды пайдаланып, Махамбеттің жүрегін улай берме. Ал енді сарай маңынан тайып тұр.

– Әміріңді екі етпен, Бекмұхамбет. Бірақ екеуміз майданда кездесер күн қарақ болар, – деді Исатай. Сосын Махамбетке бұрылып – Саған ешкімнің әмірі жүрмейді. Мынау бақшаның саялы екені рас, алайда ара бал жиған жерде жылан да у жыятыны тағы да шын. – Исатайдың сөзі оның дегбірін қашырып, беймаза күйге түсірді. Той тойлап, дастарқан басында отырса да, аңға шығып, саят құрып жүрсе де, есінен кетпей қойды. Ол енді бұрынғысындай рақатқа бейқам батып жата алмайтын болды. Хан алдында иілген басты, қызметші құлдардың әбден ұнжырғасы түскен жасқаншақ кейіптерін көргенде жыны ұстайды. Бордақыға байлағандай майы сыртына шыққан жасауылдарға қараса, қаны басына шапшып, қалшылдап кетеді» [1, 52]. Жазушы қазақ қоғамында болып жатқан келеңсіздіктерді, хан мен халық арасындағы байланыстың жоқтығын, билеуші таптың озбырлығын, халықтың хал-ахуалын диалог түрінде керемет жеткізеді. Қазақ халқының сөздің төркінін түсіне білетін тамаша қасиетін Махамбет образы арқылы суреттейді. Есірген хандарды, «қарны жуан билерді» сабасына түсіріп, халқына теңдік, бостандық алып беру туралы ойлар осы сәттен Махамбеттің мазасын қашырып, жүрегіне жүк болып артылады. Махамбеттің ойға алған ісін жүзеге асырту үшін жазушы Исатайдан келген: «Ақын деген – ел еркесі. Бірақ олар халық сүйіспеншілігі мен халық үмітін ақтамаса, қарғысқа ұшырайды. Дала дәстүрі осындай. Қазтуған да, Шалкиіз бен Жиёмбет, Тәтиқара да, Бұқар жырау да – осы ақындардың ешқайсысы да өмір бойы ханды жырлап, ханды мадақтап өмір кешкен жоқ» [1, 60] – деген хатты шебер пайдаланады.

«Осыдан жеті жыл бұрын Махамбет Шөмекей руының кедей жатақтарына ара түскен екен. Сонда Жәңгір тұрып Махамбетке: «Сен немене, менің әділдігіме шек келтіремісің?» – дейді. Махамбет табанда былай деп жауап қайтарады:

*Хан емессің – қасқырсың,
Хас албасты басқырсың,
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның, сенің басқа ұрсын!
Хан емессің – ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің – аянсың,
Айыр құйрық шаянсың.*

Сарман тоқтап, тыныштыққа елегізіп құлақ тікті. Сосын қонышынан жалпақ сүйек шақшасын алып, тілінің астына насыбай салды» [1, 74]. Жазушы сонау замандағы оқиғаларға көз жүгіртіп қана қоймай, оқырманын Махамбет ақын өлеңдерінің шығу тарихымен таныстыруды үмітпайды. Сондай-ақ Махамбеттің қылышынан қан тамған батыр, тілінен у тамған орақ тілді шешен, табан астында суырып салып, сөз маржанын тізетін от ауызды ақын екенін де оқырманның санасына сіңіреді.

«Ендігі кезек біздікі! – десіп, олар аттарының басын тарта ұстап, Исатайдың бұйрығын тосып тұр. Ал Исатай болса, Қалдыбай және Махамбетпен бірге өздері жаңа ғана тастап шыққан майдан даласына көз жіберуде. Қаптаған өлік. Иелерінен айырылып, арлы – берлі кісіней шауып, ұйлығысып жүрген аттар. Кісінеген үндері сай-сүйектен өткендей.

Дұшпан тағы да шабуылдамақ. Ту сырттарына сұлтандардың атты әскері шыға бастапты. Гекке көтерілісшілерді екі жақтан қаусырып әкеп, бір-ақ құртпақ.

Аспанды түгелдей бұлт торлап, жел күшейе түсті.

– Әрбір әнінің аяғы бар, – деді Қалдыбай.

– Бұзып өтеміз! Жігіттер ауыл-ауылдарына тарап, жендеттердің қолына түсірмей, көшіріп әкетсін де, бізді көктем туа тосатын болсын...– деп Махамбет жүзбасылардың Бекетайдағы кеңесінің шешімін еске салды.

Бізғырық жел әуеде қалбалақтаған қар түйіршіктерін бетке ұра бастады.

– Ұрыстан қашқанды халық та, қатын да кешпейді. Бізді ешкім де жеңілді дей алмайды. Көктемге дейін қоштасалық. Ал енді біздің шегінісімізге шеп болатындар, алға шығындар! – деді сардар сарбаздарына» [1, 87]. Махамбеттің «Исатайдың барында екі тарлан бөрі едім» дейтін жыр жолдарының мәнін осы жерден аңғаруға болады. Бойларында ыстық қаны қайнап, жүректері атша тулап тұратын хас батырлардың бір-бірінің сөзіне тоқтап, басшыға бағына білетін қасиетін де байқау қиын емес. Махамбеттің Исатайдың айтар ойын көзінен-ақ түсінетін адал дос, жолдастарының да қамын жеген көреген көшбасшылық қасиеті осы жерден өрбиді.

1841 жылғы 20 июльде Орынборда болған әскери сотта: «– Біз шындық пен әділдік үшін, жауыздыққа қарсы соғыстық, – деді ақын сотта. – Біз Жәңгір ханға қарсы соғыстық. Сондықтан біз өзімізді Ресейдің алдында кінәлі дей алмаймыз. Біз сендерді ордаға да, соғысқа да шақырған жоқпыз. Ал өздерің келіп бізге тигенде біз де қарап қалмағанымыз рас...» [1, 121] – деген Махамбетті жаулары тыныш қоймады. Жазушы ақын өмірінің соңғы сәттерін де барынша көркем шынайы суреттейді. Жанындағыларға сенгіш аңғал көңілі Махамбеттің түбіне жетті.

Махамбет ең алдымен өмірде кешкен ірі-ірі оқиға, іс-қылығымен тартымды. Сондықтан да Ә. Әлімжанов кейіпкерінің тарихи қайраткерлікпен көп қырлы, өрісі кең байланысын «кең көлемде» алуға тырысады. Қаламгердің ақыл-ой, адамгершілік күш-жігерін тарихи мәні мейлінше толық әрі анық көрінетін жағдайларға бағыттап жұмылдыра білген азамат ақынды бейнелеуге ұмтылуы да осыдан.

Бөкей ордасының әлеуметтік шындығы еңбекші бұқараның Жәңгір хан бастаған бай, сұлтандарға жалынышты күйін күшейте түсті. Мұндай жер табандаған кіріптар тәуелділік көшпенділердің рухына сай емес еді. «Қазақ тым еркін ерке халық. Қойшысына дейін аш жүрсе де арын жоймаған. Маңдайымыздың бес батпан соры мен жылтырақ бақыты осыған орай болмасын» [1, 38] – дейді Махамбет, 1825 жылы Даль-Луганскиймен бір әңгімесінде. Бұл – жәбір шеккен қанаудағы халық жорық шеруіне шығу керек деген сөз. Махамбеттің орыс ғалымымен кездесуі өмірде болғанын анық білмесек те, ақынның осылай ойлауы, осы түсінікпен араға он жыл салып, 1836-1838 жылдары халықтық қозғалысқа басшылық етуі әбден табиғи құбылыс екеніне иланамыз.

Романдағы оқиғалар тарихи хронологиялық жүйе бойынша емес, өмірдегідей: бірде авторлық баяндауға сәйкестене, бірде қайталанбас оқшау дара сипатында суреттеледі.

Ә. Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романы жанрлық табиғаты, көркемдік әлемі жағынан ерекше назар аудартады. Бұл роман Махамбет туралы бұрын-соңды жазылған шығармалардың қай-қайсысынан да дара тұр. Жазушы Махамбеттің тағдыр-талайына қатысты, заманына қатысты оқиғалардың мол тобын қамтиды. Қазақ даласы, Ресей патшалығы, Хиуа хандығы арасындағы қарым-қатынасты, оның Махамбет бастаған іске қатысын, Махамбеттің жеке өміріндегі орнын ашып көрсету жазушыдан қыруар еңбекті, іргелі ізденісті талап еткені анық.

Шығарманың оқиғалық арнасы мезгіл жағынан да, кеңістік жағынан да осынша кең болғанымен, жазушы деректің ықпалында кетпейді, өмірдің мол оқиғаларын барынша сығымдап суреттейді. Сөйте тұра автор тарихи оқиғаның мәнін, оның бағасын бірде кейіпкер сөзімен, бірде авторлық ой ағымы арқылы беріп оытрады. Бұл орайда өмір құбылыстарын суреттеуден талдау мен бағалау, эмоциялық, мазмұннан гөрі – рационалдық жүйе, сезім сырынан гөрі ақыл тезі басып түседі. Ә.Әлімжанов романының Махамбет туралы басқа туындылардан айынмашылығы да осында.

«Махамбеттің жебесі» романына тән тағы бір ерекшелік – оның шынайы тарихилығы. Және бұл тарихилық принципі тарихи оқиғаның өмірден орын алған уақыты арасындағы алшақтық, қашықтық сипатында. Махамбеттің өмірі мен заманының шындықтары ақынның өзі тұсында белгілі бір қағидалар тұрғысынан бағаланғаны белгілі. Ал «енді ақынның өмірі мен заманының шындығы ол туралы көркем шығарма жазылған уақыт талаптары тұрғысынан мүлдем басқаша бағаланғанын аңғарамыз. Махамбет өмірі мен заманы туралы тарихи шығармалардың тарихилық принципі негізінде жатқан уақыт алшақтығының ерекшелігі де осы жайлармен байланысты. «Махамбет романда да, өмірде де халықтың осындай асыл мұратының жаршысы ретінде танылады. Мұндай мұрат халықтың жайлы жайлауымен, құтты қонысымен, әділетті, қайырымды ханымен тікелей сабақтасады» [2, 15]. Жайлы жаулауынан, құтты қонысынан ажыраған, ханнан қайыр, әкімінен әділет таппаған халықтың соңғы медеті – өзгеге кеткен осы байлықтарын, өмірінің тірегін күшпен қорғап қалу,

күшпен қайтарып алу. Ә.Әлімжанов романында халықтың да, Махамбеттің де егеулі найза қолға алып, еңку-еңку жер шалып іздейтіні де, сұрайтыны да осы» [3, 59].

Бұл жолда Махамбеттің мұраттас, қарулас бірнеше серіктестерінің бейнесі сомдалған. Қоңырат Жантас, түркімен Балабек, қыпшақ Ноян, қызылқұрт Құрманғазы және басқалар халық мұраты үшін Махамбетпен тізе қосып, хан әскеріне қайыспай қарсы тұрады. Алатқан батырлардың артына ерген қалың қолдың да тұтас суреті алдыңғы қатарға шығады. Осы орайда жазушы Исатай-Махамбет бастаған азаттық күресіне қазақтың үш жүзінің сарбаздары қатысты, көтеріліс жалпы халықтық сипат алды, бүкіл қазақ бас біріктірді деген ойды нығарлай түседі.

Түйіндей айтқанда, Махамбет тұлғасын сомдау арқылы жазушы сол кезеңнің прозасына тың серпін берді, толғақты ой арнасын алып келді. Толғау-өлеңдеріне елдік пен өрлік рухын арқау еткен ақиық ақынның асқақ үнімен қазақ әдебиетін көркемдік дамудың жаңа белесіне көтерді. Осы арқылы Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романында халық өмірі, ұлт тағдыры, ең бастысы бүгінгі күні егемендіктің туын қайта желбіреткен қазақ атты елдің басына өткен қилы-қилы тарихы өткелдері өз бейнесін тапты.

Әдебиеттер тізімі

1 Әлімжанов Ә. Махамбеттің жебесі. Орысшадан аударған Мұратбеков С., 2016.

2 Бадиков В.В. Гонец большой истории // С вечностью – начистоту: очерки современного литературного процесса Казахстана. – Алматы: Алаш, 2014.

3 Әбдезұлы Қ. Ақиық ақынның асқақ рухы немесе қазақ прозасындағы Махамбет бейнесі // Парасат, №9, 2003.

ҒТАМР 16.21.07

ТҮБІР МЕН АТАУ, ІЛІК СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ ТІРКЕСІМІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Г.А. Кукенова

*Ф.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Қолданбалы лингвистикалық үлгілер фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік құбылыстарға сүйеніп жасалады. Фонетикалық құбылыстардың ішінен жасалым (артикуляция) және естілім (перцепция) белгілері есепке алынады. Ал морфологиялық тұрғыдан қосымшалардың дыбыс құрамы мен тіркесім реті ескеріледі.

Түйін сөздер: атау септік, ілік септік, жалғаулар, қолданбалы лингвистика, қазақ сөзінің құрамы.

Қолданбалы лингвистиканың негізгі мақсаты қолғанат қызмет атқару болғандықтан, кез келген тілдік құбылысты осыған орай икемдеп отыруға тура келеді. Қазіргі таңда қолданбалы қазақ лингвистикасының алдында екі міндет тұр. Ол міндеттің біріншісі – әдістемелік құралды компьютерге лайықтау, екіншісі – «қолғанат қондырғылар» жасау және жетілдіру («қолғанат қондырғы» – «оргтехника»). Профессор Ә.Жүнісбековтың айтуынша қазақ тілінің қай деңгейі болмасын (фонетика, лексика, морфология, синтаксис) оның құрамы мен құрылысы компьютер жүйесіне өте ыңғайлы [1].

Қазақ сөзінің құрамынан екі түрлі құбылысты аңғарамыз. Оның бірі – үндесім құбылыс (сингармоническая модификация), екіншісі – үйлесім құбылыс (ассимилятивная модификация) екен. Үндесім түрленім [2] және үйлесім түрленім [3] жайлы толық жазылған еңбектер бар. Екеуі де қазақ тіліне тән – төл құбылыс. Осы екі құбылыстың тұрақтылығы мен нақтылығы соншалық қазақ тілін практикалық мақсатта жұмсауға сенімді тірек болады. Сондай практикалық мақсаттардың бірі – қазақ сөзінің морфологиялық құрамын компьютер т.б. қондырғылардың жадына ықшамдап енгізу, тез жазудың ережелерін ұсыну.


Қолданбалы лингвистикалық зерттеулер, әдетте, орфографиялық емле-ережелерге сүйенеді.

Қолданбалы лингвистика тұрғысынан алғанда жалғамалы тілдердің ең қарапайым тіркесім бөлшегі түбір сөз болып табылады. Одан әрі жалғау қосылған сайын тіркесім бөлшек күрделене береді. Тіркесім бөлшектің алғашқы күрделі сатысы бір ғана жалғаудың қосындысы болып табылады.

Түбір сөз тіркесімінің фонетикалық сипаты анықталғаннан кейін, оған жалғанатын көптік жалғау тіркесімінің фонетикалық сипатын анықтаймыз.

Түбір сөз тіркесімінің соңғы дыбыс/әрпінің фонетикалық сипаты талданған болса, енді оған қосылатын жалғаудың басқы дыбыс/әрпінің фонетикалық сипатын қарастырамыз. Өйткені тіркесім үшін түбір сөздің соңғы дыбыс/әрпі, ал жалғау үшін оның, керісінше, басқы дыбыс/әрпі маңызды. Өйткені іргелес тұратын осы екі фонетикалық бірлік болып табылады.

Атау септік тіркесім бірліктері қарапайым болып табылады. Өйткені ол жалғыз нөлдік варианттан тұрады.




Атау септік жалғауының жазылым тіркесімі түбір сөздің барлық тіркесім тобына ортақ болып шықты.

Сонда атау септік варианттарын біріктіріп тұрған арнайы жалғаудың жоқтығы.

Атау септік тіркесімінің артикуляциялық моделі қарапайым болып табылады (1 – сурет). Атау септік жалғауы нөлдік форма болғандықтан түбір сөздің қандай дыбысқа аяқталғандығының фонетикалық мәні жоқ. Сондықтан дауысты және дауыссыз дыбыстардың жасалымына қатысты дауыс

желбезегінің қатысы, жасалу орны, жасалу тәсілі тәрізді белгілердің бәрі қалыс қалады.


Соның нәтижесінде дауысты дыбыстар (дауыс желбезегінің төртінші деңгейі), үнді тоғысыңқы дауыссыздар (дауыс желбезегінің үшінші деңгейі), үнді жуысыңқы дауыссыздар (дауыс желбезегінің төртінші деңгейі), жуысыңқы ұяң дауыссыздар (дауыс желбезегінің екінші деңгейі), қатаң дауыссыздар (дауыс желбезегінің төртінші деңгейі) бір топқа бірігеді.



Сурет 1. Түбір мен атау септік тіркесімінің артикуляциялық моделі.

Түбір мен ілік септік тіркесімінің фонетикалық сипаты.

Ілік септік те тіркесім бірліктердің күрделілерінің бірі болып табылады. Өйткені ілік септік үш жазылым варианттан тұрады.



Ілік септік жазылым тіркесіміне түбір сөздің бес тіркесім тобы қатысатын болып шықты. Олар өзара үш топқа бірігеді.

Бірінші тіркесім топ – дауыстылар мен тоғысыңқы үнді дауыссыздардың фонетикалық бірлігі. Дауыстылар тіркесім тобының фонетикалық белгісі дауыс шымылдығының толық тербелісі болса, тоғысыңқы үнді дауыссыздар тіркесім тобының фонетикалық белгісі олардың жасалу тәсілі, яғни сөйлеу мүшелерінің тоғысыңқы қалпы болып отыр. Дауыс шымылдығының толық тербелісі мен сөйлеу мүшелерінің тоғысыңқы қалпы бірігіп тіл ұшы, тоғысыңқы *н* тіркесімін талап етіп тұр.


Екінші тіркесім топ – жуысыңқы үнді дауыссыздар мен жуысыңқы ұяң дауыссыздардың фонетикалық бірлігі. Үнді дауыссыздар тобының фонетикалық белгісі олардың жасалу тәсілі, яғни сөйлеу мүшелерінің жуысыңқы қалпы болса, ұяң дауыссыздар тобының фонетикалық белгісі дауыс шымылдығының жартылай тербеліс қалпы болып отыр. Сөйлеу мүшелерінің жуысыңқы қалпы мен дауыс шымылдығының жартылай тербеліс қалпы бірігіп тіл ұшы, тоғысыңқы *д* тіркесімін талап етіп отыр.

Үшінші топ дауыс желбезегінің тербеліссіз (қатаң) қалпы тіл ұшы, тоғысыңқы, тербеліссіз (қатаң) *т* дауыссызын талап етіп тұр.

Сонда ілік септік жалғауының варианттарын біріктіріп тұрған олардың бас дыбыс/әріптерінің жасалу орны, яғни тілі ұшы жасалымы (артикуляциясы) болады. Ал оның алғы шарты:

- бірінші топта – соңғы дыбыстың дауысты және тоғысыңқы дауыссыз;
- екінші топта – соңғы дыбыстың жуысыңқы дауыссыз;
- үшінші топта – соңғы дыбыстың тербеліссіз немесе қатаң болуы.

Ілік септік жалғауларының дыбыс құрамы қазақ тіліндегі қосымшалардың тіркесім топтарының құбылып отыратындығын көрсетеді (2-сурет).



Сурет 2. Түбір сөз бен ілік септік тіркесімінің артикуляциялық моделі.

Көптік жалғауда дауыстылар мен үнді жуысыңқы дауыссыздар бір топ құраған болса, ілік септікте дауыстылар мен үнді тоғысыңқы дауыссыздар бірігіп кеткен. Мұның өзі қосымшалардың тіркесім алгоритмін жасаудың фонетикалық бірыңғай ретін табудың қиындығын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1980.
- 2 Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009.
- 3 Жүнісбек Ар. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық моделі. – Алматы: Арыс, 2005.
- 4 Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
- 5 Строй казахского языка. Фонетика. – Алматы, 1991.

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКА**

СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ И ЭКОНОМИКА

SOCIAL SCIENCES AND ECONOMICS

ҒТАМР 82.13.01

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

А.Ә. Әлімжан

Магистрант, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана қ.

«Ақпарат» сөзі қазіргі уақытта қоғам арасында өте кең таралды. Ақпаратты объективті әлемнің маңызды қасиеті ретінде түсіну ақпарат теориясының қалыптасуы мен дамуына әкеліп соқты. Қоғамның дамуының жетекші факторына ақпарат бөлумен сипатталатын өркениеттің ауысуы бүгінде ешкімде күмән тудырмайды. Технологияның ақпараттық түрін дамыту нәтижесінде пайда болатын ақпараттық қоғамды әлеуметтік ұйымдастырудың жаңа формасының белгілері дамып келеді. Өндіріс пен басқаруды жаңа түрі қалыптастырылуда. Айта келе, қоғамды және оның жеке ішкі жүйелерін басқарудың процесстерінде ақпараттың рөлін түсіну ХХІ ғасырда әлеуметтік маңызды қадам болып табылады.

Түйін сөздер: ақпараттық технологиялар, мемлекеттік басқару, ақпарат алу.

Көптеген Европа, Азия мемлекеттерінде азаматтық басқару, үкіметтердің ашықтығы, халыққа есеп беру, азаматтарды мемлекеттік басқару процестеріне тарту және демократиялық заманауи басқарудың мүмкіндіктерін жүзеге асыруға әсер ететін жаңа технологияларды енгізуде. Бюджет қаражатын бөлу және шығыстар туралы мәліметтер, еңбек өнімділігі туралы деректер, сот рәсімдері, сондай-ақ мемлекеттік құрылымдар құрған және оларда сақталатын басқа да ресми құжаттар енді қоғамға интернет ресурстары арқылы қол жетімді. Заманауи технологиялар мемлекеттік органдарға қоғамдық хабарламалар жасауға және өтініш беру сияқты әртүрлі процедураларды бақылауға көмектеседі. Заманауи технологиялық шешімдердің көмегімен адамдар өз ұсыныстары мен шағымдарын жібере алады. Азаматтар мен коммерциялық ұйымдардың негізсіз ережелер мен рәсімдерді енгізу туралы өтініш жасауға көбірек мүмкіндіктері бар. Мұндай өтініштер туралы деректердің болуы қателер мен бұзушылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Интернет арқылы өтетін ақпараттық ағындар билікті азаматтарға жақындатады. Бұл ретте басқару

процестері дәстүрлі өзара әрекеттесу әдістеріне қарағанда формальды емес және диалогқа бағытталған болады.

Өз кезегінде, Электронды қатысу құралдарының көмегімен адамдар жергілікті өзін-өзі басқаруға белсенді қатыса алады. Олар іске асырылатын міндеттер мен көзқарастарды жақсы түсінуге мүмкіндік алады, олардың осы процестерге қосқан үлесі толық болады және олар өмір сүру жағдайларының даму бағыты мен сипатына әсер ете алады. Әлемдік ақпараттың даму кезеңінде қоғамдағы субъектілерінің арасындағы технологиялық және құқықтық өзара әрекеттесу проблемалары өсіп келеді.

Құқықтық-демократиялық мемлекеттің қалыптасуы, сондай-ақ елдің істерін басқарудың демократиялық және тиімді басқару жүйесін құрудың, білім, мәдениет деңгейін арттырудың және дамытудың міндетті шарттары ғылыми-техникалық прогрестің ең жоғары талаптарына сәйкес келетін қоғамның ақпараттық-демократиялық әлеуеті болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жалпы адамзаттың дамуына өзінің тікелей әсерін тигізеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мемлекет пен қоғам арасындағы тікелей немесе кері байланыстарды кеңейтетіндіктен, адамның құқықтық қорғалу деңгейі ақпараттық-коммуникациялық жағдайына байланысты болып табылады.

Азаматтардың жалпы мемлекеттік басқаруға қатысуын деңгейін кеңейту, биліктегі барлық тармақтардың қызметінде бақылауды күшейту, мемлекеттік шешімдерді қабылдау процесіне азаматтарды жоғарғы деңгейде қатыстыру, азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызды шарттары болып табылады. Қоғамдық бақылау қызметінің айқындаушы шарты, мемлекеттік билік органдарының ашықтығы болып табылады, себебі олардың атқарылған қызметі бойынша ақпарат жұртшылықтың талдауы мен бағалауының әсері керек.

Ақпарат алу мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттырудың жолы болып табылады, сондықтан да мемлекет азаматтардың электрондық байланыс құралдары арқылы, заң бойынша жалпыға қолжетімді, барлық құжаттарға жүйелі түрде қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мемлекеттік реттеу барлық деңгейде өз тиімділігін арттырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Қазір информатиканың, радиоэлектрониканың, байланыс, компьютерлік және телекоммуникациялық техниканың соңғы жетістіктерін қолданбай мемлекеттік басқаруды тиімді жүзеге асыру мүмкін емес екеніне ешкім күмән келтірмейді.

Ақпараттық басқару саласына ақпараттық технологияларды енгізу процесінің нақты құқықтық негіздемесі болуы және белгілі бір әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізуге бағынуы қажет екені барған сайын айқын болуда.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялар басқару қызметінің дербес саласы және мақсаты болып табылмайды, олар тек деректерді өңдеу мен тарату құралы ретінде ұғынылады және пайдаланады.

Мемлекеттік басқару саласына енгізілген ақпараттық технологиялардың тиімділігі олардың негізгі қызметтің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестік

дәрежесімен анықталуы тиіс. Бұл ақпараттық технологияларды енгізу идеясы мен стратегиясын басқару қызметін жетілдірудегі функцияларының мазмұнына сәйкес биліктің жоғары лауазымды тұлғалары анықтауы керек дегенді білдіреді.

Ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты, мемлекетте басқару процестерін дамыту қажеттіліктерінің айтарлықтай жаңартылып жатқандығымен анықталады. Сонымен қатар, қоғамдағы ақпараттық қатынастарды нормативтік қамтамасыз етуді дамыту және ақпараттық технологияларды пайдалануды, құқықтық реттеуді жетілдіру қажеттілігі құқықтық реформа жағдайында басқару тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Өкінішке орай, қазіргі таңда Қазақстанда ақпараттық ресурсты дамыту, пайдалану және сақтау тиісті органдар жүйесінде толықтай қамтамасыз етілмеген. Бұл ретте олардың ақпараттық қажеттіліктерін толық болмауына тікелей әсерін тигізеді.

Бұл бағыт азаматтардың мемлекеттік және стратегиялық бағдарламаларды іске асыруға, оларға қатысуға орасан зор мүмкіндік береді. Зерттеуде әрбір мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығы деңгейіне баға беріледі. Қазақстан Республикасында ақпараттық технологиялар саласында құқықтық, саяси, тұжырымдамалық және консультативтік құжаттар қабылданып, әрекет етуде.

«Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын («Қазақстанның киберқалқаны») бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысы».

Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы («Қазақстанның киберқалқаны») (бұдан әрі – тұжырымдама) Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауына сәйкес әзірленген. «Қазақстан-2050» стратегиясының Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру тәсілдері.

Тұжырымдама мемлекеттік органдарды ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру саласындағы ағымдағы жағдайды бағалауға, «цифрлық» экономиканы дамытудың перспективаларына және өнеркәсіптегі өндірістік процестерді технологиялық жаңғыртуға, ақпараттың, байланыс қызметтері аясын кеңейтуге негізделген. «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы No 418 Заңы».

Заң мемлекеттік органдар мен халықтың өзара іс-қимылы, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру, ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін, сондай-ақ байланыс операторларының сапасыз қызметтерді көрсеткені үшін жауапкершілігін реттейді.

Ол ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік заңды тұлғалардың, мемлекеттік сектор, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланған немесе мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды

қалыптастыруға арналған мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің меншік иелері, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің меншік иелері мен меншік иелері, квази-мемлекеттік қызмет субъектілерінің қолдануы үшін міндетті болып табылатын ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың ережелерін біріктіреді.

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94 Заңы».

Аталған заң мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды және жеке тұлғалар автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып, оның ішінде ақпараттық және телекоммуникациялық желілерде немесе мұндай құралдарды пайдаланбай жүзеге асыратын дербес деректерді өңдеуге байланысты қатынастарды реттейді.

«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370 Заңы».

«Заң электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы куәландырылған, құқықтық қатынастардың орнатылуын, өзгертілуін немесе тоқтатылуын көздейтін электрондық құжаттарды жасау және пайдалану кезінде туындайтын қатынастарды, сондай-ақ азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауды қоса алғанда, құқықтық қатынастарға қатысушылардың электрондық құжаттар айналымы саласында туындайтын құқықтары мен міндеттерін реттеуге бағытталған».

«Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі №567 Заңы.

Заң ережелері Қазақстан Республикасының аумағындағы байланыс саласындағы қызметтің құқықтық негіздерін белгілейді, мемлекеттік органдардың осы қызметті реттеу жөніндегі өкілеттіктерін, байланыс қызметтерін ұсынатын немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Әдебиеттер тізімі

1 «Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын («Қазақстанның киберқалқаны») бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысы.

2 «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418 Заңы.

3 «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94 Заңы.

4 «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370 Заңы.

5 «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі №567 Заңы.

ҒТАМР 04.61

«Z» ҰРПАҚТЫҢ ЖАҢА СИНТЕТИКАЛЫҚ ПСИХОТРОП ЗАТТАРҒА (ЖСПЗ) ҚАТЫНАСЫ: ӘДЕБИ ШОЛУ

А.Е. Мұхамедиев

Докторант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Синтетикалық психотроп заттар немесе синтетикалық есірткілер мәселесі онлайн-нарықтың тез дамуы мен оның шектеусіз сипатына байланысты маңызды бола түсуде. Бұл мәселеге баса назар аудару Зумерлер деп аталатын «Z» ұрпақ (Generation Z) өкілдері – жастардың ЖСПЗ-ға қызығушылығы пен қолдануының артуына байланысты бүгінде күн тәртібінде тұр. Зерттеудің мақсаты – жасөспірімдердің есірткі қолдануы және «Z» ұрпақтың ЖСПЗ-ға қатынасы туралы ғылыми зерттеулерге әдеби шолу жасау. Зерттеу әдісі – эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерін талдау үшін біріктіруге мүмкіндік беретін әдеби шолу. Зерттеу нәтижелері: «Z» ұрпақтың психотропты заттарды қолдану себептері, мотивациясы және хабардарлығына қатысты зерттеулердің көп; ЖСПЗ-ға деген нақты қатынасқа негізделген зерттеулердің аз көлемде екені; бұл мәселені зерттеуген зерттеудегі шектеулер анықталып талданды.

Түйін сөздер: Жастар, «Z» ұрпақ, ЖСПЗ, жаңа есірткілер, әдеби шолу.

Жаңа синтетикалық психотроп заттар (ЖСПЗ) – танымал синтетикалық есірткі түрлері, қолданғаннан кейін адамның көңіл-күйін, мінез-құлқын, қабылдау мен танымдық қабілетін өзгертіп, тәуелділікті күшейтеді. М.Ерғабылов (2018) психотропты заттардың ең проблемалық түрі ЖСПЗ және бұл жердегі негізгі проблема – олардың денсаулыққа нақты әсерін анықтауда, себебі ЖСПЗ-ны ұзақ уақыт тұтынғанда салдары қандай болатыны жөнінде ақпараттың аздығы екендігін келтіреді. Бұл есірткі түрі қолжетімді. ЖСПЗ-ның жастар арасында танымалдылығына негізгі себепші факторлар – оның болжамды заңдылығы мен денсаулыққа қауіптілігі төмен деген түсінік және төмен бағасы.

Қазақстанда 2013-2016 жылдар аралығында Орталық Азияның басқа елдерімен салыстырғанда ЖСПЗ саны көп тіркелген (UNODC, 2017). Қазақстанда 18,5 мыңнан астам нашақор есепте тұр және бұлардың көпшілігі – синтетикалық нашақорлар (МК-KZ, 2022). Бұл тек ресми түрде берілген сандық ақпарат екенін нақтылай кеткен жөн. Қазақстанда 2016-2020 жылдар

аралығында ЖСПЗ-ға тәуелді адамдардың саны 60 есеге өскен (UNODC, 2021). Президент Қ. Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында синтетикалық есірткіні қолданудың артуы ұлт денсаулығына үлкен қауіп төндіретінін және есірткі тасымалының геометриялық прогрессияда артқанын атап өтті: «Динамика күрт теріс: соңғы үш жылда айналымнан алынатын «синтетика» көлемі 10 есе өсті. Синтетикалық есірткі жыл сайын арзан әрі қолжетімді болуда. Олар әлеуметтік желілер, мессенджерлер арқылы еш кедергісіз сатылып, тіпті үйге жеткізіледі. Сондықтан нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспар әзірлеу қажет» (Жолдау, 2022). Синтетикалық есіркілерді қолданатын негізгі контингент, психиатр-нарколог Б.Нұрғалиевтің айтуынша, 16-25 жас аралығындағы жастар. Сондай-ақ Б.Нұрғалиев ЖСПЗ қолдану субмиссивті-мәдени бағыт алғанын атап өтеді (Соль, 2022). Субмиссивті – мәдени форма қоғамдағы қалыптасқан «мәдениет» ретінде қарастырылады.

Қазіргі сандық сана үстемдік құрып тұрған қоғамда экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрақтылыққа қалай қол жеткізуге болатыны туралы айтылғанда «Z» ұрпақ деп аталатын XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында дүниеге келген ұрпақ ерекше назар аудартады. Csobanka (2016) «Z» ұрпағының анықтамасы бар екендігін («миллениалдар», «сандық аборигендер», «Facebook ұрпағы», «коммутаторлар») және олардың 14-25 жас аралығындағы жастар екендігін атап өтеді. Сондай ақ «бұл ұрпақ өзінің жастық шағы мен ересек жылдарын экономикалық және әлеуметтік жаңару дәуірінде өткізеді» деген де пікір бар (Sidorcuka & Chesnovicka, 2017). «Z» ұрпағы Қазақстандағы алғашқы глокальды ұрпақ, олардың қалыптасу тарихы әлемнің дамыған елдеріндегі қалыптасумен ұқсас келеді.

Жоғарыда «Z» ұрпақ пен ЖСПЗ-ға қысқаша түсініктеме берілген болатын. Енді қатынас (attitude) сөзіне тоқтала кетсек. Қатынас – нақтылануы қиын абстрактылы ұғым және қатынастың қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтау оңай емес. Smith and Mackie (2000) дәстүрлі модельдер қатынастың үш компонентін сипаттайтынын: когнитивті, аффективті және мінез-құлық компоненттері, нақтылаған. Когнитивті адамның белгілі бір объектіге немесе мәселеге қатысты ұстанатын фактілері мен нанымдарын білдіреді. Нанымдар әрқашан теңдестірілген көзқарасқа негізделмейді; маңызды басқа адамдардың пікірлері және жалпы қоғамның әсері олардың қалыптасуында маңызды фактор болуы мүмкін. Екінші компонент аффективті, мұнда адам объектіге оң немесе теріс эмоцияны бағыттайды. Мінез-құлық компоненттері жиі өлшеніп, қатынастың сыртқы көрінісі ретінде қарастырылады, бірақ қатынасты мінез-құлықпен тікелей байланыстыру тым қарапайым тәсіл болар еді, өйткені кез келген жағдайдағы мінез-құлыққа көптеген факторлар әсер етеді.

Жастардың ЖСПЗ-ға қатынасына қатысты академиялық базалардағы ғылыми мақала, зерттеулер және диссертацияларды зерделеу барысында бұл тақырыпқа қатысты зерттеулердің аз көлемде екені анықталды. Harling & Turner (2012) Ұлыбритания мысалында медицина саласы студенттердің заңсыз

есірткіге деген қатынасын зерттейтін зерттеулердің жалпы жетіспейтіндігін, тіпті халықаралық тұрғыдан алғанда осындай зерттеулерге баламалы назар аударатын зерттеулер санының аз екендігін айтса, Yılmaz & Kaylı (2020) ЖСПЗ қолданатын адамдарға деген қатынасқа әсер ететін факторларды анықтауға бағытталған (n=396) зерттеуінде де ғылыми әдебиеттерде ЖСПЗ қолданатын адамдарға қатысты қатынас пен мінез-құлыққа әсер ететін факторларды бағалайтын зерттеулер өте аз екендігін, осы себепті алынған кейбір деректерді салыстыруда қиындықтар туындайтынын келтіреді. ЖСПЗ-ға жастардың (оқушылар мен студенттер) қатынасына байланысты зерттеулер медицина (фармацевтика, терапия) (Harling & Turner, 2012; Dastmardi et al., 2021), психология және психиатрия (Nebhinani et al., 2013; Pawlowska et al., 2014) салаларында көп жүргізіліп, сәйкесінше әлеуметтік білімдер саласында зерттеулер өте аз (Aksoy, 2006;) деп айтуға болады. Сондай-ақ ғылыми зерттеулер ЖСПЗ-ға деген нақты жастардың қатынасына емес, ЖСПЗ қолданатын адамдарға деген қатынасына, ЖСПЗ туралы хабардарлығына және ЖСПЗ қолдану себептері мен мотивацияларға (Masibo et al., 2013; Martinotti et al. 2015; Soussan & Kjellgren, 2016; Soussan, 2018; Benschop et al., 2020) негізделіп жүргізілген. Мысалы, Masibo et al. (2013) орта мектеп оқушыларының (n=402) психотроптық заттар туралы хабардарлығын зерттегенде, ЖСПЗ жөнінде олардың әсерлері және қолданумен байланысты проблемалар туралы хабардар екенін анықтады. Зерттеуде психотроптық заттар мен олардың әсерлері туралы хабардарлыққа ата-ана, туыс-бауыр, БАҚ және мұғалімдерден алынған психотроптық заттарды қолданудың қауіптілігі туралы ақпараттың болуы себепші болған. Martinotti et al. (2015) зерттеуінің (n=3011) нәтижесі – іріктеменің жартысынан астамы ЖСПЗ туралы хабардар екенін мәлімдесе, қалалық жердегілер жоғары хабардарлық деңгейін көрсеткен. Қалалық жерлерде ЖСПЗ туралы хабардарлықтың жоғары деңгейі көше барлары, дискотекалар және түнгі клубтар сияқты ойын-сауық орындарына барудың кең мүмкіндіктеріне байланысты болуы мүмкін. Soussan & Kjellgren (2016) ЖСПЗ қолданушылардың мотиві мен қатынасына қарай синтетикалық есірткі заттар тобына кіретін есірткілердің ләззат алуға ынталандыруды қамтитын, алайда одан да асып түсетін арнайы профильдері бар екенін атап өтеді. Респонденттер галлюциногендер басқа ЖСПЗ-ға қарағанда едәуір төмен тәуелді қылатын потенциалға ие деп санайды. Стимуляторлар ақыл-ой мен физикалық қабілеттердің жоғарылату үшін қолданылады. Диссоциативтерді өзін-өзі тану немесе рухани мақсаттар үшін қолдану басқа ЖСПЗ-мен салыстырғанда едәуір жоғары болды. Синтетикалық каннабиноидтарды қолданудың негізгі мотивациясы – ләззат алу, содан кейін баға, құқықтық мәртебе, қолжетімділік және скринингтік тексерулерде анықталмауы. Soussan (2018) зерттеуінде ЖСПЗ-ны табиғи құмарлық пен спонтандық қызығушылық, жаңа және қызықты оқиғалар туындауына жағдай жасау, өзін-өзі тексеру мен жеке қабілеттерін дамыту үшін қолданатыны белгілі болды. Сондай-ақ, ЖСПЗ-ны қиындықтарды жеңу және қарым-қатынасты жақсарту үшін де қолданған (Soussan, 2018). Benschop et al. (2020) Еуропалық Одаққа мүше 6 елді қамтыған,

демографиялық көрсеткіштер, мотивтер және қолданылатын ЖСПЗ түрлері бағаланған, ЖСПЗ қолданушылардың үш кіші тобына ($n = 3023$) (әлеуметтік маргиналдар, «түнгі өмір» белсенділері (nightlife attendees) және онлайн қауымдастық мүшелері) жүргізілген зерттеуі мынадай мотивтерді анықтады: қиындықтарды жеңу, арттыру (сезімдерді), әлеуметтік, конформистік және мүмкіндіктерді кеңейту. Маргиналдар ЖСПЗ қолдануға себепші фактор – қиындықтарды жеңу және конформизм десе, «түнгі өмір» белсенділері әлеуметтік мотивтерді, ал онлайн қауымдастық мүшелері мүмкіндіктерді кеңейтуді көрсеткен.

Енді жастардың ЖСПЗ-ға деген қатынасын зерттеген зерттеулерге шолу жасасақ. Aksoy (2006) зерттеуінің ($n=745$) қорытындысы бойынша оқушылардың тәуелділік тудыратын заттарға, соның ішінде ЖСПЗ-ға деген қатынасы теріс болып шықты. Сондай-ақ жынысы, жасы және білім деңгейі бойынша жоғары сынып оқушыларының ЖСПЗ-ға қатынасында айтарлықтай айырмашылықтар байқалды. Aggarwal et al. (2012) мейірбике-студенттер ($n=200$) арасында жүргізілген зерттеуде есірткі қолдануға жалпы теріс қатынастың болғанын анықтаған. Әсіресе бұрын психиатриялық және тәуелділікке қарсы қызметтерде тәжірибеден өткен мейірбике студенттер ЖСПЗ қолдануға теріс көзқарас ұстанғаны белгілі болды. Tansel (2017) зерттеуінде орта мектеп оқушыларының ($n=948$) ЖСПЗ-ға қатынасы олардың жынысына байланысты айырмашылық көрсетпеген. Алайда оқушылардың ЖСПЗ-ға қатынасы жас тобы, оқу үлгерімін бағалау, болжамды үлгерім мәртебесі және ЖСПЗ қолдану себебіне байланысты өзгергенін анықтаған. Yılmaz & Kaylı (2020) жүргізген зерттеу ($n=396$) ЖСПЗ қолданатын адамдарға қатынаста жыныстың маңызды фактор емес екенін анықтаумен қатар, егер отбасыда нашар болса, ер адамдар әйелдерге қарағанда көбірек ұялатынын, ал әйелдердің ЖСПЗ қолданушылардан қорқатындығын және ондай адамдарды қажетті медициналық мекемелерге барынша жыдам апаруға тырысатынын көрсетті. Ал Ganji Gargari (2015) зерттеуінде ЖСПЗ-ға ер адамдардың теріс қатынасы әйел адамдарға қарағанда жоғары екендігін анықтаған.

Ғылыми әдебиеттегі зерттеулердің әдіснамасындағы шектеулер (limitations) туралы айтатын болсақ, зерттеушілердің бір бөлігі (Soussan & Kjellgren, 2016; Venschop et al., 2020) онлайн-сауалнамалар арқылы жүргізілген зерттеу нәтижелерінде біржақтылық немесе бұрмалаудың болу мүмкіндігі жоғары екендігін, сонымен қатар деректерді онлайн режимде жинау мақсатқа жетуде қиындықтар тудыратынын айтады. Venschop et al. (2020) іріктемелердің көпшілігі негізінен ер респонденттерден құралғанын, ЖСПЗ қолдану мотивациясындағы әлеуетті гендерлік айырмашылықтарды дұрыс зерттеу үшін болашақ зерттеулерде гендерлік бөлуге қатысты неғұрлым теңдестірілген іріктемелерге жүгіну керектігін нақтылайды. Masibo et al. (2013) ЖСПЗ қатысты жан-жақты зерттеулер қажет екендігін, триангуляцияға (бір құбылысты зерттеуде бірнеше зерттеу әдістерін қолдану және біріктіру) баса назар аудара отырып зерттеулер жүзеге асырылғаны дұрыс деген пікірді ұсынады. Palamar, Acosta & Cleland (2017) зерттеулерде көлденең сауалнама

(cross-sectional study) әдісін қолдану шектеулерге әкелетінін айтады. Nebhinani et al. (2013) зерттеуіндегі басты шектеу деп ЖСПЗ туралы білім мен оған деген қатынасты анықтайтын зерттеу құралының стандартталмауын келтіреді.

Қорытынды. Мақалада жастардың ЖСПЗ-ға қатынасына, қолдану себептері, мотивациясы және хабардарлығына байланысты жүргізілген зерттеулерге әдеби шолу жасалды. Шолу нәтижесінде «Z» ұрпақтың психотропты заттарды қолдану себептері, мотивациясы және хабардарлығына қатысты зерттеулер ЖСПЗ-ға деген нақты қатынасқа негізделген зерттеулерге қарағанда көп екендігі, әлеуметтану алаңында жалпы ЖСПЗ-ға деген қатынасқа байланысты ғылыми зерттеулердің жоқ екені белгілі болды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда ЖСПЗ алғаш қолданатын жас мөлшерінің айтарлықтай төмендегені, сәйкесінше ЖСПЗ қолданатын адамдар контингентінің «жасаруы» орын алуда. ЖСПЗ қолдануда гендерлік айырмашылықтар жойылып, синтетикалық заттар жастар арасында кең танымалдыққа жеткен. Осының барлығы жастар арасында девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына әкеліп соғады, әлеуметтену, қалыптасқан қоғамдық байланыстар бұзылады, мінез-құлықтағы агрессия күшейіп, қылмысқа қызығушылық артады. Осыған байланысты, жастардың әртүрлі өңірлерде, ЖСПЗ-ға деген қатынасын зерттеу өзекті болып табылады. Осы уақытқа дейін Қазақстанда жастардың ЖСПЗ-ға қатынасына қатысты, жалпы ЖСПЗ тақырыбында талдау, анықтау және салыстырмаға негізделген ғылыми зерттеулер жүргізілмеген. Жастардың ЖСПЗ-ға қатынасын анықтау қоғамдағы күрделі мәселемен күресу кезеңдерінің алғышарты деп атауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1 Ергабылов М.Б. (2018). Новые виды психоактивных веществ. Синтетические наркотики // Вестник КазНМУ. – № 3. – Б. 50-54.

2 УПН ООН. (2017). Оценка ситуации с синтетическими наркотиками в Центральной Азии. Отчет Глобальной программы SMART [Электрондық ресурс]. URL: UNODC_NPS_Report_Central_Asia_November_2017-R.pdf.

3 МК-KZ.kz. (2018) [Электрондық ресурс]. URL: <https://mk-kz.kz/social/2018/11/16/90-sinteticheskikh-narkotikov-rasprostranyayut-cherez-socseti.html>.

4 UNODC. (2021). UNODC presents the concept of the survey of Kazakhstan's high-risk drug use. [Электрондық ресурс]. URL: UNODC presents the concept of survey of Kazakhstan's high-risk drug use.

5 Akorda.kz. (2022). Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakhstan-halkyna-zholdauy-1622340>.

6 Соль (деректі фильм. (2022) [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=BkiZIHRSdGA>.

7 Csobanka Z. E. (2016). The Z generation. *Acta Technologica Dubnicae* vol. 6, no 2, pp.63-72. DOI: 10.1515/atd-2016-0012.

8 Sidorcuka I., Chesnovicka A. (2017). Methods of attraction and retention of generation Z staff. *CBU International Conference Proceedings*, №5. – p.807-815. DOI: 10.12955/cbup.v5.1030.

9 Smith E., Mackie D. (2000). *Social Psychology*, 2nd Edn. Psychology Press, Hove.

10 Harling M., Turner W. (2012). Student nurses' attitudes to illicit drugs: a grounded theory study. *Nurse Education Today*. 2012 Apr. 32(3):235-40. doi: 10.1016/j.nedt.2011.05.002.

11 Ganji Gargari S. (2015). Dokuz Eylül Üniversitesi'nde Öğrenim Gören Üç Farklı Fakülte Öğrencilerinin Alkol ve Madde Bağımlılığına Yönelik Damgalamaları. Ege Üniversitesi Sağlık Bilimleri Enstitüsü, Yüksek Lisans Tezi (Danışman: Prof. Dr. Yusuf Alper), İzmir.

12 Yılmaz D., Kaylı D. (2020). Toplumun Bağımlılık Yapıcı Madde Kullanan Bireylere Yönelik Tutum ve Davranışları: Manisa İli Örneği. *Celal Bayar Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi*. DOI:10.18026/cbayarsos.680195.

13 Aksoy K. (2006). Lise öğrencilerinin bağımlılık yapan maddelere ilişkin tutumları ve bu tutumlara etki eden değişkenlerin incelenmesi (Malatya ili örneği). Yüksek lisans tezi. Sosyal Bilimler Enstitüsü, İnönü Üniversitesi. Malatya, Turkey.

14 Dastmardi et al. (2021). A survey of medical students' attitudes and practices towards narcotics and psychotropic drugs. *Journal of Current Biomedical Reports jcbior.com* Volume 2, Number 3.

15 Nebhinani et al. (2013). Knowledge & attitude towards drug use in school students. *Indian Journal of Social Psychiatry* 29. – 114-118 p.

16. Martinotti et al. (2015). Novel psychoactive substances: use and knowledge among adolescents and young adults in urban and rural areas. *Hum. Psychopharmacol Clin Exp* 2015; no 30, pp.295–301.

17 Pawłowska et al. (2014). Psychoactive substances use experience and addiction or risk of addiction among by Polish adolescents living in rural and urban areas. *Annals of Agricultural and Environmental Medicine*, vol. 21, №4. – p.776-782.

18 Soussan C., Kjellgren A. (2016). The users of Novel Psychoactive Substances: Online survey about their characteristics, attitudes and motivations. *International Journal of Drug Policy*, no 32 (2016). – p.77-84.

19 Soussan C. (2018). Novel Psychoactive Substances Experienced effects, attitudes, and motivations among online drug community users. (Doctoral thesis). Faculty of Arts and Social Sciences Department of Social and Psychological Studies, Karlstad University. SE-651 88 Karlstad, Sweden.

20. Masibo et al. (2013). An assessment of knowledge, attitudes and practices of psychoactive substance use among secondary school students in Dodoma Municipality, Tanzania

21 Benschop et al. (2020). Why do people use new psychoactive substances? Development of a new measurement tool in six European countries. *Journal of Psychopharmacology* 34(6). DOI: 10.1177/0269881120904951.

22 Tansel B. (2017). Lise Öğrencilerinin Bağımlılık Yapıcı Maddelere Yönelik Tutumlarının İncelenmesi, Hitit Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi, Yıl 10, Sayı 2, Aralık 2017. – s.1453-1472.

23 Aggarwal et al. (2012). Attitude of Nursing Students Towards Psychoactive Substance Use: Does Training Matter?International Journal of Nursing Education. July-Dec., 2012, Vol. 4, No. 2.

24 Joseph J. Palamar, Patricia Acosta & Charles M. Cleland. (2017). Attitudes and Beliefs About New Psychoactive Substance Use Among Electronic Dance Music Party Attendees. Substance Use & Misuse 53(4). – 1-10 p. DOI: 10.1080/10826084.2017.1327980.

SRSTI 04.11.21

THE IMAGE OF MASCULINITY AND FEMINITY IN MODERN SOCIETY

Zh. Apakasheva

Master student, Karaganda Buketov University, Karaganda

The article is devoted to the study of gender features in the modern world. A gender role is represented by the image of masculinity and femininity and it plays a great role in a social construct. The reason for the problems that often arise in the process of communications, interaction and reflects in national worldviews as the stereotypical idea.

Key words: society, gender, femininity, masculinity, individualism.

In modern society, the concepts of masculinity and femininity have evolved to encompass a wider range of behaviors and attributes than in the past. However, there are still certain expectations and stereotypes attached to these gender roles that persist and can have negative effects on individuals and society as a whole.

Masculinity and femininity are two concepts that have long been associated with gender and societal roles. In modern society, the image of masculinity and femininity is changing, with a greater emphasis on individualism and the breaking down of traditional gender norms.

Traditionally, masculinity has been associated with qualities such as strength, dominance, and aggression. These ideas have been reinforced by media, advertising, and cultural norms, leading to a narrow and limiting view of what it means to be a man or a woman. Men were expected to be providers, protectors, and leaders. Femininity, on the other hand, was associated with qualities such as nurturing, emotional sensitivity, and submissiveness. Women were expected to be caregivers, homemakers, and supportive partners.

In recent years, there has been a growing recognition that gender is a social construct rather than a biological fact, and that people can express their gender in a variety of ways. This has led to a greater acceptance of gender non-conforming individuals and a rejection of rigid gender roles.

However, as society has evolved, so too has the definition of masculinity and femininity. The rise of feminism and the LGBTQ+ rights movement has led to a greater acceptance and celebration of diverse gender identities and expressions. This has challenged traditional gender roles and stereotypes, leading to a greater emphasis on individualism and personal expression.

Nowadays, the image of masculinity and femininity is becoming more fluid and inclusive. Men are no longer expected to conform to traditional masculine roles and behaviors, and women are no longer expected to conform to traditional feminine roles and behaviors. Instead, individuals are encouraged to embrace their unique identities and express themselves authentically, regardless of gender.

However, this shift towards a more inclusive and diverse society has not been without its challenges. Many individuals, particularly men, have struggled to adapt to these changing societal norms. There is a sense of loss and confusion as traditional roles and expectations are dismantled, and new expectations are yet to be fully established.

Furthermore, there is a growing concern that the rejection of traditional gender roles and stereotypes may lead to a loss of masculine and feminine identities altogether. Some argue that a lack of clear gender roles and expectations may lead to a loss of identity and purpose, particularly for men who have traditionally defined themselves through their work and family roles. Men who feel the need to constantly prove their masculinity may engage in risky or violent behavior, while women who are confined to traditional roles may have limited opportunities for personal and professional growth.

Despite these challenges, the evolving image of masculinity and femininity in modern society presents an opportunity for individuals to embrace their unique identities and express themselves authentically. It is important for society to continue to support and encourage individuals to explore their gender identities and expressions, while also providing support for those who may struggle with these changes. This can include showcasing men who are nurturing and emotional, as well as women who are strong and independent. It is also important to challenge gender-based discrimination and bias in the workplace, education, and other areas of society.

In conclusion, the image of masculinity and femininity in modern society is changing, with a greater emphasis on individualism and personal expression. While these changes present challenges, they also present an opportunity for individuals to embrace their unique identities and express themselves authentically. It is important for society to continue to support and encourage these changes, while also providing support for those who may struggle with them. By breaking down rigid gender roles and stereotypes, we can create a world in which individuals are free to express themselves in their own unique ways, regardless of gender.

References

1 Adler R.B., Elmhorst J.M. *Communication at Work: Principles and Practices for Business and the Professions* (sixth edition). – McGraw-Hill College, 1999.

2 Маслова В. К вопросу о мужском и женском языках и о вербальном поведении мужчины и женщины // *Женщина. Образование. Демократия*. 2-я международная междисциплинарная научно-практическая конференция 3-4 декабря 1999 г.

3 Кирилина А.В. Гендерные исследования в лингвистических дисциплинах // Гендер и язык. Московский гос. лингвистический ун-т. Лаборатория гендерных исследований. – М.: Языки славянской культуры, 2005. – С. 7-30.

ҒТАМР 06.71.01

АЙМАҚТЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Э.З. Керимкулова

Магистр, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында ауыл шаруашылығын дамытудың ортақ мақсаты еңбек өнімділігі мен экспортты 2,5 есеге арттыру болып табылатынын атап өтті. Қазақстан ауыл шаруашылығында таяудағы бес жылда нақты серпіліс жасауға мүмкіндік беретін ауыл шаруашылығы әлеуетіне ие. Ол үшін бірінші кезекте агроөнеркәсіптік кешенге инвестициялар тарту жөніндегі жұмысты жолға қою қажет.

Қазіргі экономикалық жағдайда экономиканың әртүрлі салаларының сәтті жұмыс істеуі инвестициялық және инновациялық қызметке негізделген динамикалық даму негізінде ғана мүмкін болады. Экономиканың тиімді жұмыс істеуіне негізгі кедергі инвестициялар үшін жеткілікті жағдайлардың болмауы болып табылады, оны пайдалану тауарлар мен қызметтерді өндірудің бәсекеге қабілеттілігін, оның инновациялық дамуын, Қазақстанның экономикалық және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек.

Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеуді жетілдіру маңызды мәселе болып табылады, оның шешімі инвестициялық ресурстарды тиімді пайдалануды және өңірдің аграрлық секторының орнықты және серпінді дамуын айқындайды.

Түйін сөздер: ауыл шаруашылығы, инвестиция, мемлекеттік қолдау, инновация, инвестициялық процесс, агроөнеркәсіп.

Мемлекеттік реттеу объектісі ретінде «инвестициялық қызмет» санатының мазмұны оларды іске асыру үшін қолайлы құқықтық және ұйымдастырушылық-экономикалық жағдайлар жасау кезінде оларды неғұрлым әлеуметтік маңызы бар және экономикалық тартымды жобаларға және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағыттарына тиімді орналастыру үшін әртүрлі көздерден инвестицияларды жоспарлы, құрылымдалған және экономикалық негізделген тарту болып табылады.

Нарықтық экономиканың өзі кірістердің әлеуметтік әділ бөлінуін қамтамасыз етпейді, сондықтан нарық жеткілікті түрде құрылған механизм болса да, ол қоғам алдында тұрған экономикалық мәселелерді шеше алмайды.

Сондықтан агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық процестерді мемлекеттік қолдау және реттеу қажеттілігі туындайды.

Инвестициялық процесс – бұл түпкі мақсаты инвестициялық мақсаттарға қол жеткізу болып табылатын әртүрлі нысандар мен деңгейлердегі инвестициялардың жалпы қозғалысы. Ол жүйенің барлық сипаттамаларына ие: ол әрқашан субъектіні (инвесторды), объектіні (инвестициялау объектісін), олардың арасындағы қатынастарды (инвестициялық кіріс алу үшін инвестициялау) және олар бар ортаны (инвестициялық орта) қамтиды.

Ауыл шаруашылығындағы инвестициялық процестерге, бірінші кезекте, табиғи-ресурстық, өндірістік, ғылыми-техникалық, инновациялық, қаржы-кредиттік әлеуеттердің болуы мен жай-күйі, сондай-ақ макроэкономикалық, институционалдық, әлеуметтік және нарықтық факторлар жататын әртүрлі факторлардың едәуір саны әсер етеді. Олар макро-, мезо– және микро деңгейлерде жұмыс істейді.

Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық қызмет елдің экономикалық қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Оның тиімділігі мемлекеттің экономикалық саясатының барлық аспектілерін тікелей сипаттайды. Кредиттік-қаржылық жүйемен және агроөнеркәсіптік кешенді ресурстық қамтамасыз ету жүйесімен өзара байланыста нарықтық және ақпараттық инфрақұрылымдарды синтездеу арқылы инвестициялық ресурстарға сұраныс пен ұсыныс қалыптастырылады. Мемлекеттің міндеті – агроөнеркәсіптік өндірісті толық көлемде дамытуды ынталандыратын біріктіруші күшке айналу.

Зерттеу көрсеткендей, инвестициялық қызметті мемлекеттік деңгейде жүзеге асыру жүйені құрайтын, бірақ аймақтың ерекшелігіне нашар бейімделген процесс. Өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында инвестициялық қызмет процестерін реттеу, ынталандыру және іске асыру жөніндегі шаралар кешені түсінілетін агроөнеркәсіптік кешендегі өңірлік инвестициялық саясатты жетілдіру қажет. Ол аймақтық деңгейдегі мемлекеттік органдардың, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өзара іс-қимылы арқылы әзірленіп, жүзеге асырылуы керек. Өкілеттіктерді бөлудің қазіргі жүйесі аясында ҚР мемлекеттік билік және басқару органдарының белгілі бір ресурстар құрамы және негізгі міндеттері бар, олардың шешімі агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық қызметті жандандыруды қамтамасыз етуге арналған.

Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеуді дамытудың негізгі бағыттары өңірлік деңгейде тиімділігі жоғары инвестициялық процесті жүзеге асыру үшін неғұрлым қолайлы жағдайлары бар ерекше ауыл шаруашылығы аумағын құруға бағытталған мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтиды.

Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің мәні инвестициялық ағындарды іске асыру және қайта бөлу және оларды инвестициялық қызметтің неғұрлым тартымды объектілеріне бағыттау үшін жағдайлар жасау болып табылады. Инвестициялар бірінші кезекте әлемдік нарықтарда жоғары технологиялар мен бәсекелестік артықшылықтарға ие ауыл

шаруашылығы өндірісінің салаларына бағытталуы тиіс. Бұл инвестициялардың тиімділігін арттыруға, негізгі капиталды бір уақытта жаңарта отырып, өсіп келе жатқан инвестициялық сұранысты құруға мүмкіндік беретін «өсу нүктелері» деп аталады. Сонда инвестициялардың кумулятивтік әсері іске асырылады: жаңартылған өндіріс есебінен шығарылымның тез өсуі өсіп келе жатқан төлемге қабілетті сұранысты жаба бастайды; жаңадан құрылған өндірістік қуаттардың тиімді жұмыс істеуі жаңа инвестициялар үшін қаржы көздерін құрады; кеңейтілетін өндіріс қосымша кірістердің қалыптасуын қамтамасыз етеді, соның есебінен халықтың тұтынылуын ұлғайтуға болады [1].

Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық қызметті реттеу функциясын орындау үшін мемлекет инвестициялық қызметке әсер етудің экономикалық (жанама), сондай-ақ әкімшілік (тікелей) әдістері мен нысандарын пайдаланады.

Аймақтың агроөнеркәсіптік кешеніндегі инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары, мақсаттары мен міндеттері 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1. Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары.

Мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары	Мақсаттары мен міндеттері
1 Блок	
Агроөнеркәсіптік өндіріске инвестициялау үшін қолайлы ұйымдастырушылық-экономикалық жағдайлар жасау	Ауыл шаруашылығына инвестициялық қызығушылықты арттыру және агроөнеркәсіптік еншенің салаларына қосымша инвестициялар тарту
2 Блок	
Аграрлық сектордың инвестициялық қызметіне мемлекеттің тікелей қатысуы	Агроөнеркәсіптік өндіріс құрылымын жақсарту, рентабельділікті арттыру, ауылдың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын қолдау және бірлесіп қаржыландыру қағидаты бойынша инвесторлар тарту
3 Блок	
Мемлекеттік реттеудің басқа нысандары	Мемлекеттің, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің және инвесторлардың мүдделерін қорғау

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу жүйесін қалыптастырудың аса маңызды қағидаты:

- ауыл шаруашылығында және ауыл шаруашылығының басқа да секторларында экономикалық теңгерімді қолдау;
- мемлекеттік протекционизм және ауылшаруашылық тауар өндірушілерін қорғау;
- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тәуелсіздігін қамтамасыз ету;

- мемлекеттік реттеу жүйесінде негізінен экономикалық әдістерді қолдану (қаржыландыру, салықтар, несиелер, бағалар, сақтандыру және т.б.);
- ауыл шаруашылығы нарықтарын реттеу арқылы агроөнеркәсіптік өндірістің құрылымы мен ауқымына ықпал ету;
- агроөнеркәсіптік кешен субъектілері арасындағы шарттық қатынастардың басымдығы;
- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау үшін тең мүмкіндіктер [2].

Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық қызметке мемлекеттік ықпал ету шараларын әзірлеу кезінде инвестициялық өндірістің қажеттіліктерін оның көздерін кеңейту және тікелей бюджеттік қаржыландыру есебінен ғана емес, сонымен қатар инвесторлардың қосымша қаражатын тарту есебінен де қанағаттандыру үшін әр өңірдің инвестициялық процесіне тән ерекшеліктерді ескеру қажет.

Нарықтық экономикадағы инвестициялық климат нақты және ықтимал инвесторлардың инвестициялық қызметіне айтарлықтай әсер ететін саяси, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, қаржылық және географиялық факторлардың жиынтығы ретінде түсініледі.

Инвестициялық климат – белгілі бір елге немесе аймақтық секторға инвестицияланған активтерге арналған орта мерзімді және ұзақ мерзімді келісім-шарттар.

Инвестициялық ахуалды қалыптастырудың маңызды факторы инвестициялық тартымдылықтың жаһандық рейтингіндегі Қазақстан Республикасының позициясын айқындауға кешенді бағалау жүргізу, инвестициялық климаттың сапасын айқындайтын факторлардың рөлін айқындау болып табылады.

Ауыл шаруашылығындағы инвестициялық белсенділіктің төмендігі өңдеуші секторға тиімсіз инвестициялар салу үшін бірқатар елеулі ішкі себептерге ие. Қазақстан экономикасына инвестицияларға табыс әкелу үшін инфляцияны төмен деңгейге дейін жеткізуге, экономиканың инфрақұрылымдық секторын дамытуға және қолдауға, нарықтық экономика жағдайында отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін жаңа технологиялар мен технологиялық салаларды дамытуға бағытталған мемлекеттік протекционизмнің кезең-кезеңімен жүйесін әзірлеу қажет.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мақсатында мемлекет оны жетілдіруге бағытталған бірқатар шаралар қабылдауда, осыған байланысты бүгінде республикада ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі ұлғаюда, жаңа ауыл шаруашылығы объектілері құрылуда және агроөнеркәсіптік кешенге инвестициялар ұлғаюда.

Мұндай жағдайларда ауыл шаруашылығының ерекшеліктері нарықтың сын-қатерлеріне жедел ден қоюды талап етеді, әлемдік азық-түлік нарығындағы тұрақсыздықтың ұзақ мерзімді тәуекелдерінің өсуі азық-түлікке, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдеріне сұраныстың өсуіне әсер

етеді. Бұл үрдістер агробизнеске жаңа азық-түлік нарығын алуға мүмкіндік береді.

Мал шаруашылығымен, ауыл шаруашылығы дақылдары мен көкөністерін өсірумен айналысатын шетелдік агроөнеркәсіптік компанияларды тарту, сондай-ақ кейіннен Қазақстанның агроөнеркәсіптік секторына өңдеуді тарту қажет.

Шетелдік тәжірибені зерттеу ауыл шаруашылығы дамыған елдердің мемлекеттік секторы болып табылатынын растайды. Бюджеттік субсидиялар ауыл шаруашылығы өнімі құнының орта есеппен 50%-ын құрайды. Осылайша, АҚШ Федералды Үкіметі мен Конгресс қолданыстағы ішкі тепе-теңдік бағалары бойынша ауылшаруашылық өнімдерінің тепе-теңдік бағасының индексін анықтайды және осы негізде бағаның ең төменгі шегін анықтайды. Үкімет инвестицияларды ынталандыру және ауылшаруашылық өндірісін ұлғайту үшін ауылшаруашылық кірістерін тұрақтандырады.

Инвестициялық ахуал, өз кезегінде, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштеріне тікелей әсер етеді. Ондаған жылдар ішінде экономикада жинақталған құрылымдық және сектораралық теңгерімсіздіктер өнеркәсіптік және өнеркәсіптік емес тауарлардың, әсіресе энергияның өткір жетіспеушілігіне әкелді [3].

Тартымды инвестициялық ахуал әлеуметтік проблемаларды шешуге ықпал етеді, жоғары жұмыс орындарын қамтамасыз етеді, өндірісті жаңғыртады, кәсіпорындар үшін негізгі қорларды құрады, жаңа технологияларды енгізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1 Назарбек У.Б., Бестереков У., Назарбекова С.П. Современное состояние и проблемные вопросы сельскохозяйственной отрасли Республики Казахстан. / Научный журнал «Наука и мир». – Волгоград, 2019, №3(7). – С. 230-232.

2 Орысбаева М.С. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін қаржыландыру жағдайы // Саясат. 2017, №2. – 27-29 б.

3 Крупные иностранные компании инвестируют 3,9 млрд долларов в АПК Казахстана. <https://inbusiness.kz/ru/last/kрупnye-inostrannye-kompanii-investiruyut-3-9-mlrd-v-apk-kazahstana>.

SRSTI 06.71.01

THE CURRENT STATE AND PROSPECTS OF DEVELOPMENT OF CENTERS FOR THE DISSEMINATION OF INNOVATIVE KNOWLEDGE IN THE AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

L.K. Kubenkulova

EMBA Master's student, Kazakh National Agrarian Research University, Almaty

Осыған байланысты іс жүзінде өте маңызды және құнды мәселеретінде маркетинг жүйесінің қалыптасуын атап өтуге болады. Еліміздегі халық шаруашылығы құрылымын қайта құру процесінде болып жатқан өзгерістер, өндірушіеркіндігі мен нарықтық ортаны игеру кезінде кәсіпорынды басқару маркетинг тұжырымдамасын қолдануды талап етеді.

Қазіргі замандағы маркетингтің мәні тұтынушының қажеттілігін кәсіпорынның пайдасына айналдыратын кәсіпкерлік қызметте көрініс алады. Қазақстанда маркетинг экономикалық саларетінде біршама жақын уақыттан бастап қолданыла бастады, ал бұған дейін бұл капитализмге ғана тән теориялық түсінік және тәжірибелік әрекет ретінде саналып келді [1].

Маркетинг («market» ағылшын сөзі – «нарық») – бұл нарық пен экономикалық конъюктураны, өндіретін тауарлар мен қызмет түрлерін тұтынушылардың талабын ескере отырып, кәсіпорынның өнім өндіру мен өткізу және ғылыми-техникалық жұмысын басқарудың нарықтық тұжырымдамасымен түсіндіріледі.

Жоғарыдағы суретте аталған маркетинг элементтері күнделікті жағдайда бір-бірімен қарым-қатынаста болып, өндірістегі маркетингтің негізі болып табылады. Стандарттық жағдайда маркетинг бәсеке кезінде тұтынушы нарығына қызмет көрсетуді білдіреді. Компания және оның бәсекелесі өндірілген өнімді және ақпаратты тіке немесе үшінші жақ арқылы тұтынушыға жібереді. Бұл жүйенің барлық қатысушыларына сыртқы орта факторлары бірдей әсеретеді (демографиялық, экономикалық, экологиялық, ғылыми-техникалық, саяси-құқықтық, мәдени-әлеуметтік). Тұтынушы құндылықтарын құру үшін маркетингтік жүйенің әрбір элементі өз еңбегін сіңіреді. Сондықтан, компанияның сәттілігі тек компанияның өз қызметіне ғана тәуелді емес, сонымен қатар, ол маркетингтік жүйенің элементтері тұтынушы қажеттілігін қаншалықты жақсы қанағаттандыруына да тәуелді болады.

Маркетингтік бөлімдерінің қызметі кәсіпорынның негізгі мақсаттарын жүзеге асыруға және бәсекелес жағдайда оның тиімді қызмет етуіне әсер етеді.

Егер кәсіпорын осы сұраққа жауап берсе, яғни оның маркетинг бөлімінің қызметі оңтайлы екенін дәлелдейді. Жалпы осы сұрақтар маркетинг принциптерінің негізін құрайды.

Мұнда маркетингтің атқаратын қызметтері нарықта қалыптасқан қажеттіліктерді олардың ұқсастығына қарай бірін жақындатып, оларды қанағаттандыру жалпы идеясына бағыттағанын көруге болады [2].



Сурет 1. Қазіргі таңдағы кәсіпорындағы маркетингтің орны.

Өндірістік кәсіпорынның маркетингтік қызметінің негізгі мақсаты болып өнімге сұранысты қалыптастыру және оны ынталандыру, кәсіпорынның жұмыс жоспары мен басқару жұмыстарында ұтымды шешімдер қабылдай білу және өнімнің нарықта алатын үлес салмағын арттыру, сату көлемін арттыру арқылы табысты молайту болып саналады.

Кәсіпорынның әлеуеттік мүмкіндіктеріне баға беру кешенді маркетингтік зерттеу жүргізудің екі құрамдас бөлігінің бірі болып саналады.

Кәсіпорында маркетингтік қызметті ұйымдастырудың негізгі мақсатына кәсіпорынның бәсекелестік мүмкіндігін, оның күшті және әлсіз жақтарын анықтау және кәсіпорын жұмысын жетілдіру болып табылады.

Кешенді маркетингтік зерттеу кәсіпорынның даму бағдарламасын және стратегиясы туралы шешім қабылдау үшін негізделген база болып саналады. Нарықты болжау, нарықтағы кәсіпорынның өз жұмысын жоспарлау, стратегиясын жасау, нарықтық сұранысты қалыптастыру кәсіпорынның ішкі жұмыстарын басқарудың маркетингтік тұжырымдамасының негізгі қағидалары болып саналады [3]

Маркетингтік зерттеу, талдау, бағдарлама дайындау жұмыстарымен кәсіпорында маркетинг бөлімі айналысады. Оның жұмысының нәтижесі кәсіпорынның болашағын ғана анықтап қоймай, нарықтағы тұрақты жұмыс істеуін де анықтайды.

Нарықтық қатынастардың дамуына орай, экономикалық субъектілердің қызметін басқарудың нарықтық тұжырымдамасы негізінде маркетингті қолданудың объективтік қажеттілігі туындайды.

Қазақстан Республикасындағы кейбір мекемелердің маркетинг ерекшеліктері қазіргі заманға беймәлім. Жалпы Қазақстандағы кәсіпорындардың дамуына кедергі болып тұрған негізінен макроэкономикалық факторлар, атап айтқанда:

1. Қаржы немесе ресурстардың жеткіліксіздігі, инвестициялық белсенділіктің әлсіздігі;

2. Бюджеттің әлеуметтік тұрғыдан алғандағы қатаң жобасы, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, өнімді өткізу қиындықтары;

3. Импорттық өсу жағдайында ұлттық тауардың бәсекелік қабілетінің төмендеуі;

4. Салық жүйесінің жетілмегендігі атап көрсетіледі.

Шетелдік деректерге сүйенсек, олар нақты бір фирмаға жан-жақты жасалған талдау арқылы құралған ғылыми негіздемесі болған жағдайда ғана, маркетингті табысты түрде қолдануға болады деп, тұжырым жасайды. Өткізіліп отырған реформалардың бірізділік дәрежеде болмауынан, нарыққа өту кезеңінде маркетинг қызметімен айналысу тәжірибесінің аздығынан жағдай қиындай түседі. Сондықтан маркетингті іс жүзінде ұйымдастыру және оның тиімділігі мен сапалылығын көтеру маңызды мәселе болып табылады [4].

Қазіргі кездегі қазақстандық компаниялар маркетингтік қызметін дәрежелі түрде іске асыра алмайды, осыған себеп қаржының жетіспеушілігі. Дамушы елдердің экономикасында маркетингке кететін шығындар өнімнің өзіндік құнының 25 пайызын құрайды, ал оны әрине қазақстандық кәсіпорындармен салыстыруға болмайды. Жалпы компания мүмкіншілігінде маркетинг шығындарын жоғарылатуы керек, өйткені экономикалық дағдарыс жағдайында тек қана маркетинг қызметі айтарлықтай дәрежеде көмек көрсете алады. Ф. Котлер 1998 жылы қыркүйек айында өткен халықаралық Мәскеулік маркетинг конференциясындағы сөзін мысалға келтірейік: «Дағдарыс жағдайында компания дамуы үшін шығындарды төмендету керек. Бірақ

маркетингке кеткен шығындарды не болса да азайтудың қажеті жоқ. Өйткені тек қана маркетинггер ғана жаңа резервтерді таба алады. Егер қарапайым күнделікті жағдайларды маркетинг өсіп өнуі үшін қажет болса, ал дағдарыс жағдайында фирманың өмір сүруін қамтамасыз ететін жалғыз ғана механизм».

Маркетингтік мақсаттар және стратегиялық бағдарламасы осымен қатар ескірумен байланысты екендігін де ескірген жөн. Шетелдік маркетинг жолдарын қазіргі Қазақстан экономикасына енгізуді қолға алған жөн. Оның арасындағы біздің мемлекеттің өндіріс, коммуникация және техникалық ерекшеліктерін ескеруіміз керек. Сондықтан еліміздің экономикасын нығайту жолында маркетингті тек қана қолдап, дұрыс шешімдер қабылдауға тиіспіз [5].

Мұнай өнімдердің маркетингтік қызметтерінің негізгі – маркетингтік саясаттың дұрыс жүргізілуі болып табылады, соның ішінде мұнайды тасымалдау және экспорттау ерекше орынға ие.

Маркетинг қызметін басқару басқа да басқару қызметі сияқты оны құраушы негізгі элементтерден тұрады:

Кесте 1. Маркетинг қызметін басқару.

Маркетингтік және аудит талдау	компанияның ішкі және сыртқы ортасын, яғни оның күшті және әлсіз жақтарын зерттеу және компанияны қажетті ақпаратпен қамтамасыз ететін маркетингті басқару қызметін құрайтын негізгі элемент. Маркетингтік анализ бен аудиттің негізгі: кәсіпорынның техникoэкономикалық көрсеткіштерін талдау, макро және микроортасын талдау, SWOT талдау, нарықты маркетингтік зертеу.
Стратегиялық және ағымдағы жоспарлау;	Кәсіпорын қызметін жан-жақты талдау барысында алынған ақпарат жоспарлау кезінде қолданылады. Компания жоспардың үш түрін құрастырады: жылдық, ұзақ мерзімді және стратегиялық. Стратегиялық жоспарлау, жоспарлау процесінің ең алғашқы баспалдағы болып табылады және өзінің құрамына компания миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін және функционалдық жоспарларын қамтиды.
Маркетинг қызметін басқаруды ұйымдастыру.	Жоспарлау процесі және қажетті ресурстарды аяқтағаннан соң компанияда маркетинг қызметін ұйымдастыру процесі орын алады. Әрбір бөлімшелердің маркетинг қызметін нақты анықтамағанда және кәсіпорындағы маркетинг қызметін басқару орталығының болмайынша бұл процесс іске аса қоймайды. Жалпы бұл қызмет компания қызметінің ерекшелігі мен міндеттеріне және мақсаттарына сай ұйымдастырылатын әртүрлі маркетингтік бөлімшелерге жүктеледі.
Қорытындылау	Маркетинг шараларын өткізгеннен кейінгі қорытындыларды маркетингтік бақылаушы жинақтайды және талдайды. Бұл маман әр уақытта нақты қолда бар қорытындылар мен жоспарланған қорытындыларды салыстырып отыра шешім қабылдауға ұсыныстар жасайды. Маркетингтік бақылаушымен жасалған жалпы қорытындылары бойынша маркетингтік қызмет қайта қаралып, жетілдіру сатысына

түседі.

Сондықтанда маркетингтің мәні оның алдына қойылған атқаратын қызметтерімен белгіленеді десек те болады. Біздің дәуірімізде маркетинг мәні жетіліп өзгерді. Оның мәнінің өзгерісі өнімді шығару және өнімді өткізу шарттары өзгерісімен байланысты. Қазіргі кезде маркетинг әрекетінің мәні сайып келгенде жоғары пайдаалу үшін нарықтың, демек тұтынушылардың нақты қажеттерін зерттеу, соның негізінде фирманың барлық қызметін (тауарды өндіру, өңдеу, өткізу, жылжыту) ұйымдастыру жүйесі болып табылады. Мұнда есте болатыны маркетингке сүйене отырып фирманың түбінде пайдалы әрекетін ұйымдастыру үшін, алғашқы оның қадамдары уақытша кездесетін қиыншылықтар болып табылады. Одан кейін мол табыс әкелетін, немесе фирманың қанағатты пайда тауып нарықта тұрақты іс-әрекетін көздеген маркетингтік нысанасы орын алуы тиіс. Осы тәрізді маркетинг нысанасы тек пайданы көбінен табу ғана емес, керісінше әлеуметтік, тұрақтылық, фирманың іс-әрекетінде қауіпсіздік т.б. нысанасы болуы мүмкін [6].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Котлер Ф. Маркетинг негіздері. – М., 2019. – 118 б.
- 2 Котлер Ф. Маркетинг менеджмент. – СПб., 2013. – 198 б.
- 3 Есімжанова С.Р. Маркетинг в Казахстане. – Алматы, 2014. – 178 б.
- 4 Есімжанова С.Р. Маркетинг негіздері – Алматы, 2013. – 281 б.
- 5 Нысанбаев С.Н., Садыханова Г.А. Маркетинг негіздері: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 58 б.
- 6 Сатыбалдыұлы С. Маркетинг-нарықтану. – Алматы: «Білім», 1999. – 288 б.

FTAMP 06.91

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ ЖАҒДАЙЫНДА ЭКОНОМИКАНЫ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТТІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ ЖОЛДАРЫ

Б.С. Изатуллаева

Э.ғ.к., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

А.М. Жолдыбаева

Магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Мақалада бүгінгі таңдағы электронды үкіметтің экономика мен мемлекеттік басқаруға әсер ететін кешендері көрсетілген. Мақаланың мақсаты – электронды үкімет жағдайында экономика мен менеджментті байланыстыра отырып дамыту жолдарын зерртеу. Мақалада интернет экономиканы дамытуға арналған белгілі бір тармақтар қарастырылды. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мен мемлекеттік басқарудың электронды форматының функциялары көрсетілді. Қазақстанда электронды үкіметті дамытумен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жағдайында экономика мен менеджментті жақсарту үшін бірқатар іс-шаралар қарастырылды.

Түйін сөздер: электронды үкімет, ЭЦҚ, ашық үкімет, Ақпараттық Қазақстан – 2020, электронды сауда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, интернет-компаниялар, жаһандық желі.

Қазіргі жағдайда Қазақстанда электрондық үкіметті дамыту жағдайында экономика мен басқаруды жетілдіру үшін ұйымдастырушылық, ынталандырушы, бақылау және реттеуші-мониторингтік шаралар кешені қолданылып жатыр. Өз кезегінде электронды үкімет қазіргі уақытта интернет-экономика және тұтастай алғанда жаңа ақпараттық экономиканы қалыптастыру жағдайында дамып келеді. Заманауи экономика мен менеджментті жетілдірудің бұл жолы арнайы құрылған электрондық үкімет бөлімшесін пайдалану арқылы жүзеге асырылып келеді. Мысалы, интернет-экономиканы дамыту, мониторинг және қауіпсіздік комитетін айтуға болады.

Мұндай комитет белгілі бір тармақтарды жүзеге асыруға және дамытуға үлес қосу үшін ұйымдастырылуы керек, оның ішінде: ұйымдастырушылық және заңнамалық қамтамасыз ету; электрондық мемлекеттік және жеке кәсіпкерлік; электрондық бизнестің негізгі субъектілері арасында қатынастарды реттеу; арасында электронды сауданы дамыту; мемлекеттік ұйымдар мен жеке

компаниялар; электрондық бизнестің әртүрлі түрлерінің қауіпсіз жұмыс істеуі үшін жағдайларды қамтамасыз ету; мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін тауарлар мен қызметтерді жеткізу бойынша электрондық конкурстар өткізуді жүзеге асыру; Интернет арқылы тікелей мемлекеттік сатып алу; қашықтықтан салықтық бақылауды жүзеге асыру (мысалы, салықтар мен алымдарды төлеу, азаматтардың интернет арқылы салық декларациясын толтыруы); интернет қызметтеріне келісілген тарифтік саясатты жүзеге асыру; жана электрондық нарықтарды ұйымдастыру (мысалы, оффшорлық бағдарламалау нарығы); электрондық ақшаның эмиссиясы мен айналысын бақылау; кедендік төлемдердің электрондық жүйелерін дамыту; еңбекақы және жалақы қоры (мысалы, үкіметті пайдалану смарт-карта қызметкерлері); қызметкерлерді, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша қашықтықтан қызмет көрсету және консультациялар беру; интернет-экономиканың макропараметрлері мен пропорцияларының мониторингі және талдауды кешенді іске асыру; электрондық пошта арқылы заң жобалары мен мемлекеттік органдардың саясатын талқылауға халықты белсенді тарту.

Осы міндеттерді сәтті орындау үшін қажет: интернет-экономиканы жан-жақты бақылау, оның қасиеттерін, функцияларын, сегменттерін, құрылымдық элементтерін, критерийлерін зерттеп, әзірлеу, көрсеткіштерді сондай-ақ электрондық тұжырымдамаларды, бағдарламаларды және жобаларды дайындау қажет. Себебі, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер санының артуы бұл қолданыстағы және жоспарланған мемлекеттік қызметтер туралы электрондық қызметтер мен электрондық формат, порталды пайдаланушыларды ақпараттандыру қажеттілігіне әкеледі.

Әкімшілік қайта құрулар мемлекеттік органдардың электрондық үкімет инфрақұрылымын кеңінен қолдануы керек. Белгіленген мәселелерді толық шешу мақсатында және жоспар арқылы нақты деректер туралы мәліметтерді біріктіретін «ашық үкімет» порталы іске қосылды. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына тұрақты қоғамдық мониторинг жүргізу процесіне азаматтарды, жергілікті өзін-өзі басқарудың қоғамдық бірлестіктерін және басқа да үкіметтік емес ұйымдарды кеңінен тарту байқалады. Азаматтардың мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында және барлық деңгейдегі және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында оның ішінде электрондық бағалау тетіктері енгізілген.

«Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасында электронды үкіметтің инфрақұрылымы арқылы азаматтарды, бизнесті және мемлекеттік органдарды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету міндеті көрсетілген, ақпараттық технологияларды пайдалану және электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша мемлекеттік органдардың қызметін жыл сайынғы бағалау [1, б.14].

Бүгінгі күні электронды үкімет ақпарат беру және бұрыннан қалыптасқан үкімет жиынтығын қамтамасыз ету тәсілі болып табылады. Азаматтарға, бизнеске, биліктің басқа тармақтарына және мемлекеттік шенеуніктерге қызмет

көрсету, олардың арасындағы жеке өзара іс-қимыл ақпараттық технологияларды мемлекет пен өтініш беруші барынша азайтады және барынша пайдаланады; бұл бүкіл ел бойынша әкімшілік процестердің барлық кешенін автоматтандыруға негізделген және қоғамның әрбір мүшесі үшін мемлекеттік басқарудың тиімділігін айтарлықтай арттыру және әлеуметтік коммуникациялар шығындарын азайту мақсатында қызмет ететін мемлекеттік басқарудың электрондық құжат айналымы жүйесі.

Қазіргі кезде Қазақстанда электрондық үкіметтің даму векторы ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыруға бағытталуы керек. Осыған байланысты Қазақстанда электронды үкіметті дамыту және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жағдайында экономика мен менеджментті жақсарту үшін мынадай іс-шараларды жүзеге асырылуда:

- мемлекеттік бақылауды ақпараттық жүйе арқылы оңтайландыруды;
- мемлекеттік органдардың ашықтығына қол жеткізу;
- мемлекеттік органдарды ақпараттандырудың заманауи жаңа үлгілерін енгізу.

Электрондық үкіметті дамытудың қалыптастыруға бағытталған зерттеу нәтижесінде әртүрлі уақытта іске асырылған Қазақстан Республикасының «электрондық үкіметтің» ішкі жүйелері бір контурға біріктірілуі және бірқатар жаңа шағын жүйелермен толықтырылуы тиіс. Олардың енгізілуі тұтастай алғанда еліміздің электрондық үкіметін дамытудың үйлесімді схемасын құруға мүмкіндік береді. Осылайша, Қазақстанның электрондық үкіметін дамыту міндеттерін шешу оның қолданыстағы ішкі жүйелері мен модульдерін біртұтас және тұтас жүйеге айналдырумен өзара байланысты.

Электрондық құжаттарды сақтау электрондық қызметтер порталын, халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйелерін және лицензиясы бар бірыңғай сенім орталықтарын тиісті ақпаратпен қамтамасыз етеді. Оларды электронды сканерленген көшірмелермен және құжаттар нысандарымен толтыру пайдаланушыларға қойылатын талаптарды азайтып, құжат айналымын қысқартады және қағазсыз жұмыс процесін пайдалана отырып, электрондық үкімет порталында қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

Бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат веб-порталдың бүкіл жүйесінің және «электрондық үкімет» шлюзінің бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпаратпен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ғана емес, және барлық ақпараттық жүйелерді бірыңғай қолжетімділік нүктесімен қамтамасыз етуге арналған. Дәл осы тәсіл барлық құрылымдарға анықтамалық деректерді тіркеу кезінде ақпараттық жүйе қателерін болдырмауға және сол арқылы ақпаратты берудің сенімділігін, толықтығын, уақтылығын қамтамасыз етуге және оны алу кезінде қажетсіз қайталауларды жоюға мүмкіндік береді.

Бірыңғай және біртұтас жүйе жағдайында еліміздің электрондық үкімет порталы мемлекеттік органдардан қызметтерді дер кезінде алуға, және салықтар мен айыппұлдарды төлеуге онлайн мүмкіндік беретін бірыңғай ресурстар қарастырылған. Сондай-ақ, бұл порталда Қазақстан, оның үкіметі,

заңнамасы және ұлттық көрікті жерлер туралы жан-жақты ресми ақпараттарда көрсетілген.

Көп жағдайда электрондық мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндігі үшін электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет [2]. Электрондық цифрлық қолтаңба 2008 жылы енгізілген болатын. ЭЦҚ-ны қолдану бүгінгі күні мемлекеттік қызметтерді онлайн алуға мүмкіндік тудырып қана қоймай, уақыт үнемдеуге мүмкіндік тудырды.

Электрондық үкімет жағдайында экономика мен менеджментті жетілдірудің тағы бір жолы виртуалды кәсіпорындарды одан әрі дамыту болып табылады. Оны құру ақпараттық шығындарды және басқа да шығындарды азайтады. Жаһандық желіде виртуалды компаниялар арасында, және интернет-компаниялар мен дәстүрлі кәсіпорындар арасында бәсекелестік бар. Әрбір ұйым нарықтың үлкен үлесін иемденгісі келеді, бұл бірігулер мен қосылуларға әкеледі [4]. Тауарлар мен қызметтерді өткізудің дәстүрлі әдістерін қолданатын ұйымдар санының азаюы және виртуалды кәсіпорындар санының артуы байқалады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың қарқынды дамуы жағдайында жаңа ақпараттық экономикаға меншік қатынастарының барлық субъектілері тартылған. Бұл жағдай экономикалық қатынастарға қатысушылардың өзара әрекетін жеңілдетеді және ақпараттық-коммуникациялық желілерде бір-бірімен жылдам байланысу мүмкіндігін береді. Нәтижесінде транзакциялық шығындарды азайтып, капитал қозғалысының қарқынын арттыруда.

Қорытындылай келе, электронды үкімет экономика мен менеджментті жетілдірудің ұсынылып отырған жолдары және зияткерлік (ақпараттық) меншік қатынастарын реттеу бойынша ұсынылатын шаралар, сондай-ақ, оларды іске асырудан мүмкін болатын пайдалар төмендегідей: жаңа ақпараттық экономиканың қалыптасуы жоғары технологиялық өнімдердің меншікті өндірісінің күшеюіне әкеледі, нормативтік-құқықтық базаны және ақпаратты жетілдіру ақпараттық теңсіздіктің төмендеуіне әкеледі, зияткерлік ақпараттық өнімді өндірушілерге салықтық жеңілдіктерді енгізу салық төлеуден жалтарудың төмендеуіне әкеледі, жаһандық желінің қазақстандық сегментін құру байланыс арналары арқылы берілетін ақпараттың тәуелсіздігі мен қорғалуына әкеледі, ұлттық ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың зияткерлік өнімдерін қорғау механизмін құру және дамыту көлеңкелі нарықтың рөлін төмендетеді.

Әдебиеттер тізімі

1 О Государственной программе «Информационный Казахстан – 2020» [Электронный ресурс]: Указ Президента Республики Казахстан от 8 января 2013 г. № 464. URL: <https://online.zakon.kz/>.

2 Об электронном документе и электронной цифровой подписи [Электронный ресурс]: Закон Республики Казахстан № 370-ІІ от 07.01.2003. URL: <https://www.wipo.int/portal/en/index.html>.

3 Национальный удостоверяющий центр Республики Казахстан [Электронный ресурс]. URL: <https://pki.gov.kz>.

4 Садыков Т.У. Методология информационной экономики: науч. моногр. – М., 2010. – 174 с.

5 Государственная программа «Цифровой Казахстан» // Официальный сайт программы «Цифровой Казахстан» [Электронный ресурс]. <https://digitalkz.kz>.

ҒТАМР 06.71.01

ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ БАҒЫТТАРЫ

М.А. Калдыгозова

Магистр, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Даму бағдарламалары мен жобаларын құру кезінде, біздің ойымызша, көрсетілген параметрлерге, сондай-ақ ҚР жетістіктері мен артта қалуына назар аудару қажет. ҚР-да мемлекеттік реттеу бизнесті дамытудың тиімді тетіктері негізінде жаңа бақылау құралдарын құруды талап етеді. Қазіргі экономикадағы шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жүйелерінің даму тенденцияларын талдау ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау шараларының өсіп келе жатқан рөлін көрсетеді.

Түйін сөздер: аймақ, кәсіпкерлік, бәсекелестік, өңір, шағын, бизнес, реурс, мемлекеттік қолдау, тиімділік, инновация.

Өңірдің орнықты экономикалық дамуының негізгі аспектілерінің бірі «салауатты» бәсекелестік орта құруға, халықты жұмыспен қамтуға, өңірде жалпы өнім өндірісін ұлғайтуға, халықтың нақты табысын ұлғайтуға және өмір сүру сапасын жақсартуға қабілетті шағын бизнесті дамыту болып табылады. жергілікті және өңірлік бюджеттердің кірістерін ұлғайту.

Шағын бизнес негізінен аймақтық деңгейге бағытталған, өйткені олар шектеулі қызмет түрлеріне, ресурстар мен маркетингтік сатылымдарға қол жетімділіктің жеткіліксіздігіне және басқа да сипаттамаларға байланысты тауарлар мен қызметтерге жергілікті сұранысты қанағаттандыруға бағытталған.

Соңғы жылдары шағын бизнесті дамытуға үлкен қызығушылық әртүрлі жағдайларда пайда болды. Бір жағынан, шағын кәсіпорындар өңірдің өндірістік қуаттарын пайдалану үшін тиімді экономикалық база құруға, нарықтың барлық секторларында кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасауға, көптеген жаңа жұмыс орындарын қамтамасыз етуге және халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. белгілі бір дәрежеде біздің қоғамдағы экономикалық өзгерістерге байланысты әлеуметтік күйзелістердің салдарының азайғандығын байқаймыз.

Екінші жағынан, кішігірім компаниялар басқару үшін өте аз капиталды қажет етеді, олар үлкен пайда табу үшін қауіпті шаралар қолданады және көбінесе ережелерге өте сезімтал, сондықтан кішігірім инновациялар оларға

айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Шағын бизнес елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен экономикалық өсуіне айтарлықтай әсер етеді. Жалпы, шағын бизнес нарықтық экономиканың тиімділігін едәуір арттыратын жағдайлар жасаумен белсенді айналысады. Схемалық түрде экономикалық өсуге әсер ететін процестер бағдарламада көрсетілген [2].

Әрине, шағын бизнестің жұмысының тиімділігін көрсететін көптеген экономикалық артықшылықтары бар:

- нөмір;
- коммуникацияларды қарапайым ұйымдастыру және басқару;
- тиісті бағыт, тәжірибе және бизнес түрі;
- ірі компаниялар үшін тиімді және тиімді қызмет бағыты;
- өзгертін нарықтық жағдайларға бейімделу;
- инновациялық технологияларды енгізу тәсілі;
- еркін бәсекелестікке ықпал ету;
- әртүрлі өңірлер мен жалпы елдердің инновациялық дамуы үшін алғышарттар жасау.

Шағын бизнестің тиімділігі бірқатар стратегиялық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- елдер мен өңірлердегі экономикалық өсуді арттыру;
- инновациялық дамуды қолдау;
- жаңа жұмыс орындарын құру;
- ЖІӨ өсуі және т.б.

Алайда шағын бизнес операцияларының кейбір кемшіліктері бар:

- шектеулі ресурстық база (қаржы, логистика, еңбек ресурстары);
- әлсіз несиелік мүмкіндіктер;
- еңбек жағдайлары мен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау ірі компанияларға қарағанда нашар;
- төмен жалақы және т.б.

Шағын бизнесті қолдау осы еңбек шектеулерінің әсерін жоюға немесе азайтуға бағытталуы керек. Қазіргі уақытта шағын бизнес пен мемлекеттік мекемелерді қолдаудың тиімді тетіктерін әзірлеу мемлекеттік саясатты жетілдірудің маңызды тетігі болып табылады [1].

Қазақстанда бизнесті жүргізуді мемлекеттік реттеу мен ынталандырудың институционалдық жүйесі келесідей (1-сурет). 1): Ол кәсіпкерлік қызметті бақылау құрылымын қамтиды; кәсіпкерлікті дамытуға жауапты ұйымдар, бизнес мүдделерін білдіретін ұйымдар және билік органдары.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыратын ұйымдар, егер тікелей болмаса, Президенттің қарамағында болады.

Оларға мыналар жатады: кедендік және қаржылық бақылау комитеті; Салық комитеті; қаржы нарықтарын бақылау және реттеу департаменті; Табиғи монополияларды бақылау, Бәсекелестік және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті; Экономикалық қылмысқа қарсы күрес департаменті.

Мемлекеттік органдар – бұл жеке бизнесті дамытуға жауапты мекемелер.

Қызметтің осы бөлімінің бас орындаушысы Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі болып табылады, оның құрылымына кәсіпкерлікті дамыту департаменті кіреді, ол кәсіпкерлікті дамыту және кәсіпкерлікті ынталандыру саласындағы мемлекеттік саясат пен нормативтік актілерге құқықтық нормаларды енгізу жөніндегі міндеттерді орындайды. Департаменттің негізгі міндеттері: кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау, инвестициялар тарту жөніндегі шараларды әзірлеу, сондай-ақ кәсіпкерлерге мемлекеттік лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттеріне шағымдану және шағым беру жөнінде шаралар қабылдау болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер қауымдастығы орталық атқарушы билік органдары деңгейінде түсініктемелер дайындау үшін құрылды.

Көбінесе атқарушы билік құру жоспарлары, сондай-ақ бизнес мүдделерін білдіретін институттарды (30-дан астам оқуға болатын бизнес қауымдастықтар) құруды реттеу жұмыстары бар.


Құрылымы – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі (кеңес шеңберінде жұмыс істейтін 4 бірлескен жұмыс тобы, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен шетелдік компаниялардың мүшелері болып табылатын мемлекеттік органдардың өкілдері) – консультативтік органды басқаратын Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасы бойынша құрылды.

Бұл кеңес жұмысының мақсаты биліктің Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін шетелдік инвесторлармен тікелей келіссөздерін қамтамасыз ету болып табылады.

Бұдан басқа, Қазақстанда орталық және жергілікті атқарушы органдардың (министрліктердің, әкімдіктердің) қатысуымен бизнес жүргізу жөніндегі мамандар кеңестерінің желісі құрылды.

Кеңес құрамына атқарушы билік өкілдері мен саланың бизнес-құрылымының мүшелері кіреді.

Кәсіпкерлік қызметті реттеу кәсіпорынның ішкі әлеуметтік-экономикалық беделін немесе кез келген кәсіпорынның құрылымын ескереді [2], бірақ бизнесті жүргізу үшін институционалдық ортаны құру және жақсарту мәселесі мемлекеттік реттеуші қызметте маңызды орын алады.



Сурет 1. ҚР кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу және ынталандыру жүйесінің құрылымы.

Кәсіпкерлік саласындағы заманауи зерттеулердің нәтижелерін қорытындылай келе, ұйымдық ортаның сапасы бизнес-ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігіне айтарлықтай әсер етеді, инвестициялық шешімдерге, өндірісті ұйымдастыруға әсер етеді және экономикалық өсуге әсер етеді. Бқпал ету

саласы шегінде бизнесті жүргізуді ынталандырудың Мемлекеттік құралдары тұтастай алғанда 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2. Ықпал ету саласындағы кәсіпкерлік үшін мемлекеттік ынталандыруды іске асыру құралдары.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы үшін шағын және орта бизнестің даму және тиімділік параметрлерін айқындау қажет (сурет.3).



Сурет 3. ҚР шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың нысаналы критерийлері.

Даму жоспарлары мен жобаларын құру кезінде, біздің ойымызша, осы көрсеткіштерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жетістіктері мен қиын жағдайына назар аудару қажет, өйткені олар халықаралық даму индекстерін ескере отырып, қазіргі заманғы экономика мен бизнеске айтарлықтай әсер етеді.

Жалпы, бірақ іс жүзінде оларды сақтау кәсіпкерлікті тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Олардың кейбіреулері Қазақстан Республикасында толық нақтылануы мүмкін (мысалы, инвесторлардың құқықтары мен меншік құқықтарын қорғау, сыртқы экономикалық қызметті қолдау, өзін-өзі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, жұмыс істеп тұрған әлеуметтік мәртебе елдегі кәсіпкерлік бағдарламаларды дамыту бағытында тиімді тренд болып табылады) [3].

Қазақстан Республикасын мемлекеттік реттеу жаңа бақылау органдарын құруды және олардың негізінде кәсіпорындарды дамытудың тиімді тетігін талап етеді.

Қазіргі экономикадағы шағын бизнесті мемлекеттік қолдау жүйесінің даму тенденцияларын талдау ғылыми-техникалық және инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау шараларының өсіп келе жатқан рөлін көрсетті. Дамыған елдердегі шағын инновациялық кәсіпорындар осындай мемлекеттік қолдаудың негізгі объектісі болып табылатынын атап өткен жөн.

Әдебиеттер тізімі

1 Аль-Саббаг Нур Файез Саид, Карлик А.Е. Малый и средний бизнес в системе промышленного производства // Вопросы экономики и права. – М., 2016, №3. – С. 89-94.

2 Калмагамбет З. Актуальные проблемы развития предпринимательства и пути их решения // Основы экономики: преподавание в школах, колледжах и университетах. 2016, № 2-3 (51).

3 Фазылбаева А.Ф. Шағын бизнесті мемлекеттік қолдаудағы негізгі бағыттары мен проблемалары // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. – 2017, №3 (97). – 193 б.

ҒТАМР 06.71.01

ЖЫЛУ СОРҒЫЛАРЫ – АУЫЛ ТҰРМЫСЫ САПАСЫН ӨСІРУДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТИІМДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

К.У. Джумабеков

Э.ғ.к., Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, Алматы қ.

Мақалада Қазақстанның ауылдық жерлерінде жылумен жабдықтаудың автономды және экологиялылы жылу сорғы технологияларын енгізу тәсілдері талданады – ауқымды және халық тығыздығы өте төмен елімізде, орталықтандырылған жылумен жабдықтау дәстүрлі отын түрлерінің энергиясын пайдаланудың, оны тасымалдау мен бөлістірудің экономикалық ең тиімсіз тәсілі болып келуші және «Тұрақты даму» ұлттық стратегияның басымдықтарына негізделген өмір сүру сапасының өлшемдерін бағалаудың жаңа тәсілдері ұсынылады.

Жылу сорғыларын (ЖС) қолдану арқылы жылу энергетикалық фактордың өмір сапасына әсері саласындағы зерттеулердің мысалында ауылдық аумақтарды дамытуды сәтті басқару және әл-ауқатты арттыру мақсаттары – қайта тіктелмейтін ресурстарды тұтыну деңгейін төмендету және антропогендік жүктемені азайту сияқты параметрлерді қамтитын өмір сүру сапасын бағалаудың әлеуметтік-экономикалық критерийлерінің жаңа парадигмасының шұғыл қажеттілігі туындайды – деген тұжырымдама жасалады.

Түйін сөздер: инновация, инвестиция, өмір сапасы, бағалау критерийі, әлеуметтік-экономикалық парадигма, жылу сорғысы, жылу сорғы технологиясы, тұрақты даму, Форсайт.

Соңғы жылдардағы жүзеге келген планетарлық оқиғаларлар мен қарама-қайшылықтар – коронавирустық пандемиядан бастап, халықаралық жанжалдармен байланысты енгізілген санкциялық пакеттер нәтижесінде туындаған адам қызметінің барлық дерлік салаларындағы жаппай дағдарыстар, бұрынғы көптеген әлеуметтік-экономикалық «сақалды проблемаларымен» қатар, заманауи адам үшін ең қарапайым тұрмыстық қажеттіліктерді пайдалану мүмкіндіктерінің бір қанша төмендеуіне алып келді.

Сондықтан, шетелдік және отандық ғалымдары арасында аталған мәселелерді зерттеуге қызығушылық артты, лайықты өмір деңгейі мәселелерін, әсіресе ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын асыру жолдарын іздестіру қажеттілігі арта түсті. Әсіресе, тұрақты энергия көздерімен және жабдықтармен қамтамасыз ету құрылғыларынан, әсіресе ауыл тұрғындарының әлеуметтік-

экономикалық тиімділігінің бағалаудың дәстүрлі критерийлерін қайта қарауды, оның жаңа тәсілдерін іздеу және енгізу қажеттілігін анықтайды.

Қазақстанның ауылдық жерлерінде ел халқының 41%-ы тұрады, 6300 ауылдың 3300 – ауылдық елді мекендерде (52,4 %) халық саны 500 адамнан кем болса, 648,2 мың адам (елдің ауыл халқының 11%) тұрады [1].

Қазақстанда ХХІ ғасырда ауылда коммуналдық инфрақұрылымды дамыту, сапалы ауыз сумен, интернетпен қамтамасыз ету өзекті мәселелер болып келмекте. Ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейі қалалық агломерациялардағы деңгейінен едәуір артта қалуы, әсіресе ауыл тұрғындарын жылумен қамтамасыз ету саласында инновациялық шешімдердің болмауы, коммуналдық инфрақұрылымы тозуының жоғары дәрежесі және қоршаған ортаға антропогендік әсеріне байланысты проблемаларда айқын көрінбекте.

Осы саладағы жағдай туралы 2019 жылғы желтоқсанда жүргізілген БҰҰ ЭСКАТО арнайы сараптамалық тобының зерттеулерінің нәтижелері куәландырады, онда «Қазақстанда энергия көздерін тұтыну туралы нақты деректер жоқ. Бұл тұтынушылардың өздері қанша жылу тұтынатынын білмейді. Тек ғана жылу тұтынуды есептеудің, нақты жылу шығынын көрсетпейтін негізгі нормалары есептеледі. Қазақстанда тұтынушылардың 3 түрі бар – коммерциялық, бюджеттік және тұрғындар.

Соңғы бірнеше жылда Қазақстанда энергия тұтынуда тұтынушылық деңгейін есепке алу өсті. Дегенмен, ол әлі де әртүрлі тұтынушылар топтары арасында айтарлықтай ерекшеленеді. Бюджеттік және коммерциялық тұтынушылар үшін есептегіштерді орнату, бухгалтерлік есеп деңгейі әлі де шектеулі болған, жалпы халыққа қарағанда белсенді жүргізілді. Жалпы алғанда, энергия тұтыну есебі тұтынушылардың 30% ғана қамтиды, ал батыс елдерінде (ЕО) тұтынушылардың 100%-ы бойынша энергия тұтыну есебі жүргізіледі.

Есепке алудың болмауы тұрғындарды үнемдеушілік пен энергияны үнемдеу шараларын қабылдауға ынталандырмайды» [2].

Демек, экономикалық ғылым жаңа парадигмаға сүйене отырып, жылу энергетикасы сияқты экономика саласының даму моделіне түбегейлі өзгеше көзқарас қалыптастыруы керек, өйткені, нақты жағдай көрсеткендей, сиректелген аймақтарда, тіпті қаржылық ресурстарға бай ел де дәстүрлі жылумен жабдықтау жүйелерінің экономикалық тиімділігінің төмендігіне байланысты – өмір сүру сапасын тікелей анықтайтын тұрақты жылумен қамтамасыз ете алмайды.

Шексіз аумақтарға жайылып өмір сүретін және өз ұрпақтары өсімдік, астық және мал шаруашылығымен мәңгі ажыралмас байланысты болған, осы мақсаттарда мал жаюға арналған орасан зор жайылымдарды және жем – шөп өндіруде суарылмайтын жерлерді игеруге мәжбүр болған қазақстанның ауыл тұрғыны қалыптасқан тарихи және мәдени өмір сапасы – мемлекеттің, қоғамның және бизнестің аса мұқият назарын қажет етеді.

Бұл шынайы ақиқаттың маңыздылығы – Қазақстанның болашақта органикалық азық-түлік өндіруде өзінің бірегей әлеуетін шебер пайдалана алуында. Сонымен қатар бүкіл әлемде азық-түлік тапшылығының артуы

аясында осы мақалада қарастырылған мәселелердің өзектілігінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Ауылдық жерлердегі жайлы орта ұғымы оның көптеген түрлерін, ең алдымен, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер кешені сияқты, мысалы, сапалы және тұрақты энергиямен қамтамасыз ету, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, сапалы ауыз суы және т.б. қамтиды.

Аталған мәселе Қазақстандағы климаты жағдайларында жылумен жабдықтауды елімізде пайдаланылатын энергия ресурстарының шамамен 40% тұтынатын экономиканың неғұрлым әлеуметтік маңызы бар, сонымен бірге неғұрлым отынды көп қажет ететін, энергия ресурстарының жартысына жуығын тұтынатын коммуналдық-тұрмыстық секторына тиесілі болғандығынан өзектілігі сөзсіз.

Мақалада баяндалған зерттеу нысанасы осы бағыттардың тек бірі ғана, яғни Қазақстанның ауылдық жерлерінде жылумен жабдықтауда инновациялық тәсілдерді енгізу мәселесі ретінде, басқа жағдайлармен қатар бүгінгі ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырудың тежеуші факторы болып отыр.

Сарапшылардың бағалауы бойынша, дамыған елдерде ЖІӨ өсімінің 50%-дан 90%-на дейін көлемін инновациялар мен технологиялық прогресс айқындайды, инновациялар өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласының барлық секторларын дамытудың міндетті шарты мен негізгі «моторына» айналған.

Бұл мәселенің шешімін дәстүрлі емес энергия көздерінен, экономикалық тиімді және экологиялық қамтамасыз етілген жылумен қамтамасыз ету саласынан іздеу қажет, бұндай тәсілдемені, мысалы өз жұмыс принципі төмендегі, 1-суретте көрсетілген жылу сорғыларының жаппай қолдану арқылы тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің дербестігін арттыруда ғана мүмкіндік туындайды.



Сурет 1. Жылу сорғысының жұмыс істеу принципі [3].

Энергетикалық теңгерімдегі жылу энергиясының жаңартылатын көздерінің үлесін ұлғайту жолымен Қазақстанның «Жасыл» экономика сценарийіне көшуін шолуда – «Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия және Тынық мұхиты үшін экономикалық және әлеуметтік комиссиясының (ЭСКАТО) Энергетика бөлімі әзірлеген» жылу сорғыларын пайдалану технологиясы» «жылумен жабдықтау секторында Қазақстанның өршіл Климаттық мақсаттарына ерісу – экологиялық таза энергетика технологияларын енгізу оның тұрақты және климатқа қолайлы нарыққа өтуіне көмектеседі, ал жылу сорғыларын пайдалану технологиясы қол жеткізу үшін маңызды фактор болып табылады» [2] – делінген.


«Жылу сорғылары (ЖС) жылу беру технологиясы мен әдістерінің тиімділігімен, сондай-ақ ЖС технологиясы тез техникалық және қаржылық тұрғыдан мүмкін шешімге айналуымен танымал болып келеді» [2].

«...Жылу сорғылары көмірмен немесе газбен жұмыс істейтін кез келген жүйеге қарағанда әлдеқайда тиімді, өйткені олар электр энергиясының салыстырмалы түрде аз шығындарын пайдаланып сыртқы көзден қол жетімді жылуды тасымалдайды. Осылайша, олар қазба отындарын жағуды қолданатын технологияларға қарағанда тиімдірек.

Жылу сорғылары жылуды 300% тиімділікпен беруге қабілетті, ал конвекциялық қазандық жүйелері 90% тиімділікке ие (Қазақстанда ұқсас жүйелердің тиімділігі – небәрі 60% құрайды). Сонымен қатар, Қазақстанның климаты қыс мезгілінде орташа температурасы -4°C – тан -19°C -қа дейін, ал жазда – $+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт континенталды болғандықтан, ЖС технологиясы қыс мезгілінде жылумен және жаз мезгілінде бір объект шегінде салқындықпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. ЖС технологиясы шағын масштабты (3 кВт жылу) және ауқымды нысандар үшін де тиімді болуы мүмкін. Мысалы, Финляндияда осы технологияны қолданатын ең үлкен қондырғы орнатылған, оның қуаты – 170 Мвт жылу» [2].


Жылу сорғыларының тиімділігі ыстық су алуда және тұрғын үйді жылытуда қолданылатын кез келген басқа энергетикалық жабдықтың тиімділігінен асып түседі. Жылу сорғысының жылыту коэффициенті шын мәнінде 6-8 мәндеріне жетуі мүмкін. Егер дәстүрлі энергия тасымалдаушылардың үнемі өсіп келе жатқан құнын ескеретін болсақ, онда мұндай заманауи жылу жабдықтарын пайдалану жыл сайын айтарлықтай үнемдеуге әкеледі.

Қәдімгі тілмен айтсақ – жылу сорғысы – бұл технологияның энергия тиімділігіне бағытталған тағы бір қадамы. Оны пайдалануға негізделген жылыту жүйесі үйді жылыту үшін сыртқы ортадағы төмен потенциалды энергиясын (ауа, жер, су) жоғары потенциалды жылу энергиясына айналдыра алады. Тоңазытқыштардың жұмыс принципі негізге алынады, бірақ керісінше. Жылу қондырғысы жылу өндірумен айналыспайды, оны сырттан бөлмеге тасымалдайды. Сурет 2-де ЖС үйді жылытуда қолданудың жалпы көрінісі бейнеленген.



Сурет 2. Жылу сорғыларының жұмыс істеу принципі [3].

Жылу сорғы қондырғыларының қол жетімді және уақытпен тексерілген технологиялары жылу көзіне қарай жіктелген 4 түр болып табылады: а) ауа, б) су көзі, в) топырақ жылуы және г) қалдық жылу. ЖС-ның негізгі тұжырымдамасы – бұл жылылық өндіру емес, ауадан, судан немесе топырақтан жылу энергиясын алып, содан кейін оны ғимарат/объект ішінде пайдалану мақсатын атқарады.



Құндарындағы айырмашылықтар			
$0,0171/0,0094=1,82$ есе	$0,0605/0,0094=6,47$ есе	$0,0382/0,0094=4,08$ есе	$0,0094/0,0094=1$
Дереккөз: https://greenhvac.tech/blog/teplovye-nasosy/tarify-na-energonositeli-v-2021-godu/			

Сурет 3. Салыстырмалы баға бірліктеріндегі 1 кВт жылу энергиясы құнының диаграммасы.


Тасымалдау кезінде ЖС қол жетімді жылу температурасын жылумен, ыстық сумен, технологиялық сумен және т.б. қамтамасыз ету үшін жеткілікті деңгейге дейін көтереді. Мысалы, әдеттегі ПЖӨ (пайдалы жылу өнімділігі) [1]. ПЖӨ (2-суретте көрсетілгендей) шығындары = 1кВт «кірісте» =3 кВт «шығыста».

Қазақстанда, әсіресе оның солтүстік өңірлерінде жылумен қамтамасыз ету ұзақ және өте қатал қыс мерзімінде өте үлкен отын шығындарын талап етеді, бұл электр энергиясымен қамтамасыз ету шығындарын 2 есеге дейін өсіреді. Дәстүрлі жылу көздерінің негізгі кемшіліктері төмен энергетикалық (әсіресе шағын қазандықтарда), экономикалық және экологиялық тиімділік көрсеткіштері болып табылады (дәстүрлі жылумен қамтамасыз ету ірі қалалардың ауа бассейнін ластаудың негізгі көздерінің бірі болып табылады).

Сонымен қатар, энергия тасымалдаушыларын жеткізуге арналған жоғары көлік тарифтері дәстүрлі жылумен жабдықтауға тән жағымсыз факторларды күшейтеді. Жылу желілерінің шығындары өте жоғары, бұл орталықтандырылған жылу жүйелеріндегі ең сенімсіз элемент болуы мүмкін. Диаметрі 1400 мм құбырлар үшін апаттық жағдай-ұзындығы 1 км үшін жылына бір апат, ал диаметрі кішірек құбырлар үшін – шамамен алты апат тура келеді. Жылу желілерін салу және күтіп ұстау айтарлықтай шығындарды талап ететіні анық.[5]

Дәстүрлі жылумен жабдықтаудың барлық аталған жағымсыз факторлары дәстүрлі емес әдістерді қарқынды қолдануды талап етеді. Осындай әдістердің бірі – жылу сорғылары арқылы жылумен қамтамасыз ету үшін топырақ және/немесе ұңғыма сияқты шашыраңқы төмен температуралы (5-30° С) табиғи жылу көзін пайдалану жан-жақты тиімді екені сөзсіз.

Қазіргі уақытта дамыған елдердегі ауылдық жерлерде төртінші буын поливалентті (көпфункционалды) жылу сорғылары кеңінен қолданыла бастады, олар бұрынғыдан ерекшеленеді, өйткені олар жыл бойы ыстық және суық суды бір уақытта дайындай алады, осының арқасында мүмкін болатын ең жоғары энергия тиімділігіне қол жеткізіледі. Поливалентті жылу сорғыларының қуаты 5 кВт-тан 878 кВт-қа дейін өзгере алады. (4-сурет).



Дереккөз: <https://eco-in.by/info/articles/teplovye-nasosy/kak-i-pochemu-vybirayut-teplovye-nasosy/>.

Сурет 4. Поливалентті жылу сорғы жүйесінің схемасы.

4-суретте EXPSYSTEMS жүйесі арқылы жазғы немесе қысқы акклиматизация мақсатында салқындатылған немесе қыздырылған суды және/немесе ауамен конденсацияланған (мысалы, сұйық кешенмен) тұрмыстық ыстық суды өндіру тәсілдемесі келтірілген.

Қазақстанда жылу сорғы жүйелерін қолданудың әлеуметтік – экономикалық аспектілері.

Жылумен қамтамасыз ету жүйесінің жай-күйін бағалау соңғы тұтынушының пайдасына қалыптаспаған мынадай парадоксалды жағдайды көрсетті. Шындығында, сәйкесінше, энергияны үнемдеу және жылу энергиясын қайталама пайдалану соңғы тұтынушы үшін ең үлкен әлеуетке ие, бірақ мемлекет үшін емес.

Бүкіл әлем жылу сорғыларын, оның басты артықшылығын – сыртқы әлеуеті төмен көздерден жылуды айдау есебінен қол жеткізуден пайдаланып, үнемдеуге көшіп жатқан бір жағдайда, Қазақстанда ұдайы өсіп келе жатқан тарифтеу есебінен энергия тұтынуды, әсіресе заңды тұлғаларды ынталандыруды жалғастыруда. Мәселен, ҚР Энергетика министрлігі 2021 жылғы 1 сәуірден бастап энергия өндіруші станциялардың тарифтерін орта есеппен 15%-ға көтерді, бұл электрмен жабдықтау бағасының ел бойынша 12,5%-ға өсуіне, ал соңғы тұтынушылар үшін бағаның өсуі 10% құрады [6].

2022 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан бойынша энергия өндіруші ұйымдардың шекті тарифтерінің орташа өсуі 10-12% деңгейінде болды [2]. Үстіміздегі жылдан бастап, Қазақстан Энергетика министрінің пікірінше,

алдымыздағы тек «... 3-4 жыл перспективасында тариф, жылына кемінде 15 пайызға өсуі тиіс» [2]. Ең алаңдататын жағдай: осыған қарамастан елімізде жылдан жылға электр энергиясын өндіру төмендеп келгенімен – оны тұтыну өсуде, ал электр өндіруші және оны жеткізіп беруші желілердің қуаттылықтары – жоғары қарқынмен тозып келмекте. Биылғы қыстағы Екібастұздағы және басқа да көптеген энергия өндіруші орталықтардағы және желілердегі көптеген апаттар – осылардың айқын дәлелі бола алады.

Қоғамға арналған БАҚ-да әр түрлі деңгейдегі шенділердің қалыптасқан жағдайды шиеленістірмеу мақсатында айтатын пікірлері мынадай: «тарифтердің өсуі тек заңды тұлғаларға тиесілі, тұрғындарға бұлардың (*тарифтердің – автор*) әсері болмайды», – деп халықты қулықпен тыныштандырады. Алайда, осыны біз анық түсінуіміз қажет: энергияның алуан түрлерінің ең соңғы тұтынушысы – қарапайым тұрғындар, оларға дейінгі аралықта осы энергияны жеткізіп берушілер саны мыңдаған заңды тұлғалар болып табылады.

Қазақстанда электр энергиясын пайдаланбай жылу өндіре алатын және оны жеткізетін бірде – бір заңды тұлға жоқ, яғни аталған мәселелер адамдарымызға ең қажетті және ең қарапайым болып табылатын заманауи қажеттіліктерін қанағаттандыру – тек бүгінгі күннің ғана емес, сонымен қатар, жақын келешектің өткір көкейкесті мәселесі болып тұр және қазақстандықтардың өмір сапасын едәуір төмендеуі мен халық наразыдықтарының өсуіне келіп соғады.

Бұл үрдіс көптеген жылдар бойы жалғасады. Бұндай жағдайда жылу энергиясын үнемдеу міндеті одан да өткір сипатқа ие болады, өйткені жылу энергиясын өндіруге қажетті электр энергиясына тарифтердің өсуі мультипликативті және өте жағымсыз түрде түпкілікті тұтынушыға – жеке тұлғаларға да әсер етеді. Әлем тәжірибесі жылу сорғы қондырғыларын пайдалану экономикалық тұрғыдан негіздеп, жылумен жабдықтаудағы перспективалы бағыт екенін тағы да растайды, өйткені ЖС тиімділігі 200%-дан 400%-ға дейін, бұл оларды пайдалану технологиясын қолдану нәтижесінде шығатын электр энергиясының 1/3 немесе 1/6-дан аз мөлшері. Осылайша, электр энергиясының мұндай жоғалуын болжасақ та, жылу сорғылары дәстүрлі жылу электр станцияларымен салыстырғанда әлдеқайда тиімді.

Жылу сорғыларын пайдаланудың экономикалық тиімділігі.

Қазақстанның ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын айқындайтын маңызды фактор ретінде жылу сорғыларын қолданудың әлеуметтік-экономикалық парадигмасының құндылығы – оның экономикалық тиімділігімен ерекшеленеді. Жылу сорғыларын қолдану, ең алдымен, отынға, жылу және электр энергиясына бағаның өсуінің технологиялық қажеттілігі мен тенденциясымен анықталады. Егер бұрын жылу сорғыларына отандық сұраныс ұзақ уақыт бойы энергия тасымалдаушылардың салыстырмалы арзандығымен шектеліп келген болса, алайда соңғы жылдары Қазақстандағы отын бөлшек сауда желісінде, мысалы, АҚШ-қа қарағанда орташа қымбатқа түседі.

Жылумен жабдықтаудың жылу сорғы жүйелерін практикалық пайдалану тәжірибесі, оларды төмен тығыздық пен бытыраңқылық жағдайында орналасқан ауылдық елді мекендерге енгізудің барлық қажетті негіздемелері жылу сорғы жүйелерін тиімді пайдаланудың және олардың көмегімен елеулі экономикалық, энергия үнемдейтін және экологиялық әсерлерді қамтамасыз етудің кең мүмкіндіктерін айғақтайды. 1-кестеде қуаттылығы 10,8 кВт/сағ болатын жылыту қондырғыларының салыстырмалы сипаттамалары көрсетілген.

Кесте 1. Қуаты 10,8 кВт/сағ жылыту қондырғыларының салыстырмалы сипаттамалары.

Техникалық сипаттамалары	Бөлмені жылыту әдісі			
	Газ қазандығы	Сұйық отын қазандығы (дизель)	Электр қазандығы	Жылу сорғысы
Қондырғы құны	Орташа	Орташа	Төмен	Жоғары
Жылытылатын алаң, м ²	180	180	180	180
Қондырғы қуаты, кВт	10,8	10,8	10,8	10,8
Қазандық алаңы, м ²	6	6	3	6
Электр энергиясын тұтыну мөлшері, кВт/сағ	1,5	2	13	2
Жылу энергиясының көзі	Газ	Дизель отыны	Электр тогы	Жердің жылуы, электр тогы
Энергия тасымалдаушыға қажет жылдық шығын	5000 м ³	10000 литр	69000 кВт	Жер энергиясы – тегін
Қызмет мерзімі	15-20 жыл	15-20 жыл	3-8 жыл	50 жылға жуық
Өртке қауіптілігі	Қауіпті (тұрақты өрт)	Қауіпті (тұрақты өрт)	Қауіпті	Қауіпсіз
Жарылыс қаупі	Қауіпті	Қауіпті	Қауіпті	Қауіпсіз
Экологиялық қауіптілік деңгейі	Зиянды (СО және NOx шығарады)	Зиянды (СО және NOx шығарады)	Зиянсыз	Зиянсыз
Желдету	Қажет	Қажет	Қажет емес	Қажет емес
Қызмет көрсету қажеттілігі	Тұрақты тексеру	Тұрақты тексеру	Мерзімді тексеру	Мерзімді тексеру
Сенімділігі	Жоғары	Жоғары	Жоғары	Өте жоғары
Энергия болмаған кезде автономды жұмыс істеуге	Қамтамасыз етпейді	Қамтамасыз етпейді	Қамтамасыз етпейді	Қуаттылығы небәрі 2 кВт резервтік электр

қабілеті				генераторы болған кезде қамтамасыз етеді
Бөлмені салқындату мүмкіндігі	Қамтамасыз етпейді	Қамтамасыз етпейді	Қамтамасыз етпейді	Қамтамасыз етеді
Өтелу уақыты	Өтелмейді	Өтелмейді	Өтелмейді	3-5 жылда өтеледі

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғаныңыздай (кесте 1) жылу сорғысының басқа жылу көздерімен салыстырғанда өтелу мерзімі 3-5 жыл, ал жүйені күрделі жөндеуге дейінгі қызмет мерзімі 15-20 жылды құрайды. Сонымен қатар, энергия тасымалдаушылар бағаның тұрақты өсу тенденциясына ие және сәйкесінше энергия тасымалдаушылардың қымбаттауымен өтелу мерзімі одан да төмен болады.

Ұнғыманың немесе топырақ коллекторының қызмет ету мерзімі кемінде 50 жыл, ал жылу сорғысында тек компрессор (кем дегенде 15-20 жыл қызмет ететін белгілі әлемдік бренд) және салқындатқыштың айналымын жүзеге асыратын сорғылар тозатын бөлігі болып қала беретінін атап өткен жөн. Сондықтан, жылу сорғысын қолдана отырып, тұтынушы сенімді, іс жүзінде техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейтін, толық отқа төзімді, үнемді және экологиялық таза жылыту және ұзақ қызмет ету мерзіміне ие ыстық суы да бар жүйесін алады.

Есептеулерде пайдаланылған бастапқы деректер.

Сапалы деңгейде жобаланған және салынған 180 м² үй үшін 10-12 кВт жылу энергиясы қажет, оны 2 зондты жерге 100 м тереңдікке түсіру арқылы алуға болады, бұл үшін 6х6 м жер учаскесі қажет. 1-кестеде келтірілген салыстырмалы сипаттамалардан тиісті қорытынды жасауға болады:

Қазірдің өзінде жылу сорғылары үнемді дизельдік қазандықтарға немесе электр тоғымен жылытуға қарағанда, ал жақын арада энергия бағасы еуропалықтармен салыстыратын болсақ, олардың тиімділігі жағынан сөзсіз көшбасшы болып келеді және тіпті газ қазандықтарынан да асып түседі.

Жылу сорғысын пайдаланудың электр жылытумен салыстырғанда үнемдеу деңгейі мынадай болады: 10 жылда – 35 мың\$, 15 жылда – 60 мың\$, 20 жылда – 87 мың \$. (2-кестені қараңыз). Тікелей экономикалық әсерден басқа, жылу сорғысы жылумен жабдықтаудың экологиялық таза көзі болып табылады, өрт және жарылысқа тзтеп беруші қондырғы.

Қазірдің өзінде, энергияның салыстырмалы түрде төмен бағасымен, болашақ туралы ойлайтын көптеген прогрессивті және білімді адамдар жылыту және ыстық су дайындау үшін жылу сорғыларын таңдап, болашаққа саналы түрде қомақты үлес қосады. Бұндай қорытынды Қазақстанның ауылдық жерлерінде кең таралған көмір отын (қатты отынға жатады) қазандықтарымен ЖС сипаттамаларын салыстырмалы талдау нәтижелерімен дәлелденеді.

Не менее важным является то, что поправки в Основной Закон страны позволяют акимам населенных пунктов легитимно решать проблемы местного самоуправления наряду с осуществлением государственных полномочий. Развитие местного самоуправления на основе маслихатов было продиктовано необходимостью эволюционного государственного и политического развития страны. Единое понимание и согласие по основным направлениям модернизации обеспечит всеобщую поддержку программе политических реформ, которая так нужна нашей стране. Сегодня никто не может серьезно утверждать о создании у себя некой идеальной модели политического устройства, наоборот, открыто заявляя об имеющихся недостатках и ошибках прошлых лет, необходимо поэтапно устраняя их, эволюционно развиваться в рамках общемирового демократического тренда.

Литература

- 1 Постовой Н.В. Местное самоуправление: история, теории, практика. – М., 2013. – 189 с.
- 2 Шугрина Е.С. Муниципальное право. Учебник. – М., Дело, 2016. – 496 с.
- 3 Еремян В.В. Муниципальное право зарубежных стран. Теория и современная практика. – М., 2014. – 679 с.
- 4 Европейская хартия о местном самоуправлении. – Страсбург: Совет Европы, Отдел изданий и документов. – 15.10.1985 г [Электронный ресурс] // <http://www.halktoplushu.md//evropejskaya-khartiya-mestnogo-samoupravleniya>.

ӨНЕРТАНУ САЛАЛАРЫ
ОТРАСЛИ ИСКУССТВОВЕДЕНИЯ
BRANCHES OF ART CRITICISM

GTAMP 18.49.91

ҚАЗАҚ БИ – ХАЛЫҚТЫҢ ТЫНЫСЫ

С.Ш. Тлеубаев

*Ф.ғ.д., профессор, Шымкент қаласының музыкалық колледжінің директоры,
Шымкент қ.*

Б.С. Тлеубаева

*П.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан университеті
Өнер кафедрасының меңгерушісі, Шымкент қ.*

Қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға сабақтасып, тізгіннің ұшында, өзіндік тарихымен, әдет-ғұрпымен, сәндік, көркемдік жолымен, көшпенді елімізді бүкіл әлемге өзінің ерекшелігімен таныта білген – халық би өнері. Би – қазақтың халық фольклорының көне түрлерінің бірі, ежелгі заманнан ақындық, күйшілік өнерімен қатар би өнері де сақталып. Ол жайында Қазақстан жерінде сақталған тастағы суреттер, тарихи деректер, орыс саяхатшылары, тарихшылары, ғалымдарының этнографиялық жазбаларын зерттеу. Қандай халық болмасын ұлттық мәдениетке мән бермей өзін ұлт ретінде көрсете алмайды. Халық шығармашылығы бірегей «жазылмаған тарих» ретінде «өмір оқулығы», нағыз білім энциклопедиясы қызметін атқарып, рухани әлем мен халық даналығының идеялық-эстетикалық байлығы жайлы толыққанды мәлімет береді. Би өнері адам өмірінің эмоциялық табиғаты мен оны қоршаған табиғи ортаны бейнелеген көркемдік шығармашылық салаларында елеулі орын алады. Халықтың шығармашылық мәдениеті адамның сана-сезімімен бірге адамгершілік болмысын тәрбиелеп іске асырады.

Түйін сөздер: дәстүр, би, хореография, мәдениет, өнер.

Республикамыздың тарихи санасын қалыптастыру бағыты Концепциясында халықтар тарихының, мәдениеті мен өнерінің асыл мұраларын мұқият зерттеп, кәдеге жарату қажеттілігіне аса терең мән берілген. Бұл ретте қазақ халқының би өнері тарихын жүйелі түрде саралап, оны жас ұрпаққа дұрыс түсіндіре білуіміздің де маңызы үлкен. Рас, мұндай міндет біздің алдымызға кешегі Кеңес өкіметі тұсында да қойылған болатын, бірақ ол міндет ұлттық мүдде тұрғысынан емес, таптық мүдде тұрғысынан біржақты әрі атүсті орындалып келгені баршамызға аян. Мұның бір мысалын қазақ би өнері тарихы туралы әртүрлі пікірдің орын алғандығынан да байқаймыз. Кезінде бұрын қазақта би болмаған, ол беріде, Кеңес өкіметі тұсында ғана, онда да басқа халықтардың биіне еліктеудің нәтижесінде пайда болды деген негізсіз, жаңсақ

пікірлердің кездескені мәлім. Бұл ненің белгісі еді? Бұл, сөз жоқ, өткен тарихымызды жете зерттемеуіміздің белгісі. Ал белгілі ғалым Л.Сарынованың «Қазақстан балет өнері» – деген зерттеу кітабындағы деректерге жүгінсек, қазақ би өнерінің тарихы сонау көне замандардан бастау алғанына қалтқысыз көз жеткіземіз.

Қазақстанның көне тарихынан белгілі Тамғалы және Шолақ таулары жартастарындағы суреттерге зер салу. Тамғалы жартасында бейнеленген суреттерден ән салып, би билеп жүрген бір топ адамдарды көреміз. Ал Шолақ тауы жартастарындағы суреттер де сондай кескін-келбетімен ерекше назар аударады. Олардың қайсыбірі иілген таяққа ұқсас музыка аспаптарымен күй сазын шалқытса, қалғандары бір-бірінің қолынан ұстап, би билеп жүр. Ал түйеге, атқа мінгендер оларға жан-жақтан анталай қызыға қарап тұрған сияқты. Осы бейнелерге зер сала отырып ғалым Л.Сарынова қазақ халқында күй мен би өнері ықылым заманнан болған деген ой түйеді.

Жалпы біздің ойымызша күй мен би бір-бірінен ажырағысыз егіз өнер. Қазақ халқы ерте кезеңдерден бері нағыз күйші, әнші халық ретінде қалыптасқан, тіпті туған күнінен бастап, қара жер қойнына енгенге дейін ән-күй әлдіне бөленген халық. Тағы бір дәлел. Алматы қаласындағы «Өртеке» қуыршақ театрында ағаштан ойылып жасалған серкелердің, аттардың, кейде ерлер мен әйелдердің кішкентай мүсіндері бар. Жіңішке жіптермен күйші саусақтарына жалғастырылған олар күйші күй тартқан кезде күй ырғағына қарай әртүрлі қимыл жасап, билей жөнеледі. Бұдан нені ұғуға болады? Бұдан, біздіңше, күй бар жерде бидің де болатынын ұғу тіпті де қиын емес.

Қазақ халқы бұрын кешпелі өмір сүріп, малмен күнелткен халық. Оның осы ерекшеліктері би арқылы бізге де жеткендігін зерттеу. Мысалы, «Өрмек биі», «Қоян-бүркіт», «Құсбегі-дауылпаз», «Қаражорға», «Тепенкөк», «Ұтыс биі», сықақ, әзіл-қалжыңға толы «Насыбайшы», «Аю», «Көкпар» билері қазақ халқының тұрмыс-салт ерекшеліктерінен туған билер екені даусыз.

Қазақ халқы өнері тарихын жастарға оқыту барысында бізге жоғарыдағыдай тарихи деректерді ұтымды пайдалана білген жөн. Осыған қоса айтарымыз, бізде әлі күнге дейін ескерілмей келе жатқан бір үлкен олқылық бар. Айталық, қазақ халқы биі тарихын неге туысқан халықтар биінің тарихымен салыстыра зерттемеске? Егер осылай етсек, әлі де тың деректерге ұшырасарымыз әрі ойлау көкжиегіміздің аясы кеңі түсері сөзсіз дер едік.

Би – музыка немесе ырғаққа сай дене қимылымен көркем бейне жасайтын өнер халық шығармашылығы ежелгі түрлерінің бірі. Би музыкамен тығыз байланысты. Көптеген халықтардың билері соқпалы музыкалық аспаптардың ырғақты әуенімен орындалады.

Би – қазақтың халық фольклорының көне түрлерінің бірі, ежелгі заманнан ақындық, күйшілік өнерімен қатар би өнері де сақталып. Ол жайында Қазақстан жерінде сақталған тастағы суреттер, тарихи деректер, орыс саяхатшылары, тарихшылары, ғалымдарының этнографиялық жазбаларын зерттеу. Кеңес дәуіріне дейінгі қазақтарда бидің тұрмыс-салт дәстүрлеріне байланысты қол ұстаса жүріп ән айтудан басқа түрі кең таралады. Соған қарамастан халық

арасында би фольклоры сақталып келеді әрі оның түрлері мен дәстүрлерінің өзіндік ұлттық ерекшеліктері болады. Халық билерін орындаушылар және оны шығарушылар негізінен сал-серілер атанған ақындар, әншілер, күйшілер арасынан шыққан дарынды өнерпаздар болды. 1934 жылы Қазақ опера және балет театры құрылғаннан кейін билерді сахнаға шығару қызу қолға алынды. Оған Қазақстанға келген орыс хореограф шеберлері көп көмек көрсетті. Опералық спектакльдерде қойылған алғашқы сахналық билерде ұлттық ойындар, салт-дәстүрлер жоралғылары, өндіріс процесінің элементері пайдаланылды. Бұл билерде бейнелеу құралы ретінде Орта Азия және Қазақстан халықтарының билері мен классикалық бидің қимыл – әдістері қолданылды. Билер 1936 жылдары Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігінде қойылған спектакльдерде, 30-40 жылдары Алматыда болған «Халық творчествосының Бүкілқазақстандық слеттерінде көрсетіліп, үлкен табысқа ие болды. 1934 жылы Алматыда өткен ауыл шаруашылығы слетінде атыраулық жеке биші М.Оразғалиев қазақтың халық биін орындады, биінің ерекшелігі аяқ-қол қимылынан гөрі иық қимылы басым келеді.

Қара жорға – Қазақтың халық биі. Оны халық күйі «Қара жорға» немесе «Боз айғырдың» сүйемелімен жігіттер тобы (жеке де) орындайды. Би жорғаның жүрісі мен алғыр жігіттердің қимылын бейнелейді. Бұл би Әуезовтің «Айман – Шолпан» спектаклінде қойылған. Негізінен би Моңғолия мен Қытайды мекендейтін қазақтар мен Алтай халқының арасында кең тараған.

«Қоян биі» – қазақтың халық биі. Құрманғазының «Ақсақ құлан» күйінің сүйемелімен орындалады. Ырғағы екпінді. Биді атақты биші Зәрубаи Құлсеітов қоянды жәрменкесінде үстел үстіндеп шыныларды құлатпай 40 минут билеп, жүлде алған. Бұл би 1928-30 жж. осы бишінің орындауында Қазақ драма театры концерттік бағдарламасына енгізілген. Шекті аспаптар оркестрі не жеке домбыра сүйемелімен бастан аяқ жылдам ырғақта орындалған Құрманғазының «Адай» күйінің желісіне құрылған. 1968 жылы Москвада өткен би мектептерінің байқауында «Адай» биін қазақ жастары орындаған.

«Айжан қыз» – қазақтың халық биі. Халық композиторы Құрманғазы Сағырбайұлының осы аттас күйінің сүйемелімен орындалады. 1934ж. «Қыз жібек» операсында бұл би қазақтың өрмек тоқу өнерін бейнелеген. Оның жаңа нұсқалары бар. Онда қазақ қыздарына тән жан сұлулығы, биязы мінез, мөлдір сезім би тілімен суреттеледі. «Айжан қыз» биі көркем өнерпаздар үйірмелерінде кеңінен орындалып келеді. Қоюшы Қазақ КСР- інің халық артисі Шара Жиенқұлова болатын.

«Алтынай» – қазақтың қыздар биі. Алтынай осы аттас күйінің әуенімен орындалады. Евгений Брусиловский бұл күйді өндеп «Ер Тарғын» операсындағы биге пайдаланды. Оны 1937 жылы бір топ бишілер сондай-ақ жеке бишілер де орындайды. Бұл биді шетелдерде халық артистері Г.Талпақова, Н.Тапалова, Ғ.Тоқтарбаева, «Алтынай» би ансамблі орындады.

«Бүркіт биі» – қазақтың халық биі. Дабыл аспабының сүйемелінде орындалады. Негізінен бұл би Моңғолияда тұратын қазақтар арасында кең тараған. Би алғыр қыранның қимыл әрекетін, қанат қағысын бейнелейді.

Қазақ даласында би өнерінің ежелден дамып келе жатқанын ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы «Сибирский вестник» (1818ж., №2). «Отечественные записки» (1830ж., №124) журналдарында, тағы басқа да басылымдарда жарық көрген мақалалар да дәлелдей түседі. Тіпті олардың кейбіреулерінде қазақ халқының би өнері ерекшеліктеріне ғылыми таңдау жасалған.

Осы секілді қазақ халқының би өнері туралы Бөкей ордасы тарихын сөз еткен еңбектерде де құнды пікірлер кездеседі. Мысалы, 1846-1848 жылдар аралығында қазақ даласында болған А.Евреиновтың «Ішкі, яғни Бөкеевтің қырғыз-қазақ ордасы» деген естелік мақаласында: «Қырғыздар (қазақтар А.Е.) көңіл көтергенді ұнатады. Олар кешке қарай бүкіл ауыл болып бір үнге немесе ашық аспан астына жиналып, өткен күндер, сұлтандар, батырлар, аң аулау кезіндегі олжалары туралы сыр шертеседі. Түн ортасынан ауада домбыра үні күмбірлеп, ән, биге кезек тиеді. Жастар белдесе кетіп, күш сынасады, жарыс, тартыс ойындарын өткізеді. Бізді, әсіресе, жігіттің ұрын келуі және қыз ұзату ойындарынан кейін биленген билер ерекше қызықтырды», – деген жолдар бар. Мұндай пікірлер Д.Исаевтың, М.Киттарының, А.Харузиннің, И.Козловтың, Ә.Диваевтың естелік мақалаларынан да молдап ұшырасады. «Қырғыз той-думанға аса құмар», – деп жаза келіп А.Харузин жұртты күлдіргіш ойымпаздардың кәсіпқой биші болғандығына назар аударады.

Соңғы жиырма жылдағы қазақ өнертанушыларының зерттеулері қазақ халқының өмірінде би өнерінің ерте заманда-ақ бой көрсеткенін дәлелді түрде айқындап берді. Біз би өнерінің халық өмірімен біте қайнасып келе жатқан шежірелік түзілімін, би мәдениетінің Орта Азия мен Қазақстан аймағында өте ерте заманда болғаны жөніндегі анық мәліметтерді археологиялық деректерден алдық. Бұлайша тұжырым жасауымызға материалдық мәдениеттің көптеген ескерткіштері, б.з.д. II-I мыңжылдықтар кезеңіне жататын Қазақстан аумағындағы петроглифтер, жартасқа салынған көптеген сызба-суреттер, мәдени ескерткіштер мүмкіндік береді. Бұл сурет-сызбаларды жан-жақты талдаудың нәтижесінде ғалымдарға Орта Азия мен Қазақстан халықтарын билерінің әр жанрлық классификациясының ертеден келе жатқан тарихы бар екені, олардың кәсіби биден көп бұрын қалыптасқандығы айқын болды. Қазақ халқының ұлттық би мәдениетінің пайда болуы мен даму жолдарына бүкіл түркі мәдениетінің бір бөлігі ретінде шолу жасағанда көшпелі шаруашылық басты орын алған біртұтас этномәдениеттің бірден-бір мұрагері екенімізді естен шығаруға болмайды. Сондықтан ерекше тарихи шарттары мен өнер дамуындағы өзгеше заңдылықтары бар көшпенділердің тарихи-әлеуметтік ерекшелігіне назар аудармайынша ұлттық би мәдениетінің өзіне тән қырларын айыра алмаймыз. Отырықшы халықтар тұрмысынан сапалық жағынан өзгеше көшпенділер қоғамы өнер түрлеріне өзгеше талаптар тудырып, алды көшпелілер әлеміне ыңғайлылығына, тиімділігіне қарай қалыптастырады. Осы себепті көшпенділердің эстетикалық әлемі дүние-мүлікке көңіл аударудан гөрі рухани – идеялық сипаттағы өнер түрлерін басым дамытты. Қазақтар үшін ол әуелі поэзия мен музыка болды.

Би шығармашылығы – әлемді көркемдік тұрғыдан танудағы көркем өнердің ең көне түрлерінің бірі. Ертеде-ақ табиғат күштеріне қарсы күрестен, ауыр еңбектен қалжыраған ата-бабаларымыз еңбек үрдісін бір сәт сезім күйімен серпілтіп сергітуді үйренді. Дәл сол кездерде, ауыл өмірінің барлық қырларымен байланысты еңбек үрдісі аясында ақыл-ой мен қиялдың әсерінен барып әдеттегі еңбек қимылдарынан өз бойына өнер элементтерінің рухани, физикалық бастауларын біріктірген бидің пластикалық-эмоционалдық негіздері туды.

Аристотель биді адамдардың мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін, әрекетін көрсететін таза ырғақтың көрінісі деді, себебі би қимылдары туар кездегі ырғақтық сурет әдетте оны туғызған сезім күйіне сәйкес келеді. Ырғақтың эмоционалдығы нақты эмоция мен сезім күйлерінің мағынасын айқын көрсететін ерекше ырғақты пластика пайда болуын анықтады.

Би бір сәттік қана, билеу кезінде ғана өмір сүретін уақытша, өткінші өнер түрі болғандықтан, би шығармашылығының тарихи қалыптасуын зерттеу өте күрделі. Өйткені ол өзінен кейін ешқандай материалдық-заттай ескерткіш қалдырмайды. Биге қатысты сурет, жазба және ілеспелі музыка оның бір қырын ғана қамтып, біржақты түсінік берумен шектелсе, осы заманғы кино, видео түсірілім ғана би өнері жайында толық түсінік бере алады. Ежелгі би шығармашылығы туралы тарихи деректер там-тұм болғандықтан, тым тапшы әрі оның өзі де болжалды.

Осыған қарамастан қазақтың арғы ата-бабаларының рухани мәдениетінің жекелеген деректерін өзге халықтардың мәдениетімен салыстыра отырып, қазақ халқының бүкіл рухани мәдениетінің бастау көзіне негіз болған синкреттік өнердің мәні мен ролін ашып көрсетуге болады. Халықтың өзі жасап, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып отыратын мәдени дәстүрі этикалық дәстүрлерді құрайтын этностың айрықша жиынтық белгісі болып табылады. Көркем шығармашылықтың кейбір салаларының бір-бірінен ажырамас байланыстылығымен қатар оның қазақ қоғамының материалдық, саяси және рухани өмірімен етене бірлікте болуы да синкреттіліктің өзіне тән басты ерекшелігі болып табылады. Би өнері адам өмірінің эмоциялық табиғаты мен оны қоршаған табиғи ортаны бейнелеген көркемдік шығармашылық салаларында елеулі орын алады. Халықтың шығармашылық мәдениеті адамның сана-сезімімен бірге адамгершілік болмысын тәрбиелеп іске асырады. Қандай халық болмасын ұлттық мәдениетке мән бермей өзін ұлт ретінде көрсете алмайды. Халық шығармашылығы бірегей «жазылмаған тарих» ретінде «өмір оқулығы», нағыз білім энциклопедиясы қызметін атқарып, рухани әлем мен халық даналығының идеялық-эстетикалық байлығы жайлы толыққанды мәлімет береді.

Әдебиеттер тізімі

1 «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 720 б.

- 2 Абиров Д.Т. Қазақ биінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997.
- 3 Евреинов А. Внутренняя или Букеевская киргиз-казачья орда// Современник. Т. XXIX. 1851, октябрь.
- 4 Казахский фольклор в собрании Г. Потанина: Архивные материалы и публикации. – Алматы: Наука, 1972.
- 5 Сарынова Л.П. Балетное искусство Казахстана. – Алматы, 1976.
- 6 Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. – Алматы: Жазушы, 1992. – 192 б.
- 7 Джанибеков У. Эхо... По следам легенды о золотой домбре. – Алматы, 1991.
- 8 Балабеков Е.О. Қазақтың музыкалық фольклоры. – Алматы, 2007.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ НАУКИ
AGRICULTURAL SCIENCE

ҒТАМР 65.63.39

СИЫР УЫЗАНАН СЫР ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

У.М. Бахтыбекова

Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Халықтың дұрыс тамақтануын ұйымдастыруда сүт және сүт өнімдері маңызды рөл атқарады. Сүт өнімдерінің кең асортименті арасында сырлар ерекше орын алады. Ірімшіктердің танымалдығы олардың жоғары биологиялық және қоректік құндылығымен түсіндіріледі, бұл маңызды аминқышқылдарының, полиқанықпаған май қышқылдарының, кальцийдің жоғары құрамымен және макро және микроэлементтердің, дәрумендердің кең спектрімен, сүт майының оңай сіңетін түрімен, жағымды дәм букетімен байланысты.

Түйін сөздер: сыр, сиыр уызы, дәрумендер, рецептура, тамақтану.

Елдегі табиғи ашытылған сүт және сүт өнімдеріне сұраныстың төмен деңгейі мәселесі елдегі ең өткір және шешуді қажет ететін мәселелердің бірі болып табылады. Көптеген адамдар табиғи сүт өнімдерін жемейді бұл табиғи сүттің құндылығы жағынан әлдеқайда қымбат, сонымен қатар өңделгенге қарағанда калориялы болып саналады. Сондықтан, егер біз тұтынуға жағымсыз қоспалары бар сырды және дәмі мен компоненттері жоғары табиғи сүтте жасалған сырды талдайтын болсақ, онда табиғи ірімшік нәзік құрылымға, ағзаға пайдалы қасиеттерге және ашытылған сүт өнімінің жағымды дәміне ие болады [1].

Уыз сүті – сиырдың сүт безінде төлдегенге дейін 3 апта бұрын және төлдегеннен кейінгі алғашқы 24 сағат ішінде түзілетін сүт. Уыз сүті бұзау өмірінің алғашқы күндерінде қоректік заттар мен пластикалық заттардың негізгі көзі болып табылады. Төлдегеннен кейін бірден уыз сүтінде 23,1 % ақуыз, 6,5 % май, 4 сағаттан кейін 16,4 % және 5,1 %, 12 сағаттан кейін 13,7 % және 2,5 % және 24 сағаттан кейін тиісінше 7,1 % және 3,6 % болады.

Уыздың айрықша ерекшелігі-оның құрамында майдың, А, Д және Е дәрумендерінің және каротиннің жоғары мөлшері.

Уыз сүті бактерицидтік әсерге ие, өйткені оның құрамында лизоцим бар, ол микроорганизмдердің қабығын, функционалды белсенді лейкоциттер мен лимфоциттерді ерітуге қабілетті зат. Сүттегі құраммен салыстырғанда, уыз сүтінде А дәрумені 5-6 есе, ал Е дәрумені 6-7 есе көп [2].

Сиыр мен адамның уыз сүті құрамы жағынан өте ұқсас, екеуінде де көптеген антиденелер, иммундық және өсу факторлары, сондай-ақ басқа қоректік заттар бар. Олардың көптеген жалпы компоненттері болғандықтан, олардың денеде жұмыс істеу тәсілі де өте ұқсас. Сиыр уызының адам денсаулығына пайдасы көптеген салаларда зерттелген, соның ішінде:

Иммундық денсаулық: уыз сүті иммундық денсаулықты қолдайтын биологиялық белсенді заттардың, соның ішінде иммуноглобулиндердің, иммуномодуляторлардың және олигосахаридтердің күшті комбинациясынан тұрады. Бұл биологиялық белсенді заттар иммундық жүйені ғана емес, ересектер мен балалардағы тыныс алу жолдарының денсаулығын сақтау үшін бірге жұмыс істейтіні көрсетілген;

Асқорыту денсаулығы: уыз сүті иммуноглобулиндер, өсу факторлары және олигосахаридтерді қоса, ас қорыту денсаулығын қолдайтын биологиялық белсенді заттардың пайдалы комбинациясынан тұрады. Бұл биоактивті заттар ішектің тұтастығын сақтау және сақтау және қоректік заттардың сіңуін жақсарту үшін бірге жұмыс істейді, ал оның табиғи пребиотиктері жақсы бактерияларды тамақтандырады және ересектер мен балалардағы теңдестірілген Ішекті сақтайды;

Спорттық тамақтану: сиыр уызында иммуноглобулиндер мен өсу факторларын қоса, спорттық тамақтануды қолдауға көмектесетін бірнеше биоактивті заттар бар. Бұл биологиялық белсенді заттар спорттық жаттығулар кезінде стресс кезінде сау иммундық жүйені сақтауға көмектеседі, сонымен бірге жасушалық пролиферация мен қалпына келтіруді, ақуыз синтезін және жұмсақ тіндерді қалпына келтіруді қолдайды [3].

Сыр жасауға арналған шикізат сапалы болуы тиіс және МЕСТ Р 13264-2001 «Шикі сиыр сүті» талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сырдың сапалық көрсеткіштері 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1. Сиыр сүтінің негізгі көрсеткіштері.

Көрсеткіш	МЕСТ Р 13264-2001
Майдың массалық үлесі, %	3,5
Ақуыздың массалық үлесі, %	3,0
Қышқылдық, °Т	16-18
Тығыздық, °А	≥28
Бактериялық ұрықтандыру, мың / см ³	≤100
Соматикалық жасушалардың құрамы, мың / см ³	≤300
Ингибиторлар	рұқсат етілмейді

Өнімнің ең оңтайлы нұсқасын таңдау үшін, бұл өнімнің 3 түрлі рецептурасы дайындалды. Сырдың эксперименталды рецептуралары 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2. Сыыр уызы негізінде жасалған сыр рецептуралары.

Компоненттер	Тәжірибелік үлгілердегі мазмұны (%)		
	Бақылау нұсқа	Нұсқа №1	Нұсқа №2
Сүт	20	50	70
Уыз	30	50	30
Ашытқы	-	-	1
Тұз	1	1	1
ШЫҒЫМ,г	100	100	100

«Торайғыров университеті» КЕАҚ «Биотехнология» кафедрасының «Азық-түлік өнімдері технологиясы» зертханасында уыз қосылған тәжірибелік сүт өнімдері дайындалды. Органолептикалық талдау 3-кестеде келтірілген.


Органолептикалық көрсеткіштер бойынша йогурт сапасына қойылатын талаптар МЕМСТ 33630-2015 сәйкес келеді.

Кесте 3. Сырдың органолептикалық көрсеткіштері.

	Сыртқы түрі	Дәмі мен иісі	Консистенция	Түсі
МЕСТ бойынша	Беті тегіс	Таза, ашытылған сүт дәмі бар, орташа тұзды, бөгде дәм мен иіссіз	Нәзік, орташа тығыз, сәл сынғыш, бірақ ұсақталмайды	Ақ түстен ашық сарыға дейін
Бақылау нұсқа	Беті тегіс	Таза, орташа тұзды	Тығыз, ұсақталмайды, бүкіл масса бойынша біртекті	Ашық сары
Нұсқа №1	Шамалы жарықтардың болуына жол беріледі	Таза, бөгде дәм мен иіссіз	Біртекті, орташа тығыз	Ақ түсті

Торайғыров университетінде сыыр уызының физика-химиялық көрсеткіштері тексерілді. «Лактан» автоматтандырылған өлшеу кешені сүт сапасының 8 параметрін анықтайды: майдың, ақуыздың, құрғақ заттардың, СОМОНЫҢ массалық үлесі, тығыздығы, лактоза, қосылған су және сүт сынамасындағы қату нүктесі. Нәтижелер 1-суретте көрсетілген.

Жұмыста МЕСТ 5867-90, МЕСТ Р 54668-2011, МЕСТ Р 54761-2011, МЕСТ 25179-2014, МЕСТ 34304-2017, МЕСТ Р 54758-2011, МЕСТ 25101-2015, МЕСТ Р 54668-2011 бойынша физика-химиялық көрсеткіштерді зерттеудің стандартты әдістері қолданылды.



Сурет 1. Сыыр уызының физика-химиялық көрсеткіштері.

Сыыр уызының физика-химиялық нәтижелері бойынша майдй массалық үлесінің орташа мөлшері – 11,6, құрғақ заттардың орташа мөлшері – 28,5, СОМО-ның массалық үлесінің орташа мөлшері – 17,5, ақуыздың массалық үлесінің орташа мөлшері – 5,79, лактозаны орташа мөлшері – 9,2, тығыздықтың орташа мөлшері – 55,6, қату нүктесінің орташа мөлшері – 0,529, судың үлесінің орташа мөлшері – 0-ді құрайды.

Зерттеу объектілері мен әдістері.

Эксперименттік зерттеулер ҚР, Павлодар қ., «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК-да жүргізілді.

Зерттеу нысандары сыыр уызына негізделген ірімшік үлгілері болды.

Жұмыста МЕСТ ISO 6785-2015, МЕСТ 30347-2016, МЕСТ 32031-2022, МЕСТ 31904-2012, МЕСТ 31747-2012 бойынша микробиологиялық көрсеткіштерді зерттеудің стандартты әдістері қолданылды.

Дайын сыр өнімінің микробиологиялық зерттеуінің нәтижелері 4-кестеде келтірілген.

Кесте 4. Дайын сыр өнімінің микробиологиялық зерттеуінің нәтижелері.

Тіркеу нөмірі	Үлгінің нөмірі	Микробиологиялық көрсеткіштер	Зерттеу нәтижелері	Нормалау көрсеткіш	НҚ-әдісіне
1	2	3	4	5	6
РО-23-00291	28 Сыр	ІТББ(колиформдар)	Анықталмады	0,001 г жол берілмейді	МСТ 9225-84
		Патогенді, оның ішінде сальмонелла	Анықталмады	25 г жол берілмейді	МСТ 31659-2012
		S.aureus	Анықталмады	0,001 г жол берілмейді	МСТ 30347-2016
		L.monocytogenes	Анықталмады	25 г жол берілмейді	МСТ 32031-2012

Үлгілерді зерттеу мақсаты – КО ТР 033/2013 «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы».

Үлгі алу әдісіне НҚ МСТ 31904-2012.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері(кесте)бойынша сырда ІТББ(колиформдар), патогенді, оның ішінде сальмонелла, S.aureus, L.monocytogenes сияқты микробиологиялық көрсеткіштер анықталмағанын көрсетеді.

Алынған нәтижелерге сүйене отырып, зерттелген сыр өнімі тұтынушылардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз деп санауға болады.

Қорытындылай келе, сыр – пайдалы, қоректік және тұтынуға оңай өнім екендігін айта аламыз. Сонымен қатар, сыр кальцийге, фосфорға, калийге және магнийге өте бай, олар дененің толық психикалық, физикалық және гормоналды белсенділігі үшін қажет.

Зертханалық жағдайда дайындалған сырдың дәмін көрі нәтижесінде, мен бұл сырдың керемет дәмі, адам ағзасына пайдалы және пайдалы қасиеттері бар деген қорытындыға келдім, бірақ ең бастысы, консерванттар, химиялық және хош иістендіргіштер болмайтын кепілдендірілген сапалы өнім аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1 Годхиа М., Патель Н. Молозиво – его состав, преимущества как нутрицевтика: обзор. Curr Res Nutr Food Sci J. (2013) 1:37-47. doi: 10.12944/CRNFSJ.1.1.04.

2 Скаммелл А.У. Производство и использование молозива. Только молочная технология. (2001) 56. – С. 74-82.

3 Товароведение, экспертиза и сертификация молока и молочных продуктов / Н.В. Коники. – М.: Альфа, 2006. – 236 с.

ҒТАМР 65.63.03

ДИАБЕТТІК ТАМАҚТАНУҒА АРНАЛҒАН СҮТ ӨНІМІН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

А.Ж. Жандосова

Торайғыров университеті Павлодар қ.

Табиғи толыққанды тамақ өнімдерінің ұтымды технологияларын құру қазіргі заманғы тамақ өнеркәсібінің өзекті және басым бағыттарының бірі болып табылады. Функционалды тамақ өнімдерінің арасында сүт, оның ішінде ешкі сүтіне негізделген маңызды орын алады. Сүт өнімдерінің биологиялық құндылығын арттыру әртүрлі функционалды ингредиенттерді: пробиотиктерді, витаминдерді, минералды тұздарды, талшықтарды, биологиялық белсенді заттарды қоса алғанда, композициялардың дамуымен байланысты.

Ешкі сүтінен дайындалатын өнім ассортименті нарықта жоғары деңгейде дамымағандықтан пайдалы, құнарлы, әрі емдік-профилактикалық тамақтану негізіне сай болатын өнім жасалды. Қазіргі уақытта сүзбенің сақтау мерзімін ұзарту және сату үшін қаптаманың жаңа түрлері әзірленуде, бұл сатып алушылардың эстетикалық талғамын қанағаттандыруға ықпал етеді.

Түйін сөздер: сүт өнімі, диабеттік тамақтану, сүзбе, ешкі сүті, шәрбат, ұйытқы.

Ешкі сүтінің ақуызы, егер сіз бір стақан сусын ішсеңіз, қант деңгейінің төмендеуінің зиянды әсерін болдырмайды. Гормондар оны ыдырата бастайды. Денедегі инсулин өндірісіне ықпал ететін витаминдік кешендер мен микроэлементтердің болуын ескере отырамыз, бірақ ешкі сүтінің құрамына диабетиктердің жиі асқынуына – атеросклерозға төтеп бере алатын ерекше компоненттер кіреді. Қант диабетімен ауыратын науқасқа қанша сүт ішуге болатындығы туралы дәрігермен кеңесіп, өз жағдайына және қан көрсеткіштеріне назар аудару керек. Өнім күнделікті тұтынуға көмектеседі. Бір реттік қабылдау ұйқы безінің жағдайын жақсартпайды. Ешкі сүтінде кальций (143.0 мг), магний (14.0 мг), фосфор (89.0 мг), марганец (17.0 мкг), мыс (20.0 мкг), А дәрумендері (0.1 мг), В (0.04 мг), С (2.0 мг), және Д (0.06 мкг) құрамында болады. Бұл өнім денені толық ақуыздармен, майлармен, минералдармен және микроэлементтермен байытады, метаболизмді қалыпқа келтіруге өте пайдалы әсер етеді, бұл денсаулық пен ұзақ өмір сүруге ықпал етеді. Алайда, ешкі сүті, сиыр сүті сияқты, темірдің кедей көзі болып табылады, сонымен қатар иммундық жүйенің қалыпты жұмысын және мінез-құлық

сипаттамаларының жеткіліктілігін қамтамасыз ету үшін қажет. Ересектерде темір тапшылығы салқындату реакциясының жоғарылауымен байланысты. Ешкі сүтінің темірі сиыр сүтіне (10 %) қарағанда әлдеқайда жақсы сіңеді (30 %), бірақ әйел сүтінің темір сіңу деңгейіне (50 %) жетпейді [5].

Ешкі сүті сиыр сүті сияқты казеиндер тобына жатады, бірақ ешкіде сиыр сүтіне аллергиялық реакциялардың негізгі көзі болып табылатын альфа-1s-казеин жоқ, сондықтан ол сиыр сүтіне аллергиясы бар адамдарға көрсетіледі. Бета-казеиннің жоғары мөлшері ешкі сүтін әйел емшек сүтіне жақындатады. Ешкі сүтіндегі ақуыздардың көп бөлігі олардың құрамындағы альбуминдердің жоғарылауына байланысты құрамдас бөліктерге бөлінеді-сіңірілмеген түрінде сіңудің орнына ұсақ үлпектерге айналады, сондықтан ас қорыту жүйесінің бұзылуын тудырмай, ағзаға оңай сіңеді. Лактозаның төмен мөлшері (сиыр сүтіне қарағанда 13 %-ға және әйел сүтіне қарағанда 41 %-ға аз) бұл өнімді лактозаға төзбеушіліктен зардап шегетін адамдарға тұтынуға мүмкіндік береді. Ешкі сүтіндегі май шарлары сиырға қарағанда 10 есе аз, сондықтан денеге жақсы сіңеді. Майлылығы 4 – 4,4 %, ешкі сүті 100 % дерлік сіңеді. Ешкі сүтінде 67 % қанықпаған май қышқылдары, сиырда 61 % бар. Бұл қышқылдар адам ағзасының тіндерінде холестериннің тұндырылуын тежейтін ерекше метаболикалық қабілетке ие.

Ешкі сүтінің артықшылықтары:

- ешкі сүті сиыр сүтіне қарағанда минералдарға, дәрумендерге және микроэлементтерге бай;
- ешкі сүтінің ақуыздары асқазанда аз тығыз тромб түзеді, бұл олардың қорытылуын жеңілдетеді;
- ешкі сүтінің майы адам ағзасына 100% дерлік сіңеді, өйткені май шарлары сиырға қарағанда 10 есе аз;
- ешкі сүтінде лактоза аз, сондықтан лактоза жеткіліксіздігі бар адамдарға ұсынылуы мүмкін;
- ешкі сүтінде Альфа-1s-казеин аллергенді ақуызы жоқ, сондықтан оны тамақ аллергиясы бар адамдар жей алады [2].

Лактозаның төмен мөлшері (сиыр сүтіне қарағанда 13 %-ға және әйел сүтіне қарағанда 41 %-ға аз) бұл өнімді лактозаға төзбеушіліктен зардап шегетін адамдарға тұтынуға мүмкіндік береді. Ешкі сүтіндегі май шарлары сиырға қарағанда 10 есе аз, сондықтан денеге жақсы сіңеді. Майлылығы 4-4,4 %, ешкі сүті 100 % дерлік сіңеді. Ешкі сүтінде 67 % қанықпаған май қышқылдары, сиырда 61 % бар. Бұл қышқылдар адам ағзасының тіндерінде холестериннің тұндырылуын тежейтін ерекше метаболикалық қабілетке ие [3].

Сүзбенің пайдалы қасиеттері оның емдік құрамына байланысты. Сүт протеині сүзбе құрамындағы казеин тағамдық құндылығы жоғары және жануарлар ақуыздарын алмастыра алады, 300 г. сүзбе – ағзаға қажет ақуыздың тәуліктік дозасы. Сүзбе құрамына кіретін минералдар сүйек тінінің қалыптасуына және нығаюына ықпал етеді. Сүзбе өндіру технологиясының міндетті элементі – ұйытқыны енгізу және белгілі бір титрленген қышқылдыққа дейін белгілі бір уақыт бұрын тығыз тромб түзу үшін сүтті ашыту, бұл өндіріс

әдісіне байланысты. Сүзбенің сапасы мен қауіпсіздігіне көбінесе сүт қышқылының ашыту жылдамдығы мен сүттің ашыту ұзақтығы әсер етеді. Тұрақты органолептикалық көрсеткіштер бойынша тұтынушы жақсы танитын бәсекеге қабілетті және тұрақты сапалы сүт өнімдерін алу үшін сүзбе үшін бактериялық стартерлерді таңдауға үлкен жауапкершілікпен қарау керек.

Сүзбедегі аминқышқылдары бауыр ауруларының алдын алуға көмектеседі, В дәрумендері атеросклероздан қорғайды. Сүзбе маңызды дәрумендерге бай ғана емес, сонымен қатар денеге оңай сіңеді, сондықтан бұл өнім балалар мен қарт адамдар үшін ең құнды болып табылады [4].

Биотехнология кафедрасының «Азық-түлік өнімінің технологиясы» зертханасында тәжірибелік өнімнің ең оптималды рецептурасын жасау үшін ешкі сүтінен сүзбенің рецептурасы дайындалды.

Кесте 1. Өнімнің рецептурасы.

Ингредиенттер атауы	Бақылау нұсқа, %	I-нұсқа
Ешкі сүті	94	1000 л
Ұйытқы	1	1 г
Лактулоза шәрбаты	5	-
Топинамбур шәрбаты	-	10,6 г
Шығымы	100	1011,6

Зерттеу нысандары сапаны бағалау үшін бақылау және I-нұсқа үлгілеріне талдау жасалды. Дайын сүзбе өнімнің органолептикалық көрсеткіштері МЕМСТ 31453-2013 «Сүзбе. Техникалық шарттар» стандартына сәйкес зерттеу жүргізілді. Дәмі мен иісін анықтау кезінде ашытылған сүт дәмінің тазалығына және бөгде дәмдердің болмауына назар аударылды. Сүзбенің консистенциясы нәзік және біртекті болуы керек. Төмендегі кестеде нәтижелер көрсетілген [2].

Кесте 2. Сүзбе өнімінің органолептикалық көрсеткіші.

Көрсеткіштер атауы	Бақылау нұсқа	I-нұсқа
Сыртқы түрі	Сүт ақуызының нақты бөлшектері бар	Сүт ақуызының нақты бөлшектері бар
Иісі мен дәмі	Таза, ашытылған сүт, бөтен дәм мен иіссіз. Құрғақ сүт дәмі бар	Таза, ашытылған сүт, бөтен дәм мен иіссіз. Құрғақ сүт дәмі бар
Түсі	Ақ немесе кремді реңкпен, бүкіл масса бойынша біркелкі	Кішкене сарғыш реңді, бүкіл массасы бойыншы біркелкі
Консистенциясы	Жұмсақ, жағылған немесе ұсақталған. Майсыз өнім үшін-сарысудың аз бөлінуі рұқсат	Жұсақ, жағылған немесе ұсақталған

Дайын өнімнің органолептикалық көрсеткіштерін жүргізе отырып, I-нұсқа дайындалды. Консистенциясы бойынша біркелкі ұсақталған, бөгде иіс

пен дәмі жоқ. Тәттілігі орташа, себебі шәрбат тым көп мөлшерде қосылмаған. Түсі бақылау нұсқасымен салыстырғанда сүзбе стандартында көрсетілген талаптарға сай. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, талдау жүргізілді.

Әдебиеттер тізімі

1 ГОСТ 32940-2014. Молоко козье сырое. Технические условия. – Москва: Стандартинформ, 2018. – 6 с.

2 ГОСТ 31453-2013. Творог. Техническое условия. – Москва: Стандартинформ, 2013. 3 с.

3 Паращук, С. В. Молоковедение и молочное дел / С. В. Паращук – М.: Государственное издательство, 1972. – 379 с.

4 Шалыгина Е. А.; Общая технология молока и молочных продуктов, М.: Колос, 2001. – 400 с.

5 Молоко при сахарном диабете [Электронный ресурс]. URL: <https://www.kp.ru/family/eda/moloko-pri-sakharnom-diabete/>.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ
NATURAL SCIENCE

ҒТАМР 27.33.15

«MATHEMATICA» БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ПАКЕТІ КӨМЕГІМЕН АНЫҚТАЛМАҒАН ИНТЕГРАЛДЫ ШЕШУ

Н.Н. Базарбеков

*Магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ.*

Ж.Х. Жунусова

*Ф-м.ғ.к., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ.*

Мақалада стандартты алгоритмдерді есептеуге, «Mathematica» бағдарламалық пакетінің мәнін түсінуге негізделген «Анықталмаған интеграл» тақырыбына есептер шешу тәсілі сипатталған. «Mathematica» бағдарламалық пакетінің ішінде Wolfram пакеттік бағдарламасымен орындалған есептің шешімі көрсетіледі. Бағдарламалық пакеттерді қолдану барысындағы мүмкіндіктер көрсетіледі. Компьютерлік математикалық жүйелердің қажеттілігін, тиімділігін, өзектілігін қарастырылған. Осы тақырыпты барынша меңгеруге, пәнге деген қызығушылықты арттыруды және білім сапасын арттыруды зерттейді.

Түйін сөздер: «Mathematica» бағдарламалық пакеті, КМЖ, Wolfram, C++, MathCad, MathLab, Maple.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі ғылым мен технологияның қарыштап дамуына байланысты көптеген өзгерістерге ұшырап жатыр. Осы орайда өзекті мәселелердің бірі «Mathematica» бағдарламалық пакеті көмегімен әртүрлі математикалық есептерді шешу заман талабына сай уақытты тиімді қолдану және күрделі есептің шешімін дәл табу үшін кеңінен қолданылуда. Көптеген бағдарламалық пакеттер дәлірек айтқанда компьютерлік математикалық жүйелерге Wolfram, C++, MathCad, MathLab, Maple және т.б. КМЖ-жоғары дәрежелі визуализациясы бар компьютерлер көмегімен математикалық есептеулердің барлық түрлерін автоматты түрде шешімін табады. Бұл бағдарламалық пакеттердің өз ауқымы бар және нақты операциялық жүйелердің бақылауымен жұмыс істейді [1].

Нақты айнымалының анықталмаған интеграл функциясын табу әдістері кез келген жоғары математика курсының құрамдас бөлігі және белгілі бір интегралдың дәл мәнін табудың негізі болып табылады [2-3]. Анықталмаған интеграл ұғымы орта мектептің жоғары сыныптарында, жоғары оқу

орындарында енгізілген. Орындалатын тапсырмалардың көпшілігі алгоритмдік, шығармашылық сипатқа ие. Алайда, анықталмаған интегралды табуға, сонымен қатар белгілі бір интегралды есептеуге мүмкіндік беретін заманауи бағдарламалық өнімдердің пайда болу ұғымның мәнін түсіну және оны меңгеру қажеттілігін көрсететін Mathematica бағдарламалық пакеті болып табылады. Мысал ретінде анықталмаған интегралды Wolfram бағдарламалық пакетімен есептеп шығарайық.

$$\int x e^{ax} \sin(bx) dx \quad (1)$$


```
In[1]:= Integrate[x Exp[a x] Sin[b x], x]
[интегрировать [показать... [синус]

Out[1]= 
$$\frac{e^{a x} \left( -b \left( -2 a + a^2 x + b^2 x \right) \cos[b x] + \left( -a^2 + b^2 + a^3 x + a b^2 x \right) \sin[b x] \right)}{\left( a^2 + b^2 \right)^2}$$

```

Сурет 1. Wolfram пакетіндегі көрініс.

Осыған байланысты Mathematica бағдарламалық пакетін қолдана отырып әртүрлі есептерді және кесінділерін есептеуге мүмкіндік аламыз (сурет 2).



Сурет 2. Wolfram пакеті арқылы алынған кесінді.

Қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды пайдалану мүмкіндігінің бар-жоғына қарамастан интеграл, сонымен қатар, студенттердің осы тақырыпқа тереңірек енуіне және олардың шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік беретін зерттеу тапсырмалары қарастырылған [4]. Сонымен қатар, компьютерді қолайсыз есептеулерді қажет ететін есептерді шешу кезінде де (мысалы, белгісіз коэффициенттердің үлкен санын табу) бағдарламамен берілген жауапты талдап, дұрыс түсіндіре білу, сонымен қатар түсіну қажет.

Қорытындылай келе, Mathematica бағдарламалық пакетінің негізгі әдістерін түсіну және анықталмаған интегралды табу үшін жазбаша

есептеулерді өз бетінше жүргізу қабілеті математикалық мамандықтар мен оқу бағыттарының студенттері үшін әлі де міндетті болып табылады. Сондықтан материалды күнделікті өтуден ауытқу (үлгі бойынша техникалық түрлендірулер мен әрекеттерге баса назар аудара отырып), классикалық саладағы білім беру мәселелерінің жаңа тұжырымдарын іздеу, студенттерге өз бетінше зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Осы тақырыпты барынша толық меңгеру, пәнге деген қызығушылықты ояту және жалпы математикалық білім беру сапасын арттыру керек.

Әдебиеттер тізімі

1 Кудрявцев Л.Д., Кутасов А.Д., Чехлов В.И., Шабунин М.И. Сборник задач по математическому анализу: Интегралы, ряды: Учеб. пособие для вузов. – М.: Наука, 1986. – 528 с.

2 Левин В.А. Элементы линейной алгебры и аналитической геометрии на базе пакета «Mathematica» // В.А. Левин, В.В. Калинин, Е.В. Рыбалка. – М.: ФИЗМАТЛИТ, 2007.

3 Половко А.М. Mathematica для студента // А.М. Половко. – СПб.: БХВ-Петербург, 2007.

4 Далингер В.А. Методика обучения математике в начальной школе: учеб. пособие для вузов // 2-е изд., 2020. – 187 с.

SRSTI 31.01.05

CHEMISTRY IN OUR LIFE AND ITS UNKNOWN SIDES THAT AFFECT A PERSON

A.A .Zhapakova, G.S. Ospanova

Suleyman Demirel University, Almaty

Chemistry is an integral part of our lives, from the food we eat to the products we use in our homes. This article explores the potential risks associated with household chemicals, such as surfactants, pipe cleaners, and bleach, and provides advice on how to minimize their impact on our health and the environment. By understanding the chemistry of these products, we can make informed choices and adopt safer and more sustainable alternatives. Overall, chemistry continues to be a vital tool for advancing our understanding of the world around us and improving our quality of life.

Key words: Chemistry, household chemicals, surfactants, biodegradation, bleach, safety, environment, health.

Chemistry is everywhere.

Everything in this world consists of molecules that can interact with each other. We feel these interactions in everyday life: milk souring, blood clotting, rust formation. And now there are many ways to influence these processes: we can dissolve fats, remove scale, clean surfaces.

Literally in every house there is a small chemical laboratory with active substances that simplify life.

Have we always had household chemicals?

The use of various improvised means for cleaning surfaces, washing clothes and washing has been known for a long time. In the past, sand, sedge or nettle, lye could be used to wash dishes. The same lye, as well as soap root, was used in washing clothes. Brush your teeth with chalk or charcoal. In general, people have been using excipients for a long time to improve the quality of their life. Since then, household chemicals and hygiene products have gone far ahead. Their choice is diverse, and sometimes it is already difficult to understand what is safe and what can be harmful and why. In this article, we will try to figure it out.

Substances in the kitchen detergents: what do they threaten?

Probably the first thing that comes to mind in connection with household chemicals is detergents. They owe their lathering and cleaning abilities to surfactants, abbreviated as surfactants. Surfactant molecules have a dual nature: one part of the

molecule is able to dissolve in fats, and the other in water. As a result, they remove impurities. There are four types of surfactants depending on their composition: anionic, amphoteric, cationic, and nonionic. Most often, anionic surfactants are used in conventional dishwashing detergents. They foam well and wash off pollution, but they are the ones that are destroyed in the environment for a long time. If you're wondering how to reduce your environmental footprint, consider switching to sustainable detergents: they contain non-ionic surfactants, which are just as effective at destroying dirt and provide persistent foam, but their rate of biodegradation in wastewater is much higher.

In general, you can wash dishes with less damage to nature – and this is not a myth. As for the potential damage to your health, surfactants can irritate mucous membranes, causing redness and itching, if ingested, cause nausea and diarrhea. More serious illnesses, such as asthma, occur in occupational settings where people regularly come into contact with high concentrations of these substances. Nowadays plastic has been actively demonized in recent times, the material itself will not harm you when used correctly. Not all plastic can be heated, and even more so – heated in the microwave. To do this, the dishes must have a special marking. The safest types of plastics used for disposable tableware are polyethylene and polypropylene. If you choose a container for your food, consider options made of polypropylene (it is marked PP, 5): it can be heated up to 120 degrees without fear for health, and during its production, most often, a large amount of plasticizers is not added – substances added to plastics for improve their plasticity. With regular contact, they can have a toxic effect on the body.

Pipe cleaners most often contain a large amount of alkalis – caustic, soapy inorganic compounds. In case of contact with the skin, the products can cause burning, redness and itching. Therefore, it is worth working with such household chemicals only with gloves and keeping them away from children, since the ingestion of alkalis can lead to serious injuries to the gastrointestinal tract.

Beware of Bleach.

Another household product that contains a significant amount of an active and potentially unsafe substance is bleach. For example, whiteness. It contains in its composition sodium hypochlorite – chlorine-containing inorganic compounds. Hypochlorite is really great at removing stains and brightening things, however, these substances are very aggressive and can cause irritation of the upper respiratory tract and eyes due to the release of chlorine, and if used regularly in large quantities, this can turn into chemical burns of mucous membranes and other equally serious diseases. Therefore, work with whiteness should be done with all caution, avoiding its ingress into the body.

In conclusion, chemistry plays a vital role in our daily lives, from the food we eat to the clothes we wear and the medicines we take. It has enabled us to understand and manipulate the world around us, leading to advances in fields such as medicine, agriculture, and technology. Through chemistry, we have been able to develop safer and more efficient materials, fuels, and technologies that have helped improve our quality of life. As we continue to explore and understand the chemistry of our world,

we will undoubtedly discover new ways to improve our lives and protect our planet.

References

- 1 <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/199895>.
- 2 https://acikbilim.yok.gov.tr/bitstream/handle/20.500.12812/203684/yokAcikBilim_10305875.pdf?sequence=-1.
- 3 <https://urok.1sept.ru/articles/516915>.
- 4 <http://kursak.net/referat-ximiya-i-povsednevnyaya-zhizn-cheloveka/>.

SRSTI 31.21.19

WHAT ARE THE USES OF HALOGENS AND RISKS ASSOCIATED WITH THEM?

A. Toktar

Student, Suleyman Demirel University, Almaty

The aim of this study is to examine the various applications in industry and daily life. The study will also look at the risks and challenges associated with the use of halogens and how they can be managed to ensure safety and sustainability.

Research questions:

- How are they produced and who first invented them (history)?
- What are the primary uses of halogens in industry and everyday life?
- What are the advantages and disadvantages of using halogens?
- What are the risks associated with halogens, and how can they be managed?

Key words: halogens, chlorine, bromine, fluorine, production, uses, advantages, disadvantages.

Historical Background of the halogens starts dates back to ancient times, with early civilizations using naturally occurring halogens such as salt and potassium chloride for food preservation and medicinal purposes. However, the discovery and isolation of individual halogens as chemical elements did not occur until the 18th and 19th centuries. Chlorine was discovered in 1774 by Swedish chemist Carl Wilhelm Scheele, while bromine was discovered in 1826 by French chemist Antoine-Jérôme Balard. Iodine was discovered in 1811 by French chemist Bernard Courtois, and fluorine was the last of the halogens to be discovered in 1886 by French chemist Henri Moissan [1].

Halogens are highly reactive elements that can form a variety of compounds with other elements. Chlorine, for example, is widely used in the production of PVC, as a disinfectant for water and wastewater, and in the production of solvents and pesticides [2]. Fluorine is used in the production of refrigerants, toothpaste, and non-stick coatings [3]. Bromine is used as a flame retardant in plastics, and iodine is used in the production of pharmaceuticals and photographic film [4]. Astatine, while highly radioactive, has potential uses in cancer treatment [5].

The production of halogens requires specialized equipment and processes due to their reactivity and potential hazards. For example, chlorine can be produced through the electrolysis of brine or the oxidation of hydrogen chloride gas [6].

Fluorine is produced through the electrolysis of a mixture of hydrofluoric acid and potassium fluoride [7]. Bromine is obtained through the treatment of brine with chlorine gas, while iodine is obtained from naturally occurring brines, seawater, and certain minerals [8].

Advantages and disadvantages:

Halogens have a range of advantages and disadvantages. One advantage is their versatility in a variety of industrial and everyday applications. They are also relatively abundant and easily obtainable. However, halogens can also be hazardous to human health and the environment. For example, chlorine gas is toxic and can cause respiratory problems, while fluorine gas is highly reactive and can cause severe burns. Halogens can also contribute to environmental issues such as ozone depletion and pollution [9].

Halogens are used in industry, electrical products in swimming pools, toothpaste, and table salt. Ion batteries, electric cables, TV and mobile phone cases are widely used in electrical and electronic products due to the fact that they are relatively cheap, a lot of raw materials are available, they are beneficial in operation as flame retardants, because halogen derivatives give good resistance to heat and this helps to reduce risk of fire following a fire. For example, PVC, fluorinated ethylene propylene FEP [9].

Risks and management:

Commercial production of the fluorine rapidly increased in the beginning of the 20th century, when chlorofluorocarbon (CFC) compounds were initially manufactured in the 1920s as refrigerants for commercial and air-conditioning systems. As soon as we knew that those compounds were depleting the Earth's protective ozone layer, they were replaced by other compounds that still contain the element fluorine, such as hydrofluorocarbons (HFCs). The European Union banned the use of fluorochlorohydrocarbons as a refrigerant in 1995. While hydrofluorocarbons do not break down into compounds in the upper atmosphere that destroy the ozone layer, they are known to contribute to the process of global warming, so they also are gradually being phased out of use [3].

Other disadvantages:

When ignited, they emit toxic and corrosive gases. Consequence: notorious mustard gas A halogen-based mustard gas used during World War I causes asphyxiation and blindness.

Another Consequence of this minus: Acid corrosion due to fire, 1988 in May there was a fire in the telephone switching center of the US-based Hinsdale central office which caused a thick smog from the flames forcing the change of all equipment, even those that did not have direct contact with the fire.

Consequence three: Toxic fumes given off by halogen compounds from burning electronics were inhaled by firefighters. Another example from history: a fire in 2003 Daegu Subway station South Korea, black smoke prevented people from entering the station to rescue the victims for a long time. As a result, the use of halogens is associated with risks and entails not only material losses, but also human ones.

It also affects the environment as it generates toxic waste. This problem is especially acute in countries where the disposal of electrical and electronic goods/devices is poorly organized, when toxins are released into the atmosphere when halogen-containing materials are burned. And Kazakhstan is no exception, unfortunately the population is little informed about proper disposal, responsible consumption, the government as it is said in Article 209 «Environmental requirements for atmospheric air protection during storage, neutralization, burial and incineration of waste» has a law concerning storage, neutralization, burial and incineration of waste outside specially equipped places and without the use of special facilities shall be prohibited. There are some requirements provided for by the environmental legislation of the Republic of Kazakhstan and this article also states: «Legal entities and individual entrepreneurs whose activity wastes are sources of atmospheric air pollution shall be obliged, to ensure timely removal of such waste to specialized places for its storage, neutralization, processing, utilization or disposal» [10] However, it is seen as it compliance with these laws regarding environmental protection is might be not sufficiently monitored. Unfortunately, considerable proportion of these wastes is burned and/or buried in huge landfills and pollutes not only the air but also the soil, water under these landfills with high toxicity.

To combat this problem, the EU countries have taken the following measures: they have introduced rules to restrict the use of hazardous substances, including halogenated compounds, and IEC technical committees have developed standards for making a database of the necessary code of practice regarding halogen substances in electronic devices.

Conclusion.

The use of halogens requires careful management to minimize risks and ensure safety and sustainability. Proper handling, storage, and disposal of halogens are critical to prevent accidents and environmental harm [10]. The use of personal protective equipment and proper ventilation systems can also help to reduce the risks associated with halogens. It is also important to follow environmental regulations and guidelines to minimize the impact of halogens on the environment.

References

- 1 <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/18435986/>.
- 2 <https://www.lenntech.com/processes/disinfection/chemical/disinfectants-chlorine.htm>.
- 3 <https://www.aboutmechanics.com/what-are-the-uses-of-fluorine.htm>.
- 4 <https://sciencestruck.com/bromine-uses>.
- 5 <https://engineering.tamu.edu/news/2021/02/researchers-report-fastest-purification-of-astatine-211-needed-for-targeted-cancer-therapy.html#:~:text=Thus%2C%20when%20astatine%2D211%20is,leave%20health%20tissue%20minimally%20harmed>.
- 6 <https://www.britannica.com/science/chlorine/Production-and-use>.
- 7 <https://www.essentialchemicalindustry.org/chemicals/fluorine.html>.

- 8 <https://www.bsef.com/about-bromine/what-is-bromine/production/>.
- 9 <https://etech.iec.ch/issue/2020-02/understanding-halogen-use>.
- 10 <https://adilet.zan.kz/eng/docs/K2100000400>.

ҒТАМР 34.29.35

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АЛМАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫНДА ТАБИҒИ ЖОЛМЕН ҚАЛЫПТАСҚАН ӨСІМДІКТЕР ЖАБЫНЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ФЛОРАЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.А. Аметов

Б.э.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

А.Ж. Чилдибаева

PhD, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

М. Бақытжан

Магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Мақалада Алматы қаласында, атап айтқанда оның Алмалы ауданында табиғи жолмен қалыптасқан өсімдік жамылғысының және оның флористикалық құрамының ерекшеліктері қарастырылады. Жиналған гербарий материалы негізінде өсімдік жамылғысына сипаттама және флористикалық құрамға толық талдау жасалады. Көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи өсімдік жамылғысы сақталмаған, оның флористикалық құрамы айтарлықтай өзгергені атап өтіледі. Қазір мұнда урбанизацияланған флора басым, оның негізін адвентивті және сегетальды түрлер құрайды.

Түйін сөздер: урбанофлора, автохтонды түрлер, аутохтонды түрлер, сегатильді түрлер, рудеральды түрлер, өсімдіктердің экологиялық типтері, өсімдіктердің тіршілік формалары, флораның географиялық элементтері.

Қазіргі кезде урбанизация процесі адам өміріндегі дамудың негізгі бағыттарының бірі болып отыр. Жербетіндегі халық санының артуы, жаңа қалалар мен елді мекендердің бой көтеруі қарқынды түрде жүріп келеді. Кейбір деректер бойынша жербетіндегі халықтардың 60% қалада тұрады. Салыстырмалы түрде алар болсақ 1950 жылға дейін бұл көрсеткіш 30% дан аспаған.

Үлкен қалаларда әртүрлі антропогендік факторлардың әсерінен қоршаған ортаның табиғи қалыптасқан жағдайы, әсіресе өсімдіктер жабыны мен флоралық құрамы үлкен өзгеріске ұшырайды. Өсімдік экологиялық жүйенің аса маңызды құрамдас бөлігі. Сондықтан да урбанафлораны және олардың

қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу қазіргі кездегі флористиканың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Біз бұл мақалада Алматы қаласы, Алмалы ауданының табиғи жолмен қалыптасқан өсімдіктер жабыны мен урбанофлорасына жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін ұсынғанды жөн көрдік.

Зерттеу нысандары мен әдістері: Жоғары сатыдағы өсімдіктердің гербарийлерін жинау және кептіру дәстүрлі әдіспен жүргізіледі. Гербарий жинау үшін бізде гербарий папкасы, газет немесе гербарий салу үшін арнайы кесілген қағаз, гербарий торы, теша, секатор және этикетка қағазы болуы керек. Гербарий толық болуы керек, яғни гербарийге салынған өсімдіктерде сабақтардан, жапырақтардан және тамырдан басқа гүл, гүлшоғыры мен жемістер болуы керек. Егер ағаш немесе бұта болса, онда бұтақтары жапырақтарымен, гүлдерімен, гүлшоғырларымен және жемістерімен бірге кесіледі. Сондай-ақ, гербарийге ағаш діңінің ескі бөлігінен қабық салу керек. Онсыз өсімдіктерді дәл анықтау мүмкін емес. Гербарийге арналған өсімдік бірден газет қағазын пайдалана отырып гербарий папкасына салынады, гербарийді жинау орны (облысы, ауданы, топырақ түрі, егер таулы жер болса, онда теңіз деңгейінен биіктігі, беткейлердің экспозициясы белгіленеді), жинау күні, гербарийді кім жинады (тегі, аты, әкесінің аты) толық жазылады. Лагерге келгеннен кейін гербарий дереу гербарий торына салынып, преспен қатайтылады. Гербарлық торды бүйірімен ашық, құрғақ, жақсы жарықтандырылған және желдетілетін жерге қою керек. Күн сайын кем дегенде бір рет гербарийді, яғни көйлектері (газет қағазы) мен төсемшелерін ауыстыру керек. Бұл процесс гербарий әбден құрғақ болғанша күн сайын қайталанады. Әйтпесе, гербарий қарайып, табиғи көрінісін жоғалтады, гүлдері мен гүлшоғырларының табиғи түсі сақталмайды. Бұл өсімдіктерді анықтауда қиындық туғызады. Жоғары сатыдағы өсімдіктерді анықтауда 9 томдық «Қазақстан флорасы», 2 томдық «Қазақстан өсімдіктерінің иллюстрациялық анықтағышы», 10 томдық «Орта Азия өсімдіктерінің анықтағышы», 30 томдық «КСРО флорасы» пайдаланылды [7,8]. Өсімдіктердің латынша және орысша атауларын С.К.Черепанов (1995), С.А.Абдуллина (1998) бойынша, ал қазақша атауларын С.А.Арыстанғалиев, Е.Р.Рамазанов (1977) бойынша алдық [9, 10, 11].

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау: Алматы қаласы Іле Алатауының етегінде, сай жерде орналасқан, оның алып жатқан жер көлемі 683.51 квадрат километрді құрайды. Қала үлке және кіші Алматы өзендерінің және оларға келіп құйатын өзеншелердің аңғарларын алып жатыр. Бұл аймақ сейсмикалық тұрғыдан қауіпті және тасқын су (сел) жүру қауіпі жоғары зона болып табылады. Алматы қаласының халық саны 2017 жылдың 1-ші маусымындағы деректер бойынша 1768303 адамға жеткен. Қаланың экологиялық жағдайы қазіргі таңда аса күрделі. Оның басты себебі қаланың үстінде тұманның (смог) түзілуіне байланысты, атмосфераның ауалық қабатының вертикальды қозғалуы жоқтың қасында. Бұл төменгі көздерден бөлінетін улы газ қоспаларының ыдырауына қолайсыз жағдай туғызады. Соған байланысты атмосфераның жер бетіне жақын жерінде жинақталған зиянды

қоспалар, тұманның (смог) түзілуіне қатысады. Табиғи желденудің төмендігіне және транспорт қозғалысының жиілігіне, атмосфералық ауаны ластайтын стационарлық көздердің көптігіне байланысты, бұл мәселе Алматы қаласының экологиялық проблемасына айналып отыр. Соңғы мәліметтерге жүгінсек Алматы қаласында 850 мыңнан аса автотранспорт тіркелген, олардың саны күн санап артып келеді. Бұдан басқа қалаға күнделікті сырттан келетін машиналар қаншама. Автомашиналар ауаның ластануының негізгі көзі, оның еншісіне ауаға бөлінетін улы қоспалардың 70% тиесілі.

Соңғы кездері Алматыда жаңа салынған үйлердің санының артуы, Урбанафлораға антропогендік процестің әсерінің артуына әкеліп соқтыруда. Алматы қаласын көгалдандыруға қатысты жүргізіліп жатқан жұмыстар, қаланың әртүрлі аудандарының экологиялық жағдайын және техногенді ластану деңгейін толық ескере бермейді. Халық тұратын жерлерді және өндіріс ошақтары орналасқан аудандарды көгалдандыру мәселесі ғылыми тұрғыдан жеткілікті зерттелмеген. Сондықтан да қаланың жағдайында көгалдандыру мәселесіне ерекше көңіл бөліп, тұрақты түрде мониторинг жүргізіп отыру бірден-бір қажет.

Урбанафлора туралы сөз еткенде оның екі бағытына мән беруіміз керек. Бірінші бағыты, Алматы қаласын көгалдандыруға қатысты жүргізіліп жатқан жұмыстарды қамтиды. Бұл мәселемен «зелентрес» компаниясы айналысады. Оған қала көшелеріне, парктер мен скверлерге ағаштар мен бұталар отырғызу, оларға инвентаризация жүргізу, интродукцияға ендірілетін ағаштар мен бұталардың және сәндік бір-, көпжылдық шөптесін өсімдіктердің ассортиментін түзіп, реттеу мәселелері жатады. Бұл аса жауапты және күрделі мәселе. Бірақ қаланы жасыл желекпен бөлеп, оның экологиясын жақсарту тұрғысынан келгенде аса пайдалы. Урбанафлораның екінші бағыты, бұл қаланың табиғи жолмен қалыптасқан өсімдіктер жабынын зерттеу. Қала адвентивті түрлердің көп шоғырланған орталығы болып табылады. Қалаларда басқа жерлерге қарағанда өсімдік түрлерінің бір жерден екінші жерге ауысу процесі қарқынды түрде жүреді. Көп жағдайда қалаларда сырттан әкелінген түрлердің басқа аудандарға және облыстарға таралуы орын алып жатады. Сондықтан да қаланың табиғи жолмен қалыптасқан Урбанафлорасын зерттеу, оған талдау жасау бірден-бір қажет. Бұл біршама өзгеріске ұшыраған қаланың экожүйесін одан әрі құлдырауына жол бермеу тұрғысынан келгенде аса маңызды.

Алматы қаласы 9 әкімшілік ауданнан тұрады. Олардың әрқайсысына тиесілі жер көлемі және белгіленген шекарасы бар. Бірақ қаланың Урбанофлорасының шекарасы әкімшілік аудандардың шекарасымен сәйкес келмейді, тіптен оны анықтау мүмкін емес. Өйткені урбанизация процесі қала территориясынан тыс жерлерде де көрініс береді. Осыларды ескере отырып Ресей ботаниктері Н.Г. Ильминских, Г.С. Антипина (2002) қала флорасын Урбанафлораға (нағыз қала территориясының флорасы) және субурбанофлораға (қала маңының флорасы) бөліп қарастыруды ұсынады. Дей тұрғанменде біздер бұл мақалада Алматы қаласының Алмалы ауданының территориясынан

жиналған гербарий материалдарына талдау жасаумен шектелдік. Алмалы ауданының территориясында 1 парк, 21 сквер, 9 булвар, 8 жасыл зона бар. Бұл қаланың ортасында орналасқан аудан болғандықтан парктердің де, сквер, бульварлардың да территориясының шөптерін жиі орып тұрады. Дей тұрғанмен де өсімдіктердің көктемгі фондында күн түсетін жерлерден *Poa bulbosa* қалың болып шалғындық түзіп өседі. Тратуарларға жақын ашық алаңқайлардан *Asperugo procumbens* өсімдігінің қалың боып өсіп, гүлдеп, жеміс байлап тұрғанын көруге болады. Бірқатар өсімдіктер жабынында *Capsella bursa-pastaris* және *Taraxacum officinale* өсімдіктері сандық көрсеткіші жағынан ерекше басымдылыққа ие. Көктемгі фонды бұл жерлерде де *Poa bulbosa* өсімдігі аралас өседі. Төле би көшесінің бойындағы АЗТМ және «Целинный» кинотеатрының маңындағы скверлерден, әсіресе арықтардың жағалауынан және қоршаулардың шетінен биік болып өсіп тұрған «Тянь-Шань қурайларын» кездестіруге болады. Олардың негізін *Urtica dioica*, *Cannabis ruderalis*, *Rumex acetosa*, *Descuraina Sophia*, *Cirsium arvense*, *Arctium tomentosum*, *Artemisia annua*, *Xanthium strumarium* секілді түрлер құрайды. Бірқатар скверлер мен жасыл зоналардан жердің бетін тұтас жауып тұрған *Ceratocephalus Orthoceras* өсімдігін кездестірдік. Өсімдіктердің флоралық құрамына тоқталар болсақ қаланың Алмалы ауданының территориясынан түтікті өсімдіктердің 18 тұқымдасқа 49 туысқа жататын 58 түрін гербарифа жинап анықтадық. Жетекші тұқымдастарынан бірінші орында қоңырбастар тұрады 18 түр (31,03%), екінші орында күрделігүлділер 8 түр (13,79%), үшінші орында крестгүлділер 6 түр (10,34%) орналасады. Осы үш тұқымдастың түрлері Алмалы ауданының табиғи флорасының 55,16% құрайды. Сарғалдақтар тұқымдасында 3 түр бар (5,17%). Бес тұқымдастың әрқайсысында 2-ден түр бар, сегіз тұқымдаста 1-ден түр бар [диаграмма 1].




Диаграмма 1. Алматы қаласы, Алмалы ауданында кездесетін шөптесін өсімдіктердің тұқымдастарының сандық сипаты.

Өсімдіктердің тіршілік формаларынан көпжылдық шөптесін өсімдіктер ерекше басым келеді 34 түр (58,62%), екінші орында біржылдық 16 түр (27,58%), үшінші орында екіжылдық өсімдіктер орналасады 5 түр (8,62%) [диаграмма 2].




Диаграмма 2. Алматы қаласы, Алмалы ауданында кездесетін шөптесін өсімдіктердің тіршілік формалары.

Өсімдіктердің экологиялық типтерінен мезофиттер айқын басымдылыққа ие 42 түр (72,41%), екінші орында мезоксерофиттер 10 түр (17,24%), үшінші орында ксерофиттер тұрады 6 түр (10,34%) [диаграмма 3].





Диаграмма 3. Алматы қаласы, Алмалы ауданында кездесетін шөптесін өсімдіктердің экологиялық типтері.

Алмалы ауданынан жиналған өсімдіктерді шаруашылыққа пайдалы қасиеттері бойынша Н.В.Павловтың (1947) классификациясы бойынша 14 топқа бөлдік. Олардың ішінде эрозияға қарсы тұратын өсімдіктер ерекше басым келеді. Барлық көпжылдық өсімдіктер 34 түр (29%) эрозияға қарсы тұратын өсімдіктер болып табылады. Олардың ішінде тамырсабақты және атпа тамырлы түрлердің орыны ерекше. Оларға *Elytriga repens*, *Cynodon dactylon*, *Chloris*

virgata, *Sonchus arvensis* секілді түрлер жатады. Жалпы оларда бір жылдық және екі жылдық түрлердің өзі топырақ бетін, әсіресе желден болатын эрозиядан қорғауға қатысады. Екінші орында арамшөптер тұрады 32 түр (27%), үшінші орында малазықтық өсімдіктер жайғасады 20 түр (17%). Бұларды малдар жайылымдықта да, пішенге орғанда да жақсы жейді. Айта кеткен жөн қуаңшылық жылдары жайылымдықтарда арамшөптер басым келеді. Сол кезде малдардың арамшөптермен де қоректенуіне тура келеді. Бірақта улы өсімдіктерді және дәрілік қасиеті бар өсімдіктерді малдар жемейді. Себебі олардың құрамында биологиялық белсенді заттар, әсіресе әртүрлі алкалойдтар көптеп кездеседі. Төртінші орында дәрілік өсімдіктер тұрады 10 түр (9%). Қалған пайдалы өсімдік топтарына жататын түрлер көп емес. Бірқатар өсімдіктер комплексті қызмет атқарады. Мысалы *Urtica dioica* L. өсімдігі тағамдық, дәрілік, талшық алынатын және малазықтық болып табылады. *Cannabis ruderalis* өсімдігі май алынатын, талшық алынатын, наркотик алынатын өсімдік және жайылымдықтар мен шабындықтардың күресуге қиын арамшөбі. *Polygonum aviculare* L. өсімдігі дәрілік, малазықтық, бояу алынатын, илік заттар алынатын түр. *Asperugo procumbens* L. мал жемейтін арамшөп, бірақ халық медицинасында оның астмаға қарсы ем ретінде және адамның тынысы тарылып, дем алуы нашарлаған кездерде қолданылады. Төмендеу бағытында олар былай орналасады: Тағамдық және бал жинайтын өсімдіктердің әрқайсысында 6-дан түр бар, улы өсімдіктерде 5 түр, май алынатын өсімдіктерде 4 түр. Қалған тұқымдастарда 3-тен, 2-ден, 1-ден түрлер бар [диаграмма 4].



Диagramма 4. Алматы қаласы, Алмалы ауданында кездесетін шөптесін өсімдіктерінің шаруашылық маңызы.

Алматы қаласының Алмалы ауданында кездесетін табиғи жолмен қалыптасқан урбанофлорасының флоралық ареалдардың басқа сегіз типімен географиялық байланысының болатындығы анықталды. Олардың ішінде бірінші орында космополиттер тұрады 18 түр (31.03%), екінші орында

палеарктикалық 15 түр (25.86%), үшінші орында голарктикалық элементтер 11 түр немесе (18.96%), төртінші орында евразиялық элементтер 5 түр (8,62%). Жерортатеңіздік элементтерден 2 түр кездеседі, Паноно-Қазақстандық және Тарбағатайлық-Ирандық элементтердің әрқайсысында 1-ден түр бар. Урбанофлораға талдау жүргізгенде, ол жерде космополит түрлердің басым болуы заңды құбылыс. Полеарктикалық және Голарктикалық элементтердің түрлік құрамының екінші және үшінші орында тұруы да заңдылық. Себебі осы екі облыста негізінен еуроазиялық кеңістікті алып жатыр [диаграмма 5].




Диаграмма 5. Алматы қаласы, Алмалы ауданында кездесетін шөптесін өсімдіктерінің басқа аймақтар флорасымен байланысы.

Қорыта айтқанда Алматы қаласының халық санының күн санап артуына байланысты экологиялық жағдайы да қазіргі таңда аса күрделі болып табылады. Оның басты себебі атмосфераның ауалық қабатының вертикальды қозғалуы жоқтың қасында, соның салдарынан төменгі көздерден бөлінетін улы газ қоспаларының ыдырауына қолайсыз жағдай туғызады да атмосфераның жер бетіне жақын жерінде жинақталған зиянды қоспалар, тұманның (смог) түзілуіне қатысады. Табиғи желденудің төмендігіне және транспорт қозғалысының жиілігіне, атмосфералық ауаны ластайтын стационарлық көздердің көптігіне байланысты, бұл мәселе Алматы қаласының экологиялық проблемасына айналып отыр. Соңғы кездері Алматыда жаңа салынған үйлердің санының артуы, урбанафлораға антропогендік процестің әсерінің артуына әкеліп соқтыруда. Алматы қаласын көгалдандыруға қатысты жүргізіліп жатқан жұмыстар, қаланың әртүрлі аудандарының экологиялық жағдайын және техногенді ластану деңгейін толық ескере бермейді. Халық тұратын жерлерді және өндіріс ошақтары орналасқан аудандарды көгалдандыру мәселесі ғылыми тұрғыдан жеткілікті зерттелмеген. Сондықтан да қаланың жағдайында көгалдандыру мәселесіне ерекше көңіл бөліп, тұрақты түрде мониторинг жүргізіп отыру қажет болып табылады.

Қорытынды:

1. Алматы қаласының Алмалы ауданының табиғи жолмен қалыптасқан урбанофлорасының конспектін құрастырылды. Онда түтікті өсімдіктердің 17 тұқымдасына, 49 туысына жататын 58 түрі тіркелді.

2. Жетекші тұқымдастарына қоңырбастар 18 түр (31,03%), күрделігүлділер 8 түр (13,79%), және крестгүлділердің 6 түр (10,34%) жататындығы анықталды. Осы үш тұқымдасқа Алмалы ауданының табиғи жолмен қалыптасқан урбанофлорасының 55,16% құрайды.

3. Өсімдіктердің тіршілік формаларынан көпжылдық шөптесін өсімдіктер ерекше басым келеді 34 түр (58,62%), екінші орында біржылдықтар тұрады 16 түр (27,58%).

4. Өсімдіктердің экологиялық типтерінен мезофиттер айқын басымдылыққа ие 42 түр (72,41%), екінші орында мезоксерофиттер 10 түр (17,24%).

5. Пайдалы қасиеттері қарай Алмалы ауданының урбанофлорасын 14 топқа жіктедік. Олардың ішінде бірінші орында эрозияға қарсы тұратын өсімдіктер тұрады. Оған осы жерде кездесетін түрлердің барлығын жатқызуға болады. Олардың ішінде тамырсабақты және атпа тамырлы өсімдіктердің субстратты бекітудегі алатын орыны ерекше. Екінші орында арамшөптер тұрады 32 түр (55,17%), үшінші орында малазықтық өсімдіктер жайғасады 20 түр (34,48%).

6. Алмалы ауданында кездесетін табиғи жолмен қалыптасқан урбанофлорасының флоралық ареалдардың басқа сегіз типімен географиялық байланысының болатындығы анықталды. Олардың ішінде бірінші орында космополиттер тұрады – 18 түр (31,03%), екінші орында палеарктикалық элементтер – 15 түр (25,86%), үшінші орында голарктикалық элементтер – 11 түр немесе (18,96%). Урбанофлораға талдау жүргізгенде космополиттің басым болуы заңдылық. Палеарктикалық және голарктикалық элементтердің екінші және үшінші орында тұруы да заңдылық. Себебі осы екі облыста негізінен Еуроазиялық кеңістікті алып жатыр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Скворцов А.К. Гербарий. – Москва, 1977. – 199 с.
- 2 Флора Казахстана. – Алма-Ата, – 1956-1966. Т.Т. 1-9.
- 3 Определитель растений Средней Азии. – Ташкент: ФАН, – 1968-1993.
- 4 Иллюстрированный определитель растений Казахстана. – Алма-Ата, 1962-1975. – Т.Т. 1–2.
- 5 Ильминских Н.Г. Экологическая структура городской флоры. // Актуальные проблемы сравнительного изучения флор. – СПб.: Наука. – С. 269-276.
- 6 Антипина Г.С. Урбанофлора Карелии. – Петрозаводск, 2002. – 200 с.
- 7 Флора Казахстана. В 9 томах. Т. 1-9. Алма-ата, 1956-1966.

8 Иллюстрированный определитель растений Казахстана. Т.1, Т.2. «Наука» Казахской ССР. – Алма-ата, 1969-1972.

9 Абдулина С.А. Список сосудистых растений Казахстана. – Алматы, 1998. – 187 с.

10 Черепанов С.К. Сосудистые растения России и сопредельных государств. –Санкт-Петербург. Мир и семья, 1995. – 992 с.

11 Арыстангалиев С.А., Рамазанов Е.Р. Растения Казахстана. Народные и научные названия. – Алма-ата, 1977. – 28 с.

ҒТАМР 34.33.33

БАЛЫҚТАРДЫҢ ПАРАЗИТТЕРІНЕН ТУЫНДАЙТЫН АУРУ ТҮРЛЕРІ, ОЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ

А.А. Төлеген

Оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Мақалада балықтардың паразиттерінен туындайтын ауру түрлері туралы деректер келтірілген. Аурулардың пайда болуы, таралуы бір-бірімен өте тығыз байланысты үш негізгі тізбек арқылы жүзеге асады: жұқпалы аурудың бастама көзі, қоздырушыларды беріліс (өткізгіш) факторлары және қабылдағыш (зеректік) ағза. Суқоймаларда жұқпалы аурудың басталуының негізгі қайнар көзі – ауру балық, аралық иелері және сыртқы ортаның қолайлы жағдайы. Қоздырушының ауру балықтан сау балыққа өту жолдары: балық уылдырығы, суқойманың топырағы, жасанды және табиғи қорегі, омыртқасыз жануарлар, балық аулау, балық өсіру құралдары және басқа барлық факторлардың үйлесімі аурудың таралу жолын анықтайды. Аурудың себебін, ауру қоздырғышын және қоздырғыштың түрін анықтаудың балық ауруларының диагнозын және емдеу шараларын дұрыс ұйымдастыруда маңызы зор.

Түйін сөздер: Балық, балық паразиті, ауру тудырушы паразит, ауру түрлері, диагноз, күресу шаралары.

Паразит құрттар арқылы адам организмінде пайда болатын аурулар *іш құрт* немесе *гельминтоз ауруы* деп аталады. Сондықтан құрттардың салдарынан *трематодоз*, таспа құрттардан – *цестадоз*, жұмыр құрттардан – *нематодоз* аурулары пайда болады.

Аурулардың ішінде инфекциялық, инвазиялық және жұқпалы емес аурулар балық арасында кең тараған. Балықтың инвазиялық ауруларының қоздырушылары: қарапайымдар, ішекқуыстылар, гельминттер, ұлулар және буынаяқты шаянтәрізділер. Сонымен қатар, антропогенді әсерлердің кесірі балықтың инвазиялық ауруларын тудырып, оның өсімін тежейді және жойылуына жол беретіні белгілі (1-кесте).

Кесте 1. Балық арқылы адамдар мен жануарларға жұғатын аурулар (гельминтозооноздар).

№	Ауру атауы	Балық түрі	Балықтарда орналасатын орны	Адам және жануарда кездесетін орны
1.	Описторхоз	Тұқы тұқымдас: аққайран, табан, торта, тарғақ, қарабалық, қызыл қанатты шұбар балық (красноперка) және т.б.	Метацеркариилер бұлшық етте	Өт қабы, ұйқы безі және бауырдың өт жолдары
2.	Псевдамфисто моз	Тұқы тұқымдас: аққайран, табан, торта, тарғақ, қарабалық, қызыл қанатты шұбар балық (красноперка) және т.б.	Метацеркариилер бұлшық етте	Бауырдың өт жолдары
3.	Меторхоз	Тұқы тұқымдастар, қара және ақ амур, дөңмаңдай	Метацеркариилер бұлшық етте	Өт қабы
4.	Клонорхоз	Сазан, мөңке, дөңмаңдай, алабұға	Метацеркариилер бұлшық етте	Бауырдың өт жолдары
5.	Дифиллоботриоз	Шортан, нәлім, таутан, алабұға	Балаңқұрттар б/е, асқазан-ішек торабында, уылдырықта	Жіңішке ішек
6.	Метагонимоз	Тұқы, алабұға, ақсаха, майшабақ тұқымдастар	Метацеркариилер бұлшық етте, теріде, жүзбеқанаттарда, қабыршақта	Жіңішке ішек
7.	Нанофиедоз	Кета, таймень, мальма, хариус	Метацеркариилер бұлшық етте және ұлпада	Жіңішке ішек
8.	Эхинохоз	Шортан, жайын, торта, қарабалық, сазан, табан	Метацеркариилер ж елбезекте	Жіңішке ішек
9.	Гнатостомоз	Жыланбас балықтар	Балаңқұрттар б/е және ішкі ағзаларда	Тері асты клетчаткасы, өкпе, көз, орталық жүйке жүйесі
10.	Гетерофиоз	Тікенді балықтар	Балаңқұрттар б/е және теріде	Ішек
11.	Апофаллез (россикотремоз)	Алабұға, таутан, көксерке, тұқы тұқымдастар	Балаңқұрттар теріде, қабыршақта, жүзбеқанаттарда	Жіңішке ішек бөлігі
12.	Анизакидоз	Майшабақ, ставрида, камбала тұқымдастар, ақмарқа, сазан, шортан	Балаңқұрттар б/е және ішкі ағзаларда	Ішек

Ескерту – кесте [1] негізінде құрастырылған.

Осы инвазиялық аурулардың ішінде адамның денсаулығына аса қауіптілері: анизакис, порроцекум, контрацекум, эустронгилидес және описторхис балаңқұрттарымен (личинкаларымен) зақымданатын аурулар. Анизакидоздар қоздырғышының балаңқұрттары каспийлік майшабақта, долгиндік майшабақта, үлкен көзді майшабақта, беріште, көксеркеде, ақмарқада, қылышта, жайында, теңіз көксеркесінде, парсы бекіресінде, орыс бекіресінде, шоқырда, табанда, балпанда, қаракөзде, шабақта, тікенді балықта, айнакөзде, көктыранда және алабұғада кездеседі. Бұл паразиттердің ақтық иелері итбалықтар мен балық жейтін құстар, ал аралық иелері шаянтәрізділер болып табылады. Балықтар аралық иелерімен қоректенгенде залалданып, қосымша иесіне айналады.

Гельминтоз ауруының аталуы ауру туғызатын құрттардың түріне қарай олардың тек адамда немесе адам мен жануарларда кездесетін ауруды гельминтозооноздар деп атайды.

Гельминтоз ауруларының жұғу жолдары әр түрлі. Гельминттер өздерінің тіршілік ету жолдарында көп жағдайда екі иені пайдаланады: негізгі және аралық. Денесінде паразит ересек түрінде дамитын (жыныстық жетілген кезеңінде) болса, онда жануарлар немесе адам паразиттердің негізгі (тұрақты) иесі, ал дернәсілі дамитын болса, ол аралық иесі. Бұлардан басқа екінші (қосымша) және резервуарлық иелері де болады. Мысалы, жалпақ таспа құрттар *Diphyllobothrium latum*-ның негізгі иесі адам, бірінші аралық иесі циклоп (шаянтәрізділер), екінші аралық иесі – балық [2].

Дифиллоботриоз ауруын таспа құрттар класының түрлері туғызады. Бұлар тек қана эндопаразиттік тіршілік етеді, ересек түрлері адамның және әртүрлі омыртқалы жануарлардың ішегінде тіршілік етсе, дернәсілдері омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың ішкі мүшелерінде, дене қуысында тіршілік етеді. Адам үшін бұл өте қауіпті ауру.

Этиологиясы. Дифиллоботриоз ауруының қоздырушысы Cestoda класына, Pseudophyllidae отрядына, Diphyllobothridae тұқымдасына, *Diphyllobothrium* туысына жататын жалпақ таспа құрт *Diphyllobothrium latum* (А қосымшасы).

Жалпақ таспа құрт *Diphyllobothrium latum* басында екі саңылауы – ботриясы болады, денесі 3000-4000-нан аса буыннан тұрады, ұзындығы 9-10 м, кейде 20 м. Пісіп-жетілген буындарының ені 1,5 см, жатыны жапырақ тәрізді.

Жалпақ таспа құрттың дамуы иесін алмастыру жолымен өтеді. Ересек түрі адамның, иттің, мысықтың, түлкінің ащы ішегінде паразиттік тіршілік етеді. Ұрықтанған жұмыртқалары иесінің ішегінен нәжіспен араласып сыртқа шығарылады. Әрі қарай даму үшін жұмыртқалар суға түсуі керек. Су ішінде жұмыртқадан денесі кірпікшелермен қапталған алты ілмекті ұрық корацидий шығып, суда еркін жүзіп жүреді де, өзінің ары қарай дамуы үшін ол бірінші аралық иесінің денесіне түсуі керек. Аралық иесі шаянтәрізділер (*Cyclops*, *Diatomus* туыстарынан) циклопқа жұтылып, ішегіне түскен корацидий кірпікшелерін тастап, ішектің қабырғасын тесіп, циклоптық дене қуысына түседі және осында процеркоид деп аталатын құрттәрізді дернәсілге ауысады.

Процеркоидтың ұзындығы 0,5мм, денесінің соңында алты ілмешекті тасымалдайтын қосымша мүшесі болады, ол моногенея дернәсілдерінің церкомер бөліміне ұқсас. Процеркоид үш апта уақытта дамып, келесі сатысына өту үшін екінші аралық иесіне – балықтың денесіне түсуі керек. Егер балықтар (шортан, нәлім, алабұға, таутан, албырт) ішінде процеркоиды бар циклоптарды жұтса, онда процеркоид балықтың ішегін тесіп, балықтың бұлшықеттеріне, жыныс бездеріне, басқа да мүшелеріне өтіп, осы мүшелерінде церкомер бөлігін тастап, келесі плероцеркоид дернәсіліне айналады. Плероцеркоидтың ұзындығы 1-1,5 см, алдыңғы бөлігінде екі сорғыш саңылауы жақсы дамыған. Плероцеркоид ересек формасына өту үшін енді негізгі иесі – адамның, иттің, мысықтың ішегіне түсуі қажет. Толық қуырылмаған немесе пісірілмеген балықтың етімен бірге ішекке түскен плероцеркоид басын шығарып, сорғыш саңылаулары арқылы ішекке жабысып, мойны жаңа буындарды түзіп, ересек формасына айналады [3].

Эпизоотологиясы. ТМД-ның оңтүстік аудандарындағы суқоймаларда (Карелия, Ленинград облыстарында, Эстония, Литва бассейндері мен өзендерінде) және Дунай, Днепр, Еділ (Волга) бассейндерінде жалпақ таспа құрттың плероцеркоидтары кездескен. Плероцеркоидтарды тасымалдаушылар – шортан, таутан, нәлім, алабұға. Балықтардың экстенсивті инвазиясы 80-90% жетеді, ал интенсивті инвазиясы 10-нан 100-ге дейін плероцеркоидтары кездеседі [3]. Плероцеркоид дернәсілі балықтың барлық мүшелерінде қоныстанады: бұлшық еттерінде, ішектің қабатында, бауырында, уылдырықтарында. Адам толық қуырылмаған немесе пісірілмеген, шала қақталған, мұздатылған балықтарды жегенде, ал жануарлар залалсызданған балықтың ішкі мүшелерін жегенде ауырады.

Клиникалық белгілері және патогенез. Адамның ішегіне түскен дернәсіл плероцеркоид өсіп, ересек құртқа айналады. Адамды ұзақ жылдар бойы еңбекке қабілетсіздікке, кейде өлім жағдайына дейін жеткізеді. Адамның ұйқысы бұзылады, дене қызуы көтеріліп, лоқсып құсады, денесі арықтайды, жүйке жүйесінің қызметі нашарлайды, себебі құрт көп жағдайда улы токсикалық заттарды шығарады, олар жүйке жүйесіне әсер етеді. Адамда анемия ауруы байқалады.

Диагнозы. Эпизоотологиялық мәліметтерге, клиникалық белгілеріне және ішекте табылған гельминттердің түрін анықтағанда ғана қойылады.

Күресу шаралары. Негізгі иесінің нәжісімен түскен гельминттің жұмыртқаларын су көздеріне түспеуін қадағалау, су жағалауларына тазалық жұмыстарын жүргізу, тұрып қалған суларды зарарсыздандыру, балықшылар мен кеме жұмысшыларына дегельминтизациялық жұмыстар жүргізу, жеке бастың гигиенасын сақтау, толық қуырылмаған немесе пісірілмеген балықтың етін жемеу, ит және мысықты шикі балықпен қоректендірмеу керек. Ауруға қарсы арнайы дәрілер – антигельминттер қолданылады.

Описторхозбен мысық, ит, түлкі, арыстан, шошқа мен қоян секілді хайуандармен бірге адам да ауырады. Қазақстан территориясында описторхоз ауруын ғалымдар К.И. Скрябин және Н.П. Попов басқарған гельминтологиялық

экспедиция 1925 жылы анықтаған болатын. Олар бұл ауруды ит пен мысықтан тапқан. Бетпақдаладағы Сарысу өзенінде мекендейтін балықтардың шабақтары, тыран балықтары описторхозбен зақымдалғанын 1960 жылы Е.Г.Сидоров басқарған экспедиция қызметкерлері анықтады.

Этиологиясы. Описторхоз ауруының қоздырушысы *Trematoda* класына, *Fasciola* отрядына, *Opisthorchidae* тұқымдасына, *Opisthorhis* туысына жататын сорғыш *Opisthorhis felinus*.

Описторхис құрты адам мен жануарлардың бауырында, өт жолдары мен өт қалтасы, кейде ұйқы бездерінде мекендейді. Ауру тұқы тұқымдас балықтар арқылы жұғады. Өйткені, олардың организмінде паразиттің дернәсілдері тіршілік етуге бейім.

Описторхиз құрты – ұзынша келген сорғыш құрт. Ұзындығы 4-13 миллиметрге дейін жетеді, ені 1,2-2 мм [4]. Бірақ жануарлар мен адам организмдерінде мекендейтін описторхистің үлкендігі әртүрлі болады. Дамуы екі аралық иесі арқылы жүреді. Описторхис құрты өздерінің жұмыртқаларын иесінің өт жолына салады. Олар әрі өт жолы арқылы ішекке түседі. Одан кейін жануарлардың қиымен бірге сыртқа шығады, әрі қарай суға түседі. Жұмыртқадан мерацидий деп аталатын дернәсілі суға шығады. Мерацидий дернәсілі бірінші аралық иесі ұлудың денесіне еніп, алдымен спороцистаға, кейінірек редий дернәсіліне айналады. Редийден церкарий дернәсілі пайда болады. Екі ай өткен соң церкарий ұлудың шырынына араласып, суға шығады да, су түбінде жүзіп жүреді. Ол әрі қарай балықтардың терісіне жабысып, бұлшық етімен дәнекер ұлпаларына еніп, әрі қарай өрши отырып, сыртын қалың қабыршақпен қаптап алады. Оны метацеркарий дернәсілі деп атайды. Балық етіне енген метацеркарий 4 аптаның ішінде өсіп жетіледі. Метацеркарий дернәсілі бар балықты ішкі және жартылай шикі (қақтаған, тоңазытылған, шала қуырылған, ысталған, жаңадан тұздалған) күйінде қорек еткен адамдар описторхоз ауруына шалдығады. Асқазанға түскен метацеркарийдің сыртқы қабығы ериді, паразиттің өзі өт жолына кіреді, 3-4 аптадан кейін метацеркарий үлкен құртқа айналып, жаңадан ұрық сала бастайды. Описторхис 4-5 айда өсіп жетіледі. Адамның организмінде описторхис 20 жылға дейін, ал мысықта 3 жылға дейін тіршілік етеді.

Эпизоотологиясы. Описторхоз ауруының өріс алып, кең таралуы метацеркариймен зақымданған балықтың мөлшері мен сол балықтарды пайдалану жолдарына (әдістері) тікелей байланысты. Описторхоз ауруының таралуы моллюскалардың (*Vithynia*) су қоймаларда мекендеуіне байланысты. Описторхоз ауруының қоздырушылары өзен, көлдерде кең тараған. Қоздырушылардың дернәсілдерін тасымалдаушылары: аққайран, қарабалық, тыран, ақбалық, табан, тұқы, майшабақ, т.б. Описторхоз метацеркариймен балық кішкене шабақ кезінен бастап зақымданып, үлкейе келе ауру барған сайын күшейіп, асқына береді. А.М.Шумилованың айтуынша, метацеркарийлер балықтың жон еттерінде көп, ал бауыр жағы мен құйрық еттерінде аз болады. Мысалы, 111 аққайранды тексергенде метацеркарийдің 68,8%-ы сол балықтың жон етінен табылған [4].

Клиникалық белгілері мен патогенез. Зақымдалған балықпен бірге описторхистің метацеркарийлері адам мен жануарлардың ас қорыту аппараттары арқылы өт жолына түсіп, оны зақымдайды. Паразиттер өт қабы ішіне толып кетеді де, өт жүретін жолдарды бітеп тастайды. Осының салдарынан асқазан мен ішекке өт құйылуы бәсеңдеп, ас қорыту бұзылады. Описторхистер өт жолын жарақаттау арқылы өттің шығуын қиындатып, бауырда тоқырау құбылыстарын туғызады. Дененің улануы және аллергиялық жағдайдың дамуы басталады. Холецистит, бауыр циррозы пайда болады. Метацеркарийлермен интенсивті зақымданған балықтардың ұлпаларында инкапсуляциялық аймақтар пайда болады, дәнекер ұлпалар өсіп жетіледі, бұл бұлшықеттердің созылмалылығының және қызметінің бұзылуына әкеліп соқтырады.

Диагнозы. Адамдарға диагноз гелминто-копрологиялық зерттеулердің негізінде және клиникалық белгілерін есепке ала отырып қойылады. Су ағындарында мекендейтін тұқы балықтарға гелминтологиялық зерттеулер жүргізіп, описторхис құрттарымен жұқтырылғанын анықтайды. Бұлшықеттің кесімдері микроскоппен компрессорлық тәсіл арқылы зерттеледі.

Күресу шаралары. Күресу және алдын алу шараларының кешенінде адам және малдың денсаулықтарына қауіпсіз балық өнімдерімен қамтамасыз етудің алғашқы маңызы бар іс-шараларын өткізу керек. Санитарлық-гигиеналық және ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу керек. Медициналық-биологиялық және ветеринариялық-санитариялық талаптарға, сондай-ақ, паразитарлық тазалықтың көрсеткіштері бойынша санитарлық нормаларға сәйкес зерттеулерді ұйымдастыру және сапалылығын қамтамасыз ету қажет. Елді-мекен мен жануарларды описторхоздан қорғау үшін балық өнімдерін тек ветеринариялық-санитариялық паспорты бар балық шаруашылығы мен балық өндірісінің су ағындарынан сатып алуға рұқсат етіледі. Ауруға қарсы ем ретінде хлорсил қолданылады.

Клонорхоз – адамның және ет қоректі аңдардың гелминтозды ауруы. Негізінде адамның және жануарлардың бауыры, өт жолдары зақымдалады.

Этиологиясы. Клонорхоз ауруының қоздырушысы Trematoda класына, Opisthorchidae тұқымдасына, Clonorchis туысына жататын сорғыш Clonorchis sinensis. Жыныстық сатысына жеткен қоздырғыш адамның, ет қоректі аңдардың бауырында, өт жолдарында, өт қабында, ұйқы безінде паразиттік тіршілік етеді. Паразиттің ұзындығы 13-20 мм, ені 3-4 мм. Clonorchis sinensis-тің даму циклі Opisthorchis felinus-ке тән. Бірінші аралық иесі моллюскалар Bithyniidae тұқымдасынан, екінші балықтар – Cyprinidae тұқымдасынан. Метацеркарий дернәсілінің ұзындығы 0,4-0,12 мм [5].

Эпизоотологиясы. Қоздырушылар Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия жылы су қоймаларында жиі кездеседі. Клонорхоз ауруының өріс алып, кең таралуы метацеркариймен зақымдалған балықтардың мөлшері мен пайдалану жолдарына тікелей байланысты.

Клиникалық белгілері мен патогенез. Ауру қоздырушылары иесіне механикалық және токсикалық әсерін тигізеді. Бауырдың, ұйқы безінің

функциясы өзгереді, бауыр ісінеді, өт жолдары ісінеді, эпителийдің гиперемиясы, паренхиманың некрозы байқалады.

Диагнозы. Гельминто-копрологиялық зерттеулердің негізінде және клиникалық белгілеріне қарап диагноз қойылады.

Күресу шаралары. Аурудың алдын алу және қоздырушысымен күресу шаралары описторхоз ауруына сәйкес жүргізіледі.

Метагонимоз – адамның және ет қоректі жануарлардың гельминтозды ауруы. Адамның және жануарлардың ащы ішегінде паразиттік тіршілік етеді.

Этиологиясы. Метагонимоз ауруының қоздырушысы Trematoda класына, Heterophyidae тұқымдасына, Metagonimus туысына жататын Metagonimus yokawai. Паразиттің пішіні алмұрттәрізді, ұзындығы 1,2-2,0 мм, ені 0,4-0,8 мм. Денесі тікенектермен қапталынған. Жұмыртқаларының ұзындығы 0,028-0,017 мм [5].

Метагонимустың даму циклі барлық сорғыштарға тән: жұмыртқа → мирацидий → спороциста → редия → церкарий → метацеркарий → ересек түрі. Бірнеше аралық иесі Melania туысындағы моллюскалардың түрлері, екінші аралық иесі – тұқытәрізді балықтар, негізгі иесі адам және ет қоректі жануарлар. Метацеркариялар балықтың терісін, жүзбе қанаттарын, желбезегін зақымдайды [6].

Эпизоотологиясы. Метагонимоз ауруының қоздырушысы негізінде Шығыс Азия суқоймаларында кездеседі.

Клиникалық белгілері мен патогенез. Паразит иесінің ащы ішегінде паразиттік тіршілік етіп, ішекке қадалып, механикалық әсерін тигізеді. Ішек ісінеді, қызметі бұзылады, соның әсерінен адамның іші өтеді, анемиясы байқалады, қанның құрамы бұзылады. Адамның асқорыту күйі нашарлайды.

Диагнозы. Гельминто-копрологиялық зерттеулердің негізінде және клиникалық белгілеріне қарап паразиттің түрін анықтап, диагнозды қояды.

Күресу шаралары. Метагонимоз ауруының алдын-алу шаралары ретінде барлық трематодоз ауруларына тиісті жұмыстарды жүргізу қажет. Дегельминтизациялық жұмыстарды жүргізу, жеке бастың гигиенасын сақтау, толық қуырылмаған немесе пісірілмеген балықтың етін жемеу, ит және мысықты шикі балықпен қоректендірмеу керек.

Анизакидоз ауруын жұмыр құрттар класының Anisakidae класының дернәсілдері тудырады. Анизакидтер теңіздік және өткінші балықтардың көпшілік түрлерінде кеңінен тараған.

Этиологиясы. Anisakidae және Contracaecum туысының өкілдерінің дернәсілдері көбіне теңіздік балықтарды ауруға душар етеді. Анизакидтердің дернәсілдері балықтардың денесінде спирал түрінде немесе мөлдір түсті капсуласыз орналасады. Цистаның мөлшері 3-5 мм, ал одан шыққан дернәсілдердің ұзындығы 4 см [7].

Анизакидтің дернәсілдері балықтың дене қуысында, сыртқы немесе ішкі мүшелерінде және балықтың бұлшықеттерінде орналасады (трескалар, скумбриялар, сайралар, майшабақтар, салакалтар және т.б.). Гельминттердің соңғы иесі балық жегіш құстар, теңіз сүтқоректілері немесе жыртқыш балықтар

болып табылады. Жануарлар мен адамдар қосымша ие болып табылады, себебі дернәсілдері дамиды да, гельминттер жыныстық сатысына жетпейді. Бірінші аралық иелері әдетте төменгі сатыдағы шаянтәрізділер (копеподтар және амфиподтар). Соңғы аралық иесі – жыртқыш балықтар, ал жыртқыш емес балықтар екінші аралық иесі немесе резервуарлы иесі болып табылады.

Дернәсілдері адамның асқорыту жолдарына түскенде анизокидоз ауруын тудырады. Бұл ауру көпшілік әлем елдерінің медициналық паразитологияның мәселесіне айналған, әсіресе тағам ретінде әлсіз тұздалған балықтарды немесе шикі етті балықтарды пайдаланатын аймақтарда кең таралған.

Анизакидтер адамның ішегіне шикі балық арқылы түсіп, ішектің немесе асқазанның қабырғасына еніп, шырышты қабықшаны бүлдіріп аллерген ретінде әсер етеді. Мұндай жағдайлар Нидерландия, Ұлыбритания, Жапонияда, АҚШ-та, Ресейде кездескен.

Эпизоотологиясы. Анизакидтер дернәсіл сатысында әлем мұхитының барлық аудандарындағы балықтар мен кальмарларда кең таралған. Олар арнайы шикі етті өңдейтін техникаларды қажет етіп, экономикалық шығындарды тудырады. Балықты зерттегенде, ең алдымен, дене қуысындағы дернәсілдерді алып, содан соң ішкі мүшелерін, бұлшықеттерін тексереді. Дернәсілдердің өміршеңдігін бағалайтын негізгі әдіс 34-35°C температурадағы физиологиялық ерітіндіде немесе 0,5% трипсин ерітіндісінде 3 күн ұстағандағы шыдамдылығы болып табылады. Бұл уақытта дернәсілдер өздерінің шыдамдылығын көрсетеді.

Адамға қауіпті болып келетін басқа анизакида нематодалардың түрі *Pseudoterranova* туысы, соның ішінде *P. Decipiens*. Бұл анизакида дернәсілдері көптеген теңіз балықтарында кездеседі. Дернәсілдері қоңыр түсті, біршама үлкендеу (ұзындығы 1,5-6 см), сақина түрінде оралған. Қызғылт қоңыр түсті ішек өсіні бар [7].

Күресу шаралары. Анизакидтердің табиғи суқоймада көзін жою мүмкін емес, сондықтан профилактикаға көңіл бөлу керек. Ол үшін ауру балықты теңізге түсірмеуге тырысу керек. Балықшылар мен балық тұтынушылар арасында бұл ауру туралы мағлұмат жүргізіледі. Анизакидозбен ауырған балықтар мен кальмарларды мұздату арқылы залалсыздандырады. 18°C-та 14 күн, 20°C-та 24 сағат, нашар тұздалған және маринатталған өнімдерде дернәсілдер екі айға жуық тірі қалады. Терминальды өңдеу (60°C жоғары) олардың өліміне әкеледі.

Диоктофимоз ауруын *Nematoda* класының, *Diocotophymidae* тұқымдасының қоздырушылары тудырады. Диоктофимоз – жабайы жануарлар мен үй жануарларының қауіпті ауруы. Адамның ауырғаны да анықталған.

Этиологиясы. Қоздырғышы болып нематода *Diocotophymie renale* немесе алып свайни болып табылады. Олар жыртқыш сүтқоректілердің құрсақ қуысын және бүйрегін паразиттейді. Шошқаларда, жылқыларда және ірі малдарда кездеседі. Аналықтары қызыл түсті, ұзындығы 20 см-ден 1 м-ге дейін болады. Аталықтары кішірек ашық түсті, ұзындығы 14-40 см [8].

Иесінің есебінен сыртқа шыққан жұмыртқалары суқойманың түбіне түсу керек. Онда аралық иесі – *Lumbriculus* және *Branchiobdella* азқылтанды

құрттардың туыстары оларды дитритпен бірге жұтады. Ең соңғы иесі судағы азқылтанды құрттарды жұту арқылы жұқтырады. Қосымша иесі балықтар болуы мүмкін. Дернәсілдері шортанда, жайында, алабұғада, гамбузияда, пілмайда, аз мөлшерде тұқыларда табылған. Жыртқыш балықтар жыртқыш емес балықтарды жегеннен паразиттердің даму циклін қиындатып өзіне жұқтырады. Нематодтар балықтың ішегінен оның қабырғасына, гонадасына енеді. Мұндай жағдайда соңғы иесі шикі немесе нашар пісірілген балықты жегенде ауырады (А қосымшасы).

Одан әрі дамулары соңғы иелері адам немесе ет қоректі жануарлардың организмінде жүреді. Организмде балықпен немесе сумен түскен нематодалар дернәсілдері бұлшықет қабаттарына, асқазан қабырғасына, содан соң серозды қабықшаның қуысына еніп, бауырға миграция жасайды.

Паразиттер бүйрек және құрсақ қуысының арасында кездеседі, несеп торсылдағында, қарын терісінің астында, сүт безінің арасында, кеуде қуысының арасында кездеседі. Паразит өскен сайын бүйрек ұлпаларын қысып тастап отырады.

Эпизоотологиясы. Диоктофимнің дернәсілдері Арал теңізінің бассейнінде, Әмудария, Вахш өзендерінде кездеседі. Ал, жыныстық жетілген түрлері ТМД елдерінің көптеген аудандарында кездескен. Ауырған жануарлардың тәбеті жоғалып, құсып, кейде жануарларды өлімге әкеледі. Зерттеу кезінде нематодтар дене қуысынан және бүйрек қуысынан алынады. Диоктифимдердің табиғи ошақтары бар.

Клиникалық белгілері мен патогенез. Көпшілік жағдайда жетілген гельминттер жануарлар бүйрегінде және сирек ішкі қуыстарында орналасады. Нематодалар, балық немесе олигохета арқылы сүтқоректілердің асқазанына түскеннен кейін миграция жасайды. Олар асқазан қабырғасының бұлшықетті қабатына қанды ісік тудыра отырып енеді. Кейін дене қуысына көшеді де, бауырға жақындайды. Оның паренхимасына, сосын бүйрек тұмаршасына енеді. Нәтижесінде бүйректің қабырғасы қатты созылады да жіңішкереді, бүйрек атрофияға ұшырайды. Кейде нематода уретраға түседі. Мұның барлығы осы мүшелердің зақымдануына және тұтас организмнің ауруына алып келеді. Ауырған адамда тәбеті жоғалады, лоқсу, жүдеу, шаршаулы жағдай пайда болады. Бүйрек қуысының ішінде қанды сұйықтық жиналады.

Диагнозы. Диагнозды балықтың бүйрегімен басқа да мүшелерден нематодаларды табуға сүйеніп қояды және балықтарды зерттегенде асқазаннан, шажырқайдан, гонадалардан инкапсулярлы дернәсілдерін тапқанда диагнозды қояды.

Күресу шаралары. Аурудың профилактикасы ретінде суқоймалардан су алуға және жануарларды шикі балықтармен қоректендіруге тыйым салуды қамтиды. Диоктофимоз ауруы профилактикасы мәселелері бойынша балық шараушылығы жұмысшылары арасында түсіндіру шараларын жүргізуі қажет.

Гнатосомоз ауруын Nematoda класының, Sprirurida отрядының, Ynathostoma туысының қоздырушылары туғызады. Гнатосомоз – Оңтүстік-Шығыс Азияда адамдарда кездесетін ауру.

Этиологиясы. Grathostomatidae тұқымдасына жататын нематода Gnathostoma hispidum болып табылады. Gnathostoma hispidum аталығының ұзындығы 12-25 мм, ал аналығының ұзындығы 25-45мм [9].

Grathostomatidae-ның дамуы циклоптың және резервуарлы иесінің қатысуымен жүреді – балық, амфибия, рептилия.

Тұқылардың көктемгі виремия аурулары. Тұқының көктемгі виремиясы (ТКВ, spring viraemia of carp SVC) тұқыны жарақаттайтын, жоғары контагиозды вирустық ауру болып табылады. Ауруы экссудативті-геморрогикалық синдром ретінде байқалады. Ресейде осы синдромның басқа атауы да бар – «қызыл» ауру. Бұл ауруды вирустардан басқа Aeromonos және Pseudomonos бактериялары да туғыза алады.

Этиологиясы. Ауруды Vesiculovirus туысына жататын Rhabdovirus caprio атты радиовирусы тудырады. Бұл – 105-125x70-85 нм мөлшердегі оқ тәріздес пішіні болатын РНК геномды вирус. Вирустың кеңістік изоляторында авирулентті және жоғары вирулентті айырғышы кездеседі. Вирустың репродукциясына оптимальды температурасы – in vitro 20-23°C [10].

Эпизоотологиясы. Ауру эпизоотиялық типіндегі өтіп, септикалық үдерісінің дамуымен және балықтарының массалық түрінде өлімге ұшырауымен сипатталады. Әсіресе, тұқы балығы осы ауруына сезгіш болады. Тұқы балығынан басқа осы ТКВ вирусы алтын мөңке, ақ амур, шұбар және ақ дөңмаңдайда да кездеседі. Соңғы жылдары индустриалды шаруашылық жағдайында өсірілетін кәдімгі жайынның шабақтарында осы аурудың эпизоотиясы тіркелінген.

Тұқы балығының осы ауруы көктем кезіндегі сәуір-маусым айларында, кейде күз мезгілінде байқалады. Көбінесе бір жылдық және екі жылдық балықтары, кейде екі және үш жылдық балықтары ауырады. Сонымен қатар, жөндеу және өндіруші даналарында балықтарының өлімі бар. Эпизоотиясы күрделі түрінде өтетін болса, үйірінің 40-45%-ы (кейде 70%-ға дейін) өлімге ұшырайды. ТКВ вирусына 11-17°C температура қолайлы болады, ал 20°C температурадан жоғары болғанда вирустың өшуі басталады. 5-10°C температурада инфекциясы созылмалы түрге өтеді. Тұқы өсірілетін еуропалық мемлекеттерде осы ауру жиі кездеседі [10].

Ауру таралуының негізгі жолы – шаруашылық аралығында транспорттық тасымалдау болып келеді. Қыстау кезеңінен соң балықтардың резистенттілігі төмендеуі аурудың пайда болуын жеңілдетеді. Балықтарды тасымалдау, жайылымдық тоғандарына отырғызу кезіндегі болатын стресс сияқты факторлар виремия ауруын тітіркендіреді. Вирус тасымалдаушылары, өлген және ауырған балықтары инфекцияны резервуары болып келеді. Кәсіптік маңызы жоқ балықтары да виремия вирусының тасымалдаушылары болуы мүмкін. Ауру балықтар зәр заттары, эпидермальді сілекей, терісіндегі экссудат төмпешіктері, жыныстық өнімдері, кейде желбезектері арқылы вирусын бөліп шығарады.

Вирус су, лай,саз, балық аулау құралдары арқылы таралады. 10°C суда және 4-20°C температурасында құртылған лайда бір ай ішінде вирус

сақталынады. Балықтардың қансорғыш паразиттері вирустың механикалық таратушылары болып келеді (сүліктер және аргулюстар). Балықжегіш құстардың асқазандарында вирус бірнеше сағатқа сақталынып, кекірілген аспен қайта шығарылуы мүмкін. Инфекцияның инкубациялық кезеңі 1-4 аптаның аралығында өтеді [10].

Инфекция организмге асқорыту жолының алдыңғы жағы, тері жамылғысы, желбезектері арқылы жұғады. Жазылған балықтың иммунитеті жоғарылап, күшейеді, қанда антиденелері пайда болады.

Клиникалық белгілері және патогенез. Ауру экссудативтік-геморрагикалық синдром түрінде өтеді. Бүйрек және қан капиллярының эндоденелерінде вирустың көбеюіне байланысты аурудың жинақты белгілерінің дамуы өтеді. Осыған байланысты қанындағы су, минералды балансы бұзылып, қоршап жататын ұлпаларына және дененің мүшелеріне қанындағы формалық элементтерінің жету үдерісі бұзылады. Инфекцияның ұзақтығы септикалық үдерісінің дамуы арқылы балықтардың барлық ұлпаларының және мүшелерінің зақымдануына әкеледі.

Балық түсінің қараюы, тоғандағы терең емес жерлерінде балықтардың жиналуы, анорексияның бар болуы аурудың негізгі белгілері болып келеді. Аурулар күрделі, созылмалы және жүйкелік формада кездеседі.

Аурудың күрделі формасында балықтардың құрсақ жағының ұлғаюы, жүзбе қанаттарының түбінде және құрсақ жағындағы нүктелі қанды дақ басуы (петехия), жүзбе қанатының сәулеаралық ұлпаларының ыдырауы, қабыршақ қалталарының және көз қарашығынан қан құйылуы байқалады. Желбезектері петехияларымен бірдей болады. Одан кейін көзі алға қарай шығып, ісінген және шығыңқы болатын аналь тесігінен сілекейдің сұр немесе ақ түсті, кейде қанымен бірге болатын ұзын тәжі пайда болады. Балықтардың денесінде тері төмпешіктерінің болуы байқалады. Төмпешіктерінің іші түссіз болатын экссудат затына толы болады. Кейде денесінің барлық дерлік бөліктерінде жалбыраған сұр түсті эпидермальді-сілекейлі заттары иіліп салбырап тұрады. Төмпешіктерінің экссудаттарында және эпидермальді-сілекейлі заттарында инфекциялы вирустың мөлшері көп болады.

Аурудың күрделі формасының соңғы кезеңдерінде қабыршақтардың локальді түрінде түсуі болады. Тері жамылғысының жарақатталынған аймақтарында микрофлораның және кейін жараларының пайда болуына әкелуі мүмкін. ТКВ формасымен ауырған балықтардың кейбіреулері ғана тірі қалады.

Ауырған балықтардың ішінде 5-7% ауруы эпизоотикалық кезеңінен бастап созылмалы күйінде өтеді. Аурудың созылмалы күйінде өтетін жағдай балықтардың қорекке қабілеттілігі болмай, денесінің түсі қаралау түстес болуымен сипатталады. Кейде олардың көз қарашығына және денесінің сыртына қан құйылуы байқалады. Тыныс алуы қозғалыстары жиілеп, желбезектері анемиялық, кейде некроз ошағы түрінде болады. Арықтау процесі дамып, летальді жағдайына әкеледі.

Ауырған балықтардың 3-5%-да вирус орталық жүйке жүйесіне түскенде эпизоотияның соңғы кезеңі жүйкелік формада өтеді. Ауырған балықтар сырттай

сау болып көрінеді, бірақ олардың қаңқа бұлшықетінің тонусы жоғары болып, барлық жүзбе қанаттары тік болады да, бұлшықеттерінің тітіркенуі байқалады. Сыртқы қоздырғыштарына реакциясы нашар – балық судың жоғары қабатына көтеріледі, секіреді, шеңбер жасап немесе иірленіп жүзеді. Балықтар тыныштық және қозғалмалы күйін ауыстырып отырады.

Тұқы балығының жас шабақтарына және дернәсілдеріне экспериментальді жағдайында ТКВ вирусы ауруын енгізген кезінде келесі симптомдар байқалады: тыныс алуы жиілейді, денесінің сыртын қан басуы, құйрық қалақшасының ісіп кетуі, құрсақ жағында қызылдануы, экссудаттың жиналуына байланысты бас жағында ісіктің пайда болуы, т.б. Кейде жазылған балықтардың астыңғы жағы семіп қалып, аузы жабылмай қалады.

Тұқының шешек ауруы – балықтардың жұқпалы вирустық ауруы.

Этиологиясы. Шешек ауруы ең алғаш рет 1950 жылы зерттеле басталды. Кейін электронды микроскоптың көмегімен тұқының терідегі туындылардың ішінде клетка ішілік домалақ формалы денешіктер табылған. Вириондарының пішіні домалақ, диаметрі 110 нм-ге дейін жетеді, эпителиальды клетканың ядросында жинақталады. Нуклеидтің құрамында ДНК бар және ол капсид пен белоктан тұратын қабықпен қоршалған [5].

Эпизоотологиясы. Бұл аурудың жасырын кезеңі өте ұзаққа созылады, кейде бір жылға дейін. Аурудың клиникалық белгілері екі жастағыларда және осы жаздықтарда байқалады, бірақ аурудың жұқтырушысы өндірушілер болып табылады. Кейбір авторлардың пікірінше, ауруға тұқым қуалаушылық әсер етеді, бірақ бұл көзқарастар экспериментальді түрде зерттелмеген.

Көпшілік авторлардың пікірінше балықтарды өсіру шартты аурудың әрі қарай өршуіне жол береді. Бұл біріншіден, витаминдері аз болып келетін жасанды қоректерді пайдалану және суда кальцийдің мөлшерінің аз болуы, отырғызудың жоғары тығыздығы балықтардың өсуін баяулатады, балықтардың жаппай шешек ауруымен ауруына алып келеді.

Клиникалық белгілері және патогенез. Шешек ауруының сипаты балықтың денесінде және жүзбе қанаттарында эпителиальды ісіктер пайда болады, бұл эпителиом деп аталады. Ісіктер денесінің сыртқы жамылғысын, яғни терінің беткі қабатын ғана зақымдайды. Егер ісік асқынатын болса, балықтың қабыршағы терісінен түсіп қалады. Егер ауру өршіп кететін болса, ісіктер бірігіп, бірыңғай бүкіл денені жабады. Аурудың басында ісіктер жұмсақ, кейін ісік тығыз әрі олар қатайып, парафинді дақтар сияқты болып шығады. Егер ауру балықтарды аурудың бастапқы кезеңінде ағысы қатты суларға ауыстырса, онда эпителиомдар кетіп қалуы мүмкін.

Шешек ауруынан балықтар өлмейді, бірақ балықтардың өспей қалуы және кейіннен сүйектері жұмсарып, қаңқаларының, формасының өзгеруі байқалады.

Күресу шаралары. Аурудың алдын алу үшін тоғандарда санитарлық шаралар жүргізіліп отыруы керек және балықтарды отырғызудың тығыздығы жоғары болмауы тиіс. Егер тоғанда кальций жетіспесе, тоғанның түбін избестпен әктеп, балық қорегіне 10% бор беріп отыру керек.

Эритродерматит ауруы тұқы балықтарында кеңінен кездеседі. Ауру балықтың терісін зақымдайды.

Этиологиясы. Аурудың қоздырғышы – *Aeromonas salmonicida* subsp, *Achromogenes* жылжымайтын грамтеріс талшық хромогеннің түр астына жататын *A.salmonicida*. Тәжірибе жүзінде анықталған аурудың токсиндік әрекет етушісі – ақуыздық экзотоксин.

Эпизоотологиясы. Ауру негізінен тұқы шаруашылығы дамыған аймақта көп кездеседі. Бұл аурумен тұқы балығы екі жасқа толғаннан бастап ауыра бастайды, яғни жыныстық жетілген кезге дейін. Кейбір ересек түрлерінің 45-90% қырылып қалады. Бұл ауру температура жоғарылағанда пайда болады, яғни көктем мезгілінде 18-20°C температурада көптеп шалдығатындары белгілі болған [9]. Ауру негізінен балықтың жарақатталған, жараланған жерлерінде, қабыршақтардың түскен жерлерінде кездеседі, сонымен қатар судың құрамына байланысты да кездеседі. Балықтарды тасымалдаған судың лайлануына байланысты кездеседі. Балықтарды тасымалдаған кезінде ауру балықтарға жұғатыны белгілі болған.

Эпизоотологиясы. Ауруды жұқтыру көзі ауру балықтар болып табылады. Аурудың қоздырушылары ТМД, Еуропа және Латвия елдерінде де кездеседі.

Клиникалық белгілері және патогенез. Тұқы эритродерматиті – контагиозды терінің ауруы, яғни жұқпалы ауру қоздырғышы бір организмнен екінші организмге тізбектеліп және тармақталып таралу қабілеті, бірінен–біріне жұғу арқылы ауруы мүмкін немесе бұрыннан бері белгілері сақталып келе жатқан түрі болуы мүмкін (жасырынды). Инфекция негізінде эпидермистің зақымдалған жерінде басталады да, ауру эпидермиспен тері арасына жайылады. Ұлпалардың зақымдалуы жаралардың пайда болуына себепкер болады. Аурудың соңында балықтың денесі ісініп кетеді де, үлкен жараға айналады.

Диагностды клиникалық белгілеріне, патологоанатомиялық мәліметтеріне, сонымен қатар микробиологиялық зерттеулер және міндетті түрде биологиялық пробалардың қорытындысына байланысты қояды. Тұқының эритродерматитінің диагнозын қою ұзақтығы 21 күнге созылуы тиіс.

Күресу шаралары. Аурудың алдын алу және күрес шаралары қатаң түрде ветеринария-санитарлық жағдайларды, сонымен мелоративтік жұмыстарын уақытымен жүргізуге негізделген. Балық өсіру кезінде олардың жарақаттануын болдырмау, қыстық және көктемдік тоғандарға тасымалдау кезінде балықтарды жараланудан сақтау және зоогигиеналық жағдайларды қамтамасыз ету керек. Емдеу шаралары жағынан ауру балықты антибактериалды препараттарды қолдану қажет.

Тұқы балықтардың ішегінде *кокцидиялардың* паразитті тіршілік етуінен қабыну байқалады. Қабынудың бұл түрін – *кокцидиоз энтериті* деп атайды.

Этиологиясы. Кокцидия *Goussia carpelli* ооцистасы шар тәріздес, қалдық денесі жоқ, қабырғасы жұқа, диаметрі 5-16 мкм. Әрбір ооцистада төрт доғал тәрізді споралары болады (споралардың бір жағында микропилесі бар), споралар тығыз орналасқан, ұзындығы 7,0-8,5 мкм. Әрбір спора екі спорозиттен

және қалдық денеден тұрады. Спора түзуші ооцисталарды «сары дене» деп атайды, бұл ооцисталардың көлемі оның ішіндегі паразиттерге байланысты. *Goussia carpelli* балықтардың ішек қабырғаларының эпителиальді клеткаларында, кейде өт қабығында паразиттік тіршілік етеді [11].

Көбею үдерістерінің барлығы да иесінің организмінде жүреді де, сыртқы ортаға инвазиялық ооцисталар бөлінеді. Қорек іздеген балық *Goussia carpelli* ооцистасын жұтып, зақымдалады. Балық ішегіне түскен ооцисталардың қабыршағы ериді де, ішінен спорозонттар босап шығып, ішектің клеткасына коноид және роптриялары арқылы спорозонт еніп, шизонт деп аталатын домалақ немесе доғал клеткаға айналады. Шизонт өсіп, белгілі деңгейге жеткен кезде, шизонттың ядросы бірнеше қайтара бөлінеді. Әрбір ядроның айналасында цитоплазма қалыптасады да, шизонт көптеген клеткаларға ыдырайды. Бұл клеткаларды мерозонт деп атайды, олар қайтадан жаңа клеткаларға енеді. Мерозонттардың ішіндегі біреулері шизонтқа айналады да, қайтадан жыныссыз көбеюді жалғастыра береді, ал басқалары жыныстық көбеюге жіктеліп, макро және микрогаметаларға (аналық және аталық жыныс клеткалары) айналады. Микрогаметалар талшықтың көмегімен қозғалып, макрогаметаларды тауып, жанасады. Мұндай ұрықтанған клеткаларды зигота деп атайды. Зигота сыртынан тығыз қабыршаққа қапталып, ооцистаға айналады. Ооцистада спора түзілу үдерісі жүреді де, спора қалыптасады. Споралар бөлініп, спорозонттарға айналады, ал цитоплазманың жұмсалмаған бөлігі қалдық дене ретінде қалады. Балық нәжісімен бірге жетілген ооцисталар сыртқа (суға) шығып, басқа балықтарға түседі, осылайша даму циклі қайталана береді.

Кокцидияның ооцисталары ұзақ уақытқа дейін суда тіршілігін жоймай сақталады. Кокцидияларды 25-30 минут бойы 24-29°C температурада кептірсе, олар өле бастайды. Ооцисталар 6 сағат бойында 5-8°C суық температурада төзімді болады, ал 1°C температурада тіршілігін 30 тәулікке дейін сақтайды. Хлорлы және сөндірілмеген әк ерітінділері ооцисталардың тіршілігін жояды [11].

Эпизоотологиясы. *Goussia carpelli* тоған шаруашылықтарында кең таралған. Инвазияның негізгі көзі – паразиттерді тасымалдаушылар және ауру балықтар. Аурудың табиғи резервуары: сазан, тарта, күміс мөңке және т.б. болып табылады. Кокцидиоз ауруымен барлық жастағы балықтар зақымдалады, көбінесе шабақтар мен осы жылғы шабақтар ауырады. Инвазияның өсімталдығы жаз айларында байқалады. Күзге қарай бәсеңдейді, қыста паразиттер сирек кездеседі. Ал, көктемде зақымдалған балықтар саны қайта өседі, жаз айларында жоғары қарқынды инвазияға жетеді.

Goussia carpelli-ді тасымалдаушы балықтар мен тұқыбалықтардың дернәсілдерін тоғандарға бірге отырғызу барысында 17 күннің ішінде дернәсілдердің 16,7%-ын, ал 24 күнде 100% зақымдалғаны байқалған, осы кезде инвазияның өсуі де байқалады [11].

Эпизоотологиясы. Ресейдің оңтүстік аудандарындағы шабақтар мен осы жылғы шабақтар үшін кокцидиоз ауруы қауіпті. Сонымен қатар, Шығыс Еуропа мемлекеттерінде осы аурудан балықтардың өлім-жітімі тіркелген.

Клиникалық белгілері мен патогенез. Ауырған балық жүдейді, солғын тартады, нашар қоректенеді немесе мүлде қоректенбейді, сыртқы орта тітіркендіргіштеріне жауап бермейді. Балықтың құрсағы ісінеді, құрсағын қолмен сипағанда жұмсақтығы байқалады, аналь тесігінен көптеген инвазиялық ооцисталар мен эпителий клеткаларының қалдықтары, шырыш аралас жасылдау жіпшелер бөлінеді. 60-80% ооцисталар жиналған кезде балықтың ішегі эксудаттарға толып, таңбалы қанталаулар мен қабынулар байқалады. Қатты зақымдалған кезде ішектің шырышты қабатының қабынуы, ісінуі және қоймалжың эксудатпен қапталынған борпылдақ қанталаулары байқалады.

Паразит балық ішегінің эпителиальды жасушаларына еніп, бүлдіреді, оның қызметін бұзады. Паразит механикалық әсермен қоса балық организміне токсикалық әсер де танытады.

Диагнозы клиникалық белгілеріне және балықтың ішегінен қырынды алып, микроскоппен тексеру кезінде көп мөлшерде кокцидияның ооцисталары табылғанда ғана қойылады.

Күресу шаралары. Кокцидиялардың ооцисталарын жою мақсатында тоған суын ағызып, түбін жүйелі әрі мұқият қатыру және кептіру аурудың алдын алудың негізі болып табылады. Сонымен қатар, тоған түбінің ойық және кеппеген жерлерін хлорлы (500 кг\га) немесе сөнбеген әкпен (2500 кг\га) өңдеу қажет. Аурудың табиғи резерванты болып табылатын балықтарды тоғандарға жібермеу жолдарын қарастыру қажет. Балықтарды құнды, бағалы қоректендіру олардың дұрыс өсуін қамтамасыз етеді, шабақтардың ауруға қарсы төтеп беру қабілетін жоғарылатады. Жоғарыда келтірілген барлық іс-шаралар паразиттердің қарқынды инвазиясын төмендетуге мүмкіндік береді.

Емдік әрі алдын алу сипаттағы препарат ретінде фуразолидон ұсынылады. Емдік қоректі 3 күн қатарынан (15-20 мг\кг балық массасына) береді. Қажет болған жағдайда емдеу курсы 2-3 күннен кейін қайталауға болады. Аурудың алдын алу үшін фуразолидон препараты балықтың бір жылдықтары мен осы жылғы шабақтарға көктем және күз мезгілдерінде беріледі.

Тұқының *кокцидиоз түйіншегімен* тұқы, сазан және олардың гибридтері ауырады.

Этиологиясы. Кокцидия *Goussia suberithelielis*-тің ооцистасы шар тәрізді, жұқа қабырғалы, қалдық денесі болмайды, мөлшері 14,5-17,0 мкм. Споралары ұршық тәрізді, ұзындығы 10,0-12,5 мкм. Спораның ішінде 2 жіңішке спорозоит және ұсақ дән тәрізді қалдық дене орналасқан [12].

Паразит ішектің сілемейлі қабатының астында орналасып, оның беткі жағынан дәнекер ұлпалы ақ түйіншіктерді құрайды, мөлшері 2-3 мм, оларды оптикалық құралсыз көзбен де көруге болады. Паразиттер бір жылдық балықтарды зақымдайды (зақымдалу 80-90%-ға жетеді). Бұл ауру тек көктемде ғана байқалады. Балықтар қатты зақымдалған кезде жүдеп өле бастайды [12].

Эпизоотологиясы. Кокцидиоз түйіншегі ауруы Украинаның оңтүстігінде, Германияда және Польшада таралған.

Күресу шаралары. Тұқының кокцидиоз энтеритінде қолданылған іс-шаралар қолданылады.

Қорыта айтсақ, зерттеу жұмысында балықтардың паразиттерінен туындайтын ауру түрлеріне жеке-жеке тоқталып, олардың таралуы және алдын-алу шаралары қарастырылды. Сондай-ақ, паразиттердің экологиясын, биологиясын және эпизоотологиясын зерттеп білмей, балықтардың паразитоздарына қарсы тиімді шараларды ұсыну мүмкін еместігін анықтадық.

Әдебиеттер тізімі

1 Макеева А.П., Веригин Д.В. Метод гипофизарных инъекций в практике разведения толстолобиков и белого амура // «Вопросы ихтиологии», 2009. Т.2. Вып.2. – С.117-131.

2 Котельников Г.А. Гельминтологические исследования животных и окружающей среды. – М.: «Колос», 1984. –207 с.

3 Есімбеков Ж.М., Ысқақов М.М., Дүйсенбаев С.Т. Жануарлардың инвазиялық ауруларын анықтау практикумы. – Алматы, 2000. – 150 б.

4 Клебановский В.А. и др. Новые данные об описторхозе в верховьяхбассейна реки Урал и вопрос о возможных эпидемиологических последствиях в связи с предполагаемой переброской части стока сибирских рек в Аралско-Каспийский бассейн. В кн. материалы межоб-й научно-практ. конф.по проблеме «Описторхоз человека». – Томск, 1979. – С.89-90.

5 Осетрова В.С. Болезни рыб. Справочник. –М.: ВО Агропромиздат, 1989. – 288 с.

6 Кәдіров Н.Т., Есімбеков Ж.М., Ысқақов М.М., Егізбаева Х.Е., Ыбыраев Б.К., Танраев А.Д., Тоқпан С.С. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары. – Астана, 2013. – 494 б.

7 Бөлекбаева Л.Т. Балықтың инвазиялық аурулары. – Астана, 2003. – 49 б.

8 Ыбыраев Б.К., Шабдарбаева Г.С., Тоқпан С.С. Жануарлардың инвазиялық ауруларын балау. – Астана, 2013. – 206 б.

9 Ахмедсадыков Н.Н. Болезни рыб // «Ветеринария», 2009. – №1(5). – С.70-74.

10 Ыбраев Б.К. Гельминтоздарды балаудың негізгі әдістері. – Астана, 2008. –52 б.

11 Дәуітбаева К.Ә. Ихтиопатология: Оқулық. – Алматы: «Дәуір», 2013. – 384 б.

12 Канаев А.И. Ветеринарная санитария в рыбоводстве. – М.: Агропромиздат, 1985. – 280 с.

ҒТАР 37.74.04

БИОЛОГИЯ ПӘНІ БОЙЫНША СМАРТФОНҒА АРНАЛҒАН ОҚУ ОЙЫНДАРЫН ЖАСАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

А.Д. Дөңесова

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰП, Алматы қ.

А.Д. Майматаева

PhD, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰП, Алматы қ.

Мақалада негізгі жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандартын іске асыру жағдайында биология сабақтарында қолданылатын оқу ойындарының түрлері, ойындар жасаудың теориялық негіздері қарастырылды. Қазіргі күні білім беру жүйесінің алдында қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін заманауи білім беру технологияларын қолдану міндеті тұр. Бұл жағдайды шешудің ең даулы құралдарының бірі – білім беруде және өмірдің басқа салаларында кеңінен қолданылатын смартфондық ойындар мен білім беруді геймификациялау. Көптеген зерттеушілер білім беруде геймификацияны қолдану оқушылардың мотивациясына оң әсерін тигізетінін, нәтижесінде олардың оқу нәтижелерін жақсартатынын атап өтеді. Практикалық маңыздылығы теориялық тұрғыда әзірленген биология пәні бойынша смартфонға арналған оқу ойындарының түрлерін көрсету және оқу ойындарын жасаудың теориялық негіздерін практикалық тұрғыда пайдалана алатынында.

Түйін сөздер: смартфондық ойындар, геймификациялау, ұйымдастырушылық қабілеттер, білім беру жүйесі.

Смартфонға арналған оқу ойындары әдістемесінің технологиясы мектеп оқушыларын олардың оқу мотивтерін, ойындағы және өмірдегі мінез-құлқын түсінуге, яғни олардың өз бетінше әрекетінің мақсаты мен мазмұнын қалыптастыруға және оның тікелей нәтижелерін болжауға үйретуге бағытталған.

Геймификация – оқушыларды оқу процесінде ынталандыру құралы болып саналады. Смартфондық ойын түрлері білімді меңгеру деңгейлерін пайдалануға мүмкіндік береді. Оқушылардың ойында оқуы қызықты, өйткені дәл осы формада олар алған ақпарат қолжетімді болып қабылданады және пәнді оқуға деген қызығушылықтары артады. Әлеуметтік-педагогикалық деңгейде

зерттеудің өзектілігі – геймификацияны қолдану оқушыларды оқу процесіне тартуға ықпал ететіндігімен түсіндіріледі [1].

Ғылыми-әдістемелік деңгейде өзектілігі – зерттеушілер геймификацияны білім беруде қолданудың практикалық артықшылықтарын мойындайды, бірақ геймификацияны оқу процесіне енгізуге мүмкіндік беретін әдістер іс жүзінде жоқ. Сонымен, жоғары білім беру жүйесінде мынадай қарама-қайшылықтар анықталады:

– білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында педагогикалық қызметкерлердің ақпараттық және смартфондық технологиялардың заманауи құралдарын пайдалану қажеттілігі және олардың осы саладағы құзыреттілік деңгейінің жеткіліксіздігі;

– жылдам өзгеретін ақпараттық білім беру ортасының жағдайлары және педагогтардың білім беру мақсаттарында геймификациялық элементтердің алуан түрлілігін пайдалануға бейімделуге дайындығының жоқтығы;

– білім берудің геймификация элементтерінің мүмкіндіктері және мұғалімнің белгілі бір пәнді оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін осы қызметтерді пайдалануға жеткіліксіз дайындығы.

Зерттеу мақсатына жету және гипотезаны тексеру үшін зерттеу әдістерінің жиынтығы пайдаланылды:

– теориялық-зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, анықтамалық және энциклопедиялық әдебиеттерді зерттеу және талдау; зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми ережелерді жалпылау және жүйелеу;

– эмпирикалық-педагогикалық бақылау, педагогикалық тәжірибені жалпылау, әңгімелесу, сұрақ қою, оқушылардың бақылау тапсырмаларын орындау нәтижелерін салыстырмалы талдау [2].

Білім алуға арналған арнайы ойындармен қатар, белгілі бір кіру шегі бар ойындар да ынталандырады. Мысалы, «Deus Ex Human Revolution» және «Bioshock infinite» сияқты ойындар оқушыларға ойынға кірудің белгілі бір деңгейін белгілейді, күрделі биологиялық-философиялық сұрақтар қояды, оларды гуманизм, қоршаған орта және заманауи қоғам тақырыптары туралы ойлануға мәжбүр етеді, ойыншыны ойлауға ынталандырады, сәйкесінше биологиялық салалардың негіздерінен білім алуға ықпал етеді [3].

Мобильді оқыту – бұл портативті құрылғылар негізінен немесе тек қана пайдаланылатын кез келген білім беру әрекеті – телефондар, смартфондар, планшеттер, кейде ноутбуктер және т.б., бірақ қарапайым жұмыс үстелі компьютерлері емес. Мобильді қосымша – бұл әртүрлі әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін белгілі бір функционалдығы бар белгілі бір платформада орнатылған бағдарлама. Ұялы телефондар, смартфондар, планшеттік компьютерлер адамның цифрлық өмірінің негізгі бөлігіне айналуға бастады. Білім беруде болжам жасасақ, 5 жылдан кейін мобильді оқытуға толығымен көшетінімізді көреміз. Сондықтан тақырып өзекті, ал мобильді қосымшаларды оқу үдерісінде тестілеу – жаңашылдық, мұғалімге мүмкіндік береді [4].

Мобильді қосымшаларды сабақта пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктері. Кез келген инновацияны жүзеге асырған кезде жағымсыз жағына дайын болу керек, сондықтан біз мобильді оқытудың сөзсіз артықшылықтарын да, жағымсыз жақтарын да қарастырамыз. Осылайша, мектептің оқу процесінде мобильді құрылғылар мен технологияларды қолданудың сөзсіз артықшылықтары:

- кез келген уақытта, кез келген жерде білім беру және анықтамалық ресурстар мен бағдарламаларға жылдам қол жеткізу;
- Сынақтар мен бақылау жұмыстарын жүргізуді жеңілдету;
- Мұғалім мен оқу қоғамдастығының тұрақты кері байланысы;
- Оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру
- Есептерді диагностикалау, жеке оқу жылдамдығы;
- Таныс техникалық құралдар мен виртуалды ортаны пайдалану арқылы тыңдаушылардың мотивациясын арттыру;
- Дербес оқытуды ұйымдастыру;
- Жекелендірілген кәсіби бағдарланған студенттік оқу кеңістігін құру;
- Өмір бойы білім алу дағдылары мен дағдыларын дамыту [6].

Мобильді оқытудың жағымсыз аспектілері, ең алдымен, техникалық және қаржылық емес, әкімшілік, ұйымдастырушылық және әдістемелік қиындықтарды қамтуы керек. Біріншіден, мұғалімдерді де, оқу орындарының әкімшілігін де оқытудың бұл түрі оқу үдерісін оңтайландыруға ықпал ететініне сендіру қиын, өйткені тапсырмалар әдетте мектептер мен университеттерде пайдалануға тыйым салынған құрылғыларда орындалады. сыныпта, өйткені барлық мобильді құрылғылар электрондық көшірме ретінде әрекет етеді. Екіншіден, мұғалімдерде мобильді технологиялар негізіндегі тапсырмаларды дәстүрлі формаға енгізуге, мобильді құрылғыларға арналған қолданыстағы білім беру қосымшаларын пайдалануға, оқу процесін интерактивті қолдауға, дамытуға мүмкіндік беретін АКТ құзыреттілігінің тиісті деңгейі жоқ. студенттердің өздерінің осы саладағы АКТ құзыреттілігі. Үшіншіден, әр түрлі деңгейдегі мектеп оқушыларына арналған дайын мобильді оқу ресурстары мен бағдарламалары жеткіліксіз, бірақ сонымен бірге ағылшын тілі мұғалімдері тиімдірек: ағылшын тілінде әртүрлі қосымшалар мен ойындардың алуан түрлілігі бар. оның ішінде грамматикалық тесттер, іздеу және ойын тапсырмаларын жасауға болады. Техникалық және қаржылық мәселелер кейбір мобильді құрылғылардың (iPhone-ға арзан баламалары бар), шағын экранның және барлық мобильді құрылғыларда қайталанбайтын шағын қаріптің жоғары құнына дейін төмендейді [7].

Қазіргі заманғы мұғалім мобильді құрылғылар мен технологияларды оқуға қауіптен көмек пен қолдауға айналдыра алады. Бүгінгі таңда мұғалімдер мен тәрбиешілерге көмектесу үшін көптеген ойындар мен қосымшалар жасалды, олардың көмегімен бұрын ойланбаған тәжірибелер қолжетімді болады. FrogDissection бағдарламасы– Бұл қолданба жануарларға эксперимент жүргізуге қатысты этика мәселесін ішінара шешеді. Frog Dissection нақты диссекцияға ұқсайтын бақаның 3D диссекциясын орындауға мүмкіндік береді.

Бағдарламада эксперимент жүргізуге арналған егжей-тегжейлі нұсқаулар, бақа мен адамды анатомиялық салыстыру және экранның жоғарғы жағында көрсетілетін қажетті құралдардың толық жиынтығы бар: скальпель, пинцет, түйреуіш. Сонымен қатар, қосымша әрбір бөлінген органды егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік береді.

Leafsnap – барлық ботаниктер мен табиғат әуесқойлары ұнататын сандық ағаш танушы. Қолдану принципі өте қарапайым: сіздің алдыңызда қандай өсімдік екенін түсіну үшін оның жапырағын суретке түсіру жеткілікті. Осыдан кейін қолданба жапырақ пішінін жадында сақталғандармен салыстыру үшін арнайы алгоритмді іске қосады. Жапырақтың болжалды «тасымалдаушы» туралы қорытындымен бірге өтінім осы өсімдік туралы көптеген ақпарат береді – өсу орны, гүлдену сипаттамалары және т.б. Егер кескін сапасы бағдарламаны қиындатса, түпкілікті қорытындыға келсе, ол сізге егжей-тегжейлі сипаттамасы бар ықтимал нұсқаларды ұсынады. Әрі қарай – бұл сізге байланысты. Жалпы алғанда, қосымша күш-жігерсіз айналаңыздағы әлем туралы көбірек білуге көмектесетін өте мазмұнды қолданба. Айтпақшы, өтінімде алынған әрбір фотосурет белгілі бір аймақтың арнайы жасалған флора дерекқорына түседі және ғалымдарға өсімдіктердің жаңа түрлерін зерттеуге және бұрыннан белгілілері туралы ақпаратты толықтыруға көмектеседі [8].

Биология. Бұл тіпті қолданба емес, бұл негізгі тақырыптар бойынша қысқаша мақалалар беретін қалтаға арналған кеңес: Жасуша, Тамыр, Балдырлар, Жәндіктер класы, Балықтар қосалқы класы, Сүтқоректілер класы, Жануарлар эволюциясы, «Адам денесіне шолу және т.б. Жаңа және таңқаларлық ештеңе жоқ. Бірақ жадта жоғалған кейбір негізгі нәрселерді қайталау үшін бұл өте жақсы болады. Білім беруде мобильді қосымшаларды қолдану бойынша әдебиеттерге жасалған талдау бұл идеяда мектептегі білім беруді жаңғыртудың, яғни қазіргі таңда мектепке қойылатын жаңа талаптар тұрғысынан оқу үдерісін жетілдірудің үлкен мүмкіндіктері бар екенін көрсетеді. Ұсынылған мобильді қосымшаларды тәжірибеде қолдану олардың орындылығы мен тиімділігін көрсетеді. Мотивациясыз заманауи оқыту мүмкін емес, сондықтан мобильді оқыту технологиясы кейде бұл мотивацияны арттырады [9].

Сонымен, білім берудің инновациялық дамуының анықтаушы факторларының бірі геймификация элементтерін тиімді пайдалану болып табылады. Геймификация элементтеріне негізделген оқыту мен оқу құралдарын ұйымдастырудың арқасында оқушылардың оқу әрекетінің жаңа түрлерін жүзеге асыру және қолдау үшін оқу процесінің интерактивтілігін дамытуға жағдай жасалады. Сондықтан, білім беру үдерісінің интерактивтілігі үшін геймификация элементтерін пайдалану қазіргі уақытта студенттерді оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдірудің перспективалық бағыттарының бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абдульменова З.З. Игра – способ развития пытливости и любознательности // Начальная школа. 2020. – № 11. – 112 с.
- 2 Аникеева Н.П. Воспитание игрой. – М.: Просвещение, 2017. – 214 с.
- 3 Бабанский Ю.К. Педагогическая наука и творчество учителя // Советская педагогика. 2017. – № 2. – 3-8 с.
- 4 Барташникова И.А. Учись играя / И.А. Барташникова, А.А.Барташников. – Харьков, 2017. – 45 с.
- 5 Бахир В.К. Развивающее обучение // Начальная школа. 2019, № 5. – 26-30 с.
- 6 Бесова М.А. Познавательные игры от А до Я / М.А. Бесова. – Ярославль: Академия развития, 2016. – 272 с.
- 7 Полат Е.С., Бухаркина М.Ю. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования: учеб. пособие для высш. учеб. заведений. – М.: Академия, 2019. – 368 с.
- 8 Тяглова Е.В. Учебно-исследовательская работа учащихся по биологии: метод. пособие. – М.: Глобус, 2018. – 255 с.
- 9 Нигматулина Э.А. Современные тенденции развития ИКТ в образовании, Красноярск. – 2016 г [Электронный ресурс]. URL: <http://www.metod-kopilka.ru/sovremennie-tehnologii-v-obrazovanii-mobilnie-elektronnie-obuchayuschie-sistemi-68980.html>.

ҒТАМР 34.29.01

БОТАНИКА ПӘНІНЕН ОҚУ-ДАЛАЛЫҚ ПРАКТИКА БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІПКЕ БАУЛУ

П.М. Әбіласан

Магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

А.Т. Байкенжеева

Б.ғ.к., доцент, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

«Баулу» ұғымы «рухани-адамгершілік құндылықтар», «жалпы адамзаттық құндылықтар», «дәстүрлер», «мәдениет», «қоғамдық қызмет» ұғымдарымен қатар қолданылатыны анықталды. Арнайы сөздіктерде «баулу» ұғымына балама ретінде «тарту», «қатыстыру», «араластыру», «қосылу», «қосу» сөздерін синоним ретінде қолданылады. Кәсіпті қазақша мағанасында қандай да бір істі шебер орындайтын маман деп түсінуіміз керек. Кәсіп – кәсіптік оқу және тәжірибе жинақтау нәтижесінде игерілетін, белгілі бір білім мен машықтарды талап ететін еңбек қызметінің түрі. Мақалада «Ботаника» пәнінен оқу-далалық практика барысында, қосымша кәсіпке баулу мүмкіндіктері қарастырылған.

Түйін сөздер: биология, ботаника, оқу-далалық практика, кәсіп, білім алушылар.

Қазіргі кезде білім алушыларды кәсіпке баулу жүйесіне өзгеріс енгізу және кәсіпке бағдарлауды оқу үдерісіне енгізу қажеттілігінен туындап отыр. Білім алушыларды қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда кәсіпке баулуға дейін олардың түсініктерін, дайындық деңгейін анықтау қажет екенін көрсетті. Бұл мәселе бойынша біз, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «5В01517 – Биология» білім беру бағдарламасының 1-2 курс студенттерін экспериментке таңдадық. Бірінші кезекте студенттерді мотивациялау, жалпы деңгейін бақылау мақсатында бақылау, сауалнама, тестілеу, қызмет өнімін зерттеу жүргізілді. Алдымен презентация арқылы Биолог маман, болашақта қандай кәсіппен айналыса алады деген сұраққа жауап бердік?.

«Биология» білім беру бағдарламасының 2 курсының 2-ші академиялық кезеңінде Ботаника (өсімдіктер систематикасы) бойынша оқу-далалық практика жоспарланған. Оқу-далалық практика барысында әртүрлі флористикалық аймаққа танымжорықтар жүргізіледі. Мысалы, «орман фитоценозының құрамы және құрылымы» тақырыбы бойынша тарымжорық кезінде ағаштар мен бұталарға систематикалық талдау жасап қоймай жапырағы, діңі, бөрік басы

бойынша декоративтік әсемдік белгілеріне, көбейту жолдары, биіктігі, өсу жылдамдығы да талданады. Бұл «Декоративті дендрология» кәсібін игеруге білім алушылардың қызығушылықтарын арттырады. Сонымен қатар «шалғындық өсімдіктер» тақырыбы бойынша танымжорықта өсімдіктердің вегетативті кезеңдері, көктеу, гүлдеу, жеміс беру кезеңдері қаралып, қандай белгілері бойынша әсемдік ерекшелігі, жергіліктің жердің табиғат жағдайына байланысты гүлзарларға қандай өсімдіктерді, қай уақытта қолдануға болатыны жөнінде мағлұмат беріледі.

Ботаника оқу-далалық практика уақытында дәрісханада және білім алушылардың оқытушымен бірге орындалатын өзіндік жұмысы және білім алушылардың өзіндік жұмысы уақында кәсіпке баулу мүкіндіктері жоғары, олардың кейбірі Қазақстанның жаңа 100 мамандығы атласына енген кәсіптер [1].

	Бөлме өсімдіктерін күту кәсібі
	Интерьерді көгалдандыру кәсібі
	Экстерьерді көгалдандыру кәсібі
	экотехнолог
	Биофармаколог
	Инновациялық биопрепараттар технологу;
	Экологиялық туризм бойынша менеджер;
	Фитодизайнер
	Эко-таре бойынша маман
	Дендролог
	Ментор стартап
	Өсімдіктерді микроклондау маманы
	Лаборант
	Ботаникалық бақ, қорықтар, Ұлттық парктің қоршаған ортаны қорғау маманы;

Аталған кәсіп түрлері ботаникадан оқу-далалық практика барысында білім алушыларды кәсіпке баулу, бағыт беруге мүмкіндіктер (1-кесте).

Кесте 1. Ботаника пәнінен оқу-далалық практика барысында студенттерді кәсіпке баулу [2, 3].

Мамандық (кәсіп саласы)	Сипаттама	Негізгі құзыреттері
Инновациялық биопрепараттардың технологиясы	Маман өсімдік шаруашылығы қажеттіліктері үшін биологиялық өнімдерді әзірлеумен айналысады (мысалы, препараттар құрамында «топырақ-өсімдік» жүйесіне пайдалы әсер ететін тірі пайдалы микроорганизмдер бар) және мал шаруашылығы қажеттіліктері үшін (мысалы, метаболизмді қалыпқа келтіруге, иммунитетті нығайтуға арналған жемшөп қоспалары).	– Биология», «Микробиология», «Биохимия» салаларының біріндегі жоғары білім»; – Бастапқы шикізаттан түпкілікті өнімге дейін биопрепарат алудың технологиялық тізбегін әзірлеудегі практикалық білім
Эко-ыдыс жөніндегі маман	Маман биологиялық ыдырайтын материалдар мен азық-түлік қаптамаларының әртүрлі түрлерін әзірлейді (материалдар мен қаптамаларды қайтадан қаптамаға оңай қайта өңдеуге болады және/немесе әртүрлі жағдайларда табиғи компоненттерге тез ыдырайды).	– Органикалық қосылыстар химиясы», «Биохимия», «Биотехнология», «Экология» салаларының біріндегі жоғары білім»; – Эко-ыдыс өндірісінің технологиялық схемасын әзірлеудегі және оны аппаратуралық ресімдеудегі практикалық дағдылар.
Экотехнолог	Мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының органикалық қалдықтарын өңдеуге қажетті технологиялар мен жабдықтарды біледі. Қайта өңдеу процесін ұйымдастырады және бақылайды. Қайта өңдеу нәтижесі (мысалы, биогаз, электр энергиясын, органикалық тыңайтқыштарды, мал азығын және т.б. алу) экотехнологияның тар мамандануын анықтай алады.	– «Химия», «Биология», «Биотехнология», «Эколог» салаларының біріндегі жоғары білім». – Қалдықтарды қайта өңдеудің, қалдықтарды қайта пайдалануға дайындаудың экологиялық қауіпсіз әдістерін білу және қолдану дағдылары.
Дендролог	Дендрологтар өсімдіктерді бақылау қажет болған жерде жұмыс істейді. Бұл ормандар мен орман саябақтары, сондай-ақ абаттандыру компаниялары. Сондай-ақ, дендролог сәулет кеңсесінде немесе кәсіби көгалдандыру фирмасында жұмыс таба алады. Қызметкерлер үшін қолайлы жағдай жасауға тырысатын ірі фирмалар кеңсе бақшалары мен	«Биология», «Биотехнология», «Эколог» салаларының біріндегі жоғары білім». Ағаштардың биологиясын, экологиясын, фенологиясын білу.

	демалыс аймақтарын құру үшін мамандардың қызметтерін пайдаланады.	
--	---	--

Білім алушылардың жалпы түсінігін анықтау үшін сауалнама алынды.. Білім алушылар зерделей келе сұрақтарға жауап берді: олар мамандық саласын таңдадың ба; егер таңдасаң қайсысын; білім алушылар ботаника курсы бойынша кәсіп саласы жөнінде не біледі; оларды өздері үшін таңдағысы келеді ме және неге; олар бұл кәсіпті қоғам үшін маңызды деп санайды ма және неге; бастапқы кәсіби дағдыларды орындау үшін қандай дағдылар қажет; іс-қимылдар және оларды қалай орындайды деген сұрақтарға жауап берді (2-кесте).

Кесте 2. Білім алушылардың кәсіптер туралы білімі және олардың одан әрі оқу жоспарлары (пилоттық зерттеу кезеңінде) %.

Кәсіп	Кәсіптің маңызы жөнінде			Оқуға деген ұмтылысы		
	төмен	орташа	жоғары	төмен	орташа	жоғары
Бөлме өсімдіктерін күту	9,12%	26,72%	64,16%	13,12%	25,68%	61,2%
Интерьерді көгалдандыру	7,10%	44,72%	48,18%	12,03%	52,47%	35,5%
Экстерьерді көгалдандыру	58,6%	25,35%	16,05%	51,2%	30,3%	18,5%
экотехнолог	40,09%	20,1%	39,81%	34,0%	33,4%	32,6%
Биофармаколог	35,00%	28,3%	36,7%	30,8%	29,9%	39,3%
Инновациялық биопрепараттар технологы	46,03%	32,4%	21,93%	38,4%	36,8%	24,8%
Экологиялық туризм бойынша менеджер	10,8%	48,6%	40,6%	16,5%	51,45%	32,05%
Фитодизайнер	4,15%	50,8%	45,05%	8,65%	35,35%	56,0%
Эко-таре бойынша маман	8,56%	46,6%	44,84%	10,15%	37,35%	52,5%
Дендролог	3,08%	54,5%	42,42%	5,06%	31,54%	63,4%
Өсімдіктерді микроклондау	54,05%	35,9%	10,05%	60,2%	24,78%	15,02%

Сауалнамаға жауап бергеннен соң, студенттермен әңгімелесу жұмысы жүргізілді.

Неліктен кәсіптің осы түрін таңдадың; не себепті таңдалмады; сұрақтарына студенттер жауап берді. Студенттердің көп бөлігі Дендролг, Фитодизайнер кәсібін таңдады. Үшінші орында эко-таре бойынша маман болуды таңдады. Таңдау төмен кәсіп салаларына интерьерді көгалдандыру, экстерьерді көгалдандыру, экологиялық туризм бойынша менеджер кәсіп салалары болды. Студенттерде кәсіпті таңдауда қандай логикаға сүйендің деген сауалға: 1. Қоғамда сұранысқа ие, 2. Көп шығынды талап етпейтін. 3. Кәсіп тез нәтижесін беретін, 4. Еркін және

тәуесіз болу деген жауаптар алынды. Интерьерді көгалдандыру және экстерьерді көгалдандыру кәсібі көп шығынды талап етеді (өсімдіктерді сатып алу, тасмалдау, егу құралдары, грунт және т.б) және әсем көрніс бірден байқалмайды (өсімдік өсу үшін уақыт қажет), сонымен қатар мерзімдік жұмыс деген пікірлерін білдірді.

Студенттерге төменде ұсынылған төрт саланың бірін таңдауға кеңес берілді.

1) *қызмет көрсету саласы*: интерьерді көгалдандыру, экстерьерді көгалдандыру

2) *материалдық өндіріс саласы*: эко-таро маманы,

3) *зияткерлік еңбек саласы*: педагог, биофармаколог, инновациялық биопрепараттар технологы.

4) *бизнес саласы*: шағын бизнес кәсіпкері, ірі бизнес кәсіпкері, экологиялық туризм бойынша менеджер.

Пилотаттық зерттеу кезеңіндегі еңбек қызметі процесіне қатысты білім алушылардың уәждемесі, ұстанымы «ойын-жағдаят» әдістемесінің көмегімен анықталды. Әдістеме ұсынылған түсіндірмелері бар ашық жауаптар түрінде берілді. Жағдаяттарды іріктеу келесідей болды: бірінші, екінші, үшінші жағдаяттар білім алушыларға еңбек қызметінің әртүрлі түрлеріне қатысуды ұсынады (3-кесте).

Кесте 3. Білім алушылардың еңбекке және еңбек қызметінің нәтижелеріне деген көзқарасын жағдаяттық талдау (тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың басында).

Жағдаят	Білім алушылар жағдаятты таңдауы
1-жағдаят Еңбек ұжымында жұмыс жасау	92,5%
2-жағдаят Өмірде волонтерлық көмек көрсету	50,8%
3-жағдаят Өндірісте жұмыс жасап, болашақта тұрақты жұмысқа қалу	76,4%
4 жағдаят Мұраға қомақты қаржы алсаңыз қандай мақсатта жұмсайсыз:	
– Жұмысқа	36,5%
– Болашақ бизнеске саламын	12 %
– Жәй қажетіме жаратамын	44 %
– Қайырымдылыққа жұмсаймын.	7,5 %

Студенттердің ұсынылған эсседе, онда білім алушылар қандай еңбек операцияларын орындай алатынын сипаттап қана қоймай, оларды орындау процесін де сипаттауы керек еді. Студенттер мұны сипатталған үлгі бойынша жасауы керек еді. Мәселен, мысалы, өсімдіктер жемісінен көрнекі құрал дайындаудың жолы, құрғақ және шырынды жемісті сақтау ережесі, жемістің табиғи түсін өзгертпей сақтау және т.б.

Кесте 4. Өмірде жетістікке жету үшін қажетті қасиеттер туралы білім алушылардың пікірлері (пилоттық зерттеуде)* (%).

Студенттердің пікірінше, өмірде жетістікке жету үшін қажетті қасиеттер	Білім алушылар пікірді қолдайды
1. Жақсы білім мен жұмысты сапалы орындай білу (жоғары білікті маман болу)	18,6 %
2. Еңбекқорлық, еңбек міндеттеріне жауапкершілікпен қарау	24,5 %
3. Байланыстардың, тиісті таныстардың болуы	31 %
4. «Өмір сүру» қабілеті (өмірден барлық рахат алу)	26 %

Ескерту: * – зерттеуге қатысқан студенттер саны – 73.

Өмірде жетістікке жету үшін қажетті қасиеттер туралы білім алушылардың пікірлер де талданды (4-кесте).

Сонымен қатар, зерттеу міндеттеріне сәйкес студенттердің кәсіп таңдауға дайындығының мәнін түсіну үшін сұрақтар қойылды оның ішінде материалдық өндіріс салалары.

Мысалы,

1. Анықтаманы жалғастырыңыз: «Кәсіп таңдау-бұл...»;
2. «Сіз сала бойынша кәсібін таңдауға дайынсыз ба?»;
3. «Дайындықты бес балдық шкала бойынша бағала»;
4. «Кәсіпті дұрыс таңдау үшін нені үйрену керек (білу немесе дағдылану керек)?» және т.б.

Бірінші мәселе бойынша өз пікірі: «Кәсіп таңдау – бұл... «41,2% білім алушы пікірін білдірді, 58,8% нақты жауап бермеді. Сауалнамаға қатысқандар өздерінің ЖОО-да оқыту және кәсіптік бағдарлау процесінде өмірлік жоспарлармен бөлісті, мысалы, «Мені бөлме өсімдіктерін күтіп-баптау кәсібі туралы әңгіме қызықтырды (Рауза)», «Мені Фитодизайнер кәсіби қызықтырады, болашақта зерттеп көремін (Айкерім)» және т.б. мамандықты таңдауға дайындықтың мәні анағұрлым мазмұнды болды деп білім алушылардың 20,3%-ы жұмыста көрсетілген: «Мен дендролог болғым келеді, қаланың әсемдігі маңызды, бірдің климатқа төзімді түрлерді жерсіндіруді ойлаймын (Гүлмира)», «мен жүргізуші болғым келеді, өйткені машинамен жұмыс істеу ыңғайлы және жылдам, бір нәрсені алып кету немесе адамдарды жеткізу (Арман.)». Кәсіпті дұрыс таңдау үшін нені білу керектігін түсіндіре отырып, студенттерді 1-кестеде көрсетілген кәсіпті таңдауға дайындықтың 11 бағыты ұсынылды: кәсіп таңдауға қызығушылық, мамандық таңдаудың маңыздылығы мен себептері, еңбек нарығын білу, еңбекке деген көзқарас, еңбек дағдыларын білу, қауіпсіздік техникасын білу және т.б. әр студенттің жауаптары 3-4 бағыт тізімімен шектелді, бірақ олардың арасында «кәсіпке қойылатын талаптар», «кәсіпті таңдайтын тұлғаға қойылатын талаптар» сияқты бағыттар кездескен жоқ. Осылайша, респонденттер дайындықтың мәні туралы шектеулі түсінік көрсетті. Сонымен қатар,

студенттердің кейбір бөлігі – 28,2 % – кәсіп таңдауға жеткілікті дайындығы бар деп есептелінді, ал 24,3% күмәндануда.

Зерттеудің нәтижесі «Биология» білім беру бағдарламасы бойынша Minor бағдарламасын құрастыруда негізге алынды және оқу жұмыс жоспарына енгізілді.

Әдебиеттер тізімі

1 Атлас новых профессий и компетенций в Республика Казахстан. <https://www.enbek.kz/atlas/>.

2 Қазақстан Республикасының жана мамандықтар мен құзыреттердің Атласы.

[https://www.enbek.kz/atlas/kk/professions?department=3&trends=53&skills=.](https://www.enbek.kz/atlas/kk/professions?department=3&trends=53&skills=)

3 Мое образование. <https://moeobrazovanie.ru/>.

ҒТАМР 87.19.02

БҰҚТЫРМА СУ ҚОЙМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІ

Н.Қ. Қабдрахманова, Э.М. Сейтқанова

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ.

Мақалада Бұқтырма суқоймасының гидрографиялық желісінің сипаттамасы және қазіргі жай-күйінің мәселелері қарастырылған. Суқойманың гидрографиясына зерттеулер жүргізіліп, антропогендік әсерлердің салдарына талдау жасалды.

Түйін сөздер: суқойма, биогендік, қосылыстар, суқойма, концентрация, норматив.


Су табиғатта болып жатқан барлық үрдістерде және адам өмірін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Қазақстан Республикасының аумағының барлық су қоры өзендерден, көлдерен, мұздықтардан, су қоймалардан, басқа да жерүсті су көздерінен, жерасты суларын қамтитын бірыңғай су қорларынан тұрады, олардың жалпы қоры 450 км^3 -ті құрайды.

Қазақстанда 39 мыңға жуық өзен бар, оның 8 мыңнан астамы арнасының ұзындығы 10 км-ден асады. Маңызды өзендерге Жайық, Ертіс, Сырдария, Есіл, Тобыл, Есіл, Нұра, Талас, Қаратал, Лепсі және т.б. жатады. Жер үсті су ресурстары республика бойынша біркелкі таралмаған. Сумен ең қамтамасыз етілген Шығыс Қазақстан облысы-200-290 мың $\text{м}^3 / \text{км}^2$ құрайды [1].

Сонымен қатар, республикада 4 мыңға жуық тоған мен 204 су қоймасы бар.

Бұқтырма су қоймасы күрделі конфигурациялы аралас типті (көл-өзен) су қоймасы болып табылады. Оған көптеген өзендер құяды. Олардың ішіндегі ең ірілері бұл Бұқтырма, Күршім, Нарым, Қайыңды, Қаракөл, Бөкен және т.б. өзендер.

Бұқтырма су қоймасының деңгейлік режимі Жайсаң көлі мен су айдынының өзен бөлігі үшін бірдей. Гидрологиялық тұрғыдан алғанда, бұл бір су қоймасы, сондықтан оның деңгейлік режимі Жайсаң көлімен бірге. Су қойманың көл және өзен бөліктерінің ауданы мен көлемі бойынша айтарлықтай айырмашылықтар бар. Мысалы, Жайсаң көлінің ауданы өзен бөлігіндегі көлемнен екі есе, ал өзен бөлігіндегі су көлемі көлмен салыстырғанда екі есе көп.



Сурет 1. Бұқтырма су қоймасының кескін картасы.

Ертіс пен Бұқтырманың су ресурстары экономикада маңызды рөл атқарады, әсіресе Бұқтырма ГЭС жұмыстарын қалыпты ұстап тұру үшін.


Бұқтырма су қоймасының орташа жылдық гидрологиялық деңгейі 2021 жылдың 9 айында 392,29 мБС, ал су қойма мен Жайсаң көлінің ауданы – 1536 км² (Бұқтырма су қоймасы) және 3217 км² (Жайсаң көлі) жатады. 2021 жылдың 9 айында Бұқтырма 23,814 км³, ал Жайсаң көлі 13,949 км³ құрады. Суы аз жылдары су қоймада жағалау сызығының көл-өзен бөлігінде ондаған метрге, таулы және таулы-алқаптық бөліктерінде бірнеше метрге, ал Жайсаң көлінің – барлық жерлерінде жүздеген метрге дейін тартылу байқалады [2].

Су қоймадағы су деңгейінің көтерілуі сәуірдің бірінші жартысында орын алып, шілде айының соңында ең жоғарғы белгіге жетеді, қыркүйектен бастап су қойма іске қосылып, сәуірдің басына дейін жалғасады. Осы уақыт ішінде су қоймасындағы деңгей орташа есеппен 0,4-0,65 метрге төмендейді, деңгейдің көпжылдық ауытқуларының амплитудасы 5 м-ден асады. Су қоймасындағы су деңгейінің ауытқуы ағып жатқан өзендердің су көлеміне, булануға және су қоймасының ағын көлеміне байланысты.


2008-2015 жылдардағы су қойманың гидрологиялық деңгейі жылдар бойынша айтарлықтай өзгерді, сондықтан су қоймасының гидрологиялық сипаттамаларын ескере отырып, 2009 және 2012 жылдардағы сулылығы төмен жылдарды шартты түрде бөлуге болады.

Су қоймасының қалыпты сақтау горизонтының белгісі 394,94 мБС құрайды, 2021 жылы 9 айдағы гидрологиялық деңгейдің орташа көрсеткіші 392,29 мБС құрады, бұл 2020 жылдың көктемінде балықтардың көбеюіне қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік берді және көбеюдің жақсы тиімділігінде көрінді және тиісті бөлімде толығырақ қарастырылады.

Қолда бар деректер бойынша Бұқтырма су қоймасы ағынының жалпы ай сайынғы және жылдық көлемін сипаттауға болады. Ағынның орташа айлық көлемінің ең төменгі көрсеткіштері ақпан айында тіркелді, онда орташа айлық мәнi 1,28 км³ көрсетті (Сурет 2), ең жоғары көрсеткіш Мамырда 1,91 болды. Бұқтырма су қоймасы ағынының орташа жылдық көлемі 2021 жылғы 9 айда 1,59 км³ құрады.



Бұқтырма су қоймасының іргелес жүйесі оң жақтағы толықсу өзендерімен (Бұқтырма, Нарым, Күршім өзендері) және сол жақтағы аз толықсу өзендерімен (Қайыңды, Қаракөл, Бөкен өзендері) ұсынылған.



Сурет 2. Бұқтырма су қоймасына құятын өзендер.

Су қойманың оң салалары таулы сипатқа ие және балықтардың көбею тиімділігінде аз мәнге ие, бірақ олар биоәртүрлілікті сақтауда үлкен маңызға ие. Бұқтырма және Күршім өзендері жергілікті ихтиофаунаның резерваттары болып табылады, мұнда ол су қоймасынан жерсіндірілген [3]. Бұл бағалы балық

түрлері: кәдімгі таймень, сібірлік хариус, ленок (үскіш) және таймень Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген. Балық шаруашылығы саласында, су қоймасының оң жақ салаларында бағалы сирек кездесетін балық түрлерін қорғау бойынша ерекше қорғауға алынған аймақты құру қажет. Болжамдық жоспарда, егер осы өзендерді реттеу жөніндегі жобалар іске асырылмаса, оң ағындардың сулылығына ештеңе қауіп төндірмейді.

Кесте 1. Бұқтырма суқоймасына гидрохимиялық зерттеу көрсеткіштері.

Зерттеу жүргізілген жылдар	рН	Еріген газдар			Биогендік қосылыстар, мг/дм ³				Органик заттар, мг/дм ³	Минер алдану, мг/дм ³
		СО ₂ , мг/дм ³	О ₂		NH ₄	NO ₂	NO ₃	PO ₄		
			мг/дм ³	% қанықтыру						
Көл-өзен бөлігі										
2021	8,20	0,12	8,60	89,1	0,19	0,02	1,70	0,12	2,8	157
2020	8,41	0,17	8,52	87,6	0,26	0,04	2,40	0,14	2,9	88
2019	8,70	0,21	9,21	98,1	0,34	< 0,007	3,25	0,09	2,9	82

Гидрохимиялық зерттеулер 2021 жылы Бұқтырма суқоймасында көктемгі кезеңде мамыр айында және жазғы кезеңде тамыз айында өткізілді. Үлгілер 7 станциядағы литоральды және пелагиялық аймақтардың беткі қабатынан алынды. Талдау өзен-көл (Күршім өзенінің сағасы, Буконь өзенінің сағасы, тораңғы ауылы), таулы – Долинная (Большенарым ауылы, Қара-жорға станциясы), су қоймасы бөліктерінің таулы бөлігі (Алтай кенті, Васильев өткелі станциялары) орташа нәтижелері бойынша жүргізілді. Зерттеулер физикалық-химиялық қасиеттерін, газ режимін, биогендік қосылыстарды, органикалық заттар мен минералдануды анықтауды қамтыды (1-кесте).

2021 жылы зерттеу кезеңінде судың температурасы мамырда 3,0 – 17,0⁰С, шілдеде 21,0 – 22,5⁰С құрады. 2021 жылы су айдынының барлық акваториясы бойынша сутектік көрсеткіш балық шаруашылығы маңызы бар су айдындары үшін нормаларға сәйкес келді, сынамаларды іріктеу станциялары бойынша ауытқу шектері – 8,0 – 8,3 диапазонында болды. РН мәні бойынша су Бұқтырма суқоймасында сәл сілтілі топқа жатады.

Еріген оттегінің құрамы су қойма бойынша орта есеппен 8,7 мг/дм³ құрады, оттегімен қанықтыру пайызы 90,6% аралығында болды, бұл оттегі режимін гидробионттардың өмір сүруіне қолайлы деп сипаттайды.

Көмірқышқыл газының концентрациясы. Бұқтырма орта есеппен 0,13 мг/дм³ құрады, бұл су қоймасының рН және температурасына сәйкес келеді және балық шаруашылығы су айдындары үшін белгіленген стандарттар шегінде болды [4].

Станциялар бойынша Органикалық заттардың құрамы (перманганатты тотығуы бойынша) 2,1 – 2,8 мг О/дм³ диапазонында өзгерді. Тотығу шамасының орташа көрсеткіші бойынша (2,4 мг О/дм³) Бұқтырма суқоймасында өте аз тотығатын су санатына жатады.

Суқоймадағы судың кермектігі. Бұқтырма орта есеппен 3,5 мг-экв / дм³ құрады. Қаттылық тұрғысынан Бұқтырма суқоймасының суы жұмсақ деп жіктеледі, өйткені қаттылық мәні 4 ммоль-экв/дм³ аспайды. Алекин О.А. классификациясы бойынша өткен жылдардағы зерттеулерге сәйкес. Бұқтырма гидрокарбонат класына, кальций тобына, магнийге қарағанда кальций немесе натрий иондары басым бірінші типке жатады [5].

2021 жылы су қойманың көл-өзен бөлігінің жалпы минералдану көрсеткіштері 136-157 мг/дм³ шегінде өзгеріп отырды, жалпы су қоймасы бойынша минералдану көрсеткіші 145 мг/дм³ құрады, бұл тұщы суға жатқызуға мүмкіндік береді. Биогендік қосылыстардың құрамы өткен жылдармен салыстырғанда айтарлықтай өзгерген жоқ. Жалпы су қойма бойынша аммоний иондарының концентрациясы 0,22 мг/дм³, нитриттер – 0,02 мг/дм³, нитраттар 2,01 мг/дм³, фосфаттар – 0,14 мг/дм³ құрады. Биогенді заттардың концентрациясы балық шаруашылығы су айдындары үшін белгіленген нормативтерден аспады.

Осылайша, жүргізілген зерттеулердің нәтижелер бойынша 2021 жылы Бұқтырма суы қолайлы оттегі режимімен, ортаның сәл сілтілі реакциясымен және төмен тотығуымен сипатталды.

Әдебиеттер тізімі

1 «Технические указания по проектированию водоохраных зон и полос поверхностных водных объектов», утвержденные Комитетом по Водным Ресурсам МСХ РК от 21.02.2006 г., приказ №33.

2 Правила использования водных ресурсов Верхне-Иртышского каскада водохранилищ, утвержденные Комитетом водных ресурсов Мин. ПР и ООС РК (приказ от 04.03.02 г. № 17-п).

3 «Қазақстан Республикасының аумағында Ертіс өзені бассейнінің су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау схемасы» – Негізгі ережелер, г. Алматы, 2004 ж.ПК «Институт Казгипроводхоз».

4 «Бұқтырма су қоймасының демалыс аймағының бас жоспарының жобасы (солтүстік-батыс рекреациялық ауданының 1 рекреациялық аймағы)» 2009 г.

5 «Бұқтырма су қоймасының және оның су қорғау аймағының техникалық жағдайын жақсарту және абаттандыру сызбасы» 1986 ж.

ГРНТИ 87.17.02

ЗАГРЯЗНЕНИЕ ПОЧВ ТВЕРДЫМИ БЫТОВЫМИ ОТХОДАМИ И ВОЗМОЖНОСТЬ ИХ РЕКУЛЬТИВАЦИИ

М.Д. Тюлегенова

*Студент, Восточно-Казахстанский Университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск*

В статье рассматривается проблема загрязнения почвы твёрдыми бытовыми отходами. Хозяйственная деятельность людей создает серьезные проблемы с утилизацией образующихся отходов, которые загрязняют окружающую среду: воздух, почву, воды. Несанкционированные свалки и плохо оборудованные полигоны твёрдых бытовых отходов наносят большой ущерб экологии. Качество окружающей среды, особенности естественных природных условий, степень техногенной нагрузки на природную среду оказывают значительное влияние на состояние здоровья человека, в связи с чем, вопросы в сфере обращения с отходами весьма актуальны в любом регионе. В работе проанализирован вопрос о необходимости утилизации мусора иными способами, такими как вторичная переработка и строительство мусоросжигательных заводов.

Ключевые слова: мусор, биогаз, полигон, свалка, рекультивация.

Сегодня загрязнение почвенного покрова отходами жизнедеятельности человека является актуальной проблемой не только в Казахстане, но и во многих других странах. Огромные площади земель заняты свалками и мусорными полигонами. Ведь только 3-4 % бытовых отходов подвергается переработке, остальные складировются и киснут. Итоги печальны: наша страна зарастает горами мусора.

